деріндегі жұмыс аптасының ұзақтығы туралы заң шығару нәтижесіндегі бос уақыттың артуымен сәйкес келді. Бұл үрдіске мысал, Ұлыбританиядағы 1938 жылғы ақылы демалыс туралы заң болып табылады. Бұл ғасырда Билли Батлин сияқты кәсіпкерлердің қызметінің арқасында, әсіресе Ұлыбританияда демалыс лагерлері ұлғая бастады. Бұл лагерлер Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі алғашқы жылдары өз шыңына жетті және Parcs орталығы сияқты қазіргі заманғы ішкі кешендердің негізін салушылар болып табылуы мүмкін.

1940 жылдардың соңынан бастап Еуропадағы жаппай туризмнің тез өсуі жақсы құжатталған. Бұл сол уақытта болатын өзара байланысқан факторлардың тұтас қатарымен сәйкес келуін түсіндіреді:

- өзінде бар табысының өсуі;
- авиациялық техника саласындағы жетістіктер;
- автомобильдердің үлкен қолжетімділігі;
- демалыс уақытының әрі қарай өсуі;
- білім беру;
- туроператорлар мен мерекелік пакеттің өсуі.

Еуропадағы көпшілік туризмнің алғашқы толқыны күннің жылуын іздеп, Жерорта теңізіне Солтүстік Еуропа тұрғындарының жыл сайынғы қоныс аударуы болған. Жақын уақытқа дейін бұл едәуір дәрежеде бір жақты ағын болды, бірақ қазіргі уақытта Жерорта теңізі елдерімен, атап айтқанда, Италия және Испаниямен байланысты шығу туризмнің қарқынды дамуы байқалады. Бұдан басқа, кейбір еуропалықтар мүмкіндіктері болғанына қарамастан, басқа елдерге баруды қалай бермеген, бұған мысал ретінде, французбықтарды келтіруге болады, олар осы күнге дейін үйде демалғанды жөн санайды. Бұл, сол елдегі туристік мүмкіндіктердің әртүрлілігін көрсетуі мүмкін, сондай-ақ экономикалық себептер бойынша үйде демалуға адамдарды көтермелеуге бағытталған үкімет бастамашылығының нәтижесі болып табылады. Ол бастамалар Лангедок пен Аквитания жағалауындағы және Францияның Альпісінде жаңадан арнайы салынған курорттарды қамтиды.

Бұл оқиғалар туризмнің еуропалық нарығындағы маңызды үрдістердің бірін – үкіметтердің туризмге тарту үшін әзірлеушілер және маркетологтар ретіндегі артушы рөлін көрсетеді. Үкіметтер де Еуропадағы туризмнің қазіргі заманғы түрінің өсу катализаторы болып табылады, яғни әлеуметтік туризмнің, ондағы демалыс құқық ретінде қарастырылатын және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің бөлігін жасай алады. Сөйтіп, Ұлыбританияда танымалдыққа ие болмаған ол, Франция мен Германиядағы нарықтың негізгі элементі болып табылады.

Дегенмен, соңғы төрт немесе бес жыл туризмнің барлық түрлері үшін

өсу кезеңі болды деп айта алмаймыз. 1950, 1960 және 1970 жылдары ұшақтар мен жаңа Жерорта теңіздік бағыттарында саяхаттау мүмкіндіктері Солтүстік Еуропадағы трансатлантикалық круиздер мен теңіздегі курорттарға сұранысты едәуір төмендетті. Әйтсе де, соңғы жылдары еуропалық круиздік нарығының қайта дами бастағанын байқаймыз, алайда енді бұл сәнділік және эксклюзивтілік емес, бұл көпшілікті шақыру және бюджеттік бағалар болып келеді. Осыған қарағанда, көпшілік туризм мен сапарлардың демократияландырылуын ештеңе бұдан артық сипаттай алмайды.

Туризмнің дамуы жалпы еуропалық құбылыс деу дұрыс емес. 1980 жылдардың аяғындағы және 1990 жылдардың басындағы саяси өзгерістерге дейін Шығыс Еуропада, Шығыс елдерінде туризмнің өзіне меншік әлемінде есіктер жабық болған жоқ. Ішкі туризм ірі масштабтарда жүзеге асты да, трансшекаралық туризм Шығыс одағының шегінде айтарлықтай дәрежеде жүзеге асты. Батыс Еуропаға сапар сирек болды да, саяси элита үшін кейінге сақталды. Бұл процесс қазіргі уақытта ауысып отырады және Жерорта теңіздік курорттары үшін жаңа нарықтар ашылып жатыр, сондай-ақ еуропалық туристер өз демалыстары үшін АҚШ, Азия және Кариб бассейнінің елдері сияқты алыстау орындарды іздей бастайды.

Ұлыбритания енді оқиғалардың орталығында болмайды дейтін деректің Еуропадағы туризмнің тарихи дамуындағы соңғы тенденция болып табылатынын атап өткен жөн. Германия халықаралық сапарлар әлеміндегі ірі ұйымдастырушы болып табылады, ал голландиялықтар, бельгиялықтар, шведтер мен даниялықтар ағылшындарға қарағанда жан басына шаққанда мерекелерді көп өткізеді. Тіпті Ұлыбританиядағы Нидерландтың Center Parcs идеясы немесе АҚШ-та тәжірибеге негізделген жағалық сызық жобасы сияқты табысты туристік жобалар қазіргі уақытта жиі импортталады. Бұл тенденцияның аса көрнекті мысалы ретінде Ұлыбританиядағы ірі туроператорлардың Германияның меншігінде болу фактісін атауға болады.

Дегенмен, Еуропадағы туризмнің келешегі Еуропаның әртүрлі елдерінде болып жатқан оқиғаларға емес, керісінше жалпы әлемдегі оқиғаларға байланысты болады. Туризм жаһандық нарыққа айналып келеді, ал Еуропа сол нарықтағы үстемдігінен айырылуда.

Солтүстік Америка

АҚШ пен Канададағы туризмнің кейбір тарихтары он тоғызыншы ғасырда басталады, бірақ байырғы халқы, тұрғылықты американдықтар, колонистер келгенге дейін Солтүстік Американың барлық континенті

бойынша көптеген ғасырлар бойы саяхат жасаған. Бұл саяхаттар туралы жазылған тарихи еңбектер сирек кездесетініне қарамастан, олардың дінге адалдықтарымен, туыстарымен байланысты үзіп алмау ниеттерімен және аңшылық үшін пайдаланылатын жаңа жерлерді іздеу қажеттіліктерімен дәлелденуге тиісті. Біз алғашқы қоныс аударушыларға, өздерінің жаңа мекенінде жол көрсетіп, қол ұшын созған байырғы американдықтардың рөлін мойындауымыз керек. Дегенмен, АҚШ-та туризмнің жаңа индустриясы он сегізінші ғасырдың ортасына қарай басталғанын атаған жөн. АҚШ-та туризмнің ең алғаш дами бастауы еуропалықтар қоныстанған елдердің алғашқы аймақтарының бірі - Жаңа Англияда пайда болуы тиістігі таңғаларлық жайт емес. Өткен ғасырдың екінші жартысында туристердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін керуен сарайлар мен таверналар (шағын трактирлер) салынды. Бүгінде оған ең алғашқы мысал Массачусетс штатындағы Дирфилд тарихи мұражайлық кешенінің бөлігі болып табылады. Қонақүй орталығы 1829 жылы ашылған Бостондағы алғашқы танылған "Трэмонт" қонақүйінен кейін дами бастады.

Дегенмен, демалыс және бизнес үшін АҚШ-тағы туризмнің дамуын ең алдымен шынымен ынталандырған теміржол болды. Атап айтқанда, ол қоныстанушыларға, коммерциялық саяхатшыларға және ойын-сауықты ұнататын туристерге «жабайы батысты» ашты. 1830 жылы АҚШ-та небәрі 23 миль теміржол салынды, бірақ 1880 жылы бұл көрсеткіш 93 267, ал 1920 жылға қарай ол 240 293-ке жетті. Теміржол компаниялары да Жаңа Англияда қонақүйлер мен курорттық кешендер салу арқылы туризмнің дамуына ықпал етті. Олар жиырмасыншы ғасырдың аяғынан бастап Флориданың дамуына белсенді қатысты.

АҚШ-тағы туризмнің өсуінің келесі негізгі кезеңі көлік иеленушілердің жылдам өсуі болып табылады. 1914 жылы жолдардағы көліктің саны 2 миллион жеке автомобиль болса, 1930 жылдарға қарай, Ұлы күйзелістің күйіп тұрған кезінде оның саны 25 миллионға артты (Lundberg, 1990).

Автомобильге ие болу АҚШ-та туризмнің екі жаңа жобасын ынталандырды:

- автомобиль жүргізушілеріне ыңғайлы болу үшін, тұрғылықты жер ұсынып, жол бойында мотельдер салу идеясы 1980 жылдарға дейін Еуропаға таралмаған, ол АҚШ-та 1920 жылдарға қарай тарала бастады;
- қоғамдық көлік желісінен тыс орналасқан алыстағы ұлттық парктерге келушілердің өсіп келе жатқан саны АҚШ-тағы ішкі туризмнің және демалыс үшін жеке автомобильде немесе көлік құралымен жабайы табиғат орындарына барудың басты тақырыбы болды (RV).

1888 жылдан бастап «Ask Foster» және үш жылдан кейін «American Express» туристік агенттіктер желісінің жасалуы да АҚШ-тағы туризмнің дамуын ынталандырды . Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-та ішкі және шығу туризмнің көлемі ұлғайды. Расында да, көптеген еуропалықтар үшін турист стереотипі американдық болып табылады. Дегенмен, халықтың санын ескерсек, американдықтар әйгілі әлемдік саяхатшылар болып есептелмейтіні пақиқат. Төлқұжаты барлары көп емес және басым бөлігі үйде демалғанды ұнатады. Бұл, елінің шекарасының кеңдігін және әртүрлілігінркөрсетуі әбден мүмкін, бірақ ол сондай-ақ басқа мәселелермен байланысты болуы да мүмкін, мысалы американдықтардың көпшілігі шетел тілдерін қарапайым деңгейде біледі.

Соңғы онжылдықта АҚШ әлемнің басқа елдерінде қабылданғандай, келушілерді тартудың жаңа түрлерінің бастаушысы болды. Оларға төмендегілер жатады:

- қырық жылдан астам бұрын ашылған Калифорниядағы Диснейлендтен басталатын саябақтар;
- шопингтік демалыс;
- Жаңа Англиядағы Old Sturbridge Village, the Plimoth Plantation, және Mystic Seaport сияқты ашық аспан астындағы мұражайлар;
- жағалауды қайта жаңарту жобалары, мысалы Балтимордағы, Бостондағы және Сан-Францискодағы.

Бұдан басқа, олар бүкіл Еуропа бойынша таралған жаңа туристік нарықтардың дамуына жол салды. Мысалы, солтүстіктен Флоридаға және оңтүстік-батысқа саяхаттайтын «қар құстары» қатал қыстан қашу үшін, Испания және Португалия жағаларында қыстайтын британдықтарға, еліктейді. АҚШ өзінің көптеген қалаларынан табуға болатын келушілер мен шартты түрде қабылданған бюро арқылы, мемлекеттік және жеке секторлар әріптестігі қағидатын негізге ала отырып, бүкіл әлем бойынша маркетингтік агенттіктерді қалыптастыру үлгісін ұсынды.

Канада бізді табиғаттың сұлулығына негізделген туризмімен тартады. Он тоғызыншы ғасырдың соңында және жиырмасыншы ғасырдың басында канадалық туризмнің өсуіне жағдай жасаған осы теміржол болды. Canadian Pacific сияқты теміржол компаниялары қонақүйлер салып, туристерге көлік ұсынды.

Алайда, соңғы жылдары, Канада бірқатар бағытта туризм саласын ұлғайта бастады, әсіресе:

- Еуропадан келген шаңғышылардың орны болу;
- Торонтода ағылшынша сөйлейтін және Монреалда франктілді сияқты әртүрлі тіл мәдениеттері зерттелетін қалаларды ұсына отырып.

Орталық Америка

Орталық Америкадағы (Мексиканы қоса алғанда) туризмнің тарихы біршама әріден басталады, бірақ оның қарқынды өсуі 1960 жылдан басталады. Бүкіләлемдік туристік ұйымдардың деректеріне сәйкес, 1960 жылы аймақта 749 000 халықаралық келудің болғаны есептелді, 1970 жылы бұл сан 2,9 миллионға дейін өсті және 1989 жылға қарай 7 миллионнан асты. Аталған бүкіләлемдік туристік ұйымдардың деректеріне сәйкес, 1990 жылы аймақтағы әртүрлі елдерге келетін туристердің отандарында елеулі өзгерістер орын алды. Мысалы, Мексикаға келушілердің 92 пайызы АҚШ пен Канадаға тиесілі болса, 3 пайызы Латын Америкасының басқа елдерінен келген. Екінші жағынан, Гватемала үшін эквиваленттік көрсеткіштер сәйкесінше 26 және 56 пайыз болды. Ал Мексикадағы жағдай оның АҚШ-қа жақындығымен түсіндіріледі.

Дегенмен, Мексика жағажайлар мен автобустық экскурсияларға көңіл аударса, аймақтағы басқа елдер туризмнің жаңа түрлерін, атап айтқанда, эко-туризмді алғаш қолға алушылар болды. Дәл осы аймақта, Белиз және Коста-Рика соңғы онжылдықта өздерінің пайда бола бастаған туристік салаларын салды.

Кариб бассейні елдері

«Кариб бассейні елдері» барлық жүз түрлі аралдар үшін бірыңғай атау болып табылады. Оған әртүрлі колониялық тарихтары бар елдер, соның ішінде, голландиялық, франциялық, испаниялық және британдық колониялар және мүлдем әртүрлі заманауи саяси тарихтары бар елдер кіреді. Куба, Американың ықпалындағы капиталистік «салық баспаналары» Виргин және Багам аралдары сияқты, сол аймақтың бөлігі болып табылады. Сондықтан оның туризмі сан алуан түрлерді қабылдайтыны таңғаларлық емес, бірақ біз еске салған екі фактор, туризм саласының тарихын – отарлық тарихын және қазіргі саясатын белгіледі. Бірінші мәселе Кариб бассейні елдеріндегі әр алуан нарықтарда көрініс табады. Ямайка мен Барбадос сияқты бұрынғы британдық колониялар британдық келушілерді қызықтырса, бұрынғы франциялық колониялар және Теңіздің арғы жағындағы департаменттер ретінде Гваделупа мен Мартинике негізінен франциялық туристерді қызықтырады. Сонымен қатар, жалпы тарих және тіл Доминикан Республикасындағы испаниялық туристерді тартады. Дегенмен, бұл үлгі ыдыраушылықтың дәлелін көрсетеді, бай британдық туристерді және ақша іздеумен До-

миникан Республикасының барлық курорттарын аралағандарды Кариб бассейнінің франктілдік бөлігіне тартады. Куба қазіргі заманғы саясат туралы екінші мәселенің жарқын мысалы. 1958 жылғы төңкеріске дейін, Куба ең алдымен АҚШ мүддесінің бақылауында және олардың қонақтарынан тұратын туризмнің гүлденген индустриясымен Кариб бассейні елдерінің ең дамып келе жатқан бөлігі болғанын Ситон мойындайды (Ситон, 1996). Сірә, құмар ойындары туристер үшін басты уәждеме болып табылған. Төңкерістен кейін, АҚШ үкіметі Кубаға сауда қоршауын енгізгеннен соң, американдық туристердің ағыны азайды. Белгілі бір дәрежеде оларды Еуропадан келген туристер ауыстырды және олар Фидель Кастроның жаңа режімдік саясатына түсіністікпен қарады. Бұрынғы Кеңес Одағы тарапынан қаржылық қолдау ала отырып, кеткен шығынның орнын толтыру үшін, өзінің тартымдылығын көтеруге және туристік пакеттің көпшілік нарығын тартуға тырысқан Кубаның сол тарихы бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Ол кезде Кариб бассейнінің елдері әр алуан аймақ болған, оның елдерінде өзара тиімді маркетингтік науқандарда бірлесе жұмыс істеудің ежелден келе жатқан дәстүрі бар. Бұған негізінде Кариб туристік ұйымының (үкімет мекемесі, 1951 жылдан бастап Нью-Йорк қаласында кеңсесі бар) арқасында қол жеткен.

Соңғы жылдары Кариб бассейнінде ең алдымен туризмнің үш түрі қызықтырады – круиздер, жағалау демалысы және шетелден қоныс аударған немесе кезінде ата-аналары аймақтан қоныс аударған адамдардың келуі.

Дегенмен, Куба мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастардағы жылымық кезінде, сапарларға салынған көп жылғы тыйымдардан кейін, екі елдің арасындағы туристік ағындарға жол ашылады. Американдықтардың келешекте, Кубаға бұрын олардың елінде қол жеткіліксіз заңсыз көңіл көтеруді іздеумен барғандар сияқты, баруларын көрген қызық болар еді.

Оңтүстік Америка

Оңтүстік Америкадағы туризмнің онжылдықтарға кететін тарихы бар, бірақ ол 1960 жылдарға дейін айтарлықтай дами қойған жоқ. 1991 жылы дүниежүзілік туристік ұйымда 1950 жылдан бастап 1960 жылға дейінгі кезеңде халықаралық келулердің саны 410 000-нан 426 000-ға дейін ғана өскені туралы хабарланған. Дегенмен, 1970 жылға бұл көрсеткіш 2,4 миллионды құрады, ал 1989 жылға қарай шамамен 8 миллионға жуық сапарлар болды. Оңтүстік Америкадағы туризмнің алғашқы

күндерінде круиздер негізгі өнім болды және ұшақпен саяхаттау Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстар арасындағы аймақта тез дамыды, сөйтіп, Буэнос-Айрес сияқты қалалар сапар үшін қызықты орын ретінде қарастырылды. Бизнес-туризм аймақта кофе секілді дақылдарды, өнеркәсіпті нығайту үшін қажет нитраттар сияқты шикізат материалдарын пайдалануға, сондай-ақ қалайы өндірісіне негізделіп, ондаған жылдар бойында жүзеге асырылып келеді.

Соңғы онжылдық ішінде, Оңтүстік Америкада Перу тәрізді мәдени мұра объектілеріне, Рио-де-Жанейроға, Бразилияға карнавалға сапарлар сияқты туризмнің жаңа түрлерінің өсуі байқалды. Саяси тұрақсыздық әрқашан Боливия және Парагвай сияқты кейбір елдердегі туризмді дамытуды баяулататын фактор болған. Әйткенмен, бұл тұрақсыздық белсенді демалысты сүйетіндердің шағын нарығы үшін уәждеме болды.

Соңғы жылдары Оңтүстік Американың нарығы испандық және португалдық туристердің тілінің ортақтығына және шетелдегі демалыстың өсуіне байланысты Испания мен Португалияда айтарлықтай дамыды.

Соңғы жылдары Бразилия 2014 жылғы Әлем кубогі және 2016 жылы өтетін Олимпиада ойындары сияқты ірі оқиғаларға туристерді тарту үшін едәуір күш жұмсады. Дегенмен, шығындар немесе туристердің қауіпсіздігі туралы келіспеушіліксіз болмады.

Африка

Африкалық континенттің әр алуандығы соншама, оны талдап қорытуы ең сәтті болғанда, мәселелі, ал сәтсізі мәнсіз болады. Бірақ біз туризм Африкада көптеген ғасырлар бойы жүзеге асқан деп айта аламыз. Біз, мысалы, гректер мен римдіктер Мысырдың (Египет) көрікті орындарына барғанын білеміз. Ғасырлар бойында, әсіресе іскерлік және діни туризмдерге қарағанда Африканың кейбір бөліктерінде шығу туризмі көбірек пайдаланылды. Мысалы, ұзақ уақыт бойы исламды қолдап дәріптейтін нигериялықтар Таяу Шығысқа қажылық жасаған. Дегенмен, он тоғызыншы ғасырдан бастап, Африка халықаралық сапарлардың бастамашысы емес, ірі қабылдаушысы болып табылады. Біз Томас Куктың он тоғызыншы ғасырдың аяғында Мысырдың тарихи қазынасына экскурсияларды ұсынғанын ұмытпауымыз керек. Жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысы ішінде ағылшындар Африканың туристік бағыт ретінде ашылуына, әсіресе сол уақытта әлі Британия империясының бөлігі болған елдерде маңызды рөл атқарды.

1920 және 1930 жылдары Мысырдан басқа шетелдік қонақтарды

тартқан екі негізгі аймақ болды:

- Кения туристерді ірі құстарға аңшылығымен қызықтырды;
- Уинстон Черчилль жоғары бағалаған Марокко қысқы күннің танымал орны болып табылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, көптеген африкалық елдер, экономикасының дамуына көмектесу үшін туристерді тартуға тырысты. 1960 және 1980 жылдар арасында, бірқатар африкалық елдер шетелдік туристерді тарта бастады. Тунис пен Марокко жазғы күннің танымал орындары болды және жабайы табиғаттағы демалыс Танзания мен Ботсванда сұранысқа ие болды. 1960 жылдары скандинавиялық туристер өздері үшін Гамбияны ашты, ол 1980 жылдары британдық туристер үшін қысқы күннің әйгілі орны болуы тиіс еді.

Африка, сондай-ақ, қазір тұрақты туризм деп атайтын алғашқы тәжірибелерді бастан өткерді. Мысалы, Францияның бұрынғы колониясы Сенегалдың ауданы Казаманста ауылдық туризмнің шағын масштабтағы тәжірибелері болды. Алайда, Африкадағы туризмнің өсуіне көптеген елдердегі саяси тұрақсыздық пен кедейлік кедергі жасап отыр. Мысалы, соңғы үш онжылдықта туризмнің өсуіне бірқатар проблемалар әсер етті, соның ішінде соғыстар мен азаматтық тартыстар, Руандағы геноцид және Батыс Африкадағы Эбола. Осындай қорқынышты оқиғалардан кейін де бәрін қалпына келтіруге болатындығын Руандадан көруге болады.

Саясат пен туризм арасындағы байланыс Оңтүстік Африка аймақтарында аса айқын көрінеді. Халықаралық қоғамдастық тарапынан апартеид саясатына байланысты, ел остракизмге ұшырағаннан кейін әртүрлі елдерден келген туристердің азғантай саны Оңтүстік Африкаға саяхат жасады және елдің бірнеше тұрғындары шетелге шықты. Тек қана саны аз ақ нәсілділер жақсы дамыған отандық туризмге белсенді қатыса алатын. Сонымен қатар, кейбір ақ нәсілділер «рулық отандар» деп аталатын жерлерге, мысалы, Бопутатсвана және аралас нәсілдік қатынастарға төзімділікпен қараған Сан-Сити сияқты курорттарға барды.

Апартеидтің аяқталуымен және жаңа үкіметі сайланғаннан кейін Оңтүстік Африка шетелдік туристерді көптеп тарта бастады. Расында да, еуропалықтар мен американдықтар арасында, елден жылжымайтын мүлік сатып алу сәнге айналды. Сондай-ақ, Оңтүстік Африка мен басқа елдер арасындағы қалыпты сауда қатынастары қайтадан басталуымен іскерлік туризмнің қарқынды дамуы байқалды. Екінші жағынан, қауіпсіздік алаңдатады, сондай-ақ ЧМ-2010 хостинг мұрасы көңіл қалдырарлықтай болды.

Сайып келгенде, кейбір африкалық елдердің экономикасы, ең алдымен, Нигерияда дамыды, бизнестің тұрғысынан қарағанда, бұл елдердегі шығу туризмі артты.

Таяу Шығыс

Таяу Шығыс елдері туризм индустриясына қатысудың ұзақ тарихына ие, әсіресе діни туризм тұрғысынан. Бұл аймақ үш негізгі дін бойынша әлемдегі қажылықтың ең маңызды орны болып табылады:

• Мекке мен Иерусалим мұсылмандар үшін қасиетті орын болып табылады; Меккеге туристік ағын әлемдегі туристердің жыл сайынғы ірі жылжуы болып табылады;

• Назарет, Вифлеем, Иерусалим және Иерихон қалалары – христиандар үшін ең маңызды діни қалалар болып табылады;

• Иерусалим – еврейлер үшін қасиетті қала.

Алайда, бұл туристік үлкен ағынға ие жалғыз дін емес. Таяу Шығыс іскерлік саяхатшылар үшін әрдайым маңызды қиылыс болды. Мысалы, Жібек жолының кейбір керуендері Сирия мен Иордания арқылы Жерорта теңізінің жағалауына жол бағыттары үшін пайдаланылды. Атап айтқанда, азаматтық соғысқа дейін Ливан мен Бейрут ең сәнді туристік бағыттардың бірі болды. Бұл Британдық авиакомпания BOAC (Транстеңіздік әуе қатынастарының Британдық әуе компаниясы) 1962 жылы орналастырған жарнаманың мысалында көрнекі түрде көрініп тұр, онда Бейрут «Халықаралық алаң» ретінде суреттелген. 1962 жылы әуе компаниясы £105–ке кері рейсті ұсынған, бұл қомақты дүние болып табылады және жолаушыларға «экзотикалық түнгі клубтарды», шаңғыларда сырғанауды және ертегідегідей жағажайларды уәде еткен . 1962 және 1973 жылдардағы Израиль мен оның көршілері арасындағы соғыстар және 1970 және 1980 жылдардағы Ливандағы азаматтық соғыс айтарлықтай дәрежеде аймақтағы туризмнің дамуына кедергі келтірді. Алайда, соңғы жылдары Таяу Шығыстағы бейбіт процесс өнеркәсіптің қалпына келуіне және өсуіне ықпал етті. Әсіресе, Иордания, Израиль, Палестина және Мысырдағы халықаралық турлардың дамуына ықпал етті. Осы кітапты жазу кезеңінде Израиль мен Палестинаның аумақтарында қажылық пен мәдени туризмнің келешегіне қауіп төндіретін әрекеттер әлі де болды. Дегенмен, Израильде Қызыл теңіз жағалауына және Эйлат сияқты курорттарға туризмнің ағылуы, демалыстардағы су спорты түрлеріне байланысты бұрынғыдай өсуде. Соңғы 30 жыл ішінде Таяу Шығыста әлемдегі туризмнің қарқынды дамуына ең жарқын мысалдар бар, біріншісі Дубайда, одан кейін Абу-Даби мен Катарда .

Сонымен қатар аймақтың қалған бөлігінде саяси жағдайлар мен терроризмнің қауіп-қатері нәтижесінде, әсіресе «ислам мемлекеті» сияқты құбылысқа байланысты туристер ағыны нашар көрсеткішке ие.

Азия

Азия – әртүрлі сипаттамаларға ие ұлттық туристік нарықтардың кең ауқымын қамтитын алып континент. Таиланд және Филиппин сияқты елдерде келу туризмі онда теңізшілердің келуімен, кейіннен 1980 және 1990 жылдарғы туризмнің келуімен басталды. Рихтерге сәйкес, мысалы 1989 жылы (Хичкок, Кинги Парнуэль, 1993) Тайландтың нарығы келесі түрде өсті:

- 1960: 81,340 келуші;
- 1970: 628,671 келуші;
- 1980: 1,858,801 келуші;
- 1986: 2,818,292 келуші.

Осы кезеңде Тайланд курорттары арзан, сондай-ақ еуропалықтар ұнататын барлық қажеттіліктер, атап айтқанда, күн, құм және теңіз бар, алайда Бангкок әлі күнге дейін, өзінің бастауын теңізшілер үшін жағалық сапар болған күндерден алатын секс-туризмде беделге ие.

Үндістанда екі түрлі отандық туризмнің бұрыннан келе жатқан дәстүрі бар:
- ыстық жаз айларында таулы ауылдарға экскурсиялар;
- діни мерекелерге сапарлар.

Келу туризмі, әдетте, өзінің назарын тек қана тарихи қалаларға емес, сондай-ақ шетелдік туристер үшін негізгі бағыттар болған Гоа және Керала секілді жағалаудағы курорттарға аудару үшін қажет.

Сөйтіп, Азия елдерінің көпшілігі секілді шетелдік туристерді тартуға тырысқан кезде, мысалы Жапония көрші елдермен сауданы жеңілдетудің тәсілі ретінде өзінің халқын шетелге демалысқа баруға үгіттеуге тырысады (Мэкив Харрисон, 1992) және 1986 жылы 5,5 миллионға жуық жапондық шетелдік демалыстарды қабылдады (Чой, 1995). Алайда, соңғы онжылдықта Жапония нарығында ұзақ сағат жұмыс істеу дағдысы мен басқа ұлттарға қарағанда аз демалу орын алуда. Жапондық туристердің талғамдары және олардың үйреншікті астары мен сусында-

рын талап етуге бейімділігі, мысалы Австралияның алтын жағалауында даулы мәселеге әкелуі мүмкін. Олар, сондай-ақ, мәдениеті өздерінікіне ұқсас Оңтүстік Корея сияқты басқа азия елдерін ұнатады.

Осы жуырда ғана Оңтүстік Корея және Сингапур сияқты Азияның жаңа индустриалдық елдері халықаралық туристік сапарлардың қайнар көзі атанды. Соңғы жылдары Азияның кейбір елдері, соның ішінде Камбоджа және Мьянма шетелдік туристерді тарта бастады, бірақ аймақта халықаралық рейстердің ұшып келуінің өсу қарқыны Вьетнамда байқалды. Бұл өсуді 1990 жылдардағы деректер сілтемесінен көруге болады деп, дәйектеме келтіреді Хичкок және қосалқы автор (1993), ол тұста Вьетнамға келу туризмі 1986 жылы 20 000 адамнан 1995 жылы 500 000 адамға, ал 2014 жылы 7,8 миллионға дейін артқан (Вьетнамның мемлекеттік деректері негізінде). Бұл өсім елдегі саяси өзерістерге және шетелдіктердің мәдени және тарихи назар аударарлық орындарын көруге деген ынталарына байланысты болды. Аймақта жағажайлық туризмге ерекше қызығушылық тек кешегі «саяхатшыларда» болды.

Австралазия және Тынық мұхит аймағы

Австралия мен Жаңа Зеландия халықтарының саны біршама аз болғанымен, оларда, әсіресе екі елдің жас халқы арасында шығу туризмінің бағзы дәстүрі бар. Шығу туризміндегі бұл өсім 1960 жылдан бастап 1990 жылға дейін тұрақты болған. Ертеректегі зерттеулер Австралиядағы шығу туризмінің өсуі бойынша келесі сандарды көрсетеді:

• 1965: 161,692 ұшу;

• 1975: 911,815 ұшу.

Бұл туристер Еуропа мен Солтүстік Америкаға дәстүрлі түрде ұзақ сапарларға шығады, алайда Азия да қазіргі уақытта осы аймақтардан көптеген туристерді тартады. Сонымен қатар, Австралияда келу туризмнің негізгі нарығы аймақтан көшіп кеткен достарына немесе туыстарына бару (ДТБ) мақсатында Еуропадан келген туристер болып саналады.

Алғашқы күндері бұл нарық айтарлықтай дәрежеде ағылшынша сөйлейтін болды, бірақ бұл австралиялық қоғамның көп мәдениетті сипатын көбірек көрсетеді. ДТБ көптеген туристері енді бірдей дәрежеде Греция немесе Азиядан шыққандар болады. Австралазия сондай-ақ Жапониядан туристердің елеулі санын тартады, олар Голд-Кост Квинслендті ерекше жоғары бағалады. Бұл Жапониядан келушілердің талғамына бағытталған инфрақұрылымның өсуіне әкелді. Австралазия сондай-ақ, әдемі пейзаждарға байланысты Еуропа мен Солтүстік

Америкадан туристердің көп санын тартады. Мысалы, Солтүстік Австралиядағы Какаду Ұлттық паркіне сапарлар немесе Жаңа Зеландиядағы киттерді бақылау. Тынық мұхитының оңтүстік бөлігінің аралдары бұрыннан бері батыс туристерін қызықтырады, себебі олар экзотикалық «жұмақ» сияқты қабылданады, бірақ туристердің саны бұрынғыша көп емес.

Антарктида

Антарктида тұрақты халық жоқ, шығу немесе ішкі туризмге қарағанда, келу туризмі ғана болатын туризм әлеміндегі бірегей орын болып табылады. Бұл аймақ 1950 жылдарға дейін туристерді тартпаған. Алайда адамдардың саны бұрынғыдай көп болмағанымен, өсу қарқыны драмалық болды. Полярлық туризм бойынша редакцияланған жұмыстарында Холл мен Джонстон келтірген статистикалық деректер (1995), 1957 жылдан бастап 1993 жылға дейінгі кезеңде Антарктидаға келгендер санының өсуінің келесі көрінісін ұсынды:

- 1957–58: 194 келу;
- 1967–68: 147 келу;
- 1977–78: 845 келу;
- 1987–88: 2782 келу;
- 1992–93: 7037 келу.

Осындай деректер бұл аймаққа келушілердің 90 пайызынан артығы круиздік кемелермен жүзіп жеткені туралы айтады, сондай-ақ қазіргі кезде де солай. Алайда, Антарктикалық туроператорлардың халықаралық ассоциациясының (АТОХА) деректері бойынша 2014-2015 жж. бұл аймаққа 35000 астам адам келді. Бұл круиздер негізінде Австралия, Аргентина және Чили порттарынан шығады. Круиздердің ұзақтығы орташа есеппен 12 күннен 15 күнге дейін созылатын болса, жолаушылардың көпшілігі Антарктика жерінде бірнеше сағат қана уақыт өткізді, ал кейбіреулері ол жерді аяғымен басып та көрмеген.

Бүкіл әлем бойынша аумақтық салыстырулар

Әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтары арасындағы туристік сұраныстың сипаты мен көлемінде елеулі айырмашылықтар болды. Олардың кейбіреулері халықаралық сапарлардың генераторы болған, сол себепті, басқалары жуырға дейін туристердің біршама аз санын тартқан. Сондай-ақ, тіпті әлемнің бір аймағының шегінде ішкі туризмнің әртүр-

лі деңгейлері мен үлгілері бар. Мысалы, француздықтар Германиядағы өздерінің көршілеріне қарағанда уик-эндтерді елдің ішінде өткізгенді ұнатады.

Әртүрлі елдердегі туризмнің дамуына көптеген факторлар әсер етеді, соның ішінде:

- климаты;
- географиялық жағдайы;
- тарихы;
- тілі;
- көлік жүйесінің дамуы;
- экономикалық даму деңгейі;
- ландшафттар мен қалалық пейзаждардың сапасы;
- туризм саласындағы мемлекеттік саясат;
- экономикалық және саяси тұрақтылық деңгейі.

Алайда соңғы жылдары туристік сұраныстың көрінісі адам танымастай өзгере бастады. Оңтүстік Корея сияқты жаңа индустриалдық елдер туристік сапарлар үшін негізгі генератор елдерге айналды. Сонымен қатар бұл мемлекеттер туристерді қабылдау бойынша әйгілі, мысалы, Испания да туристік сапарларды жасай бастады. Саяси өзгерістер Шығыс Еуропа халқы үшін өз аймағынан тыс шығуға мүмкіндіктер жасады. Алайда, еуроаймақтағы жақындағы экономикалық дағдарыс, әлбетте, Испаниядан шығу туризмінің тенденциясын баяулатты.

Сонымен қатар, алысқа саяхаттаудың жалпы өсуі байқалады, онда елдер континенттің шегінен шықпаған, оларға әлі келмеген туристерді қабылдайды. 1950-1990 жж. аралығындағы кезеңде аса маңызды тенденция Солтүстік және Латын Америкасына туристердің келу үлесінің салыстырмалы төмендеуі және Шығыс Азия мен Тынық мұхит аймағына келу үлесінің артуы болды. Дегенмен, біз бұл ақпаратты контекстке қосуымыз керек, атап айтқанда, Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша Америкада 1980-1990 жж. аралығындағы кезеңде халықаралық туристік келулердің жалпы көлеміндегі үлесінің үштен біріне қысқаруы болады, келушілердің саны сол кезеңде 7,5 миллионнан 84 миллионға дейін артты. Басқаша айтқанда, бұл сандарды 1980-1990 жылға дейінгі кезеңдегі халықаралық туризмнің таңғаларлық өсуінің контекстінде қарастырған жөн. Дегенмен, дәл тынық мұхит жағалауы елдері жағына және аз дәрежеде Африкаға саяхаттаудың айқын тенденциясы бар, ол соңғы бірнеше онжылдықтың ішінде, әсіресе 1970 жылдан бастап 1990 жылға дейінгі кезеңдегі халықаралық туризмнің тарихынан жақсы көрінеді.

Туризмнің түрлері

География тұрғысынан туризмнің хронологиялық дамуына қарап, туризмді сан алуан түрлері жағынан қарастыратын уақыт келді. Туризмнің тип тармақтарына бөлінуі әрқашан субъективті болып табылады, бірақ авторлар таңдаған тәсіл туризмнің өсуінің және туристік мінез-құлқының даму қатынасына қызығушылықпен қарауға мүмкіндік береді деп есептейді. Бұл бөлім туризмнің келесі түрлерін қамтиды:

- достары мен туыстарына бару;
- бизнес-туризм;
- діни туризм;
- медициналық туризм;
- әлеуметтік туризм;
- білім беру туризмі;
- мәдени туризм;
- көркем туризм;
- белсенді туризм;
- гедонистік туризм;
- айрықша қызықты туризм.

Достары мен туыстарына бару

Бұл құбылыс алғашқы бөлінген отбасылардың миграциясы басталғанға дейінгі ең ерте күндерге барып тіреледі. Көне заманда саяхаттаудың үлкен қиындықтарына қарамастан, әрине, кейде отбасы мүшелері бірін-бірі көргісі келеді. Бұл миграцияға және көшпелі өмір салтына байланысты айырылысқан достарға да қатысты. Тойлар мен діни мерекелер ДТБ туризмінің ерте түрлері үшін мүмкіндік беріп отырды. Соңғы жүзжылдықта туризмнің бұл түрі бірқатар факторларға ықпал етті, соның ішінде:

- бос уақыттың артуы;
- көлік жүйесінің жақсаруы;
- адамдар өздерінің достары мен туыстарын өз үйлерінде жайлырақ қабылдай алатындай тұрмыстық жағдайларының жақсаруы;

ДТБ нарығын екі негізгі себеп бойынша өлшеу қиын:

- ішкі және ұлттық шекаралардың көп бөлігі қиылыспайды;
- ДТБ туристері әдетте келуші туралы деректер жиналуы мүмкін

коммерциялық тұрғын жайларды пайдаланбайды.

Дегенмен, соңғы онжылдықта бүкіл әлем бойынша экономикалық миграцияның өсуі бұл нарықта жаңа күш берді. Өздерінің экономикалық әл-ауқатын жақсарту үшін жиі немесе уақытша қоныс аударатын отбасылар немесе жеке тұлғалар ДТБ сапарлары үшін нарық жасайды. Осындай сапарлар тұрғын үй жабдықтаушылары үшін аз пайда әкелгенімен, бұл көлік операторлары мен турагенттер үшін жаңа бизнес болып табылады, оны келесі мысалдар көрсетеді:

- Германиядағы «гастарбайтерлер» деп аталатындар үйлеріне ұшақпен және достары мен отбасыларына барып шығу үшін пойызбен Түркияға оралады;
- Ұлыбританиядан Үндістанға, Пәкістанға және Бангладешке сапарлар;
- Францияда тұратын марокколықтар мен алжирліктер Солтүстік Африкадағы өздерінің отбасыларына барып қайту үшін паромдар мен ұшақтарды пайдаланады;
- жат елге қоныс аударған британдық жұмысшылар Сауд Арабиясы мен Кувейт сияқты Таяу Шығыс елдерінен Ұлыбританияға қысқа сапар үшін үйлеріне оралады.

Отбасыларына баруға сұраныс шағын отбасы емес, үлкейтілген отбасылары бар қоғамдар арасында көбірек екені айқын, бұл қалыпты жағдай болып табылады.

Бизнес-туризм

Біз бизнес-туризм туралы, принципті заманауи феномен ретінде ойлауға бейімбіз. Біздің түсінуімізде ол мамандандырылған конференц-орталықтарын, өнімдердің тұсаукесерлерін, оқу семинарларын және жеке туристік турларды енгізеді; іскерлік адамдар бүкіл әлем бойынша саяхат жасайды. Дегенмен, бизнес-туризм – бұл уақыт өте келе ауысып отырған туризмнің ескі түрлерінің бірі.

Қазіргі жүзжылдыққа дейін іскерлік сапарлар айтарлықтай дәрежеде бірыңғай саудамен, сатумен және өндіріс аймағынан алыста тұратын клиенттерге тауарларды тасымалдаумен байланысты болды. Сөйтіп, бизнес-туризмге келесілер жатады:

- «коммивояжерлер» деп аталатын сату бөлімі қызметкерлерінің әлеуетті клиенттерге баруы;
- тауарды тапсырыс берушіге тасымалдау.

Бұл қызмет ұзақ уақыт бойы жалғасып келе жатыр және археологиялық зерттеудің әрбір жаңа бөлігі оның тарихының өзінен бұрынғы тарихқа әкеліп тірелетінін көрсетеді. Сонымен қатар, бизнес-туризмнің бастамасы ешбір континентте шектелмейді. Бизнес-туризмнің дәлелдері басқа жерлерде, археологтармен табылған артефактілердің көзқарасы бойынша бүкіл Африкада, Солтүстік және Онтүстік Америкада, Азияда, Таяу Шығыс және Еуропада жасалуы мүмкін. Сауданың дәлелдері бұл елдердің барлығында бар. Қазіргі заманға дейін көлік жүйесінің нашар жағдайына байланысты сауданың көп бөлігі, әдетте, тек қана қысқа арақашықтықта болғаны туралы ойлау тенденциясы бар. Алайда бұл шындыққа жанаспайды.

Жүздеген жылдар бұрын кемелер тек алыс арақашықтықтарда ғана емес, сондай-ақ қысқа арақашықтықтарда сауда жүргізу үшін де пайдаланылған. Бұл құбылыстың ең айқын мысалы Жібек жолы болып табылады, ол арқылы Қытайдан Еуропаға Самарқанд және Константинополь сияқты ғажайып орындар арқылы жібек тасыған. Бұл маршрут, атап айтқанда, көптеген бір-бірімен байланысқан сапар желісі - адамдар мың шақырымды жеңіп өткен орын, ол жүз жылдар бойы пайдаланылған.

Өзінің пайда болуының бірінші күнінен бастап бизнес-туризм іскерлік саяхатшылардың қажеттілігін көрсетіп, өзінің жеке инфрақұрылымын жасады. Дәл Жібек жолы жағдайында бұл саяхатшыларға арналған тамаққа, тұрғын жайға және Орта Азияның құрғақ аймақтарына олардың артпа малдары үшін су тасып жеткізуге мұқтаж болды. Саяхатшыларға қызмет көрсеткен көпестер демалуға тоқталатын *керуен-сарай* сияқты ғимараттардың көбі бүгінгі таңда ерте бизнес-туризмнің ескерткішіне жатады. Қазіргі уақытта олардың кейбіреулері туристік көрнекті орындар ретінде, мысалы Түркияда қалпына келтірілді.

Авторлардың кейбіреуі XIV ғасырда әзірбайжан қаласы Бакуда он жыл бұрын *керуен-сарайда* қабылданған тамақ жөнінде еске алады. Көпестердің қауіпсіздік үшін топтарда саяхат жасау ниеті «керуенші» деген жаңа мамандықтың дамуына әкелді.

Алайда сауда мен бизнес-туризмнің бастамасы да көп жылдар бойы бірқатар мамандықтардың, соның ішінде өздерінің жеке бірегей өмір сүру салты бар теңізшілер мен арбакештердің пайда болуына әкелген. Жеке іскерлік сапарлармен және тауарларды тасымалдау қызметімен қатар іскерлік туризмнің үшінші негізгі ағыны – жәрмеңке пайда болды.

Бұл аймақтан немесе нақты саладан келген адамдар бір-біріне тауарларын сату және кәсіби жаңалықтармен ауысып отыру үшін бірге жиналатын орын. Осындай жәрмеңкелер соңғы жылдардың ойлап шығаруы

болып табылмайды; олардың күні жүз жыл бұрын белгіленген. Мысалы, Орта ғасырларда бүкіл батыс әлеміне танымал Рона жағасында, Бокерде әйгілі жыл сайынғы жәрмеңке болды.

Еуропада, қалай дегенмен, бизнес-туризмнің өсуі айтарлықтай дәрежеде өнеркәсіптік революциямен ынталандырылды, онда теміржолдың салынуы барлық әлемге көптеген мәселелерді жеңілдетті. Алайда, туристік демалыс сияқты бизнес-туризмнің осы шуы Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғына дейін бола алмады. Жылдам өсуі бірқатар факторларға байланысты болды, соның ішінде:

- көлік технологиясының жетілдірілуі ;
- әлемдік экономиканың өсуі;
- Еуроодақ және АҚШ, Канада және Мексика арасындағы сауда келісімі, еркін сауда жөніндегі Солтүстік-Америкалық келісім сияқты халықаралық сауда одақтарының өсуі;
- бизнес-туристер тарапынан өз еліне жоғары шығындарды тарту үшін үкіметтермен қамданатын күштер;
- көтермеленетін сапарлар сияқты іскерлік туризмнің жаңа түрлерін жасау.

Іскерлік туризм тек қана сауда-саттық бойынша сапарлармен және жүктерді тасымалдаумен байланысты емес. Оған, сондай-ақ, ақпаратпен алмасу, жаңа өнімді іске қосуға арналған салтанатты іс-шаралар болатын конференциялар жатады. Бизнес-туризм саласындағы оғиғаларға байланысты бизнес-туристердің жаңа түрлері пайда болды, соның ішінде компаниядағы жанжалды реттеу бойынша маман, жаттықтырушы және т.с.с. жатады. Дегенмен , бизнес-туристердің кейбір дәстүрлі түрлері, әсіресе, қатынас технологиясының дамуына байланысты коммивояжерлер сандары қысқартылады. Бұл кету Ұлыбританиядағы көптеген ұсақ жеке коммерциялық қонақүйлер үшін жерлеу буыны болды. Тұтас жаңа сала бизнес-туристердің заманауи түрлеріне қызмет көрсету үшін, сондай-ақ іссапарға баратын «дәстүрлі» адам үшін пайда болды. Бұл аса пайдалы туристік нарығында бәсекелі артықшылыққа жетуге тырысатын ірі корпорациялардың көбірек мамандандырылған салалары.

Туризмнің бүкіл тарихы бойы туристік демалыс пен бизнес-туризмнің арасында тығыз байланыс байқалатынын мойындаған маңызды. Бизнес-туристер жұмыс күні аяқталған соң демалушылар ретінде жүреді және тәжірибелі туристер болып табылатын тұлғалармен жиі еріп жүреді. Сонымен қатар, олар бөтендердің арқасында жиі саяхат жасағандықтан, бизнес-туристер айтарлықтай үлкен шығын шығарады. Олар өздерінің бос уақытын қалай таңдау керектігі жиі даулы және қайшы болады. Мысалы, бизнес-туристер Амстердамнан Бангкокқа дейін ашықтан-ашық

үйлер кварталдарының және жезөкшеліктің өсуіне жиі себеп болады.

Діни туризм

Алдыңғы тарауда біз, мысалы, Еуропада дін туризмнің бастамасы үшін негізгі катализатор болғанын білдік.

Діни туризм, әдетте, аса құрметті діни шаралар, мысалы Барлық қасиеттілер күні мейрамы сияқты діни мағынадағы орындарға баруды ұйғарады. Дегенмен, туризмді зерттейтін тарихшылардың көпшілігі санайтындай, көбінесе Еуропадағы христиандық қажылықтың көзқарасынан діни туризм туралы айту қате болар еді. Діни туризм, күмәнсыз, христиандықтан көп жылдар бұрын пайда болған. Діннің адалдығы көне халқына, атап айтқанда, мысырлықтарға, гректерге және еврейлерді қоса, саяхаттауға себеп болған. Діни себептер бойынша саяхаттар, мысалы Христостың туылғанына дейін Үндістан мен Азияда болған. Көне заманда қажылықты ынталандырған көптеген ерте діндер, мысалы отқа табынушылар-Зороастриялықтар қазіргі уақытта ұмытылған немесе мардымсыз қалған. Сөйтіп, Орта ғасырда Еуропада Ислам діні пайда болды. Біз Батыстағылар мөлшері бойынша заманауи христиандық қажылықтарды жауып, Исламның Меккеге қажылығы – бұл әлемдегі ең маңызды туристік ағын екенін жиі ұмытамыз. Осындай маңызды пунктті айтып, біз Еуропадағы христиандық туризмге ораламыз.

Бұрынғы мен қазіргі заманғы туризмнің арасындағы айырмашылық – біріншісі ұсақ көлемді және элитарлы болса, соңғысы көпшілік және көбірек демократияшыл болып табылады. Алайда егер еуропалық христиандық қажылықтарға қарасақ, біз мүлдем басқа көрініс көреміз. Біз діни туризмнің осы түрі Орта ғасырларда өзінің шыңына жеткенін байқаймыз және сол уақыттан бері діни салттар, әсіресе Солтүстік Еуропада азайды. Ол сондай-ақ католицизм сияқты қажылыққа ешқашан ерекше мән бермеген Еуропадағы протестантизмнің өсуін көрсетеді. Соңғы діні әлі күнге дейін халықтың көпшілігімен қолданылатын, мысалы Ирландиядағыдай қажылық бұрынғыдай әйгілі. Бір нарықтық сегмент үшін діни және шипалы туризм арасында тығыз байланыс бар. Бұл Лурд сияқты заманауи аса құрметті жерлерге өздерінің сырқаттарынан емделеміз деген үмітпен баратын адамдар. Бір сөзбен айтқанда, Еуропадағы діни туризм – бұл туризмнің бір түрі үшін жасалған инфрақұрылым келешекте басқа түрі үшін пайдалану мүмкіндігі туралы жақсы мысал. Символдар ретінде салынған Ұлы шіркеулер, сондай-ақ діни адалдық пен қажылыққа арналған орындар қазір туристер үшін назар аударарлық орын болып табылады. Қасиетті қорғаушылардың құрметіне қаланың көшелері бойынша адамдар-

дың діни шеруі сияқты Үлкен діни мағынасы бар оқиғалар туристер үшін көңіл көтерудің бір түрі болып табылады. Сантьяго-де-Компостел сияқты қажылықтың маршруттары діни емес туристер үшін тақырыптық экскурсиялар болса, қажыларға арналған адамдар тұратын құрылыстар шаршаған велосипедшілер үшін сәнді аялдама болды. Дегенмен, бұл бастапқы негізгі мақсаты айтарлықтай дәрежеде ескіргенде немесе мағынасы біршама аз болғанда ғана болуы мүмкін. Осыған байланысты ислам діні өсіп, гүлденген дәуірінде дәл осы жағдай ислам инфрақұрылымында болмайды.

Адамдар, ережеге сай, саяхат үшін мүмкіндіктер туралы білгісі келгенде әсіресе дамыған елдерде маңызды, онда дәлірек айтқанда, саяси немесе экономикалық факторлар олардың өткендегі шешімдеріне әсер етті. Туризм бойынша мамандар үшін телевизиялық бағдарламалар мен журналдардың көбеюі туризм саласындағы қызығушылықтың өсуін көрсетті. Бұл бағдарламалар сондай-ақ туризм секторындағы сұранысты арттырды. Үлкен арақашықтықтарда қозғалатын және жолаушылардың көп санын тасымалдай алатын үлкен ұшақтардың А380 дамуы жаңа алыс бағыттарды дайындауға көмектесті. Ақпарат іздеу және туристік өнімдерді брондау үшін интернетті пайдалану халықаралық сапарлардың өсуінің ең маңызды факторы болды.

Туристік демалысқа бағаның төмендеуі туристік өнімдерге сұраныстың көбеюіне әсер етті. Ұлыбританияда қолайлы бағамен тиімді жолдамалардың дамуы жолдамалар бойынша шетелге саяхаттайтын британдықтардың көп санының негізгі себебі болды, бұл Ұлыбританияда шығу туризмнің сұранысына әкелді. Дегенмен, біз көргендей, Ұлыбританиядағы жуырдағы экономикалық дағдарыста экономика жағдайлары бұл тенденцияны уақытша өзгерте алады.

Сауықтыру туризмі

Еуропадағы жағдайдан көргеніміздей, сауықтыру туризмінің негізі Еуропадағы заманауи туристік индустрияның басым бөлігін дамыту үшін қаланған. Алғашқы рет римдіктер арқылы енгізілгеннен кейін сауықтыру туризмі он алтыншы және он жетінші ғасырларға дейін аса танымал бола алмады. Көптеген қалалардағы тазалыққа қарсы жағдайларға жауапты шара ретінде ол дами бастады. Біріншіден, сауықтыру туризмі табиғаттың сыйларын оның емдеу қасиеттеріне байланысты игерді, мәселен, минералдық ресурстар мен теңіз суы. Дегенмен, уақыт өте берді, ал бұл курорттар сонымен қатар сән және әлеуметтік белсенділік орталықтарына айнала бастады. Осы курорттар мен спа-ор-

талықтардың тарихы алдыңғы тараудың Еуропаға арналған бөлімінде толығырақ айтылған. Алайда, бұндай жағдайлардың дамуы Еуропада баяу жүзеге асырылды деп айту дұрыс болмаушы еді. АҚШ-тағы Нью-Йорк штатындағыдай басқа да құрлықтарда шипажайлар да пайда бола бастады.

Теңіз суына шомылу мен спа-орталықтарда болу сауықтыру туризмінің жалғыз формалары болды деп тұжырымдау да дұрыс болмаушы еді. Он жетінші және он сегізінші ғасырларда, көптеген бай еуропалықтар атақты медициналық мектептердегі мойындалған дәрігерлерге ұзақ мерзімді сапарларға бару үшін ақшаларын төледі, мәселен, Франциядағы Монпелье. Осы сапарлардың арқасында саяхаттар жөніндегі хаттардың жазылу дәуірі келді, мысал ретінде Смолеттаның 1763 жылы Монпельеге баруы туралы жазбасын алуға болады. Одан басқа, көптеген жүзжылдықтардың ішінде климат сауықтыру туризмінде маңызды рөл атқарды. Солтүстік Еуропада бұл әдетте күнді іздеу саяхаты дегенді білдірді, ол туристік лектердің алуан түрлерін ынталандырды. Сондай-ақ отаршылдық экспансиялау дәуірі кезінде еуропалық колонистер суық тауларға орындарын ауыстырып жазғы ыстықтардан бой тасалауға тырысты. Үндістан тауларында орналасқан Шимла қаласы керемет мысал бола алды, онда олар жазды өткізді. Сонымен қатар колонистер махараджа арқылы негізі салынған ежелгі дәстүрді сақтауларын жалғастырды.

Еуропадағы сауықтыру туризмі туристік мінез-құлықтың сәнді өзгерістерінің тамаша дәлелі болып табылады. Еуропадағы он алтыншы және он тоғызыншы ғасырлардың ішінде өте танымал болған курорттардың көпшілігі жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысында құлдырауға ұшырай бастады. Олар социум үшін сәнді болудан қалды және денсаулық сақтау стандарттары жүйелерінің жақсаруларына байланысты олардың қажеттіліктері азая бастады. Саяси тұрақсыздық пен соғыстың басталуымен кейбір курорттар өздерінің бұрынғы нарықтары үшін қолжетімді болудан қалды. Алайда, ерекше жағдайлар да болды, мысалы Германиядағы туристік курорттарда әлеуметтік туризмнің кәсіподақ ұйымдары мен ұйымдардың болуы олардың кейбіреулерінің өз позицияларын ұстап қалғандықтарын көрсетеді. Франция, Ұлыбританияда соңғы жылдары курорттар денсаулық сақтау саласындағы туристердің өсіп келе жатқан қызығушылықтарына байланысты қайта жандана бастады. Олар қайтадан медициналық қызмет көрсету демалу мен көңіл көтеруден тұратын сәнді орындарға айнала бастады. Францияның Овернь аймағы сауықтыру туризмі шығындарының жоғары формаларын әзірлеу үшін шақырылған жаңа қызығушылықтарымен

танымал.

Соңғы жылдары денсаулыққа қызығушылық сауықтыру қызметі ретінде теңіз суындағы хауыздардың қайтадан ашылуларына әкеліп соқтырды. Талассотерапия мәселен, қажетті нысандарға жеткілікті қаражат жіберген Accor секілді компаниялары бар Францияда өте танымал болып табылады. Біз сонымен бірге Еуропада және АҚШ-та көптеген әйелдер мен еркектер арықтау және өздерінің физикалық формаларын жақсарту үшін аздаған үзіліс жасайтын сауықтыру фирмаларының дамуларын да байқадық. Адамдардың өз салаларында әлемдік көшбасшылар болып саналатын немесе арзандау емдеуді ұсынатын мекемелерде емделу үшін шекарадан тыс саяхат шегуі сауықтыру туризмінің ең күрделі заманауи формасы болып табылады. Бұл баға артықшылығы соңғы жылдары медициналық сақтандыру компаниялары үшін өте тартымды болды. Бұл тараудың аяғындағы тақырыптық зерттеу халықаралық спа-орталықтарды қарастырады.

Әлеуметтік туризм

Демалыстардың нарығы, бүтіндей айтқанда, тұтынушылар олардың демалыстары үшін толық нарықтық бағаның төленуін сұрайтын коммерциялық нарық болып табылады. Дегенмен де, бірқатар елдерде туризм мен демалыс әлеуметтік қамсыздандыру саясатының саласына да жатады. Демалыстар белгілі бір дәрежеде, коммерциялық емес немесе кәсіподақтар секілді мемлекеттік немесе мекемелердің ерікті секторынан қаражаттандырылады. Бұны әлеуметтік туризм деп атауға болады. Бұл туризмнің формасы оның жалғыз көрінуі тұлғаларға қаржыландырылған демалыстар берілетін ауданда болатын және ұсынылған қайырымдылық пен жергілікті билік арқылы жүзеге асырылатын Ұлыбританияда айтарлықтай дәрежеде жоқ болып табылады. Сонда да, бұл басқа елдерде, атап айтқанда, Германияда, Испанияда және Францияда анағұрлым өте кең таралған. Францияда әлеуметтік туризм жақсы дамыған және оның «ішкі құрылымы» төмендегілерден тұрады:

• туристік қызметтерге алмастырыла алатын демалысқа арналған ваучерлер;

• коммерциялық емес қауымдастықтар басқаратын әлеуметтік демалыс туризмі мен орталықтар.

Бұл қамсыздандыру жұмыс берушілер, кәсіподақтар мен үкімет арқылы қаржыландырылады. Дегенмен де, қазіргі кездегі мемлекеттік шығындарға түскен қысымдар Франциядағы әлеуметтік туризмнің болашағына кері әсерін тигізуде.

Әйтсе де, қатаң айтқанда, біз соңғы жылдары әлеуметтік туризм саласында қабылданған туризм индустриясының туристік өнеркәсіпте тіпті кемсітушіліктерді бастан өткерген немесе айтарлықтай дәрежеде елеп-ескермеген әлеуметтік топтар үшін үздік қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге тырысушылықтарын байқаудамыз. Олар екі топтан тұрады:

• мүмкіндігі шектеулі тұтынушылар, соның ішінде физикалық мүмкіншіліктері шектелгендер, көру және есту қабілеттері нашарлар;

• көбінесе стандартты «отбасының» ұсыныстарын қолдана алмайтын, екі ересек немесе бірнеше балалары бар бір ата-анасы ғана бар отбасы, бұл отбасылардың көбінде бір ғана ата-анадан бар әлемде кемсітушілік сипатқа анық ие болып табылады.

Бірақ, этникалық азшылық қауымынан адамдардың туризмнің негізгі нарығына қатысуларына түрткі болу үшін Еуропадағы туризм индустриясында көп салынып жатқан да жоқ. Көптеген еуропалық елдерде бұл қауымдар жүз мыңдай тұтынушы жұмыс істейтін нарықтарды білдіреді. Мүмкін, бұл жағдай олардың ата-аналарының, әжелері мен аталарының туған жерлері болып саналатын елде достары мен туысқандарына бару секілді көптеген этникалық қауымдардың туризм секторында өздерінің меншікті заңға сыйымды белгіленген сұраныстары бар екендігін білдіретін болар. Бұл нарықта, көп жайдайда, қауымдардың мамандандырылған жеткізушілері арқылы қызмет көрсетіледі. АҚШ уақыт өте келе осындай қауымдардың негізгі туристік қызметтерге деген сұранысты шынында да дамытатындығын көрсетті, бірақ олар бұрынғыдай осы қауымдардың маман-операторлары арқылы орындалулары мүмкін. Мысалы, африка-американдық нарығы.

Білім беру туризмі

Білім беру туризмі немесе саяхат, өз ой-өрістерін кеңейту үшін грек және рим элитасының бай мүшелері саяхаттаған күндерден басталатын ұзақ тарихты зерттеу. Көп ғасырлар өткеннен кейін Еуропадағы білім беру туризмнің ұлы көрінулерінің бірі – Гранд тур пайда болды.

Соңғы онжылдықтарда білім беру туризмнің екі түрі назар аударуға тұрарлық бірқатар бағыттарда дамып келеді:

• Студенттермен алмасу, жастар басқа адамдардың мәдениеті мен тілін жақынырақ танып-білу үшін басқа елдерге барады. Мұндай алмасулар Солтүстік Америка мен Еуропадағы білім беру мекемелерінің

арасында күшті дамыған. Мысалы, көптеген американдықтар Франциядағы Экс-ан-Прованста жергілікті университетте арнайы курстардан өту үшін саяхаттайды. Еуропалық университеттердің арасындағы алмасулар Erasmus алмастыру бағдарламасының арқасында Еуропалық Одақ елдерінің арасында жоғары дамыған. Алмастыруға қосымша ретінде біз, әсіресе, Азиядан Еуропаға, Солтүстік Америка мен Австралияға жоғары білім алу үшін саяхат шегуші жастардың жаппай көбеюлерін байқаудамыз;

• Қызықты демалыстар, мұнда адамдардың сапарға шығуларының негізгі уәждемесі – қандай да болмасын жаңа мәліметтерді танып-білу болып табылады. Бұл нарық соңғы жылдары тез өсуде және қазіргі уақытта барлық демалыстарды қамтиды, мәселен, сурет өнерінен бастап аспаздыққа арналған демалыстар, бау-бақша шаруашылығы тақырыптық круиздерінен бастап тіл үйрену курстарына арналған демалыстарға дейін. Нарық, әсіресе, зейнетке ерте шыққан «бос ұялар» деп аталатын адамдардың арасында аса танымал.

Мәдени туризм

Мәдени туризм туристік қызығушылықтармен тікелей байланысты (төменде баяндалады) болады, бірақ ең кең қолданылу саласына ие. Басқа заманауи мәдениеттерді сезіну тілегі мен бұрынғы мәдениеттердің артефактілерін қарастыру нарықта гректер мен римдіктер кезеңінен бері уәждеме болып қызмет атқарып келеді. Қазіргі таңда ол танымалдылыққа ие болды және саясатшылар арқылы туризмнің «жақсы» түрі және «зияткерлік туризм» ретінде оң пікірлер алуда.

Мәдени туризм туристік нарықтың көптеген элементтерінен тұрады, соның ішінде:

• мәдени мұралардың орындары мен көрікті жерлерді аралап көру, сонымен бірге дәстүрлі фестивальдарға бару;

• ұлттық, діни немесе жергілікті асты және виноны татып көру үшін демалыстар өткізу;

• дәстүрлі спорттық іс-шараларды көру және жергілікті іс-шараларға қатысу;

• жұмыс орындарын аралап көру, мәселен, фермаларды, қолөнер орталықтары мен зауыттарды.

Мәдени туризм көптеген елдерде туристік өнімнің негізі және осы елдерге туристер келулерінің басты себебі болып табылады. Дегенмен де, туристердің мәдениеттерін зерттеу тілектері мен әсер етулері бұл

туристік нарықтың секторын өте осал қыла отырып, алаңдаушылыққа әкеледі.

Көркемсурет туризмі

Әсерлі табиғи көріністерді көру ежелден бері туристерді ынталандырып келеді. Оның он тоғызыншы ғасырда романтикалық қозғалыстың өнерге әсер етуінің салдарынан пайда болуы мүмкін. Суретшілер мен жазушылар қоршаған ортадан шабыт алып, пейзаждарға керемет қызығушылықтар туғызды. Суретшілердің ізімен осы пейзаждардың түрлерін көріп рақаттану үшін туристер де келді. Осыған мысал ретінде Ұлыбританиядағы көлді өлкеде туризмнің дамуына себеп болған Уильям Вордсворттың поэзиясын айтуға болады. Бүгінде оның үйі аймақтың орталығында орналасқан, Дав Коттедж бен Ридал тауы ондаған мың туристерді өзіне тартады. Көркемсурет туризмі өткен ғасырда туризмнің тұрақты өсуі 1872 жылы әлемдегі бірінші ұлттық парктің құрылуына әкеліп соқтырған факторлардың бірі болып табылатын Еуропада, нақтырақ айтқанда, Альпіде және АҚШ-та тез дамыды. Таулар секілді су пейзаждары да туристер үшін жиырмасыншы ғасырда еліктіруші құралға айналды. Италияның көлдері мен Британия мен Корнуолдағы ғажап жағалау пейзаждары осы дәуірде танымал жерлерге айналды. Біз қазір көріп отырғанымыздай, қалалық аудандар ретінде теңіз жағасындағы курорттардың бастапқы тартымдылығы олардың табиғи пейзаждары болып табылады.

Гедонистік туризм

Біз гедонистік туризмді өзімен бірге қазіргі кезде классикалық төрт S’S: күн, теңіз, құм және секс деп ажыратылатын заманауи жаратылысты көрсететін, сезімдік рахаттанушылықтарға ұмтылу деп жорамалдаймыз. Алайда, гедонистік демалыстардың тарихы анағұрлым тереңге кетеді. Біз римдіктердің бұрын туризмнің бұл түрін өздерінің курорттарында қолданғандықтарын көрдік. Ұлыбританияда туризмнің бұндай түрі Брайтон курортының оңтүстік жағалауымен жиі байланыстырылатын «жағымсыз уик-энд» терминінің пайда болуына жол ашты. Қатал викториан дәуірінде Лондон тұрғындары өздерімен бірге «серіктестерін» немесе басқа біреудің серіктестерін алып Брайтонға бара алатын, онда олар Лондонда жол берілмейтін қылықтарға баруға мүмкіндіктер алды.

Он тоғызыншы ғасырдан бастап және одан кейінгі жылдары да Па-

риж гедонистік туризмнің бірінші еуропалық астанасы ретінде саналып келді. Дәулетті отбасыдан шыққан жастар өздерінің дүниені танудағы «білім алуларын» аяқтау үшін осында келумен болды. Бұл көпшілік үйлерге баруды, әдепсіз шоулар мен құмар ойындарын тұспалдады. Десек те, басқа қалалар да гедонизм мен рақаттанулармен көбірек тарта бастады. Стюардтың Вена жөніндегі жазбасында былай делінген: «Осы күнге дейін қала бейнесінің қуатты компоненті оның жеңілтектігі [мен] оның адамдарының ләззатқа құштарлығына бағытталған беделінде болды» (Стюард, 1996).

Гедонистік туризм 1960 жылдардан бастап «Теңіз, күн, құм және секс» демалысы пакетінің қатты дамуынан бастап, қазіргі дәуірде жаңа жетістіктерге жетті. Гедонистік туризмді сатып алу уәдесі Британ нарығындағы Клуб 18-30 секілді кейбір операторлардың негізгі ұсынысына айналды. Біз соңғы жылдары әртүрлі гедонистік сегменттердің дамып келе жатқанын да байқаудамыз, мәселен, «Ширли Валентина» деп аталатын Солтүстік Еуропадағы жерорта теңізіндегі курорттарда жергілікті еркектермен романтика іздеу мақсатындағы тұрмыстағы егде жастағы әйелдердің саяхаттаулары.

Гедонистік туризм таза еуропалық құбылыс болып табылмайды; АҚШ-тың, көптеген АҚШ-тағы, Мексика мен Кариб бассейндері елдеріндегі белгіленген пункттерде жұмыс тәжірибесіне ие, «көктемгі үзіліс» деп аталатын әйгілі нарығы бар.

Гедонистік туризмдегі зиянсыз көңіл көтерулер көп жағдайда туристерге де, жергілікті халыққа да теріс әсерлерін тигізеді, олардың барлығы ЖИТС секілді әртүрлі ауруларды жұқтырып алу қаупіне тап болады, ал туристердің қожайындарды жәбірлеу оқиғалары жиі кездеседі.

Қазіргі уақытта секс-туризм жөніндегі маңызды халықаралық пікірталастар бар, әсіресе дамып келе жатқан елдерде балаларымен қосылу үшін саяхаттаушы еуропалықтардың қатысуымен. Бұл аса қауіпсіз де емес және гедонистік туризмнің моральдық өрескел бет-бейнесін көрсетеді.

Белсенді туризм

Белсенді демалыс жақында ғана пайда болды және нарықта тез дамып келеді. Ол тәжірибелі туристердің жаңа әсерлерді бастан кешіргілері келетіндіктеріне негізделген, сонымен бірге денсаулық пен фитнес жайында үдемелі әлеуметтік алаңдаушылықты байқатады.

Белсенді туризм ауқымды қызмет көрсетулерден тұрады, мәселен:

• туристік аудандарда туристің күш жұмсауын қажет ететін жүру, ве-

лосипед тебу және атпен жүру секілді көлік түрлерін қолдану;

• гольф және теннис секілді жердегі спорт түрлеріне қатысу;

• дайвинг және виндсерфинг секілді спорттың судағы түрлеріне қатысу.

Белсенді демалыстың кейбір формалары физикалық ортаға әсер етулері көзқарасы тұрғысынан сынға ұшыраулары мүмкін. Гольфке арналған алаң жаңа кен орындарының құнды учаскелерінде орналасқан, сонымен бірге атпен жүру эрозияға әкеліп соқтырады. Екінші жағынан, белсенді туризм көп жағдайда жағымды қабылданады, өйткені ол адамдардың денсаулықтарын жақсартады.

Соңғы онжылдықта біз банджи-джампинг пен каньонинг секілді белсенді іс-шаралардың өсуін байқаудамыз, Жаңа Зеландиядағы Квинстаун секілді орындар белсенді демалыспен айналысуға қолайлы табиғи жағдайларына байланысты халықаралық танымалдылыққа ие болды.

Ерекше қызығушылықтар жөніндегі туризм

Соңғы жылдары уәждемесі – жаңа немесе таныс орындарды танып-білу ықыластары мен жаңа немесе таныс орындарға жаңа қызығушылық тудыру болып табылатын ерекше қызығушылықтар жөніндегі туризмнің өсуі байқалуда. Белсенді демалыс секілді ол барлық демалыстың немесе бір не екі күннің шеңберінде бола алады.

Ерекше қызығушылықтар жөніндегі туризм белсенді туризммен бірдей дәрежеде нарықтық тауашадан орын алды, бірақ, физикалық жүктемелерді қажет етпейді. Қызығушылықтардың түрлері алуан түрлі, ең танымал кейбіреулері төменде берілген:

• көркемсурет;

• гастрономия, екеуі де мейрамханаларда тамақ әзірлеуді үйренеді және таңдаулы тағамдармен рақаттанады;

• соғыстардың тарихы мен шайқас алаңында болу;

• бау-бақшаларда болу;

• музыкалық фестивальдарда болу.

Қысқаша мазмұндама

Жаңа ғана қарастырып өткен туризм түрлерінің тізбесі субъективтік сипатқа ие болып табылады, алайда туристік нарықтың кең өрісін көрсетеді. Ол сонымен қатар, туризмнің сан алуан түрлерінің өзара бір-бірімен байланысты екендіктерін де дәлелдейді. Мысалы, діни ту-

ризмді мәдени туризм деп те қарастыруға болады. Бұл, сонымен бірге, туризмнің кейбір түрлерінің жаңа болып табылатындықтарына дәлел болады.

Бірақ, болашақта не болады? Бәлкім, туризмнің келесі маңызды дамуы техно-туризмнің өрлеуі болуы мүмкін, яғни, виртуалдық шындық секілді жаңа технологияларға негізделген туризм. Бұл туризмнің сапарлармен байланысты болмайтын және саяхаттардан тәжірибені өз үйінен шықпай-ақ алуға болатын кезде революциялық өзгерістер деп саналмауы да мүмкін.

Қорытынды

Туристік мінез-құлықтың қазіргі жағдайы мен болашағын түсіну үшін, бізге тұтынушының туризм саласындағы мінез-құлқының тарихын бағалау өте маңызды. Осы себептен де біз туристік сұраныстың тарихын талқылауды басты назарға алдық. Дегенмен де, бұл тараудың бүтін елдерді бір пунктте баяндап өткен қысқаша жалпылама шолу екендігін мойындауымыз керек.

Әйтсе де, біз оқырман бірқатар түйінді сәттерді анықтады деп үміттенеміз, атап айтқанда:

• туризм біз ойлағаннан да ертерек пайда болған;

• туристер жүзжылдықтар бойы тек қана Еуропа мен АҚШ-та емес, көптеген елдерде де болды.

Бұл тарауда негізгі назар халықаралық туристік топтарға аударылған, бірақ сонымен бірге ішкі туризмнің ұзындау және көлемі бойынша үлкенірек тарихы бар екенін де мойындауымыз керек. Десек те, бұны өлшеу қиындау, атап айтқанда, заманауи туризмнің даму сатысының басында болған ұлтаралық туризм көпшілігінің өсуін.

Талқылауға арналған тақырыптар және эссенің сұрақтары

1. Заманауи туризмнің дамуында Англияның маңызды рөл атқару тәсілдерін талқылаңыздар.

2. «Туризм Еуропада туды, бірақ оның болашағы Азияда және Тынық мұхиты жағалауындағы елдерде жатыр» (Хорнер мен Сварбрук, 1996) деген тұжырымды сыни тұрғыда бағалаңыздар.

3. Іскери туризмнің қос түрі және туристік бизнес бағыттары көзқарастары тұрғысынан соңғы 2000 жылда бизнес-туризмге сұраныстардың өзгерістерге ұшырау тәсілдерін талқылаңыздар.

4. Мысалдарды қолдана отырып, «туристік нарықтардың біразы,

егер ондайлар жалпы бар болса, жаңалар болып табылады» (Хорнер мен Сварбрук, 1996) деген болжамды бағалаңыздар.

Жаттығу

Әлемнің келесі аймақтарынан елді таңдаңыздар:
• Еуропа;
• Солтүстік және Оңтүстік Америка;
• Африка;
• Азия.

Әр ел үшін, мүмкін болған жерде статистикалық деректерді қолдана отырып, келуші шетелдік туристерге арналған белгіленген пункттер ретінде тарихтың қысқаша мазмұндамасын құрастырыңыздар.

Әрбір елдегі жағдайларды салыстырыңыздар және ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ұсыныңыздар.

2 ТӘЖІРИБЕЛІК МЫСАЛ:

Халықаралық спа мен сауықтыру нарығы

Біз туризмнің тарихи дамуында спа-орталықтардың айтарлықтай маңызды рөл ойнағандарын көрдік. Олардың Ұлыбритания секілді елдердегі танымалдылығы төмендегенімен, ол сонда да бұрынғыдай барлық әлемде өте үлкен нарық болып қала беруде, ал кейбір курорттар қайта жандануда. 2010 жылғы Бүкіләлемдік Геотермальды Конгресс туризмнің заманауи дамуындағы курортологияның маңызды рөлін атап көрсетті, ал 2015 жылғы Конгресс Шығыс Еуропаға ерекше назар аударады.

СПА нарығының ДАМУЫ

Курорттық нарық ұзақ тарихха ие болып табылады, бірақ курорттың танымал бола бастауы 1990 жылы басталды. 1996 жылы Deloitte Touche басылып шыққан баяндамада жыл сайын Еуропаның, АҚШ пен Жапонияның курорттарында 160 миллиондай жеке-дара болулар есептелді. Осы құжатта туристердің Жапонияда 2000-нан аса курорттарда, Италияда 450-ге жуық және АҚШ пен Германияның әрқайсысында 250-300-ге тарта курорттарда болулары болжамдалды.

Deloitte-Touche зерттеуі спа-орталықтардың елдің жалпы санына қатысты үлесі Германия мен Жапонияда өте жоғары болуы ықтимал екендігін көрсетеді. Әйткенмен, жапондық қонақтардың болу ұзақтығы әлемдегі ең төмен көрсеткіш болды, бір түннен екі түнге дейін шамада,

ал француз қонақтары 20 күннен аса уақытқа дейін болды.

Сол жылы Economist Intelligence Unit компаниясы еуропалық курорттар жөніндегі есепті жариялады (Кокерелл, 1996). Ол төмендегідей бірқатар қызықты статистикалық деректерді қамтыды:

Германияның курортты қалаларында ішкі және халықаралық туристік келулер 40 пайыздан 45 пайызға дейін есептелді. Германияда курорттарда болу қос жыныстың, кез келген жас пен табыс өкілдерінің ішінде танымал болды. Ол Германиядағы денсаулық сақтау мен әлеуметтік туризммен де байланысты;

• немістердің шипажайларда емделу үшін жиі шекарадан тыс шығып жүрген кездерінде италяндықтар мен французздардың көпшілігі, әдеттегідей, үйлерінде қалып отандық курорттық кешендеріне барумен болды;

• Франциядағы нарық дәстүрлі спа-курорттар мен ең заманауи талассотерапия кешендерінің арасында бөлінген. Бұрын, бұл жағдай, әдетте қаржыландырылып келген, ал соңғы кезде толығымен коммерциялыққа айналды;

• ол уақытта термальдық курорттарға қызығушылық медициналық курорттарға қарағанда басымдау болды, бұл талассотерапияға тән болып табылмады;

• талассотерапияның нарығы да термальдық курорттар нарығына қарағанда жастау болды;

• 1994 жылы Еуропаның халықаралық денсаулық нарығында туристердің саны шамамен 1,7 миллионға жетті, бұл Еуропадағы барлық туристік сұраныстың 1 пайызға жуығы.

Соңғы жылдары, талассотерапияның өсіп келе жатқан танымалдылығы Кипр, Марокко, Сент-Люсия, Венесуэла, Индонезия және Жапония секілді елдерде жаңа орталықтарды құруды ұсынуда.

Денсаулық пен сұлулыққа қатысты алаңдаушылықтар курорттардың жаңа түрлерінің өсуімен байланысты болып келеді, соның ішінде:

• Израильдегі пелоидотерапия (шипалы балшықпен емдеу) мен гелиотерапия (күнмен емдеу);

• Ирландиядағы альготерапия (теңіз балдырларымен емдеу).

Өз болашақтарын қамтамасыз ету үшін спа-орталықтар нарықтың ауқымы кеңдеу сегменттерін тарту мақсатында өз сұрыпталымын түрлендіруге тырысады. Кейбір жылу мекемелері бір күнге келушілер үшін ашылды, ал басқа бір медициналық мекемелер баяу жүгіруге арналған сыртқы жолдарды орнатты. Көптеген курорттар ірі спорттық немесе мәдени іс-шаралар мен оқиғалар үшін жетекші орындарға айналуға

тырысады. Олар сонымен бірге сауда орталықтарында үздік демалыс орындарын құрайды.

Тұтынушы

Спа-орталықтарына демалыс күндері барғысы келетін тұтынушылар мен спа-орталыққа бір күнге барғысы келетін тұтынушылардың арасында ерекшеліктер бар. Ұлыбританиядағы (Минтел, 2005) нарықты зерттеу 18 жастан 24 жасқа дейінгі әйелдердің спа-орталықтарға баруға жақын тұратындығын көрсетті. Қолда бар деректер егде тұтынушылардың (45-тен асқандар) курорттық кешендерге қызықпайтындықтарын дәлелдейді. Спа-орталықтардың дамуы, сонымен қатар, ең жоғары әлеуметтік-экономикалық топтардан ерекше қызығушылықтарын көрсететін әйелдердің жаңа аудиториясын да тартуда (Минтел, 2005).

СПА нарығы бүгінде

Спа-орталықтардың нарығы тұтынушылардың спа-орталықтарда барлық демалыс күндері болуларына байланысты халықаралық сипатқа ие, бірақ бизнестің үлкен пайызы демалыстың жалпы пакетінің бөлігі болып табылады. Спа-орталықтар қонақүйлік кешеннің бөлігі ретінде барлық әлем бойынша қонақүйлерде халықаралық дамуға жағдай жасайтын жаңа үрдіс болып табылады. Қонақүйлерде спа-орталықтарға екпін қою барлық әлем бойынша бірқатар қонақүйлік топтарға дивидендтер әкелді. Лондондағы, Майами мен Нью-Йорктегі Mandarin Orienta қонақүйі, мысалы, АҚШ пен Ұлыбританиядағы Conde Nast Traveller 17000 оқырманына жүргізілген сауалнаманың деректері бойынша қаладағы үздік қонақүй болып танылды (Caterer-online.com, 2005 жылдың 5 сәуірі),

Курорттардың дамуы бірнеше халықаралық курорттардың дамуына да әкеліп соқтырды. Осы курорттардың мысалдары 2.1-қосымшада келтірілген.

2.1-қосымша. Барлық әлем бойынша курорттардың мысалдары

Спа-орталықтың атауы	Орналасқан жері
Баньян Три Спа	Сейшель аралдары
Чива-Сом Интернейшнл Хэлс Резорт	Таиланд
Лэс Соурсес де Каудаль	Франция
Мандара Спа	Мариотт Резорт энд Спа, о. Пхукет, Таиланд
Мандара Спа	Датаи, Малайзия
Мандара Спа	Уан энд Онли Оушн Клаб, Багамскиеострова
Шамбала Спа	ПарротКэй, Теркс и Кайкос
Сикс Сенсес Спа	Соньева Фуши Резорт энд Спа, Мальдивы
Спа Вилладж	Панкор Лот Резорт, Малайзия
Уиллоу Стрим Спа	Фэирмаунт Банф Спрингс,Канада

Дереккөз: Conde Nast Traveller (2002)

Курорт саласында мамандандырылған спа операторлардың өсуі байқалуда. Ұлыбританиядағы кейбір тезистердің мысалдары 2.2-қосымшада келтірілген – британдық нарықта бәсекелестік біршама қатты болды, туроператорлар негізгі қызметтермен тікелей бәсекелеседі.

2.2-қосымша. Спа-орталықтардың мысалдары, Ұлыбритания 2010

Спа-орталықтың операторы	Бизнес түрі	Елдер
Карибтурс	Тапсырыс бойынша демалыс, спа-орталықта болуды қоса алғанда	Кариб бассейні елдері
Шампейн Хэлс Резорт	Әлемдегі ең ірі топтардың бірі - спа	Ұлыбритания, Үндістан, Швейцария
Эрна Лоу	Курорттарды барлық әлем бойынша алға бастырады (шаңғымен демалуға қосымша ретінде)	Венгрия, Мальта, Испания, Швейцария, Кипр, Португалия, Германия, Австрия, Италия, Ұлыбритания, Оңтүстік Африка, Үндістан
Хилинг Хотелс оф зэ Уорлд	Кешендік сауықтыру және емдеу	Барлық әлем бойынша
Термалия	Сауықтыруға арналған демалыстар	Еуропа, Шри-Ланка, Оңтүстік Африка, Иордания, Кипр, Словакия және т.б.
Ваханда	Денсаулық, сұлулық, әл-ауқаттылық жөніндегі веб-сайт	Ұлыбритания және Еуропа
Уэлбинг Эскейпс	Спа-орталықтардың туристік компаниясы	Барлық әлем бойынша, ең танымалы – Таиланд
Лакшери Операторс Интернейшнл Трэвэл Коннектионс Лтд	Пакеттің бөлігі ретінде спа-орталықтарда болу	Барлық әлем бойынша
Джой оф ливинг		Тропиктер
Трэвэл Мэйнстрим операторс	Пакеттің бөлігі ретінде спа-орталықтарда болу	Барлық әлем бойынша
Ферст чойс		Барлық әлем бойынша
Холидейс		
TUI UK		

Дереккөз: Минтел (2005, 2011)

Спа/сауықтыру туризмін дамытқан елдер

Франция спа бизнесін барлық ел бойынша спа және сауықтыру орталықтарының түрлі нүктелерімен дамытқан ел. Елдегі туристік табыстардың артуына мүмкіндіктер туғызған балама курорттық орындар да-

мыды. 2.3-қосымшасы осы орындардың кейбір мысалдары белгіленген пункттерге белсенді жәрдемдесу және әзірлеулер мен стандарттарға қатысу үшін ұлттық үкімет пен елдің әл-ауқаты үлкен маңызға ие екендігін көрсетеді.

СПА-индустрияның болашағы

Минтел (2005) осы нарықта орын алуы мүмкін алты негізгі үрдісті анықтады. Олар келесідей түрде жинақталуы мүмкін:

2.3-қосымша. Спа және Сауықтыру Туризмін дамытқан елдер

Ел	Курорттық бизнестің түрлері	Түсініктер
Австрия Түсініктер	Сауықтыру туризмі; процедуралар спектрі, ваннада сырамен суға түсу, ванна қабылдау, альпі процедуралары секілді инновациялық идеяларды қоса алғанда	Австрия Ұлттық Туризм Бюросы арқылы демеушілік жасалды
Венгрия	Тарихи моншалар, ыстық көздер мен спа; мәдениет мекемелері, термальдық сулар	Мемлекет арқылы демеушілік жасалды (2001 жылы жүзеге асырылған, the new Szechenyi plan)
Жапония	Ыстық көздерге негізделген сауықтыру туризмі, спа-туризмнің б.э. 552 ж. басталатын ұзақ тарихы	Курорттық қонақүйлердің, талассотерапия центтерінің дамуы
Таиланд	Жергілікті шөптерді пайдалана отырып, атақты тай бойынша емдейтін тарихы 2500 жылға кететін спа-орталықтары	Көптеген бренділік спа-операторлар; 2004 жылы Таиланд мемлекеті Тай Спа Федерациясын қалыптастырды

Дереккөз: Минтел (2005)

• ғаламдық спа-брендтердің пайда болуы – мысалы, баньян;

• мақсатты нарықтардың кеңеюі - мысалы, жанұялар, еркектер мен егде тұтынушылар;

• демалыспен үйлесетін спа – мысалы, еркектерге арналған гольф, әйелдерге арналған спа процедуралар;

• медициналық курорттардың өсуі – мысалы, Орталық Еуропада;

• сапа стандарттарын арттыру - мысалы, Еуропалық Қауымдастық арқылы орнатылған стандарттар СПА (ESPA);

• оқуды стандарттау - мысалы, спа терапияда дипломдарды әзірлеу.

Минтел (2011) қосымша брендинг пен медициналық туризмнің бағыттарындағы қадамдарды күшейтті және сонымен бірге келесідей үрдістерге көңіл аударды:

• тасымалданбалы спа-орталықтар – спа қызметтерін ұсынушы круиздік кемелер, туристік пойыздар (Үндістан мен Қытай) мен ұзақ магистральдық авиакомпаниялар;

• балық терапиясы – спа-орталықтарда педикюр үшін қолданылатын балықтар;

• жедел спа процедуралар – әсіресе Құрама Штаттарда таралған ұзақтығы 30 минут немесе одан аз процедуралар;

• СПА бөліктер – Ұлыбританияның басты көшесіндегі универмагтардағы санитарлық-курорттық емдеу шағын учаскелері;

• оқу лагері – «әрқашан қолдары бос емес, бай адамдарға арналған» апталық ұзақ мерзімді жедел курстар ;

• криотерапия – барлық денені салқындатуға арналған төменгі температуралы камераларды ұсынушы мамандандырылған спа-орталықтар.

Семірудің өсу деңгейі барлық әлем бойынша спа мен сауықтыру туризмінің өсуіне қолайлы жағдай туғызады деп болжамдалуда. Тұтынушылар ұсынылушы дәстүрлі курорттар мен тұтынушыларды тұрақты негізде әртүрлі бағыттарға жетулеріне көмектесетін бюджеттік авиакомпанияның артықшылықтарына ерекше мүдделі болады.

3-тарау

Тұтынушының мінез-құлқындағы негізгі түсініктер, соның ішінде туризм саласына бейімделгендері

Тұтынушының мінез-құлқы үлгілерінің мақсаты тұтынушылық мінез-құлыққа әсер ететін алуан түрлі факторлар арасындағы өзара әрекеттесулердің жеңілдетілген нұсқасын елестетуге тырысу болып табылады. Түрлі үлгілер тұтынушылардың мінез-құлықтарын сипаттау және мінез-құлық үлгілерін бақылау үшін жасалынды. Десек те, үлгілер аталған мақсаттарға сай келмейді, әрі кеткенде оқырманға мінез-құлық үлгілеріне әсер ететін интерактивтік факторлардың бағасын береді. Мұнда тұтынушылардың жалпы мінез-құлық үлгілерінің тек кейбіреулерін ғана қарастыруға болады.

Тұтынушы мінез-құлығының ең ертедегі үлгісін Андреасон (1965) ұсынды және 3.1-суретте көрсетілді. Үлгі тұтынушылық шешім шығару процесінде мәліметтің маңыздылығын қарастырады. Онда сатып алуларды қайталауға қатысты позициялар есепке алынбайды, сонымен бірге тұтынушылық қатынастардың маңызы көрсетіледі.

Никосияның (1966) ұсынған екінші үлгісі жаңа өнімді сатып алуға қатысты шешім қабылдауға назар аудартады. Бұл үлгі 3.2-суретте көрсетілген. Ол тұтынушымен өзара әрекеттесу үшін және сонымен бірге тұтынушының белгілі түрде әрекет етуге бейім болуы үшін ұйым арқылы қабылданған әрекетке шоғырланады. Бұл екі ерекшелік бір өріс ретінде аталады. Екінші кезең жағдайлардың әсеріндегі іздеуді бағалау процесіндегі тұтынушыны білдіреді. Бұл кезең екі өріс деп аталады. Сатып алу процесінің өзі үш өріс деп, ала сатып алудан кейінгі кері байланыс процесі төрт өріс деп аталады. Бұл үлгі оның тәжірибелі жолдармен тексерілмегендіктерінен және құбылмалы әрекеттердің көбінің анықталмағандықтарынан түсінік берушілер жағынан сынға ұшырады (Зальтман, Пинсон және Анегльман, 1973).

Барлық тұтынушылық мінез-құлықтардың ең жиі ұсынылатыны 1969 жылы жасалған сатып алушы Говарда-Шеттің мінез-құлқы үлгісі болып табылады. Бұл үлгі 3.3-суретінде көрсетілген. Онда тұтынушының сатып алу процесіндегі үлестің маңызы және тұтынушының үзілді-кесілді шешім қабылдамастан бұрын жарнаны ұсынатын тәсілдерін көрсетеді.

басты тұжырымдама



3.1-сурет. Тұтынушының мінез-құлқындағы Андризон үлгісі

Дереккөз: Андризон (1965)

Direct Flows	Түзу сызық	Information storage	Мәліметтердің қоймасы
Feedbacks	Кері сызық	Attudes towards sources	Дереккөздер- ге қатысы
Information	Ақпарат	FILTRATION	СҮЗГІЛЕУ
Intrinsic attributes	Ішкі қасиеттер	Perceived beliefs, norms, values of significant others	Қабылданатын артықшылықтар, нормалар, құн-дылықтар
Extrinsic attributes	Сыртқы қасиеттер	Personalit	Жеке тұлға
Price availability	Бағаның қол жетімділігі	Beliefs	Илану
Advocate Impersonal Sources	Мәліметтердің жақсыз көздерін қорғау	Feelings	Сезім
Independent Impersonal Sources	Мәліметтердің тәуелсіз жақсыз кқздері	Disposition	Орналасу
Advocate Personal Sources	Мәліметтер-дің жеке көздерін қорғау	Direct experience	Тік тәжірибе
Wants want strength	Күшті тілек	Attitudes towards product substitutes, complements	Өнімнің толықты-руға қатысы
Select	Таңдау	Search	Іздеу
No action	Әрекетсіздік	Income budget priorities physical capacity household capacity	Бюджеттік ба-сымдылықтардың табысы, тұрмы-стық физикалық жұмысқа қабілет-тілігі
Constraints	Шектеу	HOLD	ҰСТАУ
Other purchase decisions	Сатып алу жөнін-де басқа шешім-дер	Ownership	Иемдену
Other custumer decision - makers	ШЕШІМ ҚАБЫЛ-ДАУШЫ БАСҚА КЛИЕНТТЕР		



Subfield One – 1 ішөріс
Firms attributes - Компанияларға қатысы
Message exposure - Жарнамалық хабарлама ның әсер етуі
Subfield One consumer's attributes (especially predispositions) - 2 ішөріс
Екі тұтынушылардың қарым-қатынасы (әсіресе икемділік)
Attitude - Қатынас
Search evaluation - Іздеуді бағалау
Field Two Search for, and evaluation of means-and (s)relation(s) (preaction field) - Екінші өріс
Іздеу мен бағалау, ара салмақтың аяқталуын білдіреді
(Алдын-ала әрекет жасау өрісі)
Expirience – Тәжірибе
Motivation - Уәждеме
Field Three The act of purchase - Үшінші өріс
Сатып алу актісі
Decision action - Шешім (әрекет)
Consumption storage - Тұтынуды сақтау
Field Four The feedback - Төртінші өріс Кері байланыс
Purchasing behavior - Тұтынушылық мінез-құлық

3.2-сурет. Никосии үлгісінің қысқаша сипаттамасы
Дереккөз: Никосии (1966)

Говарда-Шеттің үлгісі шектеуге ие және тұтынушының мнез-құлқын түсіндірмейді. Десек те, бұл эмпирикалық зерттеулердің нәтижесінде жасалған тұтынушы мінез-құлқының толық теориясы болды (Хортон, 1984).

Тұтынушылар мінез-құлқының беріректегі зерттеулері алмастыру

және маркетологтың процестегі перспективаларына көз салу процестерінде бақыланады. Осындай тәсілдеме мысалдарының бірі 3.4-суретте көрсетілген. Бұл үлгі Соломон арқылы жасалды (1996). Ол сонымен қатар тұтынушының мінез-құлқы көптеген әртүрлі субъектілерден тұрады деп тұжырымдады. Бір адам сатып алушы да, өнімді қолданушы да бола алмайды. Басқа тұлғалар, атап айтқанда, балалар, жанұяның белгілі бір демалыс күнін таңдау кезінде сатып алу процесіне әсер ете алады. Ұйымдар да сатып алу процесіне тартылуы мүмкін, мәселен, компаниялар конференц-пакеттерді сатып алғылары келеді.

Қазіргі сәтке дейінгі қарастырылған үлгілер ғылыми зерттеулерде пайдалы. Фоксалл мен Голдсмит (1994) бұл үлгілердің тұтынушыда қалай әрекет ету керектігі жөніндегі жалпы түсінік жоқ кезде еш маңызсыз болып табылатындықтарын көрсетті. Олар тұтынушының мінез-құлқын мәселелерді кезең-кезеңмен шешу жүйелілігі ретінде сипаттайды:

• тілектер мен қажеттіліктердің дамуы мен қабылдануы;

• алдын ала сатып алуларды жоспарлау мен шешімдер қабылдау;

• сатып алуларды жүзеге асыру;

• сатып алудан кейінгі қайтадан сатып алуға, сатуға және өнімді қолданғаннан кейін кәдеге жаратуға әкеліп соқтыратын қылық.



3.3-сурет. Алушының мінез-құлқындағы Ховард-Шет үлгісі
Дереккөз: Ховард және Шет (1969)

Inputs - Қоздырғышты беру
Social - Әлеуметтік
Confidence -Сенімділік
Output - шығу
Stimulus display - Көрсеткіштік
Family - Отбасы
Attitiude - Қатынас
Purchase - Сатып алу
Quality – Сапа
Reference Groups - Референттік топтар
Motives – себебі
Exogenous variables - Экзогендік айнымалылар
Price – Баға
Socual class - Әлеуметтік класс
Choice criteria -Таңдау өлшмі
Distinctiveness – Өзгешелік
Overt search - Ашық іздеу
Brand comperehension - Брендтті түсіну
Service - Қызмет көрсету
Stimulus ambiguity - Белгісіздік қозғаушысы
Satisfaction - Қанағаттану
Availiability - Қол жетімділік
Atteintion - Назар
Intention - Ниет

	CONSUMER'S PERSPECTIVE	MARKETER'S PERSPECTIVE
PRE-PURCHASE ISSUES	How does a consumer decide that he/she needs a product? What are the best sources of information to learn more about alternative choices?	How are consumer attitudes toward products formed and/or changed? What cues do consumers use to infer which products are superior to others?
PURCHASE ISSUES	Is acquiring a product stressful or pleasant experience? What does the purchase say about the consumer?	How do situational factors, such as time pressure or store displays, affect the consumer's purchase decision?
POST-PURCHASE ISSUES	Does the product provide pleasure or perform its intended function? How is the product eventually disposed of, and what are the environmental consequences of this act?	What determines whether a consumer will be satisfied with a product and whether he/she will buy it again? Does this person tell others about his/her experiences with the product and affect their purchase decisions?

Consumer's perspective - ТҰТЫНУШЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ
Pre-purchase issues - САТУ АЛДЫНДАҒЫ СҰРАҚТАР
How does a consumer decide that……- Тұтынушы өнімнің қажет екендігін қалай шешеді
Балама нұсқалар жайында көбірек білу үшін мәліметтердің ең тиімді қандай көздері бар?
Purchase issues - САТЫЛАТЫН СҰРАҚТАР
is acquring a product stessful or pleasant experience….? - Өнімді сатып алу күйзелістік немесе жағымды тәжірибе болп табыла ма? Сатып алулар тұтынушы жайында не айтады?
Post Purchase issues - САТУДАН КЕЙІНГІ СҰРАҚТАР
Does the product provide pleasure or perfom its intended fuction ….- Өнім қанағаттандыра ма немесе

өз қызметтерін атқара ма? Өнім ақыр аяғында қалай кәдеге жаратылады және осы әрекеттің қандай экологиялық салдарлары бар?
MARKETER'S PERSPECTIVE - МАРКЕТОЛОГТЫҢ КЕЛЕШЕГІ
HOW ARE CONSUMER ATTITIDES TOWARD PRODUCT FORMED AND/OR CHANGED ….- Өнімге тұтынушылық қатынас ретінде қалыптаса ма және/немесе өзгере ме? Тұтынушы қандай өнімдердің басқалардан үздік екендігін е қорытынды жасау үшін қандай сигналдары қолданады?
HOW DO SITUATIONAL FACTORS, SUCH AS TIME PRESSURE - Уақыт қысымы немесе дүкен дисплейі секілді ситуациялық факторлар ретінде тұтынушының сатып алу жөніндегі шешіміне әсер ете ме?
WHAT DETERMINES A CONSUMER WILL BE SARISFYED ….- Тұтынушының өнімге риза ма екендігін және оның өнімді қайта сатып ала ма екендігін не анықтайды? Осы адам басқалармен оның өнімдер жөніндегі тәжірибесімен бөлісе ме және олардың сатып алу жөніндегі шешімдеріне әсер ете ала ма?

3.4-сурет. Тұтыну процесінің кезеңдері барысындағы пайда болатын кейбір мәселелер
Дереккөз: Соломон (1996)

Олар маркетинг қызметінің басым бөлігі тілектер мен қажеттіліктердің мақсатты сегменттерінің нақты шарттарына ұсынылған өнімді бейімдеуге шоғырланады. Сонымен бірге тілектерді тудыру емес, сатып алуларды жарнама мен сату арқылы ынталандыру кең қабылданған.

Осы кезге дейін жалпы маркетинг теориясынан алынған анықтамалар мен үлгілер. Туризм, өзі табиғаты бойынша өнім емес, тұтынушының мінез-құлқына айтарлықтай әсер ете алатын сервис болып табылады. Котлер мен Армстронг (2004) қызметті түсіну анықтамасын берді: «бір тарап басқа тарапқа шын мәнінде материалдық емес болып табылатын немесе ешкімнің меншігіне жатпайтын кез келген қызмет пен пайданы ұсына алады». Оның шығуы физикалық өнімге үйір болуы немесе болмауы мүмкін.

Қызмет ұсынулардың материалдық емес сипаты тұтынушының сатып алуға байланысты шешім қабылдау процесіне айтарлықтай әсерін тигізеді. Бұл туризмдегі жоғары шығындар аспектісімен үйлесетін туризмнің тұтынушыға шешім қабылдау кезінде қауіп-қатерді тұспалдайтын жоғары өнімділікті білдіреді. Сондықтан да тұтынушыға сатып алулар жөнінде шешім қабылдауға қатысу өте қызықты болады. Бұл Ситон мен басқа да авторлар арқылы мойындалды (1994):

Бұл сатып алмай тұрып көруге және бағалауға болмайтын затқа көп ақша сомасын бөлуді білдіреді. Сәтсіз өткен демалыстың құны қайтарылмайды. Егер демалыс ойға алғандай өтпесе, ол тағы да бір жылға созылатын болады. Адамдардың көпшілігінде демалыстарының жаман өтулеріне жол беру үшін қосымша уақыттары, демалыстары немесе ақшалары жоқ болып табылады.

Маркетинг қызметінің тауарлық маркетингтен ерекшеленетіндігі жөніндегі философиялық мәселе бар (Хорнер мен Сварбрук, 1996). Туристік өнімдердің тұтынушы мінез-құлқының айтарлықтай ерекшеленетіндігін білдіретін көптеген ерекше өзгешеліктерге ие болатындықтары түсінікті. Осы өзгешеліктерді түсіну үшін ғалымдар туризм үшін арнайы тұтынушылық мінез-құлықтың анықтамасы мен үлгілерін құрастырды. Олар ең жалпы анықтамалардан ең дәл үлгілерге дейін түрленіп отырады.

Мидлтон мен Кларк (2001) сатып алу кезіндегі тұтынушының мінез-құлқы рефлексінің үлгісі деп аталатын туризмге арналған тұтынушы мінез-құлығының бейімделген үлгісін ұсынды. Үлгі 3.5-суретте көрсетілген және «сатып алушының және шешім қабылдау процесінің сипаттамасы» ретінде сәйкестендірілген орталық компонентімен бірге төрт интерактивтік компонентке негізделеді.

Үлгі сатып алулардағы тұтынушы мінез-құлқының мотиваторлары мен детерминанттарын белгілейді, сонымен бірге тұтынушының сатып алу процесіне байланыс каналдарын қолдану есебінен әсер ете алатын ұйымдардың маңыздылығын да атап көрсетеді.

Басқа үлгілер тұтынушының туризм саласындағы сатып алулары кезіндегі мінез-құлықтарын түсіндереді. Вахаб, Крэмптон мен Ротфилд (1976) туризм саласындағы шешім қабылдау процесіндегі сызықтық үлгіні болжамдайды. Бұл 3.6-суретте көрсетілген.

Мэтисон мен Стена (1982) 3.7-суретте көрсетілген тұтынушылардың саяхатты сатып алулары кезіндегі сызықтық бес сатылы үлгісін болжамдайды.

Гилберт (1991) 3.8-суретте көрсетілген туризм саласындағы тұтынушылық шешім қабылдауларға арналған үлгіні ұсынады. Бұл үлгі тұтынушыға әсер ететін факторлардың екі деңгейі бар деп жорамалдауды білдіреді. Бірінші әсер ету деңгейі қабылдау мен оқу секілді психологиялық әсер етулерден тұрады және адамға жақын болып келеді. Екінші деңгей әлеуметтендіру процесінде жасалған ықпалдарды қамтитын әсерден және референттік топтар мен жанұялардың әсерінен тұрады.



Range of competitive products produced and marketed by the tourist industry - Туристік индустрияда сатылатын және жасалатын бәсекеге қабілетті өнімдерінің ассортименті
Advertising Sales promotion brochures personal selling pr – Жарнама Маркетингілік акциялар Брошюралар Жеке сатулар Пиар
Friends/Family/ References/ Groups/ – Достар/ Отбасы/ Референттік/ Топтар/
Learning – Зерттеу
Perceptions - Ұсыну
Experiences - Тәжірибе
Comunication filters – Байланыс сүзгілер
Motivation – Мотивация
Demographic economic and social positions - Демографиялық, экономикалық және әлеуметтік жағдай
Phychographic characteristics - Психографиялық сипаттамалар
Needs - Қажеттіліктер
Wants - Тілектер
Goals - Мақсаттар
Attitudes – көзқарас
Product - Өнім
Brand - Бренд
Price - Баға
Outlet - Шешім

3.5-сурет. Сатып алушының ынталандыру-реакциялық мінез-құлық үлгісі
Дереккөз: Мидлтон мен Кларктан бейімделіп алынды (2001)



Initial framework - Бастапқы негіз
Conceptual alternatives - Тұжырымдылық баламалар
Fact gathering - Фактілер жинау
Definition of assumptions - Жол берушіліктерді анықтау
Design of stimulus - Ынталандырманың дизайны
Forecast of consequence - Оқиғалардың болжамы
Cost benefits alternatives - Баға артықшылықтарыеың баламасы
Decision – Шешім
Outcome – Нәтиже

3.6-сурет. Туризмнің шешім қабылдау процесінің сызықтық үлгісі
Дереккөз: Вахабтан және басқалардан бейімделіп алынды (1976)



Fell need/travel desire - Сезілмелі қажеттілік /Саяхаттау тілегі
Information collection and evaluation image - Мәліметтер мен бағалау түсініктерін жинау
Travel decision(choice between alternatives) - Саяхат жасау жөнінде шешім қабылдау (балама аралық таңдау)
Travel preparation and travel experience - Саяхат жасауға даярлану мен тәжірибе
Travel satisfaction outcome and evaluation - Саяхат пен бағалаудан алынған қанағаттанулардың нәтижелері

3.7-сурет. Саяхаттағы сатып алу кезіндегі мінез-құлық
Дереккөз: Мэтисон мен Уоллден бейімделіп алынды (1982)



Әлеуметтік-экономикалық
Мәдени әсер ету
Белсендіргіштер,мотивацияларар
Тұтынушы немесе шешім қабылдаушы адам
Қабылдау
Жеке тұлға/Қатынас
Референттік топтардың әсер етулері
Зерделеу
Жанұялардың әсер етуі

3.8-сурет. Тұтынушының шешім қабылдауына арналған негіздеме Дереккөз: Гилберттен бейімделіп алынды (1991)

Барлық туризм саласына бейімделген осы үлгілер сатып алу процесіне және сатып алудан кейін Sion деци-кезеңдерге қатысушы тұтынушының мінез-құлықтарын түсіндіреді. Тұтынушының нағыз мінез-құлығына қатысты тестілеу өткізу үшін аз эмпирикалық зерттеулер жүргізілген. Оларды тұтынушының шынайы мінез-құлық қатысына қатысты тестілеу үшін эмпирикалық зерттеулер аз жүргізілгендігі үлгілердің күрделі мәселесі болып табылады. Бұл ары қарай толық зерттеуді қажет ететін сала.

Осындай маңызды саланы зерттеу біздің бірінші кітапты жариялаған уақыттан бастап жүргізіліп келеді. Осы тақырып бойынша 2000-2012 жылдары басталған барлық зерттеулердің соңғы шолуы 2014 жылы жарияланды (Коэн, Прэяг және Мойтал, 2014). Бұл саланың негізінде

жатқан шамамен он түйінді түсініктің бар екендігін көрсететін әдебиет шолуын ұсынушы құжат: шешімдер қабылдау, құндылықтар, мотивациялар, тосулар, көзқарастар, ұсынулар, қанағаттану мен сенім, адалдық. Бұл құжатта, сонымен бірге, туризмнің мінез-құлқына үш маңызды әсер ету де берілген: технологиялар, Y буыны және этникалық тұтынуға қатысты мазасызданудың өсуі. Мақаланың қорытынды бөлігінде ары қарай зерттеуге лайықты салаларды, соның ішінде сегменттерді, дамушы нарықтарда, эмоциялар мен тұтынушылық қылықтардағы кросс-мәдени мәселелерді зерттеудің аясында бірлесіп шешім қабылдауларды шамалайды (Коэн және басқалар, 2014). Аталған тақырып бойынша ең соңғы әдебиеттің толық шолуы үшін осы жан-жақты қарастырылған мақалаға назар аударыңыздар. Біз кітаптағы осы мәселеге жасыл туризм мен электрондық туризм секілді жаңа үрдістермен бір қатарда үлкен тереңдіктегі туризм саласындағы тұтынушылық мінез-құлық үлгілерін қарастырған кезде соңыра қайта оралатын боламыз.

Қорытындылар

Тұтынушының туризм саласындағы мінез-құлқы үлгілерінің көпшілігі түзу сызықты және тұтынушылық мінез-құлықтың жалпы үлгілерімен салыстырғанда біршама жеңілдетілген түрде берілген. Десек те, 3.9-суретте көрсетілген туризмнің түрлі сипаттамалары туризм саласындағы тұтынушының мінез-құлық үлгісінің өте күрделі болатындығын білдіреді. Туристік мінез-құлық үлгілерінің жетіспеушілігі біздің 6-тарауда қайтып оралатын тақырыбымыз болып табылады.

Талқылауға арналған тақырыптар және эссе сұрақтары

1. Демалыстарды сатып алу қандай да болмасын физикалық өнімдерге ие тұтынушыны әкелмейді.
2. Сатып алу үшін жекелей компоненттерді емес, құрамды туристік өнімді таңдаушы тұтынушының себептерін анықтаңыздар.
3. Бұқаралық ақпарат құралдары тұтынушының туризм саласындағы таңдауына айтарлықтай әсер ете алады. Туроператордың қызметті сатулардың көлемін арттыру үшін қолданатын тәсілін бағалау.



Tourism product as a service product - Туристік өнім қызметтердің өнімі ретінде

Intangibity – белгісіздік
Insoparability – белгісіздік
heterogeneity – ажырамаушылық
perishability - төмендеу
Product can be sold individualy….-*Өнімдердің жеке-жеке сатылуы мүмкін, мәселен, авиакомпаниялардың, мейрамхана орындарының саны
Product can be combined into …. - Өнімдер композиттік өнімдерге біріктіріле алады , мәселен, жолдама бойынша демалу
Tourism product represent an….- Туристік өнімдер қымбат тұрады және оларды сирек сатып алады
Destination products exist at a number of geographical levels: local, e.g. Orlando regional, e.g. Provence national, e.g. Thailand continental, e.g. Europe - Мақсатты өнімдер географиялық жағдайлар қатарында болады: мәселен, жергілікті. Орландо - аймақтық, мәселен,Прованс – Ұлттық, мәселен, Таиланд континенталдық, мәселен, Еуропа

3.9-сурет. Туризмнің сипаттамасы

Customers can have very high expectations of the product, e.g. tourists can hope it will put life into failing marriages or help them find new partners	Клиенттер өнімнен көп нәрсені тосады , мәселен, туристер ақаулардың жоқтығына немесе жаңа серіктестермен таныcуға әкеледі деп үміттене алады
Organizations marketing the destination product do not own or control all the elements of the product. For example, local authority tourist departments do not usually own hotels or restaurants	Өнімнің маркетингтік тағайындалуы өнімнің барлық элементтерін бақыламайды және ие болмайды. Мәселен, туристік бөлімдердің жергілікті билік органдары бір аптаның ішінде қолданушылардың жалпы құқықтарын орындайды, мәселен, мейманхананы басқа адамдармен бөлісу.Әдетте, күрделі адалдықты брендіге қолдану мейманхана –ларға жатпайды.1
The identical product is sold simultaneously: - directly to customers - via agents	* Ұқсас өнім бір уақытта сатылады : - Тікелей клиенттерге - Агенттер арқылы
External influences have a major impact on purchase decisions, e.g. friends, relatives, industry, literature and the media	Сыртқы әсер етулер сатып алу жөніндегі шешімге айтарлықтай ықпалын тигізеді, мәселен, достар, туысқандар, өндіріс, әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдары
Price does not always reflect quality or the cost of production: - some elements of the tourism product are free, e.g. beaches and some museums - some products are priced below their true value because of subsidies, e.g. some theatres and museums	* Бағалар өнімнің сапасы мен құнын көп жағдайда білдірмейді: - Кейбір туристік өнімдердің элементтері еркін болып табылады, мәселен, жағажайлар мен кейбір мұражайлар. - Кейбір өнімдердің көмекқаржыдан олардың нақты құнынан бағасы бойынша төмен болып табылады. мәселен, кейбір театрлар мен мұражайлар

The use of sophisticated…..	Тұтынушыларды бәсекелес нарықтарда ұстап қалу үшін бренді-лік бонустық кестелерді, жеке ұшу бағдарлама-ларын қолдану
Distinction between consumers and customers, e.g. in business tourism, where companies pay the bills and are the customers, while the business traveller uses the service and is the consumer	Тұтынушы мен клиенттердің арасын-дағы айырмашылық, мәселен, биз-нес-туризмде, компаниялар шоттарын төлейді және клиенттер болып табы-лады , ал бизнес-саяхатшы қызметті қолданады және тұтынушы болып табылады
Product only bestows on the purchaser: - temporary user rights, e.g. right to use hotel for a week - shared user rights, e.g. have to share the hotel with other people	* Өнім тек қана сатып алушыға тиесілі болады: - тұтынушының уақытша құқығы , мей-манхананы бір апта қолдану құқығы - тұтынушылардың құқықтарымен бөлі-су, мейманхананы басқа адамдармен бөлісу

Жаттығу

Тұтынушының нақты туристік өнімді таңдау себебін бағалау үшін қолданыла алатын шағын сериялы тұтынушылық панелді жобалаңы-здар.

Сілтемелер

Andreason, A.R. (1965). Attitudes and consumer behaviour: a decision model. In *New Research in Marketing*, ed. L. Preston.Institute of Business and Economic Research, University of California.

Cohen, S.A., Prayag, G. and Moital, M. (2014). Consumer behavior in tourism: concepts, influences and opportunities. *Current issues in Tourism* 17 (10), 872–909.

Foxall, G.R. and Goldsmith, R.E. (1994).*Consumer Psychology for Marketing*. Routledge, Лондон and Нью-Йорк.

Gilbert, D.C. (1991). An examination of the consumer decision process related to tourism. In *Progress in Tourism, Recreation and Hospitality Management*, Vol. 3, ed. C. Cooper. Belhaven Press, Лондон.

Horner, S. and Swarbrooke, J. (1996). *Marketing Tourism, Hospitality, and Leisure in Europe*.

International Thomson Business Press.

Horton, R.L. (1984). *Buyer Behaviour.A Decision Making Approach*. Charles E. Merrill, Нью-Йорк Howard, J.A. and Sheth, J.N. (1969).*The Theory of Buyer Behaviour*. John Wiley and Sons, Нью-Йорк.

Kotler, P. and Armstrong, G. (2004). *Marketing Management: Analysis Planning, Implementation*, 4th European edn.Pearson Education, Upper Saddle River, NJ.

Mathieson, A. and Wall, G. (1982).*Tourism: Economic, Physical and Social Impacts*. Longman, Лондон.

Middleton, V.T.C. and Clarke, J. (2001). *Marketing for Travel and Tourism*, 3rd edn. ButterworthHeinemann, Oxford.

Nicosia, F.M. (1966). *Consumer Decision Processes*. Prentice Hall, Upper Saddle River, NJ.

Seaton, A.V., Jenkins, C.L., Wood, R.C., Dieke, P.V.C., Bennett, M.M, MacLellan, L.R. and Smith, R. (eds) (1994). *Tourism: The State of the Art*. John Wiley and Sons, Нью-Йорк.

Solomon, M.R. (1996). *Consumer Behaviour*, 3rd edn. Prentice Hall, Upper Saddle River, NJ.

Wahab, S., Crampton, L.J. and Rothfild, L.M. (1976).*Tourism Marketing – A Destination Orientated Programme for the Marketing of International Tourism*. Tourism International Press, Лондон.

Zaltman, G., Pinson, C.A. and Angelman, R. (1973). *Methodology and Consumer Research*.Holt, Rinehart and Winston Нью-Йорк.

3-мысал : Лас – Вегас, Невада, АҚШ

КІРІСПЕ

Лас-Вегас АҚШ-тың батысындағы Невада штатында орналасқан, Бұл Нью-Йорктен 4000 шақырым, Лос-Анджелестен 450 шақырым және Сан-Францискодан 900 шақырым қашықтықта. Қалаға жыл сайын шамамен 41 миллиондай адам келеді, сонымен қатар барлық мегаполис бойынша орналасқан қонақүйлер мен мотельдердің 151,000-ден аса бөлмелері бар.

Лас-Вегаста жаңа мыңжылдықтың басында жоспарланған ірі жобалар 2007 жылдың басындағы «Трамп Интернэшнл» және « МГМ Мираж проджект Сити Центр», 2009 жылы ашылған көп функциялы қалалық демалыс кешені, қонақүйлер мен сауда орталықтарынан тұрады.

Лас-Вегас өзінің әсерлі ойын-сауық спектрімен, казино, мейрамханаларымен, түнгі клубтары мен басқа да көптеген

көрікті жерлерімен курорт үшін үздік орын болып табылады. Ол келушілерге бірегей, әмбебап, көп өлшемді демалысты ұсынушы ешқашан ұйықтамайтын қала ретінде танымал.

ЛАС-ВЕГАСТЫҢ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ

«Лас-Вегас» атауы испан тілінен аударғанда «құнарлы алқаптар» дегенді білдіреді. Ол, сонымен қатар, алтын дүрлікпесі кезінде Лос-Анджелеске сапар шеккен испан саяхатшыларын қызықтырған алқапқа ұқсас жазира ретінде де белгілі. Джон К. Фримонт 1944 жылдың 13 мамырында батысқа бағытталған құрлықтағы экспедицияны басқарды, оның лагері Лас-Вегас-Спрингсте орналасты.

Невада АҚШ-тың құмар ойындарын заңдастырған ең алғашқы штатқа айналды, бұл бүгінгі күні жалпы мемлекеттік қордың 43 пайызы салықтар мен ойын бизнесінің негізінде қамтамасыз етілуіне әкеліп соқтырды. Ойын бизнесін заңдастыру 1910 жылы Невада штатында қатал ойынға қарсы заң күшіне енген кезде қысқа мерзімді тыныштыққа тап болды, ал кейіннен Ұлы Депрессия кезінде қайтадан күшейе бастады. Лас-Вегастағы бірінші ірі курорттық қонақүйлердің дамуы Томм Халлидың 1941 жылы Эль ранчо Вегас отель-казиносын салғанда аяқталды. Осы отель-казиноның табысы Лас-Вегастан Лос-Анджелеске дейінгі екі жақты тасжол мен бірнеше отель-казинолардың құрылысы орын алған 1940 жылдың аяғындағы көпшілік шудың артуынан болды. Кейіннен белгісіз қылмыскер арқылы өлтірілген гангстер Бенджамин «Багси» Сигел арқылы салынған «Фламинго» қонақүйі алғашқы курорттардың бірі болды.

Курорттық қонақүйлер 1950 жылдары кең дамыды. «ДезертИн» қонақүйлері 1950 жылы, «the Sands Hotel» қонақүйі 1950 жылы ашылды. Басқа курорттар, атап айтқанда, «Хацинда», «Тропикана» мен «Стардаст» қонақүйлері 1950 жылы ашылды. Өсіп келе жатқан африка-американдық халыққа арналған «Мулен Руж» қонақүй-казиносы 1953 жылы ашылды.

Қала тыныштық кезеңінде қонақүйлік бөлмелерді толтыру тәсілінің бизнес конвенциясына жағдай жасайтындығын сонау 1950 жылы жете түсінді. Лас-Вегаста 1959 жылдың сәуірінде 90 000 шаршы футтық көрме залы ашылды. Лас-Вегастағы (LVCVA) негізінен бөлмеге салық салудың есебінен қолдау табатын Конференция мен туризм істері жөніндегі басқарма әр жылы 2 миллионнан астам Мәжіліс делегаттарын тартуда.

Лас-Вегас әрқашан құмар ойындары мен ойын-сауық технологиялары арқылы әрқашан алдыңғы қатарда болып келеді. Курорттық қонақүйлер 1960 жылы ойын автоматтары пайда болған алғашқылардың бірі болды.

Бейнекамералар 1970 жылы іске қосылды және компьютерлендірілген ойын автоматтарының да жақын арада пайда болатындығы сол кезде-ақ белгілі болды.

Лас-Вегаста ойын бизнесінің 1976 жылы Атлантик-Сити, Нью-Джерсиде заңдастырылуы себебінен казиноға, құмар ойындарын ойнауға эксклюзивтік құқығынан айырылған кезде мега-курорттық қонақүйлердің тұжырымдамасын әзірледі. Көңіл көтеру паркінен, қонақүйлер мен казинолардан тұратын «СеркусСеркус» мега-курорттық қонақүй казино-қонақүйі алғашқылардың бірі болды.

«Мираж» қонақүй-казиносы (1989), «Экскалибр» (1990), «Треажер Айлэнд» (1993), «Мгм Гранд Отель энд Тема Парк» (1993) қонақүй-казиноларын қоса алғанда басқа да мега-курорттық қонақүйлер салынды. Бұл мега-курорттық қонақүйлер күрделі қаржы салудың ауқымды жоспарларынан тұрады. Мәселен, «Мгм Гранд Отель энд Тема Парк» қонақүйі күрделі мейманханаларды, казино, театр аренасы мен тақырыптық парктерді құру үшін 1 миллиард $ тұрады. Қала сонымен бірге сауда нүктелеріне мүдделі. «*Фримонт-стрит Экспириенс»* мульти-миллиондық жобасы 1995 жылы ашылды. Бұл сауда орталығы жарықтан, дыбыс пен көңіл көтеруден тұратын жанды қалалық орталықты құру үшін Jerde Partnership арқылы жоспарланды. 3.1-қосымшада Лас-Вегастың қысқаша тарихы мазмұндалған.

ЛАС-ВЕГАС БҮГІНДЕ

Лас-Вегас келушілерге қонақүйлер мен казинолардың және ойын-сауық мекемелерінің аса кең спектрін ұсына отырып, Американың ең танымал курортына айналды. Климаты, әсіресе, сәуір айынан қыркүйек айына дейінгі кезеңде өте жылы. Лас-Вегаста орта есеппен жылына 294 бұлтсыз ашық күн бар, ал жауын-шашындардың орта тәуліктік саны өте төмен болады. Көңіл көтерудің кең спектрін ұсынады, ал Фримонт-Стрит сатып алулардың тартымды тәжірибесін ұсынады. Лас-Вегаста өзінің меншікті «Мак-Карран Халықаралық әуежайы» халықаралық әуежайы бар, онда орта шамамен әр күні 750-ден аса тұрақты және чартерлік рейстер болып тұрады. Лас-Вегаста, түнгі өмір бай, онда жыл бойы супер жұлдыздардың, бес негізгі өндірістік шоулары мен мюзиклдері ұсынылып отырады. Қалада, сонымен бірге, келушілер айнадай жалтыраған ғимараттар мен оттарға қарап сүй-

сіне алатын әдеттегіден тыс стрип-казинолар да бар.

ЛАС-ВЕГАСТАҒЫ ҚОНАҚҮЙЛЕР МЕН МОТЕЛЬДЕР

Қалада барлық демалушыларға, Конвенцияға келушілер немесе бизнес-туристерге арналған шамамен 150544 қонақүйлер мен мотельдердің бөлмелері бар (2014 жылы). Қалада аз бюджетті, қонақүйдің бір бөлмесінде тұруға қарағанда бірнеше жуынатын бөлмелерден тұратын тұрғын үйлер бар. Лас-Вегастың көптеген қонақүйлері қызмет көрсетудің қосымша артықшылықтарының ауқымды спектрін ұсынады, соның ішінде: көптілді қызметкерлер құрамы, жаңадан бастаушы ойыншыға арналған ойын сабақтары, көңіл көтеру, гольфке арналған алаң, саяхаттар мен демалыс, үстелдерді брондау мен экскурсиялық бюроны тарту. Лас-Вегаста әлемдегі ең ірі жиырма бес қонақүйдің он бесі бар, әрі ол қонақүйлер мен демалыстардың, казино мен аттракциондардың алуан түрлерін қамтитын мега-курорттық қонақүйлерді жобалауда маманданады. Үлкен қонақүйлер «Венециан», «МГМ Гранд», «Уинн», «Люксор», «Белладжио», «Мираж», «Серкус Серкус», «Баллис» және «Цезарь Палас» тұрады.

Лас-Вегаста, сонымен қатар, тағам түрлерінің кең таңдауын ұсынушы мейрамханалардың барлық спектрі де бар.

ЛАС-ВЕГАСТАҒЫ КАЗИНО

Құмар ойындары Лас-Вегастың көрікті жерлерінің бірі болып табылады. Қала алуан түрлі казиноларда тоқтаусыз ойындарды ұсынады. Ойыншы 24 сағаттық форматта покер, баккара, блэкджек, рулетка мен ойын автоматтарында ойнауға қатыса алады. Курорттық қонақүйлер сонымен бірге ойын ережелерімен таныс емес келушілерге құмар ойындары бойынша оқулар өткізуді де ұсынады. Лас-Вегастағы казинолардың тізімі 3.2-қосымшада көрсетілген.

Жыл сайын қалада өздерінің жеке ережелері, кіру билеттері мен жарнама пакеттері бар, екі немесе үш күн болудан, тамақтанудан, арнайы кештер мен банкеттерден тұратын ойын турнирлері өткізіледі. Турнирлерге казиноға немесе курорттық қонақүйлерге келушілердің барлығы қатыса алады.

3.2-қосымша. Лас – Вегастың казинолары (2014)

Алианта Казино/Отель/Спа
Ариа эт СитиЦентр
Аризона Чарльз Боулдер
Аризона Чарльз Декатур
Бэллис Лас Вегас
Барли Казино
Белладжио
Бест Вестерн Плас Казино Рояль
Бигхорн Казино
Бинион Геймблинг Холл энд Отель
Боулдер стейшн Отель энд Казино
Буффало Билл
Цезарь Палас
Калифорния
Каннери Казино энд Отель
Серкус Серкус Отель/Казино/Тема Парк
Клаб Фортун Казино
Космополитан
Кромвелль
Дэй Инн Таун Холл Казино
Д Лас Вегас
Истсайд Каннери Казино энд Отель
Эль Кортез
Казино Эльдорадо
Эллис Айлэнд Казино
Энкор эт Винн Лас Вегас
Экскалибр
Фиеста Гендерсон
Фиеста Ранчо
Фламинго
Фо Квинс
Фримонт
Голден Кост
Голден Гейт Отель энд Казино
Голден Наггет Отель энд Казино
Голд Страйк Отель энд Геймлинг Холл
Грин Уоллей Ранч Резорт энд Спа
Хард Рок отель энд Казино
Харра Лас Вегас Казино Отель
Хутерс
Джерри Наггет
Джокерс Уилд
ТосканаСьютсанд Казино
Венециан
Уэстгейт Лас Вегас Резорт Энд Казино
Мариотт Лас Вегас Спа энд Гольф
Лас Вегас Клаб Казино
ЛИНК Отель энд Казино
Лонгхорн Казино
Лаки Клаб Отель энд Казино
Люксор Лас Вегас
Мандалай-Бэй
Марди Грас Отель энд Казино
МГМ Гранд Отель/Казино
Мэйн стрит Стэйшн
Мираж
Монте Карло Отель энд Казино
М Резорт
Нью Йорк Отель и Казино
Оазис эт Голд Спайк
Орлеанс Отель энд Казино
Лас Вегас
Палас Стейшн
Палаццо
Палмс Казино Резорт
Париж Лас Вегас
Планет Голливуд
Плаза
Покер Палас
Примм уоллей Резорт энд Казино
Рэд рок Казино Резорт энд Спа
Рио
Самс Таун
Санта Фи Стэйшн
Сеарслайт Наггет Казино
Сигал Слотс и сьютс
Сильвер Наггет Казино
Сильвер Севенс Отель и Казино
Сильвертон отель энд казино Лодж
Скайлайн Ресторна и Казино
Сайс Поинт
Стратосфера
Санкост
Сансэт Стейшн
Техас Стейшн
Трежер Айлэнд
Тропикана Лас Вегас
Уэстин ЛасВегас Отель энд Казино
Уиски Пит
ВиннЛас Вегас

ЛАС-ВЕГАСТЫҢ ШОУЫ

Лас-Вегас өз келушілеріне көптеген курорттық қонақүйлері мен қала қонақүйлерінде әртүрлі еліктіргіш шоуларды ұсынады. 2015 жылғы ұсыныстар ассортименті 3.3-суретте көрсетілген. Сонымен бірге ересектерге арналған шоу, комедиялық және сиқырлы шоулар да бар.

3.3-қосымша. Лас-Вегастағы шоу, 2015

• Б-А Трибьют ту Битлз– Сакс Театр, Голливуд
• Блу Мэйн Груп – Венециан Лас Вегас
• Каррот Топ – Атриум Шоурум Люксор Отель
• СелинДион – Колизей эт Цезарь Палас
• Чип энд Дэйл – Рио ин Лас Вегас
• Цирк солейл Мистери – Мистэри Театр, Треажер Айлэнд
• Цирк Солейл – Театр Белладжио
• Дэвид Копперфилд – Голливуд Театр, МГМ Гранд
• Элвис Иксприиэнс – Вестгейт Лас Вегас
• Эвил Дэд Мьюзишиал – В Театр Миракл Майн, Планета Голливуд
• Фэнтези – Атриум Шоурум, Люксор Отель
• Цирк солейл – МГМ Гранд, Лас Вегас
• Менопоз Мюзикл – Харра Отель
• Майкл Джексон Лайв – Стратосфера Лас Вегас
• Миллион Доллар Квартет – Харра Шоурум, Харра Отель
• Цирк солейл – Треажер айлэнд, Лас-Вегас
• Оливия Ньютон-Джон – Фламинго Шоурум, Фламинго Отель Энд Казино
• “О” Цирк Солейл – Белладжио Лас Вегас
• Пэнн энд Тайлер – Рио Лас Вегас
• Рита Руднер – Мэйн Шоурум Харра
• Рок оф эйджес – Рок оф эйджес Театр, Венециан
• Стив Уинн Шоу Стопперс – Энкор Театр, Винн Лас Вегас
• Суперстарс он Стэйдж – В Театр Голливуд
• Тэрри Фатор – Тэрри Фатор Театр, Мираж
• Сандер фром Даун Андер – Экскалибр Отель энд Казино
• Тони энд Тина Уэддинг – Виндовс ат Бэйлис

Лас-Вегаста демалу

Лас-Вегаста келушілерге арналған демалу және көңіл көтеру орындарының толық спектрі бар. Ауа-райы әрқашан тамаша болғандықтан

жыл бойы спорттың кез келген түрімен айналысуға болады. Лас-Вегастың курорттық қонақүйлер інің көпшілігінде бассейндер мен фитнес клубтар, спа-орталықтар, гольфқа арналған алаңдар мен теннис алаңшалары бар.

Лас-Вегастағы көрікті жерлер мен экскурсиялар

Лас-Вегастың қонақүйлері мен казинолары аттракциондардың алуан түрлі ассортиментін ұсынады. Олар 3.4-қосымшада көрсетілген.

3.4-қосымша. Отбасылық демалыс таңдауына Лас-Вегастағы қолжетімді қонақүйлер мен казинолар. 2014 ж.

• Dolphin Habitatat The Mirage Hotel – дельфиндермен бірге 2,5 миллион галлондық бассейн.

• Fremont Street Experience – күмбездегі 12,5 миллион оттар мен 550 000 ватт дыбыс қала орталығынан бес кварталды жарық-музыкалық шоуға айналдырады.

• GondolarideattheVenetian – Лас-Вегастағы мадам Тюссо мұражайы орналасқан.

• «Хершидің шоколад әлемі» Нью-Йорк Отель Казино.

• ХайРоллер – 550 фут биіктіктегі сайтан доңғалақ.

• Шарк Риф эт Мандалэй Бэй Отель-Казино– әлемдегі ең ірі аквариумдардың бірі.

• Стратосфера Тауэр – АҚШ-тағы жеке тұрған ең биік шолу мұнарасы – Скай Джамп энд Биг Шот Райд

• Титаник: The Artifact Exhibition at Luxor Hotel – Титаник баспалдақтарының көшірмесімен бірге кеменің шынайы артефактілерінен тұрады.

Дереккөз: LVCVA.com

Лас-Вегасқа келушілер, сонымен бірге оның маңындағы ерекше сұлу аудандарды да көре алады, Солтүстік Невададағы Грейтбэзин Ұлттық паркі, Аризонадағы Гранд Каньон, Калифорниядағы «Өлім алабы», Юта штатындағы Зайон Ұлттық паркі мен Каньон Брайс секілді бірнеше көркемсурет орындары бар. Келушілер осы орындарда машинада, автобуста немесе ұшақта саяхаттай алады.

ЛАС-ВЕГАСТА НЕКЕГЕ ТҰРУ

Лас-Вегас барлық әлемге әлемнің үйлену тойының астанасы ретінде танымал болды. Онда жыл сайын 115000-нан аса жұптар неке куәлігін алатын 50 кішкентай шіркеу бар. Оның танымалдылық себебі күту кезеңінің жоқтығында және сонымен қатар үйлену тойын өткізуге қан талдаулары талап етілмейтіндігінде жатыр. Келушілерге арналған үйлену тойын қатал дресс-код шарасынан бастап, жұптың бір-біріне шіркеудің маңында мотоциклде ант беру шарасына дейінгі кез келген стильде өткізумен айналысатын көптеген ұйымдар бар. Үйлену тойы салтанатының ең экзотикалық түрлері: әуе шарындағы үйлену тойы немесе сіздерді Элвис Преслиге ұқсас адамның некелестіруі. «Excalibur» қонақүйі ежелгі мейірімді Англияны еске салатын үйлену той салтанаты үшін орта ғасырдағы костюмдермен қамтамасыз ете алады. «The Tropicana» үйлену тойы салтанатын өткізуді ұсынатын Полинезия жағдайындағы сабан шатырлы бунгало.

ЛАС-ВЕГАСТАҒЫ КОНФЕРЕНЦИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМА (LVCVA)

LVCVA 1995 жылы құрылды. Лас-Вегастың конференц-орталығының қызметін басқару және Неваданың оңтүстік бөлігінің барлық әлем бойынша Конференцияның орналасуы ретінде Невада штатының заң шығарушы мәжілісі. LVCVA өте табысты болды және элиталық аудан ретінде Лас-Вегасқа келушілердің айтарлықтай өсуіне қол жеткізеді. Конференц–орталық 1959 жылы ашылды, көлемі 90000 шаршы метр . Орталық 1,6 миллионнан аса шаршы метр кеңістікті алып жатқан АҚШ-тағы ірі конференц-орталықтардың бірі болып табылады. LVCVA сонымен бірге кездесулерге арналған 100.000 шаршы метрлік Кэшменас Орталығын, көрме алаңшасын, сонымен қатар 10 000 орындық бейсбол стадионы мен 2000 орындық театрды басқарады. LVCVA Директорлар кеңесінің жиырма мүшесі бизнестің, конференция мен курорттардың арқасында Лас-Вегастың өсуін қамтамасыз етеді. Олар Лас-Вегаста және Кларк округіне жыл сайын келушілердің санын арттыруға арналған саясатты анықтады. LVCVA директорлар кеңесіне Кларк, Лас-Вегас, Солтүстік Лас-Вегас, Хендерсон, Боулдер-Сити мен Меските округтерінің, сонымен қатар қонақүйлер діңі/мотельдердің, индустрия мен іскери және қаржы топтарының өкілдері кіреді.

ЛАС-ВЕГАСҚА КЕЛУШІЛЕР

Соңғы онжылдықта өсу тұрақты өрлеуді көрсетуде (3.5-қосымша), сонымен бірге туристердің саны 2014 жылы 41 миллионды құрады. Лас-Вегасқа келушілердің саны барлық жыл бойына жеткілікті бірқалыпты бөлінген. Туристер мен Лас-Вегасқа келушілер 2004 жылы 33,7 миллиард долларды жұмсаған. Орта есеппен туристің ақшалай қаражаттарын жұмсауы келудің себебіне байланысты болады. Сауда-өндірістік көрмелердің делегаттары мен Конвенцияға келушілер орта келушіге қарағанда көп ақша жібереді.

3.5-қосымша. 1986-2014 жж. кезеңінде Лас-Вегасқа келушілердің көлемі.

Жыл	Келушілердің көлемі	Бөлмелердің есебі
1986	15,196,284	56,494
1988	17,199,808	61,394
1990	20,954,420	73,730
1992	21,886,865	76,523
1994	28,214,362	88,560
1996	29,636,361	99,072
1998	30,605,128	109,365
2000	35,849,691	124,270
2002	35,071,504	126,787
2004	37,388,781	131,503
2006	38,914,889	132,605
2008	37,481,552	140,529
2010	37,355,436	148,935
2012	39,727,022	150,481
2014	41,126,512	150,544

Дереккөз: LVCVA (2014)

Бұл Лас-Вегастың экономикасы үшін сауда келісімдері мен делегаттардың маңызды екендіктерін көрсетеді; 2014 жылы 5,2 миллион делегат 22 000 Конвенция мен іскерлік кездесуге қатысқан. LVCVA Лас-Вегаста Конвенция мен сауда шоу-нарық көрмелерінің өсуін ынталандыруға тырысуда. Бұл қызметтің пайдасын бизнестің аталған түрінің өсуі

қарастырылған кезде көруге болады. 1986-2014 жж. кезеңіндегі көрсеткіштер 3.6-қосымшада көрсетілген, мұнда осы ғасырдың басындағы Конвенция келушілерінің күрт өсуі суреттелген, алайда, 2001 жылы LVCVA барлық бизнесті және сауда конвенциялары мен шағын іскерлік мәжілістерге келушілердің санын басып алу үшін өз әдістемесін кеңейткендігін атап өту керек. Лас-Вегасқа келушілердің демографиялық көрсеткішін 3.7-қосымшадан көруге болады. Еркек және әйел жынысты келушілерді бірдей шамада бөлудің бар екендігін және Лас-Вегасқа келушілердің басым бөлігі АҚШ-тан екендігін аңғаруға болады. Мыңжылдықтардың аралығында шетелдік қонақтар тұрақты болып табылатын барлық келушілердің 18 пайызын құрады. LVCVA жыл сайын Лас-Вегаста болулары кезіндегі тұтынушының мінез-құлқы жөніндегі қызықты мәліметті көрсететін келушінің бейінін зерттеуді жүргізеді. Бұл 2014 жылы жүргізілген сауалнаманың негізгі сәттері 3.8-қосымшада көрсетілген. Лас-Вегасқа келушілердің ішінде жоғары қайталама сатып алу тәртібі болатындығы байқалады, бұл ретте келушілердің 80-нен аса пайызы 2004-2014 жж. кезеңінде қайтып келген. Туристер Лас-Вегасқа келушілердің жоғары пайызын құрайды, бірақ Конвенцияның бизнес-қонақтары да нарықтың маңызды бөлігі болып табылады, әсіресе олардың орта келушіге қарағанда едәуір көптеу ақша жұмсаған кездерінде. Ұшақпен сапар шегу нарықтың маңызды бөлігіне айналды, әйтсе де, автомобиль немесе автобус секілді көліктің басқа түрлерінің де маңызы еш кем емес. Бұл мәселені сәл кейіндеу қарастыратын боламыз. Негізінен жұптарға арналған орналасу бөлмелері, бір орындық және үш орындық орындар да маңызды болып табылады.

3.6-қосымша. 1986-2014 жж. кезеңдегі Лас-Вегастағы конференцияларға келушілердің өсуі

Жыл	Конференциялардың саны	Келушілердің саны
1986	564	1,519,421
1988	681	1,702,158
1990	1,011	1,742,194
1992	2,199	1,969,435
1994	2,662	2,684,171
1996	3,827	3,305,507
1998	3,999	3,301,705
2000	3,722	3,853,363
2002*	23,031	5,105,450
2004	22,286	5,724,864
2006	23,825	6,307,961
2008	22,454	5,899,725
2010	18,004	4,473,134
2012	21,615	4,944,014
2014	22,103	5,169,054

*LVCVA әдістемесі бизнес-келушілер қатысқан барлық іскерлік кездесулердің деректерін енгізу үшін өзгертілген.

Дереккөз: LVCVA (2014)

3.7- қосымша. Лас-Вегасқа келушілердің демографиясы

Келушінің түрі	1994	2004	2010	2012	2014
Еркек (%)	50	52	50	51	49
Әйел (%)	50	48	50	49	51
Орта жас (жыл)	47,1	49	49,2	44,8	45,2
Зейнеткерлер (%)	26	26	27	19	20
Некеде тұрушылар (%)	66	73	79	75	80
АҚШ тұрғындары (%)	86	87	82	83	81
Шетелдіктер (%)	14	18	18	17	19

Дереккөз: LVCVA (2014)

Бір орындық бөлмелер іскери және нарықтық Конвенцияда ерекше маңызды. Лас-Вегасқа келушілер көп жағдайда бір жылдың ішінде бірнеше сапарлармен келіп кетеді және қысқа мерзімді кезең ұзаққа созылмалыға қарағанда ең таралған болып табылады. Келушілер балаларымен бірге нарықтың кіші бөлігін құрайды, бұны отбасылық демалысқа тартымды болып саналмайтын құмар ойындарының жоғары таралуымен түсіндіруге болады. Лас-Вегастағы туристердің басым көпшілігі шындығында да өз сапарлары кезінде бірнеше құмар ойындарына қатысады және жиі соған күнінің ұзақ бөлігін жібереді. Аз бөлігі Лас-Вегастан тыс басқа жерде құмар ойындарын ойнайды.

3.8-қосымша. 2004-2014 жж. кезеңдегі негізгі жағдайлар бойынша Лас-Вегасқа келушілердің құрамы

Ерекшелігі	2004	2010	2012	2014
Бірінші рет және қайта келушілер				
Бірінші рет келушілер	19	18	16	19
Қайта келушілер	81	82	84	81
Бірнеше рет келушілер				
Қазіргі сапарының мақсаты (%)				
Еңбек демалысы/ көңіл көтеру / құмар ойындары	67	76	76	77
Бизнес / конвенция	16	17	16	15
Басқалар	17	7	8	8
Көлік (%)				
Ұшақта	47	41	43	42
Жердегі көлік (авто / автобус / автофургон)	53	59	57	58
Бөлмелерде тұратындар(%)				
Бір	11	13	13	11
Екі	74	77	71	73
Үш	8	6	7	8
Төрт және одан да көп	7	5	9	8
Сапардың басқа да сипаттамалары				
Өткен жылдағы келулердің саны	1,8	1,7	1,6	1,6
Ересек адамдардың тобы	2,6	2,4	2,4	2,4
Бір түнге тоқтау	3,6	3,6	3,3	3,2
Балаларымен бірге келген келушілер (%)	10	7	11	10
Бір келушіге кететін шығындар ($)				
Тағам өнімдері мен сусындар (бір сапарға)	238,8	256,82	265,11	281,88
Көлік (бір сапар үшін)	64,64	62,87	57,77	68,83
Шопинг (бір сапар үшін)	124,39	122,8	149,29	149,77

Көрікті жерлерді аралап көру (бір сапар үшін)	47,21	49,28	42,89	47,56
Экскурсиялар (бір сапар үшін)	8,01	7,21	9,63	14,49
Қонақүй / мотельдегі бөлме (бір түн үшін)	86,22	79,64	93,13	86,55
Құмар ойындарындағы адамдардың өзін-өзі ұстаулары				
Лас-Вегаста құмар ойындарын ойнау (%)	87	80	72	71
Ойынға күн сайынғы кететін сағаттар	3.3	2.9	2.6	2.6
Құмар ойындарының бюджеті ($)	544.93	466.20	484.70	530.11
Шығу тегі (%)				
Шығыс штаттар	10	6	7	7
Оңтүстік штаттар	13	11	11	12
Орта Батыс штаттары	7	12	11	9
Батыс мемлекеттері	48	54	54	53
Калифорния	31	30	31	33
Шығу тегі (%)				
Аризона	6	7	6	6
Шетелдіктер	13	18	17	19
Этностар (%)				
Ақ	80	86	75	77
Афроамерикандық	6	5	5	4
Азиялық / американдық азиялық шығу тегі	7	3	9	10
Испандық / Латын Америкасынан шыққан	7	6	8	8
Басқалар	0	1	3	1

Дереккөз: LVCVA (2014)

Лас-Вегасқа келушілердің басым бөлігі Американың батыс штаттарынан және Калифорния штатынан (2004 жылғы 79% 2014 жылы 86 %-ға дейін өсті), бұл қаладағы автомобиль жолдарының маңыздылығын түсіндіреді. Келушілердің аздау пайызы шетелдіктер (2004 жылғы 13% соңғы жылдары орта есеппен 18 %-ға дейін өсті) болып табылады. Келушілердің басым көпшілігі ақ этникалық шығу тегіне

ие, әйтсе де, соңғы жылдары азиялықтар мен латынамерикандықтардың саны да өсіп келеді. Онжылдық кезеңнің ішінде елге ұшақпен келушілердің тұрақты саны байқалуда, әсіресе, аздаған төмендеушілік байқалатын чартерлік рейстердің емес, тұрақты авиакомпаниялардың жолаушылар көрсеткіші.Тұрақты рейстердегі пайдалардың өсуін бизнес-келушілер санының арту фактісімен түсіндіруге болады. Конвенцияның қатысушылары чартерлікке қарағанда тұрақты авиакомпанияларды анағұрлым кең қолдану мүмкіндіктеріне ие болады. Лас-Вегасқа сапар шегудің себептері де LVCVA арқылы зерттелінді. Аталған талдаудың нәтижелері 3.9-қосымшада көрсетілген.

3.9-қосымша. Лас-Вегасқа сапар шегудің себептері (2014)

Келушінің түрі	Алғашқы рет келу (%)	Қайта келу (%)
Еңбек демалысы / көңіл көтеру	69	42
Конвенция / ұжымдық кездесу	5	10
Достар / туысқандар	8	11
Басқа істер	2	6
Құмар ойындарын ойнау үшін	4	14
Арнайы іс-шара	3	7
Үйлену тойы	5	3
Жол бойындағы сапар	3	5
Басқалар	1	1

Дереккөз: LVCVA (2014)

Туристер Лас-Вегасқа әртүрлі себептермен келеді. Басты мотивациялардың бірі казино мен курорттық қонақүйлерде қолжетімді болатын демалу мен рақаттану болып табылады. Лас-Вегас, сонымен қатар, көңіл көтерудің бірегей мүмкіншіліктерін ұсынады, соның ішінде түрлі шоулар, тағамдарға эксперименттер жасау және аттракциондар.

Лас-Вегастағы қонақүйлік операторлар үшін қиындық тудыратын мәселелердің бірі құмар ойындары мен іс-шаралардың басқа да түрлерінің арасындағы теңгерім болып табылады, әсересе олар балалардың да аталған іс-шараларға қатысуларына жағдай туғызуға тырысулары кезінде. Туристерге, сонымен бірге, қаланың сыртында жасалған гольфқа арналған әсерлі алаңдар да ұсынылады. Бұдан басқа, шетелдік туристердің ішінде Лас-Вегасты аралап көруді АҚШ-тың басқа да бөліктеріне жасалатын ең ауқымды экскурсиямен қатар қолданулары танымал болуда.

ЛАС-ВЕГАСҚА КЕЛУШІЛЕРДІҢ ҚҰРАМЫ

Лас-Вегасқа келушідердің құрамына шолу жасау тұрақты түрде жүзеге асырылып отырады, сондықтан да келушілер мен олардың мінез-құлық үрдістерін бағалау ұзақ уақыттың шеңберінде көрсетіледі. Сауалнама қонақүй-казино мен мотельдердің жанында таңдалған келушілермен жасалған жеке сұхбаттан тұрады (2014 жылдың ішінде 3600). Мінез-құлықтың, қатынастар мен келушілер пікірлерінің статистикалық маңызды ерекшеліктері әр жыл сайын жылдық есепте белгіленіп, көрсетіледі.

2014 жылы жүргізілген сауалнаманың нәтижелері жөніндегі қысқаша мәліметтер 3.10-қосымшада берілген.

3.10-қосымша. Лас-Вегасқа келушілер құрамы шолуының қысқаша сипаттамасы

Демографиялық сипаттамалар (%)	Деректер
Некеде тұратындар	80
Жұмыс істейтіндер	64
Зейнеттегілер	20
Ақ	77
40 жаста және одан асқандар	57
АҚШ батыс штаттары	53
Жанұялық табыс 40000 $ немесе одан да көп	85
Келу себептері (%)	
Еңбек демалысына немесе рақаттану үшін	77
Конвенцияларға қатысу немесе көрмелерге қатысу	15
Басқалар	8
Сапарлар мен шығындардың сипаттамалары	
Жұптарымен саяхаттаушы келушілер (%)	67
Адамдардың орта саны	2.4
21 адамнан кем келушілер	10
Лас-Вегаста болудың орташа ұзақтығы (түндер, күндер)	3.2, 4.2
Қонақүйде тоқтаған келушілер (%)	94
Құмар ойындарындағы адамдардың өз-өздерін ұстауы	
Лас-Вегаста болған уақыттарында құмар ойындарын ойнағандарын айтқан келушілер (%)	71
Құмар ойындарының орта бюджеті ($)	530,11
Көңіл көтерулер (%)	
Өздерінің осында болу уақыттарында шоуларға барған келушілер	65
Барлық уақыт бойы құмар ойындарын ойнаған келушілер	2

Саны: 3600 дербес сұхбаттар

Дереккөз: Лас-Вегасқа келушілердің құрамы (2014)

Аталған зерттеу Лас-Вегасқа келушілердің жоғары пайызын негізінен ақ адамдар және некеде тұрғандар мен жасы 40-тан асқандар құрайтындарын көрсетеді. Келушілердің жоғары пайызы демалуға немесе көңіл көтеруге келгендер десек те, конференцияға келгендердің де саны жоғары. Туристердің басым бөлігі қонақүйлерде тоқтаған және құмар ойындарын тұрақты түрде ойнаған, бірақ аталған себеп уақыт өте келе азаятын болады.

ШЕТЕЛДІК ТУРИСТЕРДІҢ ҚҰРАМЫ

Лас-Вегас шетелдік туристерді тарта алды, соның нәтижесінде ол шетелдік келушілер үшін (2013-2014 жж.) танымалдылығы бойынша Нью-Йорктан (бірінші), Майамиден (екінші), Лос-Анджелестен (үшінші), Орландодан (төртінші), Сан-Францискодан (бесінші) кейінгі АҚШ-тағы алтыншы қала болып табылады. Бірақ, Лас-Вегас АҚШ-тағы Лас-Вегас Халықаралық әуежайына (2014) адамдардың келуі бойынша тек қана он алтыншы орында.

АҚШ пен Лас-Вегасқа сапар шегулердің халықаралық статистикалық деректерінің басты көзі елдегі шетелдік туристерге тұрақты түрде сауалнама жүргізетін АҚШ (ITA) Сыртқы сауда мәселелері жөніндегі Әкімшілік болып табылады. Ұлттық туристік кеңсе (NTTO) ITA аясында АҚШ-тың халықаралық статистикалық сапар шегу деректерімен айналысады. Әуе көлігімен келген келушілердің шығу тектері 3.11-қосымшада көрсетілген.

3. 11-қосымша. АҚШ-қа келушілердің шығу тектері, 2014 ж.		
Келушінің тұрғылықты жерлері	Халықаралық сапарлар	%
Біріккен Корольдік	3,972,655.00	11,5
Жапония	3,579,363.00	10,4
Бразилия	2,263,865.00	6,6
Қытай Халық Республикасы	2,188,387.00	6,4
Германия	1,968,536.00	5,7
Франция	1,624,604.00	4,7
Оңтүстік Корея	1,449,538.00	4,2
Австралия	1,276,124.00	3,7
Үндістан	961,790.00	2,8
Италия	934,066.00	2,7
Колумбия	881,219.00	2,6
Испания	700,084.00	2,0
Аргентина	684,727.00	2,0
Венесуэла	615,975.00	1,8
Нидерланды	615,856.00	1,8
Швеция	543,336.00	1,6
Швейцария	486,506.00	1,4
Тайвань	413,048.00	1,2
Ирландия	395,331.00	1,1
Израиль	355,466.00	1,0
Ресей	343,310.00	1,0
Эквадор	335,275.00	1,0
Норвегия	310,204.00	0,9
Дания	305,331.00	0,9
Бельгия	280,121.00	0,8
Сауд Арабиясы	275,770.00	0,8
Доминикан Республикасы	271,724.00	0,8
Жаңа Зеландия	260,601.00	0,8
Чили	248,512.00	0,7
Перу	246,438.00	0,7

Дереккөз: OTTI (2014)

Түрлі елдер туристерінің арасында олардың Лас-Вегаста болу уақыттарында қатысатын қызмет көрсету көзқарасы тұрғысында және күн сайынғы орта есептегі шығындары бойынша бірнеше ерекшеліктер бар. Лас-Вегастағы барлық шетелдік туристерге арналған құмар ойындары мен шопинг, үздік көңіл көтеру шарасы. Австралия, Қытай, Тайвань, Швейцария мен Германия секілді елдерден келушілер негізінен казино мен құмар ойындарына қызығушылықтарын көрсетеді. Жапондықтар барлық шетелдік туристердің маңызды сегменттері, әсіресе Лас-Вегаста олар өте ысырапшыл болып саналады. Болашақта LVCVA әсіресе жылдың тыныш кезеңдері кезінде шетелдік туристердің үлкен сандарын қалай тарту керек екендігі жөніндегі мәселеге тап болуы мүмкін. Қонақүйлерге, курорттар мен казиноларға нақты мақсатты нарықты анықтауға және сонымен бірге тиісті тауарлар мен қызметтерді жасауға тура келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Лас-Вегас АҚШ-тың ойын-сауық астанасы ретінде дамып келе жатыр. АҚШ-тың басқа штаттарынан құмар ойындарына шектеулер алынған кезде, өзінің ойын орталығы ретіндегі ерте дамуынан Лас-Вегас демалыс және көңіл көтеру орталығына да айналды. Лас-Вегас АҚШ туристерін тартуда, сонымен бірге демалыстарын өздігінен демалыс пакеті ретінде немесе брондайтын шетелдік туристердің саны артуда. Лас-Вегастың белгіленген пункт ретінде дамуындағы маңызды рөлді қаланың көрмелер, конференциялар мен конвенциялары үшін мінсіз орынға айналуы алды. Қалада өзінің келесі жүзжылдықта бизнестің аталған бағытын дамыту бойынша амбициялық жоспарлары бар.

Ол сонымен бірге сіздің үйде көршілер немесе достардың сөгулерінен қорқып жасай алмайтын заттарыңызды жүзеге асыруға таптырмас жер болып табылады. Осыдан барлығына белгілі «Вегаста болған жағдай, Вегаста қалады» деген қанатты сөз шыққан.

II бөлім
Сатып алу - шешім процесс

Бұл бөлігінде, біз белгілі бір туристік өнімді сатып алу үшін туристерге әсер ететін факторларды қарастырамыз. Үшінші бөлігінде біз соңғы сатып алу шешіміне апаратын факторларды модельдеу жолдарын қарастырамыз.

Туристердің сатып алу шешіміне әсер ететін факторлар өзара бөлінеді:

• **мотиваторлар** – бұл факторлар турист қалап тұрған нақты бір өнімді сатып алуына ынталандырады

• **анықтауштар** – бұл факторлар туристардың қалаған өнімдерінің қандай дәрежеде сатып алуына мүмкіндігі барын анықтайды.

Алайда, біз осы мәселелерді келесі екі тарауда өтпестен бұрын, туристік өнімдер туралы бірауыз сөздермен бастайық.

• Өнім күрделі және көп қабатты болып табылады:

• ол материалдық элементтерден (қонақ үйдің төсегі, азық-түлік және т.б.) және материалдық емес элементтерден (қызмет көрсету) тұрады.

• ол қарапайым паркке бару үшін арналған бір түндік немесе бір күндік сапардан бастап арнайы жасалған сегіз апталық дүниежүздік саяхатқа дейін болады.

• Турист нақты белгіленген өнімге қарағанда жалпы тәжірибені сатып алады. Тәжірибенің бірнеше айқын фазалары бар:

• сапары басталғанға дейін күту кезеңі

• сапар барысында тұтыну кезеңі

• сапар аяқталғаннан кейін жад фазасы

• Турист туризм саласындағы өндірістік процестің бір бөлігі болып табылады және келесіні білдіреді:

• оларға өнеркәсіб ұсынатын өнімнің сапасынан гөрі олардың қатынасы, көңіл күйлері және өздерінің туристік тәжірибелерін бағалағаннан кейінгі күтулері әсер етеді

• кіммен олар куротты, әуе кемені немесе қонақ уйді бөлісетіні олардың мінез-құлқына тікелей әсер етеді

• Туристін тәжірибесі сыртқы факторлардан қатты әсер алады, өйткені олар туристін немесе соларға өнім сатып жатқан компанияның бақылауынан тыс. Бұл сыртқы әсерлерге ауа-райы, соққылар, соғыс және аурулар жатады.

Кітаптың бұл бөлігінде, біз, туристік өнімнің бір түріне ғана қарауға шектелеміз, ол мереке пакеті. Бұл ең күрделі туризм өнімі

болып табылады, және басқа өндірістік салалрға қарағанда, мысалы қонақжайлық пен көлік, нақты туристік өнім болып ажыратылады.

Қажет болған сон, біз мәселеге қатысты зат пен мотивация және детерминант туралы қорыту керекпіз. Бірақ біз Райан (1997) айтқанды мойындауымыз керек, ол былай деді: “Контекст, мағынасы және туризм тәжірибесі бір туристен басқа туристе, бір мерекеден басқа мерекеде әр түрлі болуы мүмкін. “Туристік тәжірибе” туралы сөйлесек, меніңше, оны біртектілікке меңзелу, бірақ шындықта ол әрқашанда бола бермейді.”

4-тарау

Уәждеуіштер

Кіріспе

Клиенттің туристік өнімдерді сатып алуы бірқатар факторларды ынталандырады. Осы тарауда біз туристерде сатып алу жөніндегі шешім қабылдауға түрткі болатын мотиваторларды қарастыратын боламыз. Ең алдымен біз туристерге әсер етуші мотиваторларды көрсетеміз, содан кейін мотиваторлардың туристік өнімнің және адамдардың әртүрлі топтарының арасында қалай ажыратылатындығын талқылаймыз.

Осы мәселе бойынша бұрынғыша туризмнің барлық саласын қамтитын толық, сенімді зерттеулердің жетіспеушіліктерін мойындау қажет. Демек, осы тараудағы кейбір түсініктер авторлардың жағынан субъективтік ескертулерді білдіреді. Әйтсе де, көп жағдайларда басқа ғалымдар мен машықтанушы мамандар осы зерттеудегі пікірлермен келісуде.

Мотиваторлардың саны мен ауқымы

Туризм саласындағы уәждеуші фактордарды екі топқа бөлуге болады:

• адамды демалыс алуға уәждеушілер;

• адамды нақты белгіленген орынға және белгіленген уақытқа демалыс алуға уәждеушілер.

Осы факторлардың кез келгеніне немесе екеуіне де қатысты болып келетін көптеген әлеуетті мотиваторлар болады. Одан басқа, мүмкін болатын бірсыпыра «тақырыпқа түрлендірмелер» де бар, әрқайсысы үшін жеке мотиватор және олардың бірігулеріне мүмкіндіктер беретін көптеген тәсілдер болады.

Туризм саласындағы негізгі уәждеуші факторларды санаттау тәсілі кең ауқымда мойындалмайды. Кейбіреулері 4.1-суретте берілген.



ФИЗИКАЛЫҚ:
*релаксация
*күнге күю
*физикалық жаттығулар мен денсаулық
*секс
ЭМОЦИЯЛЫҚ:
* аңсау
* романтика
* оқиға
* эскапизм
* фантазия
* рухани іске асу
ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР:
* достары мен туысқандарында қонақта болу
* жаңа достар табу
* басқаларды куанту қажеттілігі
 * егер табыс өте шектеулі болса қаражат үнемдеу жолын іздеу
МӘДЕНИ:
*көрікті жерлерде болу
* жаңа мәдениетті зерттеу
МӘРТЕБЕ:
* эксклюзивті
* сән
* сәтті мәміленің тұжырымы
* ақша шашумен мақтану

4.1-сурет. Туризмдегі мотиваторлардың тұрпаттамасы

Дегенмен де, туризм саласындағы мотиваторларды классификациялаудың басқа да тәсілдері және демалысқа арналған кеңдеу алаңы бар. Олардың кейбіреулеріне көшеміз.

Демалыс уәждеу ауқымы

1983 жылы, Биэрд пен Рэгоб Маслоудың (1943) еңбегіне негізделген мотиваторларды төрт түрге бөлуші бос уақытты уәждеушілердің шкаласы деп аталатын үлгіні жасады. Олар төмендегідей болып табылады:

• Интеллектуалды құраушы, оқу, зерттеу, ашылу, ойлар немесе бейнелер секілді ойлау әрекетімен байланысты болып келетін көңіл көтеруші іс-шараларға қатысуға жеке тұлғаның ынталану деңгейін бағалайды;

• Жеке тұлғаның әлеуметтік мәселелер бойынша бос уақытта көңіл көтеруге қатысу деңгейін бағалайтын әлеуметтік компонент. Бұл компонент екі негізгі қажеттіліктен тұрады – достыққа және тұлғааралық қатынастардағы қажеттіліктер, сонымен бірге басқаларды құрметтеу қажеттілігі;

• жекелеген адамдардың шеберлікке, перспективалар мен бәсекеге қабілеттілікке жету үшін бос уақыттағы көңіл көтерулің басқа да түрлерімен айналысатын деңгейді бағалайтын ынталандырмадан жалтару компоненті. Әдетте, физикалық сипаттаманы құраушы қызмет болып табылады;

• ынталандырмадан жалтару компоненті өмірлік жағдайлардың шамадан тыс ынталандыруынан бас тарту немесе кету тілегін бағалайды. Кейбір адамдар үшін бұл бөлектену мен тыныштық табу үшін әлеуметтік қарым-қатынастардан бой тарту қажеттілігі, ал басқалар үшін демалу мен босаңсу қажеттілігі болып табылады.

Біріншіден, біз адамдардың демалыс алуға түрткі болатын мотиваторлардың барлық жерде бола бермейтіндіктерін мойындауымыз керек. Кейбір адамдарда әлдеқандай себептер бойынша демалыс алуға ықыластары аз болады немесе мүлдем болмайды.

Уәждеуіштер мен жеке турист

Әрбір турист басқалардан ерекшеленеді, сондықтан да оларда уәждеуші факторлар болады. Жеке туристердің уәждемесін анықтайтын негізгі факторлар келесідей болулары мүмкін:

• Олардың жеке тұлғасы, басқаша айтқанда, олар:
• көпшіл немесе тұйық?
• оқиғаларды сүйетін немесе сақ?
• сенімді немесе жасқаншақ?
• Олардың сатып алу жөніндегі шешім қабылдаулары үшін мәнмәтінмен қамтамасыз ететін өмір салты. Сәнге немесе өздерінің денсаулықтарына өте қатты алаңдаушы адамдарға және жалғыз тұратын әрі жаңа достар тапқылары келетін немесе кештерде көңіл көтергілері келетін адамдарға арналған уәждемелер бір-бірінен ерекшеленуі ықтимал.
• Олардың демалудың белгілі бір түрлерін таңдаған турист ретіндегі өткен тәжірибесі оң да, теріс те болады.
• Олардың өткен өмірі – ең алдымен аңсау. Бұл олардың бал айларын өткізген
жерлерінен немесе олар қатысқан әскери соғыстардан тұруы мүмкін.
• Өзінің күшті және әлсіз жақтарын олардың байлығымен немесе олардың дағдыларымен байланысты болуына қарамастан қабылдау.
• Басқа адамдардың оларға қалай қарауы.

Сонымен бірге әр адам үшін мотиваторлардың уақыттың ағымына сай олардың жеке жағдаяттарының өзгерулеріне жауап ретінде өзгерістерге ұшырайтындықтарын мойындау қажет. Бұл жағдайлар төменде айтылғандардан тұруы мүмкін:

• баланың болуы немесе жаңа серіктесті кездестіру;
• табыстардың көбеюі немесе азаюы;
• денсаулықтың нашарлауы;
• турист ретіндегі тәжірибенің немесе күтулердің өзгерулері.

Көптеген уәждемелер

Ешбір турист тек бір ғана мотиватордың ықпалында бола алмайды. Олар уақыттың кез келген сәтінде бірқатар мотиваторларға байланысты болады.

Лондон маңындағы өз кеңселерінің терезелеріне қадалған кеңсе қызметкерлері бүгінгі күні демалыс алу ықылыстары мен өзінің күнделікті жұмыс өмірінің бірқалыптылығынан бой тасалауға уәжденуі мүмкін. Десек те, олардың алғысы келетін демалыстарының түріне әсер ететін басқа да бірқатар мотиваторлары болуы мүмін. Мәселен:

• жауын-шашыннан үйіне қашып тығылу, күннің астында рақатқа бөлену және күнге күю;

• олардың көп отырып қызмет істейтін өміріне қарсы физикалық жаттығулар жасау және өз денсаулығын жақсарту;

• бірдеңемен айналысу, серфингпен немесе италяндық асүйдің тағамын жеу;

• өзінің достарының санын көбейту және жаңа серіктес табу;

• шіркеуді немесе мұражайды көру;

• босаңсу.

Көптеген адамдардың демалысы олардың көп санды мотиваторларына қатысты ымыраны білдіреді. Бір уәждеме үстем болады немесе барлық мотиваторларды жарым-жартылай қанағаттандырумен қамтамасыз ететін демалысты алады.

Жалпы уәждемелер

Біз жалғыз өзіміз демалысқа сирек барамыз, бірақ өзімізбен бірге кімді болсын алсақ та, оның біздің шешімдерімізге әсер ететін факторларға ықпал жасайтындығы белгілі.

Тұрмыстағы, екі баласы бар әйелді елестетіңіз, ол әйелдер футбол командасының және христиан шіркеуіндегі діни қауымның мүшесі болып табылады. Оның уәждері әртүрлі болуы мүмкін. Оның қандай топпен демалыс өткізуге ниеттенгеніне байланысты болады. Егер ол өзінің балаларымен баратын болса, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мен олардың көңіл-күйлерін қолдау оның басты уәждемесіне айналуы мүмкін. Басқа жағынан, ол өзінің күйеуімен үйлену тойына бір жыл толуын мерекелеуге сапарға шығуы мүмкін, ол жағдайда романтика оның уәждемесінің негізгі факторына айналады. Оның өз командасымен футбол ойнау үшін саяхатқа шыққан кезі эскапизм және оның футболға деген құмарлығын мақұлдау мүмкіншілігі ретінде қарастырыла алады. Ал өзінің христиан шіркеуіндегі діни қауымның мүшелері – әріптестерімен бірге ол сапар шегуден рухани қанағаттана алады.

Бұл сауық кешке барлық қатысушылардың бірдей уәждемелермен бөлісе алатын кездерде сирек болатын жайт. Бұл қатынастардағы айырмашылықтар, әрине демалысты ұйымдастыруда күйзелісті жақтардың үлкен бөлігін құрайтын болады.

Көптеген сапарлар бірге саяхаттаушы адамдар топтарының ішіндегі ымыраларды білдіреді:

• басым элементтің көзқарастары;
• топтың әр мүшесі өзінің жолымен жүретін болады;
• топ мүшелерінің барлығы бірге болады, бірақ топ мүшелерінің әрқайсысында бір немесе екі күннің ішінде не істеп не қоятындарын таңдау мүмкіншіліктері болады.

Көрсетілген және шынайы мотиваторлар

Біз өзіміздің ақиқат уәждерімізді әрдайым білдіре бермейміз.

• Біз басқа адамдар арқылы қолайлы қабылданатын өзіміздің уәждерімізді сезіне алмауымыз да мүмкін. Сіздің демалысты көңіл көтеру үшін және кездейсоқ секспен рақаттану үшін алайын деп жатқаныңызды мойындауыңыз қиын болуы мүмкін. Одан да демалу, босаңсу және «уақытты жақсы өткізу» секілді жалпы тілектерді айту тіптен оңай болып табылады.
• Біз әрдайым өзіміздің уәждерімізді мойындай алмауымыз мүмкін – олар ақыл-ойға негізделмеген немесе санасыз жағдайда бола алады.
• Біз уәждеріміздің бір-біріне қарама-қайшы болып келетіндіктерін мойындай аламыз. Мәселен, біздің түні бойы билеп және көңіл көтеріп демалуды қалауымыз мүмкін!
• Біз өзіміздің уәждеуші факторларымыз бен біздің шынайы мінез-құлқымыздың арасындағы қарама-қайшылықтар жөнінде білуіміз мүмкін. Біз Францияға барған кезімізде француздарды кездестіріп, француз тілін жақсартуды қалайтынымыз жөнінде тұжырымдай аламыз. Сол кезде біздің шарттарымыз бен бюджетімізге және мүмкін қорқыныш сезіміне байланысты біз ағылшын вилласына, француздар аз мекендейтін және әрқайсысы ағылшын тілінде сөйлейтін Дордони ауылына тоқтай да аламыз. Қазіргі сәтте француз тілінде сөйлей алмау және осы үшін адамдардың алдында масқара болу – сәтсіз жағдайлардың нәтижесіне немесе ой елегінен өткізілмеген уәждердің жеңістеріне айналуы мүмкін.

Мүмкін, біз жоғарыда сөз қылған мәселелерді Браундардың болжамды жанұясының қысқа тақырыптық зерттеулері арқылы жан-жақты түсіндіре алармыз.

Уәждеуіштер мен нарықтың әртүрлі сегменттері

Әрбір жеке турист үшін мотиваторлар ғана әртүрлі болмайды, бірақ, нарықтың әртүрлі сегменттерінің арасында олардың да өзгешеленулері

мүмкін. Туризмнің индустриясы сегменттің демографиялық өлшемдеріне негізделгеніне сенімді болады, атап айтқанда:

• жастар көңіл көтеруді, демалуды, арақ ішуді секспен айналысуды, билеуді және жаңа достар табуды қалайды;

• егде адамдар шарлар, лото ойындары секілді тыныш кәсіптермен және өткен ғұмырын аңсаумен айналысқанды жақсы көреді;

• ата-аналар өз балаларының қалауларын табуға және оларды бақытты қылуға тырысады, ал мезгіл-мезгіл олар уақытты бірге өткізу үшін өздерінің ата-аналық міндеттерінен бас тартқылары келеді.

Әртүрлі демографиялық топтар үшін уәждеуші факторларды тексеру үшін бірнеше зерттеулер жүргізілді. 1996 жылы Кайнак және басқалар өздерінің туристік талғамдарына қатысты шетелдік туристерге арналған негізгі бағыттарды алып келген ирландиялық саяхатшылардың сипаттамалық ерекшеліктерін көрсету жөніндегі зерттеулерін жариялады. Бұл зерттеу әртүрлі жастардағы туристердің, жыныс, білім деңгейін, табыс пен отбасы жағдайларының арасындағы маңызды ерекшеліктерді көрсетті. Жас адамдар оларға демалыстарын белсенді өткізуге көмектесетін демалыстарды артық көреді, ал егде саяхатшылар көрікті жерлерді аралап көру мүмкіншілігімен бірге тыныш орындарды іздейді. Ең жоғары дамыған респонденттер демалысты табиғатта немесе мәдениетті танумен өткізуді дұрыс көреді. Басқа жағынан, білімі төмен деңгейдегі адамдар өздерінің жаңа және бейтаныс қызмет түрлерімен таныса алатын және күнделікті өмірден қатты ерекшеленетін демалыстың маңыздылығын баса айтады. Аз пайда табатын адамдар демалысты күнделікті бір сарындағы өмірінен кету және оларға сенімділік тудыратын қызмет түрлерімен айналысу мүмкіншілігі деп елестетеді. Ал, жақсы қамтамасыз етілген адамдардың демалыс кезінде интеллектуалды дамуға және сапар жөніндегі танып-білуін кеңейткілері келеді.

Уәждемелер мен жыныстық сәйкестілік

Демографиялық жағдайлардың, туризм индустриясының аспектілерінің бірі, уәждеуіштердің тұлғаларын анықтайтын – жыныстық сәйкестілік болып табылады. Гольф клубтар немесе шопингке сапарлар секілді әртүрлі өнімдер еркектер мен әйелдер арқылы қабылданатын уәждемелерге сәйкес болу тілегіне ғана негізделген. Әйтсе де, тұлғалық уәждеуіштердің толық қатарына қараған кезімізде, кейбір деректер бойынша шындығында жыныстардың арасындағы аздаған ерекшелік бар деп жобалауға болады.

Райан (1995) айтқан зерттеулерде 14 уәждеуіш үшін үш жағдайда еркектер мен әйелдердің айтарлықтай ерекшеліктерінің ескерілгені айтылады. Әйелдер, демалыстарын келесідей жағдайлардың себебінен өткізу мүмкіншілігін көптеу бағалайды:

• күн сайынғы қарбаластан құтылу;
• физикалық түрде демалу;
• эмоциялық түрде демалу.

Ұлттық және мәдени ерекшеліктер

Әзірше, уәждемелерге қатысты ұлттық және мәдени ерекшіліктерге негізделуші аз зерттеулер жүргізілді. Туристік ұйымдардың көптеп өз өнімін сату үшін басқа елдерден адамдар іздеуі өте таңғаларлық болып табылады.

Біз уәждеушілердің көзқарастары тұрғысынан, кейбір жағдайларда елдердің топтары арасында үлкен ұқсастықтардың болатынын білеміз. Солтүстік Еуропа елдері мен Американың солтүстік штаттарындағы адамдар күнге күю тілегімен жиі уәжденеді. Десек те, Үндістан мен Сауд Арабиясы секілді ыстық елдерде қатты ыстықтан қашып құтылу үшін салқын таулы аудандарға бару ниеттері жиі көрініс таппайды.

Кейбір уәждеуіштер әмбебап болып табылады, мәселен, өткенді аңсау мен романтика, көрікті жерлерді көру тілегі, алайда нақты мінез-құлқы туристің ұлты мен мәдениетіне байланысты болып келеді.

Барлық әлем бойынша көптеген адамдар рухани қанағаттанудың өзгеше түрін іздеуде. Десек те, осындай орындауларға ұмтылу әрекеттері мен қажылық сапарына бару тілегі христиан елдеріне қарағанда, негізінен мұсылман елдерінің арасында көптеу таралған.

Туристік өнімнің уәждеуіштері мен әр алуан түрлері

Маркетологтар, өздерінің мақсатты нарықтарын уәждеуші факторларға, әзірлеген өнімдерін бекітуге тырысады. Кейбір уәждеуіштердің туристік өнімнің әр алуан түрлерімен тығыз байланысты болып келетіндігі жөнінде жалпы қабылданған пікірдің бар екендігі белгілі. Бәлкім, ол келушілер аттракциондарының секторында бәрінен жақсы көрінетін шығар. 4.1-сурет уәждеуіштер мен келушелерді тартудың әр алуан тәсілдерінің арасындағы мүмкін болатын кейбір байланыстарды қарастыруды ұсынады.

Theme park	- excitement - risk and adventure - escapism - status if it has the best 'white-knuckle ride'
Museum	- learn something new - nostalgia - status if internationally famous
Art gallery	- aesthetic pleasure - relaxation - pursue special interest in art - status, if seeing world famous paintings
Leisure shopping complex	- escapism - search for a bargain - status, if buying designer label product
Golf course	- exercise - make new friends - status, if it is a prestigious course

Theme park - Тақырыптық парк
Museum – Мұражай
Art gallery - Көркем сурет галереясы
Leisure shopping cimplex - Сауда кешені
Golf couse - Гольфке аргалған алаң

excitement	уайымдау
risk and adventure	тәуекел мен оқиалар
escapism	эскапизм-
status if it has the best 'white-knuckle ride'	дәреже, егер ол үздік «шиеленіскен сапар» ретінде бағаланса
aesthetic pleasure	жаңа бірдені білу
relaxation	өткенді аңсау
pursue special interest in art	дәреде, егер ол бүкіләлемдік белгілі болса
status, if seeing world famous paintings	
escapism	эскапизм
search for a bargain	саудамен айналысу
status, if buying designer label product	дәреже, егер дизайнерлік таңбалы өнімді сатып алса
Exercise	физикалық жаттығулар
make new friends	жаңа достар табу
status, if it is a prestigious course	дәреже, егер ол беделді болса

4.2- сурет. Туристік көрікті жерлердің негізгі уәждеуіштері мен алуан түрлері.

Біз өнімнің әр алуан түрлері үшін бірнеше әртүрлі уәждеуіштердің бар екендігін бақылай аламыз, бірақ мәртебе секілді жалпылары да бар. Біздің көпшілігіміз мәртебеге қызығамыз, бірақ оның мәні бір типтен басқаға өзгеруі мүмкін.

Сонымен қатар, 4.2-суретте аталған уәждеуіштердің жалпылама түрде болып табылатындығын атау маңызды. Олар көрікті жерлердің көптеген нарықтарына қызмет етеді, олардың әрқайсысы өзіндік әртүрлі уәждеуіштерге ие болады деген фактіні жоққа шығарады. Тақырыптық парктегі жастар тек өздері үшін ғана көңіл көтергілері келеді, бірақ аталар мен әжелер де өздерінің немерелерінің көңілдерін табу үшін сонда бара алады. Отбасылар қауіпсіздеу аттракциондарды таңдай алады, ал ата-аналар олардың балалық шақтарында болған парктерде өткізген уақыттары жөнінде аңсаумен болады.

Сатып алу жөніндегі уәждеуіштер мен шешім қабылдау мерзімдері

Уәждеуіштер де демалысты сатып алу жөніндегі шешімнің қай кезде қабылданғанына байланысты түрлене алады. Брондаудағы соңғы минутында төмендетілген бағамен алу, немесе серіктесін таңғалдыру немесе күйзелістік жұмысқа жауап реакциясы ретінде тілектер туындауы мүмкін. Басқа жағынан, көп ай бұрын жоспарланған демалыс тілектердің нәтижесі болуы мүмкін:

• тұратын жер мен ұшуға кепіл болу үшін алдын ала брондау қажет болатын жыл сайынғы таңдаулы іс-шараларға бару;

• демалысты күтуден қуану.

Қорытынды

Уәждеуші мәселесі өте күрделі болып табылады және төмендегідей бірқатар факторларға байланысты болып келетіндігі айтылады:

• әлеуетті туристердің жеке тұлғасы мен өмір салты;

• олардың өткен тәжірибесі;

• олардың демалысқа өздерімен бірге алуға жоспарлаған адамдардан;

• олардың демографиялық көрсеткіштері;

• олардың сапарды қанша күн бұрын брондайтыны.

Уәждеуіштер мен детерминанттардың арасында үлкен ұқсастықтар-

дың бар екендігі түсінікті болады. Біздің шынайы мінез-құлқымызды анықтайтын тілектеріміз бен факторлардың арасында орта жіңішке сызық бар болып табылады.

ТЕЛЕШОУДЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫ: ТУРИСТЕР МЕН ТУРИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫ

Соңғы жылдары біздің бірқатар елдерден бақылап келе жатқан құбылыстарымыздың бірі – туристік ұйымдар мен туристің мінез-құлығының айналасына негізделген телевизиялық шоудың «шынайылығы». Бұны британ компанияларының мысалдарында көрсетеміз. Бағдарламалардың бірнеше негізгі түрлері бар.

• Қонақүй – онда камералар барлық болып жатқан оқиғаларды көру үшін және қызметкерлердің немесе қонақтардың өмірдегі жағдайларын көрсету үшін кулисада орнатылған. Ұлыбританияда алғашқы мысалдардың бірі 1997 жылы таратылған Ливерпульдегі Британия Аделфи қонақүйінде орналасқан «Отель» болды. Ол қызметкерлердің нашар қызмет көрсетулерінің мысалдарын көрсетті және қызметкерлерге бақылау жасалуын жоғалтты, ал бірінші шыққан шоудан кейін иелері оның қонақүйді жақсы жағынан көрсетпегенін – бірақ олардың теледидарда көбінесе жақсыларға қарағанда жамандарды көрсететінін болжап білулері тиіс болғандығын тұжырымдады. Соңғы жылдары Лондондағы Savoy мен Дубайдағы Burj-al-Arab секілді қымбат қонақүйлердің сахна арттарындағы жағдайларын көрсетуші бағдарламалар жүргізілуде. Мұнда негізгі назар бай адамдардың қалай өмір сүретіндігіне және олардың кәсіби қызмет көрсетудің қандай жоғары деңгейін талап ететіндіктеріне аударылады.

• Авиакомпаниялар – мұнда көрермендер тіркеу кезіндегі қызметкерлер құрамы мен жолаушылардың арасында болатын жағдайларды бақылауға алады. Әдетте, барлық осы жағдайлар жоғалған төлқұжаттар, мас жолаушылар, қалып қойған рейстер, рейстердің кешігуі мен жүктердің жоғалуы аздап қайталанады. Ұлыбританияда EasyJet чартерлік авиакомпаниясының қатысуымен бірнеше сериялар жарық көрді. Және жолаушылар мен қызметкерлер де сценарияларда көп жағдайда нашар ойнайды. Одан басқа, барлық әлем бойынша, соның ішінде АҚШ-та бір спин-офф шығарылды, ол Southwest бюджеттік авиакомпаниясына көңіл аударады. Сонымен бірге, «жасырын камералары» аз және компанияларға жағымды кейіп бере отырып көрсеткіш қатысулары көп болып келетін шоуларды шығарды: Ұлыбританиядағы жақында өткен телешоу Virgin Atlantic пен British Airways жөнінде болды.

• Әуежай – мұнда камералар әуежайдағы сахнадан тыс жерлерде не болып жатқандығын көрсетеді. Телешоу мазмұнды болып келеді, бірақ жолаушылар мен олардың мәселелері жөніндегі қысқаша көріністерді де түсіреді. 2015 жылы британ телевидениясында өнегелі, мейірімді және аздап драматикалық түрде болған Gatwick пен Stansted әуежайлары жөніндегі бағдарламаларды шығарды. Сол уақытта орталық назар олардың кейбіреулері өздерін күрделі тұлға ретінде санаған қызметкерлерге аударылған Бангкоктағы әуежай туралы провокациялық шоу эфирге шықты.

• Базадағы круиздік кеме – мұнда көрермендер қайтадан сахнаның артындағы болып жатқандарды негізінен қызметкерлердің көзқарастары тұрғысынан көре алады. Осындай шоулардың бірі кеме аниматорларының бірі Джейн Макдональдты көрсеткен «Круиз» шоу болды, ол өзінің шоуға шығуының нәтижесінде кейіннен тележүргізуші және жазушы-суретшіге айналды.

• Курорт - мұнда негізгі назар туристердің мінез-құлқына, әдетте нашар мінез-құлқына аударылады. Алғашында Лас-Вегаспен байланысты болған фразаны қолдана отырып, «Х-да не болып жатыр» деп аталатын гедонистік туристер жөніндегі бірқатар сериялар бар. Болгариядағы Күн жағалауы мен Грекиядағы Кавосты көрсетуші осы шоудың басқа да нұсқалары болды. Материал сенсациялық және ұятқа қалдырушы болды. Курорттар жөніндегі басқа да шоулар қалалар мен әуежайларда жұмыс істейтін туроператорларының «өкілдері» жөнінде болды. Басқа бағдарламалар «Costa del Crime» қоса алғанда, қалалар мен әуежайлардағы туризммен байланысты мәселелерді көрсетті.

Барлық осы шоулар және жоғарыда аталғандар кейбір дәрежеде бұрмаланған болып табылады. Кейбір мәнде олар даулы болып табылатын шындықты көрсетеді: екеуінің де камераның алдында өздерін басқаша ұстаулары әбден мүмкін.

Кейбір қызметкерлер осы бағдарламаларға қатысуларынан аздап атақтыларға айналады, ал телевизиялық компаниялар телевидениенің арзан өнімінен айтарлықтай соманы табады.

Компаниялардың неге мұнда қатысқылары келетіндігін түсіну қиын. Жақсы телевидениенің көп жағдайдағы адамдардың өз-өздерінен шығулары кезіндегі дағдарыс сәттерін көрсететіндігін ескере отырып, камера онша жағымсыз сәттерді түсіре отырып, назар аудартады. Осындай шиеленіскен жағдайларды жарты сағат қарап шығу, әлеуетті клиентке және оның нашар сервис жөніндегі пікірлеріне әсер етуі мүмкін.

Экраннан біз жиі көретін туризм жөніндегі телевизиялық бағдарламаларда басқа екі «шындық» болады.

«Coach Trip», бұл бейтаныс адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттесіп, Еуропа бойынша автобуста бірге саяхат шегуі және түрлі істермен айналысуы жөніндегі шоу. Тең уақыт аралығында адамдар саяхатшылардың сапары жөнінде дауыс береді. Бұл шоудың псевдоәлеуметтік түрі басқа жағдайларда қайта жаңғыртылды, мәселен:

• өте әртүрлі отбасыларды бірге үлкен виллаға бастарын қосу және болып жатқан оқиғаларды бақылау;

• бір жанұяны басқа жанұяның жек көретініндей демалуға түрткі болады.

Осы жағдайларда шоудың негізгі сәттері қатысушылардың арасындағы қақтығыс пен тіміскіліктер болып табылады.

Журналистердің белгілі мәселелерді зерттейтін журналистік зерттеулерге негізделген бағдарламаның екінші түрі. Барлығы жөнінде «қайғылы хабар» күрделі бағдарламасы бар: әуежайдың қауіпсіздігінен бастап Әлем кубогы мен Олимпиадалық ойындар секілді мега-жағдайларды қабылдаушы қалалар мен әуежайлардағы секс-туризмді әшкерелеуге дейін. Сонымен қатар «атақты адамның» мәселені зерттеу үшін орындарға шығатындығы жөніндегі провокациялық бағдарламалар да бар. Осыған нақты дәлел ретінде жас әйелдің Мексикадағы қонақүй қызметкерлерінің еңбек және тұрмыс шарттарынан бастап Болгарияның жағалау курорттарындағы есірткі сатуларына дейінгі мәселелерді зерттейтін Британ телевидениесіндегі «Стейси Дулидің тергеуі» бағдарламасын айтуға болады. Оларды сенсациялық бағдарлама ретінде сынға да алды, бірақ олар күрделі журналистік тергеулерді көрмейтін аудиторияға жеткізгісі келген болулары да мүмкін. Және әйтеуір, мақсаты туристік ұйымдар мен өнеркәсіптің басқа салалары жақтарынан жасалған әділетсіздіктерге қарсы күресуші клиенттерді қолдауға арналған «тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бағдарламасын айта аламыз. Қиянатшыл қосымша шығындар, қонақүйдегі құрылыс жұмыстары арқылы және круиздік лайнердегі тамақтан уланудан бұзылған демалыстарды да осы әділетсіз амалдарға жатқызуға болады. Бағдарламалар зардап шегушінің өтемақыны алуы және бір уақытта барынша кең аудиторияны жұбату үшін шығарылады.

Бұл бағдарламаларды ары қарай өсе алмайды деп жорамалдауға негіздер аз. Олар көрермендер өте арзан болып табылады.

Талқылауға арналған сұрақтар

1. Қалай ойлайсыздар, соңғы жылдары Ұлыбританияда неге осындай бағдарламалардың өсуі байқалуда?

2. Компания неге осы телевизиялық шоуларға қатысуға келісім бере алады?

Талқылауға арналған тақырыптар мен эссенің сұрақтары

1. Жеке тұлғаның демалысқа қатысы бойынша олардың уәждерінің әсер ете алуы мүмкін тәсілдерді қарастырыңыздар.
2. Нарықтың әртүрлі демографиялық сегменттерінің тұтынушылары факторлардың басқа жинақтары арқылы уәжденулері жөніндегі пікірді талқылаңыздар.
3. «Күн, теңіз, құм және секс» грек жағалауында демалуды қабылдайтын адамдардың ықтимал уәждеуіштерінің Кариб бассейніндегі жоғары сапалы круизде демалушыларға қарағандағы айырмашылықтарын салыстырыңыздар.

Жаттығу

Олардың демалысты таңдауына әсер етуші негізгі уәждеуші факторларды түсіндіру үшін ересек адамдардың санына сауалнама жүргізу, өңдеу мен енгізу. Содан кейін өзінің әлсіз жақтарын белгілеу және ескеру үшін өз зерттеуіңізге сыни бағалау жүргізіңіздер.

4-МЫСАЛ: Жаңа Зеландиядағы экстремалдық туризм
КІРІСПЕ – ЭКСТРЕМАЛДЫҚ ТУРИЗМ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Тұтынушылардың демалыстары кезінде экстремалдық жаттығулармен айналысуға қызығушылықтарының артуы бақылануда. Бірақ экстремалдық туризм дегеніміз не? Сварбрук және басқалары (2003) «шытырман оқиға» табиғатынан тұратын бірыңғай анықтаманың жоқ екендігін жорамалдайды, бірақ олар экстремалдық туризммен байланысты болатын кейбір сапалар мен сипаттамаларды анықтады, олар 4.1-қосымшада көрсетілген.

4.1-қосымша. Экстремалдық туризмнің базалық сипаттамалары

• Белгісіз нәтижелер
• Қауіптілік пен тәуекел
• Шақыру
• Күтілетін пайдалар
• Жаңалық

• Ынталандыру мен қоздыру
• Эскапизм мен бөлу
• Барлау мен ашу
• Сіңіру мен шоғырландыру
• Қарама-қарсы эмоциялар

Дереккөз: Сварбрук және басқалар (2003); Минтел (2011)

Exhibit 4.2 Themes in the historical development of adventure tourism

Шатырман оқиғалы туризмнің тарихи дамуындағы тақырыптар

Drug tourism	Наркотуризм
Walking on the wild….	Барлық ауырлықтарға түсу
Home from home adventure	Саяхат екінші үй секілді
Last minute go anywhere travellers	Кенеттік саяхатшылар
Hedonism or pleasure seeking	Гедонизм немесе қанағаттануды іздеу
Aid workers	Гуманитарлық қызметкерлер
Exchange students	Алмастыру жөніндегі студенттер
explorers students	Жалдамалы солдаттар
Explorers and adventures	Оқиғаларды іздеушілер мен зерттеушілер
marcenaries	Жалдамашы
pilgrims	Пилигримдер
traders	Саудагерлер
Settlers and colonezes	Қоныстанушылар мен басып алушылар

Seasanol employees	Уақытша қызметкерлер
missionaries	Миссионерлер
Outward bound traditions	Әуесқойдың саяхаттауды жақсы көру дәстүрі
Natural historical	Табиғат зерттеушілері
Romantic era mountain sports	Тау спортының романтизмі
The expression of the restles soul	Тынышсыз бастарды көрсету
Travel writer adventures	Саяхаттар жөніндегі кітаптардың авторлары
hunting	Аңшылық
Woman travellers	Әйелдер -саяхатшылар
Spiritual enlighment	Рухани ағарту
Artificial environments	Жасанды қоршаған орта
Designer adrenalin rushes	Адреналинді шығару
Sex tourism	Секс - туризм
Eco tourism	Экологиялық туризм

Олар сонымен бірге экстремалдық туризмнің тарихи дамуына айтарлықтай ықпал жасаған тақырыптарды анықтады, олар 4.2-қосымшада келтірілген.

Саяхатшылардың оқиғаларды іздеуде бірыңғай топтардың біреуі болып табылмайтындығы жақсы белгілі. Саяхатшылар жаңа оқиғалар іздеуші егде адамдар да, демалғысы келетін туристер де болуы мүмкін, олардың барлығы бір-бірінен ерекшеленеді. Оқиғаларды дәстүрлі демалыстың тамаша баламасы деп санайтын тұтынушылардың жаңа тобы да бар. (Минтел, 2001b).

Шытырман оқиғалы саяхаттардың әртүрлі түрлері Минтел (2001b) арқылы анықталды және олар 4.3-қосымшада берілді. Шытырман оқиғалы туризм түрлі демалыс пен қызметтің кең спектрінен тұрады, сонымен қатар, нарық сегментінің кең көлденең қимасына шақырады.

4.3-қосымша. Шытырман оқиғалы саяхаттардың алуан түрлері

• Белгіленген пункт – тұтынушы зерттеу үшін сол немесе басқа елді немесе аймақты таңдайды

• Автомобиль – саяхат көлік құралының маңында орын алады, мәселен, қайық немесе жер таңдамайтын көлік

• Автомобиль емес – саяхат жүру немесе жүгіру арқылы өтеді

• Бастама жөніндегі қызмет – мәселен, кемпинг, жаяу туризм,

велосипедте жүру, су астында жүзу

• Отбасы – отбасы оқиғаларды іздеуге арналған біртұтас жүйе

• Көп атқарымдық – бірқатар іс-шаралардан тұратын саяхаттар пакеті

• Экстремалдық саяхат - спорттың экстремалдық түрлері саяхаттың негізгі түрлері болып табылады

• Этикалық – саяхат кейбір тұрақтылық элементінен тұрады

• Бедел – саяхат әлеуеттік мәртебеден тұрады

Діреккөз: Минтел

ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯДАҒЫ ШЫТЫРМАН ОҚИҒАЛЫ ТУРИЗМ

Жаңа Зеландия экстремалдық туризмді әртүрлі формаларда ұсынатын белгіленген пункт ретінде мойындалды. Кең ашық кеңістік пен қоңыржай климаты елге туризмнің бұл түрін пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз етті. 4.4-қосымша елдің туризмнің бұл түрін белсенді дамытып жатқанын көрсетеді.

4.4-қосымша. Жаңа Зеландиядағы экстремалдық туризм

Жаңа Зеландиядағы ландшафт пен қоңыржай климат белсенді демалыс үшін өте қолайлы. Ел өзінің экстремалдық жаттығуларының диапазонымен белгілі – олардың ең белгілілері банджи-джампинг, жылдам қайықта серуендеу, атпен жүру, рафтинг пеншаңғы тебу. Бірақ саяхат әртүрлі адамдар үшін әрқалай мәнге ие. Жаңа Зеландиядағы экстремалдық туризмнің үздік аспектісі, оның жаяу серуендеулер мен су шаңғыларымен жүзуден бастап альпинизм мен спелеологияға дейін «жұмсақтан» «экстремалдылыққа» дейінгі қызметтің рейтингінде жатыр. Шытырман оқиғалы туризмнің өнеркәсібі осы орталықта орналасқан теңізге шыға алатын, өзендер және көлдермен, ну орманды орындармен және қар басқан таулармен қиылысатын көптеген елдерді қамтиды. Бұл орындар табиғатта өмір сүруді жақсы көретін адамдарға ұнайтын болады және халықтың аз орналасуынан еркіндіктің ерекше сезімі пайда болады.

Дереккөз: www.newzealand.com

Операторлардың кең спектрі Жаңа Зеландиядағы экстремалдық туризмді дамытты. Олардың кейбіреулері 4.5-қосымшада берілген.

4.6-қосымша. Ұлы Жаңа Зеландияға саяхат жасау

Жаңа Зеландияда атпен жүру, тау велосипедтерінде жүру немесе Ұлы Жаңа Зеландияда жүру. Бұл ел бойынша ұзақ кезеңдермен 12 аптаның ішінде 250 шақырым шамасында саяхаттау адамдар үшін бірегей мүмкіндік болып табылады.

Бірінші кезең 2006 жылдың 11-19 наурыз күндері Реинг мүйісінен Нортлендтегі Коюкоуға дейінгі аралықта басталды және Веллингтондағы MS society үшін $ 22,048.13 мөлшерінде табыс әкелді. Екінші кезең 2007 жылы Хокиангте жалғасып, Пауто жарты алаңының төменгі жағында аяқталды. 2014 жылы тоғызыншы кезең Саутлендтегі бірінші кезең болды және кезеңдер қатысушылар 2018 жылы Саутлендтегі Блаффқа дейін жеткенше жалғасатын болады.

Қатысушылар күніне 30 және 45 шақырымның арасында демалыс басталған күннен бастап алты күннің ішінде өз көлік түрін таңдайды.

Ұлы Жаңа Зеландияға саяхат жасау 80 адамнан тұратын команда арқылы сүйемелденеді және туристер кәсіпқой жеткізушілер арқылы азық-түлікпен, массажбен, көлікпен, ыстық душпен, киномен, бар және кафемен, сонымен қатар, дарындарды іздеу, механикалық бұқа, караоке мен аукциондарға дейінгі көңіл көтерулермен қамтамасыз етіледі.

Бір аптада саяхатшылар барлық әлемнен жиналған пікірлестерімен ашық ауада уақыт өткізе алады.

«Ашық жол» жүйесі қатысушыларға қуаныш пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Өту бойынша үздік болып табылатын жол туристердің қарқындарын бақылаудың орнына, мүмкіндігінше қызыл лента лармен белгіленетін болады және барлық жол бойына нұсқаушылар орналастырылады, бұл адамдарға өз қалауларындағы қарқынмен саяхат жасауға мүмкіндік береді.

1996 жылы 486 атпен жүрушілерді тарту үшін Ұлы Жаңа Зеландияда Атпен Жүру әуесқойларының съезін ұйымдастырған Стивен Олд «ақыр соңында – бұл демалыс» дейді, ал бұл съезд әлемдегі ең ірі съезд болды. Оның соңғы Жаңа Зеландиядағы Атпен серуендеулерді ұйымдастыруымен ол 2000 жылы кино индустрияда «Властелин Колец» пен «Соңғы самурай» киноларын түсіру кезінде аттар жөніндегі үйлестіруші болып жұмыс істеді, ал Ирландияда «Король Артур» фильмінде каскадер болды.

«Ұлы Жаңа Зеландияға саяхат шегу қоғамның барлық топтары адамдарының қызығушылықтарын біріктіретін Kiwiicon брендісіне айналатын бірегей жоба болып табылады» - деді Олд.

Ұлы Жаңа Зеландияға саяхат шегу Жаңа Зеландияның Multiple

Sclerosis Society қаражат жинайды. Олд 2013 жылы жобасын қайырымдылық қорына сатты.

Дереккөз: www.newzealand.com

Жаңа Зеландияның кейбір аудандары әсіресе экстремалдық саяхатқа қолайлы. Мәселен, Квинстаун, өзін туристерге экстремалдық іс-шаралардың кең спектрін ұсынатын қала ретінде жарнамалайды (4.7-қосымша). Осы веб-парақшада осы саладағы экстремалдық шараларын ұйымдастыратын басқа да компаниялардың веб-парақшаларына сілтемелердің барлығы және тұрғын жайды брондау жөнінде мәлімет беретіндігі қызықты болып табылады. Бұл саяхатшыларға демалыс кезінде өзіндік пакетін жинауға мүмкіндік береді.

4.7-қосымша. Квинстоун – белсенді астана

Біздің Саутлендке жасалған барлық сапарымыздың бір бос күні Квинстаунда өтеді, себебі мұнда кез келген нәрсемен айналысуға болады! Бұл көрікті қала ұлы тау жотасында, Вакатип көлінің жағасында орналасқан. Бүгінде бұл «адреналиннің әлемдік астанасы» ретінде белгілі қала, бірақ Квинстаун бастапқыдан «Виктория Патшайымға қолайлы болған» өз атауын алды.
Квинстаунда өте көп еліктіруші пейзаждар мен алуан түрлі көрікті жерлер бар, одан басқа мұнда барлық әлемнің қонақтарын таңғалдыратын «cruisy» жергілікті тұрғындары өмір сүреді. Біздің басты кеңсеміз Квинстаунда орналасқан, өйткені біздің қызметкерлер көп уақыттарын ашық ауада өткізеді – бірақ бұл бізге ғана емес, басқаларға да ұнайды! 1998 жылы Квинстаун қайтадан «шетелдіктер үшін жылы шырайлы қала» болып танылды, сауалнамаға АҚШ басылымдары рейтингісінде орналасқан Conde Nast Traveler журналының 37 000 оқырманы қатысты. Сол аталған басылымда біз Вена, Лондон, Париж және Гонконг секілді қалалармен бір қатарда әлемдегі 14-ші үздік қала (тек Жаңа Зеландияда ғана топ-20) ретінде жайғастық. Қыста Квинстаун туыстас қала Колорадо штатының Аспен қаласымен бәсекелесе алатын танымал таушаңғылық курортқа айналады.
Квинстаун бірнеше рет жыл сайын мақтауға ие болып келеді. 2014 жылы Квинстаун Австралиядағы World Travel Awards арқылы жетекші тағайындалған орын атанды, сонымен бірге Travellers' Choice Awards сай TripAdvisor бойынша Жаңа Зеландиядағы бірінші нөмірлі болып танылды.
Оның көркем аймақтары жөнінде барлық әлем Властелин Колец трилогиясы секілді сәтті фильмдердің арқасында танып-білді.
Қатты әсер етулер үшін өмір сүретін адреналиндік «нашақорлар» үшін Квинстаун бірнеше күн банджи-джампингпен, рафтингпен, жылдам қайықтарда жүзумен айналысу немесе басқа да ессіз спорт түрлерін бастан кешіру үшін мінсіз орын болып табылады. Ал тыныштау спортты жақсы көретін басқалар көптеген көрікті жерлердегі серуендермен, шараптардың дәмін татып көрумен, қанатты жолмен көтерілуге немесе жергілікті пабтардың бірінде оттың маңайында демалулармен айналыса алады. Сонымен бірге, түнгі қыдырыс үшін бар мен клубтардың үлкен таңдауы ұсынылады.
Сіздің гидтеріңіз сіз келген кезде сізге демалысыңызды жоспарлауға, тіпті сіз үшін нөмірді брондауға да көмектеседі. Бірақ біз кейбір іс-шараларды, серуендеулерді, турлар мен экскурсияларды ұсынуға тырысатын боламыз. Уайымдамаңыз, турлардың көпшілігіне қалаға келген кезіңізде тапсырыс жасауға болады, әрі егер сіз тек біреуін ғана таңдай алмасаңыз, көптеген «комбо»-пакеттер қолжетімді болады! Ең белсенді адам үшін де жеткілікті көңіл көтерулер ұсынылады, бұл ашық ауадағы кафеде жай ғана латте ішуге және сұлулықпен

рақаттануға таптырмайтын мінсіз жер болып табылады.

Жаяу туризм

Көптеген мүмкіншіліктердің бар екендігіне қарамастан, сізге Квинстаунда жақсы уақыт өткізу үшін көп ақша жұмсауға тура келмейді. Қалада шамамен он шақты жаяу экскурсиялар бар, оны сіз өздігіңізден өткізе аласыз, әрі таксимен бірнеше минут жүру арқылы көп істерді тындыра аласыз (жергілікті тұрғындар секілді автостоппен). Қалаға келгеннен кейін гидіңізден немесе Табиғатты қорғау департаментінің (ТҚД) кеңсесіне келіп картаны сұраңыз. Біздің сүйікті Бен-Ломонд көлдің керемет көріністері бар таулармен қоршалған қала. Экскурсия хостелдердің жанынан Fernhill айналмасынан басталып One Mile Creek Track Lomond Crescent дейін Skyline Road арқылы жетесіздер, содан кейін Skyline Chalet-тегі Bobs шыңынан өтесіздер. Шыңға дейінгі соңғы сағат айтарлықтай тік жол арқылы болады, бірақ көтерілуге тұрады (бір жақтан өту бірқалыпты қадаммен 3 сағатты алады) және сіз тез төмен түсе аласыз, сіз сонымен бірге қанатты жолды да пайдалана аласыз. Көтерілуді жеңілдету үшін Glenorchy Road (Easy, 1 сағатта оралу) Fernhill айналмасының шамамен 1 шақырым жанынан басталатын/аяқталатын Sunshine - Bay жолы арқылы жүріңіздер. Немесе Queenstown Gardens көлінің жағалауында серуендеуге және фрисби гольфін ойнауды үйрене аласыздар (15 минуттан 45 минутқа дейін).

Тау велосипедтерімен серуендеу

Сіз көп жағдайда облыстағы кейбір белгілі жолдарды зерттеу үшін қалада біздің велосипедтеріміздің бірін немесе тау велосипедін жалға ала аласыз. Егер сіз Мок көліне дейін серуендеп, осы жақсы күні пикник жасағыңыз келсе Skipper’sCanyon төменге түсіңіз. Ең түзулеу жолдармен жүру үшін Frankton Sunshine-Bay жолын байқап көріңіз.

Банджи-Джампинг

Квинстаун банджи-джампингтің үйі болып табылады. Эй-Джей Хэкетт осы кезге дейін қолданылатын секірулерге арналған ең бірінші коммерциялық орын Каварау көпірін салды. Осы бірінші орыннан 1988 жылы банджи-джампинг барлық әлемге белгілі болды және қазіргі уақытта қалада таңдап алуға болатын көптеген орындар бар.

Жылдам қайықтарда серуендеу

Жылдам қайықтарда серуендеу де американдық төбешіктердегі сапар секілді өте танымал болып табылады. Тек 2 дюйм суды қажет

ететін өте қуатты, жоғары маневрлік қайықта не істей алатындығыңыз жөнінде елестетіп көріңіздер. Керемет Шотовер Каньон арқылы өтетін ең белгілі сапар, мұнда сіз өзен арқылы шатқалдан бірнеше дюйм жүзесіздер. Квинстаунда сонымен қатар жылдам қайықтар да қолжетімді болып келеді.

Рафтинг

Көп адамдар өзендер мен (II-V класс) операторлардың үлкен санынан жаңа келгендерден бастап тәжірибелі ескекшілерге дейін Квинстаунда үрлемелі кемелерде жүзуді артық көреді. Жыл уақыты мен өзендерге байланысты, сіздер көркемөнер сапарымен тікұшақпен де рақаттана аласыздар.

Парашютизм

Одан да экстремалдық бірдеңені қалайсыз ба? Айрықша таң қалдыратын пейзажда үлкен биіктікте ұшуға қалай қарайсыз. Алдын ала дәмелену әрбір уақыт есебімен арта түсуде, сіздің нұсқаушыңыз сигнал береді – және екеуіңіз бірге «Ұлы секіруді» жүзеге асырасыздар. Сағатына 200 шақырымға дейінгі ғажап жылдамдықта еркін құлау. Жылдамдық, ұшуды сезіну мен айқын мазасыздану ештеңемен салыстыруға келмейтін парашютпен секірулер сізге адреналинді сезінуге мәжбүрлейтін болады.

Гольф

Жаңа Зеландияда гольфқа арналған ең көркем алаңдар болуы әбден мүмкін, Kelvin Heights 1975 жылы ашылды және көркем суретті Квинстауннан алыс емес көлге қарайтын Вакатипу жарты аралында орналасқан. Керемет орналасуы оның жергілікті және шетелдік ойыншылар үшін гольф ойнауға таптырмас орын екендігін дәлелдейді. Нағыз сұлулық гольфты жылдың кез келген уақытында ойнауға мүмкіндік береді. Көрші таулардың қар басқан шыңдарын, көлдің әрдайым өзгеріп отыратын түстерін сіз ұзақ уақыт бойы есіңізде сақтайсыз. Қаладан алыстағы Милбрук Country Club» гольф ойыны үшін әлемдік класстағы өте айтулы курорт болып табылады.

Балық аулау

Егер сіз кешкі асқа жаңа ауланған балықты татып көргіңіз келсе, оны тәрелкеден алыстамай-ақ жасауға болады. Жаңа Зеландияда әлемдегі ең танымал алабалықтар мен арқан балықтар кездеседі, ал Квинстаун Саутлендтегі белгілі балық аулау мен балықшылардың орны болып табылады. Кемеде Вакатипу көлінде тәжірибелі гидпен және қолжетімді

тікұшақпен бірнеше сағат балық аулау, ал тәжірибелі балықшыларға арналған жекелеген аудандар бар, сонымен бірге әрбір балықшы үшін нұсқалар бар. Өзінің қармағын бірге алып келуге және Квинстаунның маңындағы көптеген өзендер мен көлдердің кейбіреулерінде бақытыңызды сынап көре аласыз.

Шарапты татып көру

Квинстаун шараптық аймағы мен Орталық Отаго Жаңа Зеландиядағы ең тез өсуші шарап аймағы болып табылады. Бұл аудан өзінің Пино-нуарымен аты шыққан және Жаңа Зеландияның басқа облыстарының ішінен басқаларға қарағанда осы сорт үшін алтын медальдарды жеңіп алды. Бұл аймақ сонымен бірге Шардоне, Рислинг, Пино Гри мен Совиньон Блан сорттарының сапа мойындауына жетті. Бұл аймақта жүзім өсірушілердің шарап турларын өткізеді, сондай-ақ ең үздік жүзім өсірушілерді қабылдайтын, Хайес көлінің жанындағы жаңа дегустациялық зал бар.

Басқа да ойын-сауық түрлері

Жылқылардың елі – бір, екі сағатты немесе толық күнді көрші Гленорчидің керемет пейзажымен рақаттана отырып ат үстінде өткізу.

Тұрғын үй

Блу Пикс Апартментс & Лодж – келушілерге арналған сапалы тұрғын үй және оңтүстіктің шынайы көрікті жері – біз мұнда сапар шегу кезінде тоқтаймыз.

« Лайн Отель лэнд энд Аурум апартментс» қонақүйі – қала орталығындағы өте жақсы тұрғын үй, біздің кей кезде тоқтайтын тағы бір орынымыз.

«Херитэйдж Отель» қонақүйі - өте жақсы отель, Вакатипу көлінің жағасында орналасқан.

«Томас Отель» қонақүйі - жағалауда – тура қаланың ортасындағы, Квинстаун қаласындағы көлге жақын орналасқан қонақүй. Төрт қабатқа орналасу – стандарттық немесе бюджеттік (егіздер, екі еселенеді, үш еселенеді) барлығында ванналы бөлмелері бар көп орынды бөлмелеріне дейін.

Отарлық ауылдық мотельдер мен апартаменттер – ғажайып және таңғаларлық көріністерді ұсынушы Квинстаундағы мотель.

Квинстаунда «эксклюзивтік» қонақүйлер үлгісіндегі бірнеше жақсы мысалдарды таба аласыз.

Стоун Хаус – Жаңа Зеландиядағы тартымды көріністерімен Квин-

стаун қаласының дәл ортасында орналасқан қонақүй, The Stone House ескі әлем мен заманауи қолайлылықтың көріктерін үйлестіруші эксклюзивтік және жабық отельді ұсынады.

«Дэйри Гестхаус» қонақүйі – Жаңа Зеландиядағы Квинстаун қаласындағы сәнді төсек пен таңғы асты қамтамасыз ететін қонақүй. Квинстаунның дәл ортасындағы тамаша тұрғын үйде тұрып көріңіздер.

«Браун Бутик Отель дәстүрлі еуропалық желілерде жасалған бұл жайлы қонақүй қала орталығынан 3 минуттық жүрісте орналасқан және әрбір бөлмеден таулы жотаның керемет көрінісін көруге болады.

Дереккөз: www.queenstownnz.co.nz

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаңа Зеландия елдің географиялық және климаттық жағдайларына байланысты оқиғалардың кең шеңбері үшін маңызды орынға айналды, ал жоғарыда айтылған екеуі де осы даму түріне жоғары дәрежеде қолайлы болып табылады.

5-ТАРАУ

ДЕТЕРМИНАНТТАР

Детерминанттардың түрлері

Детерминанттардың (факторлардың) екі түрі бар:

• әлдекімнің демалыс ала алатындығын анықтайтын факторлар;

• Егер факторлардың бірінші жиынтығы демалысты қабылдауға мүмкіндік берген жағдайда сапарлардың түрлерін анықтау факторлары.

Осы тарауда біз, әдеттегідей, назарға соңғы көптеген факторларды аламыз. Сапар түрі

өзгерістердің ірі диапазонын қамтуы мүмкін, соның ішінде:

• Тағайындау
• Сапар уақыты
• Саяхат түрі
• Ұзақтығы
• Демалыстың қатысушылары
• Орналасу түрі
• Мереке кезінде өткізілетін іс-шаралар
• Шығындардың сомасы.

Ары қарай біз детерминанттарды бөле аламыз:

• Туристке қатысы бойынша дербес факторлар
• Туристке қатысы бойынша сыртқы факторлар

Бұл факторлардың екі түрі 5.1 және 5.2 суреттерінде көрсетілген.

Әртүрлі факторларды иллюстрациялауға қызмет ететін екі жалпыланған суреттер. Осы факторлардың кейбіреулері тұлғалардың сапар шегулеріне кедергі жасаулары мүмкін, мәселен, денсаулық мәселелері.



Жеке турист
• **Жағдай**
• денсаулық
• қолда бар табыс
• бос уақыт
• жұмыс міндеттемесі
• отбасы жағдайлары
• автокөлікке ие болу
Білім
• белгіленген пункт
• әр түрлі туристік өнімдердің болуы
• бәсекелес ұйымдардың арасындағы бағалық ерекшеліктер
Позиция мен қабылдау
• орын және туристік ұйымдар жөніндегі түсініктер
• саяси көзқарастар
• жеке елдер мен мәдениеттерді артық көру
• туристік ұйымдардың белгілі жылжыту тәсілдерінің алдындағы қорқыныш

• сапарды уақытынан бұрын жоспарлау мен брондау
• туристік мінез-құлықтың нормаларына қарым-қатынас

Тәжірибе:
• демалыстың түрі
• әр түлі белгіленген пункттер
• түрлі ұсынылатын өнімдер
• нақты тұлғалармен немесе топтармен баға мен сапа ара салмағын жөніндегі түсінік
• сапарға қамдану

5.1-сурет. Туристердің мінез-құлық факторлары

Басқа факторлар тек сапардың түріне әсер етеді. 5.1-суретте аталған факторлардың барлық туристерге кез келген уақытта бірдей қатысты болмайтындығы түсінікті. Әртүрлі адамдар үшін белгілі факторлар басқаларға қарағанда, өз көзқарастарының, сипаттары мен қағидаларының, қорқыныштар мен өткен жылдардың тәжірибесінің тұрғысынан аз немесе көп маңызды болады. Тіпті бір тұлға үшін, факторлардың маңыздылығы жасынан, отбасы жағдайынан және турист ретіндегі тәжірибесінен өзгеріп отырады. Халықтың басым бөлігі үшін маңызды болып табылатын дербес факторлар туристік индустрия үшін нарықтық мүмкіншіліктерді білдіреді.

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы экономиканың өсуі бойынша, еуропалық және американдық компаниялар «ойын-сауық спектріне» әсер етуші олармен әлемдік нарықтарда бәсекелесуді бастайды. Менеджерлер, олар жұмыста қанша қажет болса, сонша уақыт болуларымыз керек деп санайды. Бұл тақырыптық демалыстар секілді интенсивтік қысқа мерзімді демалыс түрлері өсуінің бір себебіне айналды.



5.2 сурет. Туристік мінез-құлықтың сыртқы факторлары

Олар жұмыста өздерін ынталандыратын қысқа үзілісті іздеуші туристердің қажеттіліктеріне жауап береді.

Сол уақытта көптеген авикомпаниялар адамдардың көпшілігін ұшақпен саяхат жасауларын тоқтататын факторды қолданды, атап айтқанда ұшулардың алдындағы қорқыныш. Аталған себеп, күмәнсіз, олардың әлеуеттік нарығын қысқартады, сондықтан олар осы қорқынышты жеңу үшін арнайы курстарды ұсынуды бастады.

Осы екі қысқа мысалдардан көрінгендей, туризм индустриясы өз мүдделері үшін белгілі бір детерминанттарды қолдана алады немесе оларға өз пайдалары үшін әсер етуге тырысады.

Бәлкім, өз мүдделері үшін әсер етуші және қолданушы туризм индустриясының үздік мысалы баға мәселесі болып табылады. Көптеген туристер өздерінің төмендетілген бағасы бар демалысты тапқандығын сезінуді жақсы көреді. Теориялық тұрғыда, «Келісілген» елеулі маңызды мәртебесі туристік өнімнің тиімді ұсынысы ретінде қаралады.

Сондықтан да аталған индустрия туристік агенттіктерде көзге түсер тақырыптар арқылы сатулардың шама аспектісін ерекше атап көрсетеді, мәселен, «балаларға арналған бос орындар», «20% жеңілдіктер» және «тегін сақтандыру».

5.2-суреттегі факторларды келесідей мысалдарда көрсетілген топша-

ларға бөлуге болады.

• Саяси факторлар:

• мемлекеттік заңнама мен саясат;

• •иммиграциялық шектеу мен визалық талаптар;

• азаматтық тәртіпсіздіктер мен терроризм;

• саяси жүйенің сипаты;

• салық саясаты, мысалы, әуежайдағы салықтар;

• туристік салықтар.

• БАҚ:

• туристік бұқаралық ақпарат құралдары, мысалға, телевидение, газеттер мен жол көрсеткіштер бойынша

• туристік емес бұқаралық ақпарат құралдары, мысалы, телевидение бойынша жаңалықтық бағдарламалар мен жабайы табиғат бағдарламасы бойынша;

• қазіргі күні барлық факторлардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылатын әлеуметтік медиа факторы (17-тарауда толығырақ қарастырылатын болады).

• Туристік маркетингті ұйымдастыру:

• жарнамалық компаниялардың шетелдік бағыттары;

• туроператорлардың брошюралары;

• туристік онлайн агенттіктердің ұсыныстары мен жарнамалық акциялары.

Туристердің мінез-құлықтары анықталатын деңгей немесе сыртқы факторларының жеке тұлғаға және оның өмір салтына байланысты түрленулері.

Туристердің мінез-құлықтарының олардың жеке тұлғалық немесе сыртқы факторларымен қандай дәрежеде анықталатындығы жеке тұлғаның өзіне және оның өмір салтына байланысты болады. Адамдар экстраверттер достары мен туысқандарының пікірлері секілді сыртқы факторларды назарларына алуға бейім болуы мүмкін. Интроверттер көбінесе өздерінің тәжірибелеріне сүйенеді. Жаңалықтарды тұрақты түрде көретін, әлеуметтік және экологиялық мәселелерге қызығушылықтар тудыратын жақсы білімді адамдар сол немесе басқа елдегі үкіметтің адамдардың құқықтарын қорғау секілді сыртқы факторлардың әсерлеріне тез ұшырағыш болулары мүмкін.

Көптеген факторлардың өз тілектерін шындыққа айналдырғысы келетін туристер үшін не үйлестірушілер немесе шектеулер бола алатындығын атап өту маңызды болып табылады. Мәселен, қолда бар жоғары ақшалай табыстар үйлестіруші, ал төменгі табыс шектеуші болады.

Әдетте кері әсерін тигізетін негативтік суреттерге қарағанда, әлеуетті туристерді осы орындарға баруға сендіру үшін курорттың әсерлі суреті салынатын жол көрсеткіштерде де сондай болып табылады.

ТОПТЫҚ САПАРЛАРДЫ АНЫҚТАУШЫ ФАКТОРЛАР

Туристік топтардың жағдайында, отбасы немесе достардың топтары болсын, детерминанттардың мәселесі ерекше күрделі болып табылады. Әр адам өзінің жеке детерминанттарына, ал топ факторлардың толық жинағына ие. Әр адамның детерминанттары барлық топты біріктіру үшін орындалуы тиіс, бұл топтың әр мүшесінің жағынан ымыраны білдіреді.

Одан басқа, топтың күшті мүшесі ұшу алдындағы қорқыныш секілді өзінің жеке детерминанттарын топтың басқа мүшелерінің әрқайсысына міндеттей алады. Қалғандары топтың үстемдік етуші мүшесінің қажеттілігін қанағаттандырудың орнына ұшақта ұшуды, сонымен бірге пароммен өз сапарының жолын табуды артық көрді.

ШЕШІМДЕРДІ ҰТЫМДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ МИФ

Туристер толық мәліметке негізделген ұтымды шешімдерді қабылдамайды. Олар 5.1 және 5.2-суреттерінде келтірілген көп факторларды білмеуі де мүмкін. Одан басқа, олар факторлар жөнінде жақсы хабардар болулары мүмкін.

Мәселен, екі кішкентай баласы бар жас жұп пен қызу жұмыс, олар демалысты ала алмайтындықтарын біледі, бірақ әйтсе де сапар шекпекші болып шешеді. Бұл ұтымды әрекет емес, алайда, олардың оқиғасы әбден түсінікті. Өмірдің басқа да аспектілері секілді қысым жасау мен эмоциялар көп жағдайда логиканы басумен болады.

КҮТПЕГЕН ЖАҒДАЙЛАР МЕН КЕЛІСІМПАЗДЫҚТЫҢ РӨЛІ

Ұтымды шешім қабылдаудың мәселелеріне ілесе отырып, біз екі мәселеге тоқталатын боламыз: күтпеген жағдайлар мен келісімпаздық. Туристің ағымдық жағдайларына негізделген жоспарлар күтпеген жеке оқиғалардың салдарынан бір сәтте ескіріп кетуі мүмкін. Туристің денсаулығы осыған жарқын мысал бола алады, мұнда мысалға, өткен тәжірибеге негізделе отырып, шаңғы тебу арқылы демалысты өткізу жөніндегі шешім қабылданады, бірақ жақсы демалыс жөнінде егер ту-

рист аяғын сындырып алған болса, қайтадан ойлану керек болады.

Күтпеген жағдайлар туристік мінез-құлыққа оң әсер етуі де мүмкін. Мысалға, отбасы олардың осы жылы Ұлыбританиядан Францияға демалыс ала алмайтындықтары жөнінде шешім қабылдайды. Сол кезде 2015 жылы болғандай фунттың евроға шаққандағы құны тез өсіп кетеді, 1.2-ден 1.4-ке дейін. Сол кезде газеттер пароммен сапар шегуге арзан билеттерді ұсына бастайды. Бұл барлық отбасы мүшелерін өз шешімдерін өзгертіп, солтүстік Францияға қысқа сапар алуға итермелейді.

СОҢҒЫ МИНУТТА ЖЕҢІЛДІКТЕРМЕН САТЫП АЛУ ФЕНОМЕНІ

Детерминант ұғымы туристер арқылы демалысты жоспарлауға, мәліметтер жинау мен баламаны бағалауға кететін ұзақ кезеңге қатысты идеяға бағытталған. Десек те, детерминанттың қысқа мерзімде шығу тілегі, сонымен қатар егер бағасы айтарлықтай төмен болса, мінсіз өнімді қабылдауға даярлығы болып табылатын соңғы минутта жеңілдіктермен сатып алу секілді феноменнің өсуі байқалуда. Кез келген жағдайда, көптеген танымал бағыттарға ұсыныстардың өсуінен және туристерге егер шешімді кеш қабылдаса, рейстерсіз немесе бөлмелерсіз қаламын деп қорқудың қажет болмауынан және басқа да бірқатар шешімдерден соңғы жылдары демалысты жоспарлауға кететін уақыт азайды. Сол уақытта, ғаламдық экономикалық дағдарыс тұтынушылардың сенімдерін азайтты, сондықтан адамдар саяхат жасамастан бұрын, оларда әлі де жұмыс бар екендігіне сенімді болғылары келеді. .

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Туризм индустриясы туристік мінез-құлықтың детерминанттарға әсер етуінде маңызды рөл атқарады. Мәселен:

•кейбір туристік мінез-құлықтардың детерминанттарына сәйкес өнімдерді әзірлейді, мысалға, қозғалу кезіндегі қиындықтар секілді денсаулыққа қатысты нақты мәселелері бар туристерге арналған пакеттерді ұсынады;

• денсаулық және визалық талаптары бойынша мәселелері бар әлеуетті туристерге мәліметтерді ұсынады және сол демалыс орындарындағы мәдени көрікті жерлерге климаттық деректерді белгілейді;

•туристердің әртүрлі топтары мінез-құлқының негізгі детерминанттарына сәйкес болу үшін жарнамалық хабарламаларды әзірлейді,

мәселен, шектеулі табыстары бар адамдарға немесе сауда жасағанды жақсы көретіндерге жеңілдіктер жасау ұсыныстарына, сонымен қатар балаларға арналған жақсы шарттары бар отбасылар курортының белгіленген орындарындағы қауіпсіздікке қатысты сенімділікке баса назар аударылады.

Осыған қатысты негізгі рөлді туризм индустриясының өндірушілері мен олардың клиенттерінің арасындағы делдал болып табылатын турагент ойнайды.

Райан (1997) былай дейді: «Берілген мәлімет демалушы адамның күтуін анықтайтын мәліметтердің бөлігіне айналады. Турагент бастапқы табысты немесе демалыстың сәтсіздіктерін құру үшін барлық құралдарға иелік етеді». Демалушының демалыстан қанағаттанбаушылығына әкеліп соқтыратын агенттен алынған нашар немесе сәйкес келмейтін ақылдар мінез-құлықтың болашағын анықтауы әбден мүмкін, атап айтқанда:

• бір агентті болашақта қайтадан қолданбайды;

• сол туристік ұйымнан қосымша тауарларды сатып алмауға шешім шығарады;

• өзінің, достары мен туысқандарының демалыстарына негативтік баға береді.

Коммуникациялық технологиялардың дамуы турагенттің қазіргі кезде Хай-стриттегі бөлшектік дүкенінде болуын емес, көбіне онлайн-агент бола бастауын білдіреді. Әрине, шағымдану айтарлықтай қиындау болады, бірақ бұл тұтынушылардың таңдаулары үшін көптеу мүмкіншіліктер беретін болады.

УАҚЫТ АРАЛЫҒЫ МЕН ДЕТЕРМИНАНТТАР

Көптеген туристердің сатып алу жөніндегі шешімді ескірген факторлардың әсерінен қабылдаулары мүмкін. Олар барғысы келетін жерлер мен туристік ұйымдар жөнінде әлдеқашан ескірген мәліметтерді ғана білулері мүмкін.

Мәселен, әлдебіреудің есінде оның алғаш рет 20 жыл бұрын барған тыныш, сол қалпында сақталған грек аралының көрінісі әлі де қалған, ол басқаларды сол аралға қайтып баруға көндіре алды, бірақ ол арал әлдеқашан өте жоғары дамыған және көп адамдық орынға айналып үлгерген. Бизнес-туристер қолда бар ұшақтарының ескі болуларынан беделі бірнеше жыл бұрын сенімсіз болған қандай да болмасын авиакомпанияларды қолданбайды, әйтсе де, өткен кезеңдердің ішінде бұл мәселе

жаңа ұшақтарды сатып алу жолымен шешілді. Туристік ұйымдар өзінің маркетингтік қызметін жоспарлау кезінде осы уақыт аралықтары мен туристік мінез-құлықтағы ескірген детерминанттар жөнінде хабардар болулары тиіс.

ТУРИЗМ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ДЕТЕРМИНАНТ РЕТІНДЕГІ БІР ЖОЛҒЫ НЕГАТИВТІК ТӘЖІРИБЕСІ

Индустрияларға болашақ туристік мінез-құлықтың детерминанты ретіндегі біржолғы негативтік тәжірибенің әсерін бағаламауға болмайды. Мәселен, рейстің кешігуі немесе авиакомпанияның алдын ала тапсырыс берілген диеталық тағамды жеткізуден бас тартуы немесе бір сапарда жүктің жоғалуы келесі жағдайларға әкеліп соқтырады:

• болашақта авиакомпанияларға бойкот жариялауға;

• авикомпаниялар жөнінде өз достары мен туысқандарына негативті айтулары.

ҚОРЫТЫНДЫ

Туристердің мінез-құлқындағы детерминанттар (факторлар) күрделі және алуан түрлі болып келеді. Олар әр турист үшін әртүрлі болып келетін дербес детерминанттардан тұрады. Сонымен қатар жеке туристерге әрқалай жеткізетін сыртқы факторлары да болады. Детерминанттардың мәселесі туризм индустриясының әрекеті, шешім қабылдаудың ұтымды идеясы, соңғы минуттардағы сатып алулар мен демалушылардың құрамы секілді мәселелермен байланысты болып келеді.

6-тарауда біз уәждеуіштер мен детерминанттардың сатып алу процесінде қалай бірігетіндіктерін көреміз.

ТАЛҚЫЛАУ МЕН ЭССЕГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Денсаулық, отбасы жағдайлары мен жұмыс секілді жеке міндеттемелердің туристік сапар түрлеріне әсер ете алатын тәсілдерін сипаттаңыздар.

2. Туристердің мінез-құлқы мен тәсілдеріне әсер ете алатын түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын талқылаңыздар.

3. Туристер түсінігінің шындығында оларға белгіленген уақытта ықпал жасайтын негізгі детерминанттарды неге қамтып көрсетпейтіндігінің себептерін зерттеңіздер

ЖАТТЫҒУ

Олардың демалысты соңғы рет брондауы бойынша 5.1 және 5.2-суреттеріндегі факторлардың қайсысының ең ықпалды болғандықтарын анықтау үшін достарының/әріптестерінің/курстастарының арасында шағын сауалнама жүргізу. Содан кейін нәтижелері жөнінде есеп даярлап, деректерді жинау мен жеткізу кезінде қандай қиындықтарға ұшырасқаныңызды атап көрсетіңіздер.

СІЛТЕМЕЛЕР

Ryan, C. (ed.) (1997). *The Tourist Experience: A New Introduction*. Cassell, Лондон.

5.1-қосымша. PGL орталықтарының қысқаша сипаттамасы	
Ұлыбритания Орталықтары	Франция Орталықтары
Девон (Север): Бим Хаус	Шато ду Тертре
Девон (Юг): Бартон Холл	Шато де Гранде Ромэйн
Дорсет: Осмингтон Бэй	Ле Пинн
Херефордшир: Хилькрест	Домэйн де Сегри
Айл оф Уайт: Литл Канада; Уайтклифф Бэй	Луи Валагран
Ланкашир: Уинмарли Холл	Мимоза
Линкольншир: Кэйхорп Холл	
Шотландия (Хайлэнд): Дэлгайз	Тау шаңғысы курорттары елдері
Шропшир: Боаттон Парк	Андорра
Суррей: Марчантс Хилл	Австрия
Суссекс: Уиндмилл Хилл	Чехия Республикасы
Уэльс: Луин Филли; Тригойд Хаус	Франция
Уилтшир: Лиддингтон	Италия
	Испания
Испаниядағы орталық:	АҚШ
Ла Фоска	

Дереккөз: www.pgl.co.uk

5.2-қосымша. PGL өнімінің портфелі

PGL мектеп экскурсиялары (бастауыш мектеп үшін)

Біз сіздің оқушыларыңызды олардың тырысушылықтарын арттыру, сенімін қалыптастыру мен алға қойылған мақсаттарына жетулеріне себептесу үшін шабыттандыратын, уәждейтін боламыз. Әрбір күн жаңа оқиғалар мен өз достарының қолдауымен жаңа бірдеңені жасап көруге әрекеттенуді әкеледі. Олар шабыттанған және дайын қалыптарында артқа қайтарылады. PGL біздің ең жақсы істеріміздің бірі жастардың арасынан үздіктерін анықтау болып табылады, сіз үлкен мектеп сапары үшін ең үздік қолдауға ие боласыз. Бізде барлығы қамтылған – ұйымдар, жабдықтар, тұру мен тамақтану. Сіздің берілген «Табынушыларыңыз» сізді және тобыңызды қолдау үшін әрқашан сіздермен бірге болады, сонымен бірге қызу күннен кейін сіздің босаңсуыңызға көмектесетін кештер сайын жарқын көңіл көтеруші сессиялар да ұйымдастырылған. Арнайы тақырыптар: «Ашық ауада білім беру», «Француз тілі мен мәдениеті».

Мектеп экскурсиялары PGL (орта мектеп үшін)

Студенттерді PGL бірге ашық ауаға алып келіп, осы күннің не әкелетінін бақылау. Біз өз студенттерімізді тарту мен шабыттандыру үшін оларға ары қарай жүруге және көп жетістіктерге жетуге көмектесе отырып, балаларды ашық ауада оқытамыз. PGL тәжірибесі ешқашан ұмытылмайды. Біз оқушыларыңыздың ең жақсы қасиеттерін қалай ашуды білеміз, олардың белсенділіктерін, уәждемелері мен білім алуға деген ниеттерін дамытуға көмектесетін табысты мектеп экскурсиясына арналған барлық қажетті қолдауды береміз. Біз үшін ол өте маңызды болып табылады. Бізде барлығы қамтылған – ұйымдар, жабдықтар, тұру мен тамақтану. Сіздің берілген «Табынушыларыңыз» сізді және тобыңызды қолдау үшін әрқашан сіздермен бірге болады, сонымен бірге қызу күннен кейін сіздің босаңсуыңызға көмектесетін кештер сайын жарқын көңіл көтеруші сессиялар да ұйымдастырылған

«PGL Group Residential Weekends»

PGL – бұл жай демалыс емес, мыңдаған жастар үшін нағыз оқиғалар. Біздің орталықтарымыз 7 жастан 17 жасқа дейінгі топтарға арналған еліктіргіш көңіл көтеруші іс-шаралардың үйлесімдерін ұсынады, ол іс-шаралар жастарды шабыттандыру және жақсы қасиеттерін анықтауға арналған. Олардың көбі үшін бұл жаңа саяхаттың басталуы болып табылады. Біздің орталықтарымыз кез келген мөлшердегі топтарды жайғастыру үшін тұрғын үйлермен жақсы жабдықталған, егер

сіз шағын топпен келгіңіз келсе немесе аймақтық жиналуды ұйымдастырғыңыз келсе біз барлық қажетті қолдауды ұсынамыз.

Топтардың тақырыбы – үй және гидтер, бөлтіріктер мен скауттер, жасақтар мен курсанттар, жас топтар, спорт клубтары, діни топтар.

Шытырман оқиғалы демалыс PGL-мен (7-17 жас)

1957 жылдан бастап 8000 000-нан аса балалар мен ата-аналар PGL Ұлыбританиядағы №1 жазғы лагер болып табылатындығын мойындады. Біздің «барлығы қамтылған» демалыс кешеніміз балаларға қызықты іс-шаралардың толық пакетін, жаңа адамдармен танысуды, өз ойын білдіру еркіндігін, бірінші кластағы қауіпсіз орындарды ұсынады. Тұрғын жайлар 99 $, ал туған күнді мерекелеу 16 £ басталады, сонымен қатар барлық әлем бойынша орталықтарымыз бар.

Арнайы тақырыптар – «Мульти-белсенді демалыс», «Оқиғалар», «Шығармашылық балалар», «Оқығанды жақсы көреміз», «Шет елде».

PGL Шетелдік студенттер

Біз 18 жасқа дейінгі тұлғалар үшін таза ауада және Ұлыбританияда тұрғын үй берумен білім беретін ең ірі және сенімді өкіл болып табыламыз, бізде сонымен қатар барлық әлем бойынша құрылған арнайы орталықтарымыз бар. Сіздің клиенттеріңіз ағылшын тілін бейресми жағдайда қолдана алады, себебі олар демалыстарда таза ауада жас ағылшындармен бірге іс-шараларға қатысады. Олар ағылшын тілінде сөйлесу мүмкіншіліктері бар біздің орталықтарымыздың маңындағы тарихи және мәдени көрікті жерлерге баратын болады. Сонымен бірге, олар «CELTA» білікті мамандарымен кіші кластарда ресми жағдайда күн сайынғы ағылшын тіліндегі оқытуды да таңдай алады.

Арнайы тақырыптар – «Ағылшын тілін оқыту бағдарламалары», «Оқиға», «Ағылшын тілін жеке үйрену», «Француз тілі: оқиға мен мәдениет»

Дереккөз: www.pgl.co.uk

Компания іс-шаралардың толық спектрін ұсынады, соның ішінде садақпен ату, салды құрастыру, автожарыстар, дюльфер, каноэ, спорттық бағдарлану, кедергілер алабы, желкенді спорт, виндсёрфинг, тауларға шығу және басқалар (5.3-қосымша).

5.3-қосымша. PGL орталықтары бойынша ұсыналатын іс-шаралардың толық спектрі

Дюльфер	Аэробол	Барлығы бортқа
Су горкалары	Садақпен ату	Жағалауда серуендеу
Велосипедпен серуендеу	Биокартинг	Кішкентай велосипедте трюктер орындау
Жату серфингі	Қабырғаға міну	Каноэ
Аспалы көпірлерде жүру	Тосқауылдардан өту	Цирк қабілеттері
Тауларға шығу	Жағалауда жүру	Жәшіктерде тосқауылдардан өту
Аждаһа қайығымен серуендеу	Баурай бойынша шаңғымен сырғанау	Экологиялық жорық
Семсерлесу	Жедел көмек	Орманға жорық
Алып әткеншектер	Арқан кешені	Жаяу серуендеу
Тарихи серуендеу	Вант-трап	Қайықпен серуендеу
Кішкене кемемен серуендеу	Әуе жыландарын ұшыру	Шағын биіктікте жүру
Матрица	Арнайы велосипедте таудан түсу	Туристік маршрут
Спорттық бағдарлау	Арқанмен секіру	Мәселелердің шешімі
Квадрациклдерді жүргізу	Салды құрастыру	Мылтық ату
Сезіну жорығы	Секвойяға өрмелеу	Спорттық ойындар
Көше серфингі	Аман қалу	Командалық тосқауылдардан өту
Командалық ойындар	Трапецияда трюктер орындау	Ағаштарға міну
Ағаштарға биіктіктері бойынша серуендеу	Туннель бойынша серуендеу	Биіктіктегі тоқсауылдардан өту

Дереккөз: PGL website (2015)

Барлық демалыстар жақсы жаттықан қызметкерлер арқылы күтімнен және оқытудан, мамандандырылған жабдықтар мен киімдерден , кешкі көңіл көтерулер мен пансиондардан тұрады.

Орталықтар мен оқиғалы іс-шаралар қызметкерлер құрамы басшысының кәсіпқойлығын талап етеді.

Alton Court компаниясының бас кеңсесі барлық қажетті арнайы жабдықтарды сақтау үшін 100 000-нан аса куб метр көлеміндегі қоймадан тұрады.

PGL Travel Limited, Council for Learning Outside the Classroom, Roy-

al Yachting Association, Institute of Outdoor Learning и the British Canoe Union бірге белсенді демалыспен айналысатын негізгі ұйым болып танылған.

PGL TRAVEL LIMITED ҚОЛДАНУШЫЛАРЫ

Демалыстар 7-17 жас аралығындағы жастарға арналған. Клиенттер әртүрлі жас санаттарына арналған демалыстардың диапазонын таңдай алады. PGL орталығына баратын жас адамдар, көп жағдайда өздерінің отбасыларынан бірінші рет алысқа шыққандарын ойлап, уайымдайды. Бұл компания үшін басты басымдылықтардың бірі жастардың қауіпсіздігі болып табылады, бұл аспектілер жарнамалық әдебиетте көрсетіледі.

Жастар PGL орталығына көп әсерлер алу үшін барады. Бірінші рет олар үйлерінен алыстап шығады және өздігінен өмір сүруге үйренеді. Олар әртүрлі қызметтермен айналыса отырып, қызықты оқиғаларды іздеумен болады; сонымен қатар жаңа достар мен әсерлерді іздейді. PGL орталығында демалыстарын өткізген кейбір жас адамдардың берген түсініктері 5.4-қосымшада берілген.

5.4. PGL орталығында болғаннан кейін жастардың (және олардың ата-аналарының) берген түсініктері

Қызметкерлер тәулігіне 24 сағат бойы жымиюмен және күлумен болды!	«Мэтьюдің демалысы біткенде, ол бізді көріп ақырын ғана жымиды»!
«Энтонидың орталықтан шыққаннан кейінгі алғашқы айтқаны: «Сізге ашық хат жібермегенім өкінішті, бірақ мен тым көп көңіл көтердім, сондықтан жазуға уақыт та болмады!» «Егер сіздің ағаңыз бен әпкеңіз есіңізді шығарса, PGL келіңіз – және одан құтылассыз». «Аяқталмайтын сауық-сайрандар, басынан аяғына дейін!	«Джонатан өзінің демалысынан екі аптадан астам уақыттан кейін келді және өткізген уақытын қорытындылайтындай, әлі де сол туралы айтып жүр»! "Мен қатты таңғалып отырмын! Мен оны ұнаттым және онда қайта барғым келді! «PGL орталығы менің ересектеріме қайтадан керемет апта сыйлауы қолынан келді»!
«Ол жерден кету мәселе болмады – онда достық жағдай тым жоғары деңгейде болды, ол бірден үйреніп алды».	«Себеттер мен күректер шытырман оқиғалар мен белсенді әрекеттерге ауысқан сияқты»!

«Сіз көптеген жаңа достарыңызды таба алатын тек қана балаларға арналған» PGL орталығы демалыстарды тамаша өткізуге керемет орын болып табылады».

«Мен қуанған кездегі бір де бір минут босқа өткен жоқ. Абайлаңыз – Мен қайтып келемін»!

«Өте кәсіби ұйымды құттықтаймыз. Сіздің барлық қызметкерлеріңізге ризашылығымызды білдіреміз».

«Бұл ұмытылмас әсер – неге келесі жазда тағы болмасқа»?

Дерек көзі: www.pgl.co.uk

PGL орталығының клиенттері көбінесе, ABC1 әлеуметтік-экономикалық топтарына жатады. Бұл рейтингілік газеттерді оқитын, жоғары өмірлік деңгейі бар кәсіби адамдар. Олар жақсы үйлерде тұрып, бір автокөліктен көбірек автокөліктеріне жиі ие болады.

PGL ОРТАЛЫҒЫНДА ДЕМАЛЫСТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

PGL орталығының жарнамалық стратегиясы нарықта белсенді демалыстардың озық компаниясы ретінде сақтап қалуға көмектесті. Партиялық көшбасшылардың адал табынушылары жарнама әдебиетінде белгіленген сапаға, қауіпсіздік және баға мен сапаның өзара қатынасына сүйенді.

PGL орталығы өзінің байланыс құрылымында алты әдіске бөлінеді:

- мекенжай поштасына жіберу;
- жеке сатулар;
- жарнама;
- жұртшылықпен байланысы;
- ауызша сөз;
- ғаламтор.

Коммуникация әдістерінің әрекеттесуі өнімге және нарыққа қатысты әр тиімді құралға байланысты пайдаланылып, өзгертіледі. Мысалы, жарнама үлкендердің шығарып салуынсыз балаларға бағытталған маркетингтік демалыстар үшін ең тиімді болып табылады.

PGL орталығы үшін қозғалыс жоспары 5.5-қосымшада көрсетілген.

Тікелей пошталық жіберілім - PGL орталығының тұтынушылары үшін ең тиімді экономикалық маркетингтік құрал болып табылады - ол біздің клиенттерді дәлме-дәл бағыттап, түрлі кампаниялардың табысын санмен бағалауға мүмкіндік береді. Барлық тікелей пошталық

белсенділердің негізінде, PGL қолданыстағы барлық клиенттер мен әлеуетті клиенттерді қосатын мәліметтер базасының орталығы болып табылады. Жіберілімнің арнайы тізімдері сыртқы жабдықтаушылармен алынады. Пошта арқылы жіберілген заттарға кітапшалар, ақпараттық бюллетендер және үй жағдайында немесе ата-аналардың пайдалануы үшін видеолар жатады.

Жарнама - PGL кампанияларының көбінде әртүрлі деңгейдегі жарнамалық мүмкіндіктері әр өнімнің жарнамалық құралының көп болуына байланысты болады. Ол көбінесе балалар мен ересектер үшін жеке демалыстармен бірге пайдаланылады. PGL орталығы жөнінде хабарландырулар жексенбілік газеттер мен қосымшаларда, білім беру қосымшаларында және балаларға арналған баспаларда шығады, олардың тек кейбіреулері ғана аталған және олар кітапшаларды шығару мен пошталық жіберілімдердің арнайы ұсыныстарымен жиі бірдей болады.

Жұртшылықпен байланысы - PR-қызметке пресс-релиздер, газеттер мен журналдардағы жарнамалық мақалалар, жарыстар жөніндегі ақпараттық бюллетендер мен қосымшалар жатады. Журналистер, сонымен қатар, олардың балаларын PGL орталығына демалысқа жіберіп, олардың өткізілген уақыты туралы айтып беруді ұсынады. PGL орталығы жергілікті шіркеу мейрамдарын, спорттық іс-шараларды және т.б. қолдайтын, біздің орталықтарымыздың айналасындағы қауымдастықтармен тығыз жұмыс жасауға тырысады. Осындай мүмкіндіктер мектеп шіркеулерінің іс-шараларын, спорттық күндер мен ақпараттық бюллетендерді қолдау үшін қалыптасқан. PGL орталығы мектептегі марапаттау рәсімінде марапаттарды табыстауға демеушілік етті.

Ауызша сөз (әлеуметтік медиалар) – ең мықты жарнамалық құрал және PGL орталығы клиенттер PGL орталығында жаңа топтарды немесе жеке тұлғаларды ұсынған кезде, оларды марапаттай отырып, оның пайдаланылуын белсенді мадақтайды. Ол үнемі өзінің веб-сайтында шолулар жасап, «соңғы твиттерін» жаңартып, бірге түскен фотосуреттерін салады. Бұның бәрі қатысушы топтар мен мектептердің видеоларын және фотосуреттерін шолуларын жасай отырып, Facebook көпфункционалды сайтымен қолдау алады. Сонымен қатар, Facebook-тағы парақшалар арқылы өзара байланысқан ақпараттары мен жарнамалық роликтері бар PGL YouTube каналы да бар.

Ғаламтор - ғаламтор-кітапшаларына сілтемелерімен веб-парақшаларынан басқа, веб-сайт өнім туралы ғана емес, сондай-ақ, топтарға

сапар жасауға дайындалуға көмектесетін оқуларға нұсқаулықтары мен ережелерінің жинағымен, қауіп-қатерді бағалаумен байланысты ақпараттар туралы жалпы ақпараттарды қамтамасыз ете отырып, экскурсиялық топтың оқытушы / мұғалімі ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар, веб-сайт Alphe білім беру конференцияларына баратын халықаралық агенттерге арналған тегін «таныстыру сапарларын» шығарады.

Дерек көзі: www.pgl.co.uk

ҚОРЫТЫНДЫ

PGL Travel өз өнімін отбасыларынан алыс жерде уақыт өткізгілері келетін жастарға арналған демалыстарға өсіп жатқан қызығушылықтарын ынталандыру үшін дайындайды да, мектеп экскурсияларына сұраныстардың өсуі көрсетіледі. Олар жақсы басқаруды және олардың салаларындағы мамандарымен демалыс орталықтарын қамтамасыз етуді ұсынады. Ол ата-аналарға олардың балаларына тиісті жағдайда қарайтынын біле отырып, қауіпсіздік сезімін береді. Балалар үшін PGL орталығы еліктірер оқиғалар мен жаңа әсерлерді ұсынады. PGL орталығына демалуға баратын балалардың көбі олардың келесі сапарларына қайта баруларын асыға күтеді!

PGL орталығы өз ұсыныстарын он жылдың ішінде ыңғайлап, топтардың оқытушылары мен мұғалымдері үшін ресурстар мен қолдауларын жақсартты. Үндістандағы Cox and Kings Ltd «әлемдегі ескі туроператорлары» еншілес компаниясының Holiday Break білім беру бөлімінің бөлігі бола отырып, бұл отбасылар мен шағын топтарда белсенді демалыстарды қамтамасыз ететін жалғыз компания емес; ол ірі жаһандық білім беру туристік топтарының аясында белсенді білім беру демалысының негізгі жабдықтаушысы болды.

6-тарау

Сатып алу шешімі процесінің үлгілері

Кіріспе

4 және 5-тарауларда туристік мінез-құлқының уәждемелері мен детерминанттарын қарай келіп, сатып алу туралы шешім қабылдау үрдісін қарастыру уақыты келді. Оған дейін туристер сатып алатын өнімнің сипаттамасын қарастыра келе, кішкене уақытты жұмсау қажет. Туристік өнімдер екі түрлі деңгейде қолданылатындықтан, олар күрделі болып келеді:

• келушілерге арналған тұрғылықты жерді, көлікті, орындар мен көрнекі жерлерді қоса отырып, жеке секторлардың өнімдерінің қосындысын ұсынатын жолдама;

• бір күндік сапар аясында тематикалық саябақтарға бару мен әуе билеттері сияқты дербес өнім ретінде сатылуы мүмкін жеке секторлардың өнімдері.

Бұл тарауда бірінші деңгейдегі өнімдерге назар аударамыз, себебі олар туризм индустриясын көлік және қонақүй индустриясы сияқты өнеркәсіптің басқа салаларынан ерекшелейді.

Туристік өнімдер мен қызметтер

Туристік өнімдер көбінесе қызметтерді құрайды. Маркетинг саласындағы қызметтердің бейматериалдығы мен сервисті сатып алу ешқашан бір нәрсеге иеленуін әкелмейтін фактіге қатысты қызметтерді анықтауға тырысты. Олар өнімдер мен қызметтердің сипаттамаларын көрсете отырып, олардың арасындағы айырмашылықтарды келесі түрде анықтамақшы болды:

• **Бейматериалдық** – сатып алар алдында оны көре алмайтын, дәмін тата алмайтын немесе сезе алмайтын бейматериалды қызметтер. Туристік компаниялар тұтынушыларға бұның бәрі «шынайы» көрінетіндей демалатын жерлерінің видеосын ұсына отырып, бұл мәселені шешуге тырысты. Виртуалды шындық сияқты алғашқы технологияларды қолдану бұл мәселенің шешуін болжамдады. Бұл табыстарға қарамастан, тұтынушылар туристік өнімнің бейматериалдығы үшін оларды таңдаған кезде бұрынғыдай айтарлықтай тәуекелге барулары керек.

• **Бөлінбейтін** – өндіру мен қызметтің өндірісінің және оны пай-

даланудың арасындағы кедергі сипаттамалары бар қызметтер. Сервис жабдықтаушы мен клиенттің тұлғасы ретінде ұсынылған. Ол мінез-құлықты қалыптастыра отырып, тұтынушыға әсер етеді де, тұтынушылар өз мінез-құлықтарының үлгілерін олардың тәжірибелеріне сәйкес өзгерте алатынын білдіреді.

• **Әртектілік** – тауарды әр кезде қолданғанда қызмет көрсетудің бірқалыпты деңгейін ұсыну үшін туристік қызметтерді жабдықтауға қиындықтарды ұсынады. Сөйтіп, тұтынушының көңіл-күйі олардың қызмет көрсетулерінің бағасына әсер етеді. Ол екі рет дәл сондай бола алмайды. Бұл туристік тұтынушы үшін өнімді сатып алған кезде тәжірибенің әлеуетті сапасы туралы айту өте қиын екенін білдіреді. Сонымен қатар, ол қайтадан сатып алу туралы мәселені қарастырған кезде өткен тәжірибелеріне сүйену олар үшін қауіпті екенін білдіреді. Өткендегі тәжірибе қандай сәтті болса да, ол болашақта толығымен қарама-қарсы болуы мүмкін. Тұтынушы өзгеріп, түрлі ұсыныстар мен күтілімдері болуы мүмкін. Сондай-ақ, сервис уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін.

• **Меншіктіктің болмауы** – тұлға қызметті сатып алғанда ғана қолы жетеді. Мәміленің соңында тұтынушы ешқашан ештеңеге ие болмайды. Сервис өнімнің меншіктік сезімін емес, қанағаттану сезіміне жиі әкеледі. Ол сервисті сатып алу тұтынушыға айтарлықтай және эмоционалды әсер ететінін білдіреді.

Таңдайтын тауарларды салыстырудағы ыңғайлылық

Қызметтің сипаттамасы туристік өнімнің тек бір аспектісі болып табылады. Теорияшылдар маркетинг саласында ыңғайлылық пен таңдалатын тауарлардың түрлі сипаттамалары болатынын белгіледі (Миддлтон және Кларк, 2001). Күнделікті пайдалану тауары – бұл бағасы төмен және жиі сатып алынатын дайындалған өнім. Әдетте, таңдалатын тауарда жоғары баға болады және оны жиі сатып алады. Таңдалатын тауарлар Маслоудың қажеттіліктер пирамидасының жоғары талаптарына жауап береді. Ховард және Шет (1969) таңдалатын тауарларды сатып алу тұтынушыны мәселелерді кең ауқымды шешіміне тартса, күнделікті пайдалану тауарларын сатып алу тұтынушыны мәселелерді шешу бойынша кертартпалыққа негізделген қызметке тартатынын айтады.

Бұл тауарлар мен қызметтердің екі түрі үшін сатып алушының мінез-құлқының спектрі 6.1-суретте анығырақ зерттелген. Қарастырылып отырған сурет таңдалатын өнімдердің санатына жататын қызметтердің сипаттамасы тұтынушылардың мінез-құлқына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Осыдан ең күрделі мәселелер кешені динамикалық

тұтынушылық тауарларға қарағанда, туристік өнімдерді сатып алу-сату процесіне қатысатынын байқауға болады. Бұл процесс тұтынушыны көп уақытты және жоғары деңгейлі міндеттердің көбін алатын күрделі шешімдер топтамасына тартады. Мидлтон және Кларк (2001) ол марканың адалдық деңгейінің түсуіне және өткізудің шектеулі тізбегінің күтілуіне әкелетінін болжамдайды.

Күнделікті пайдаланатын тауар	Таңдалатын тауар
Бір тауардың төмен бағасы/құны	Бір тауардың жоғары бағасы/құны
Қосымша қажеттіліктер	Қосымша қажеттіліктер
Мәселені шешудің төмен деңгейі	Мәселені шешудің жоғары деңгейі
Ақпарат іздеудің төмен деңгейі	Ақпарат іздеудің жоғары деңгейі
←	→
Сатып алудың жоғары жиілігі	Сатып алудың төмен жиілігі
Маркаға адалдықтың жоғары жиілігі	Маркаға адалдықтың төмен жиілігі
Шешім қабылдау үрдісінің жылдам әрекеті	Шешім қабылдау үрдісінің төмен жылдамдығы
Пайдаланудың жоғары жылдамдығы	Пайдаланудың төмен жылдамдығы
Күтілетін кең таралым	Күтілетін шектеулі таралым

Сатып алушы мінез-құлқының спектрімен байланысты өнімдер спектрі

Күнделікті пайдаланатын тауар	Таңдалатын тауар
←	→
Қалалық автобус	Демалыс күндер
Қала сыртындағы пойыз	Қонақүйде тұру
Банктік қызметтер	Әуе көлігі
Пошталық қызметтер	Жеке оқыту
Өзіңмен алып кететін тағам	Автомобильдер
Кір жуғыш ұнтағы	Мұздатқыш камералары
Темекілер	Кілемдер
Бір плитка шоколадтың жоғарғы сапасы	Жиһаз

6.1-сурет. Сатып алу мінез-құлқы сипаттамасының спектрі – тауарлар немесе қызметтер
Дереккөз: Мидлтон мен Кларктан бейімделіп алынған (2001)

Енді тұтынушылар мінез-құлқының туристік өнімдердің сатып алу процесіне тартылған басқа да қиын түрлерінің кейбіреуін қарастырайық. Бұл қиындықтар 6.2-суретте көрсетіліп, төменде айтылған.

Сатып алу туралы шешімді қабылдау процесіне белсенді қатысу және тұтынушылардың қызығушылықтары

Тұтынушылар туристік өнімдерді және қызметтерді сатып алған кезде тұтынушылардың мінез-құлықтары процеске жоғары бағытталғанын және тауарлар мен қызметтердің сипаты үшін қызығушылықтарының жоғары деңгейін көрсетеді. Ол сатып алған кезіндегі мінез-құлқының үлгісі кертартпа тәртіп болып табылмайтынын және әр сатып алуларға түрлі әдістер қолданылатынын білдіреді. Тұтынушы сатып алу процесіне белсенді қатысады да, шешімге келер алдында «бағаларына қарайтын» болады. Сондықтан шешім қабылдау процесі ұзаққа созылады. Тұтынушылар сондай-ақ, өздерінің мінез-құлқы үлгілерін демалыс түрлеріне, сатып алуға нақты себептер үшін және олардың отбасылық өмірдің циклындағы жағдайы үшін уәждемелеріне байланысты болады.



6.2-сурет. Туризм саласындағы тұтынушылар мінез-құлқының күрделілігі: сұраныс жағынан

Бейматериалдықпен байланысты қауіпсіздіктің жоғары деңгейі

Туристік өнімдер мен қызметтердің бейматериалдық сипаты тұтынушылардың сатып алулар кезінде қауіпсіздіктің жоғары деңгейіне ие болатынын білдіреді. Олар сатып алмас бұрын өнімді немесе қызметті пайдаланып көре алмайды, сондықтан олар оның таңдауына сенім артады. Бұл олардың мінез-құлық үлгілері күрделі болатынын және адамдардың көпшілігі мен мекемелерді қызықтыра алуы мүмкін. Ол адам достарынан, отбасынан, туристік агенттерден және телевизиялық бағдарламалардан, мысалы, жыл сайынғы демалысты алмас бұрын кеңес алулары мүмкін екенін білдіреді. Сөйтіп, соңғы жылдары Lonely Planet баспасымен ұсынылған TripAdvisor және онлайн-форум сияқты бұқаралық ақпарат құралдары пайда болып, бейматериалдық өнімді сатып алғандағы қауіп-қатерлерді азайтуға турист үшін айтарлықтай маңызды құрал болып табылады.

Айтарлықтай эмоционалдық маңыздылығы

Демалысты сатып алу адам өміріндегі басты оқиға болады. Бұл – моральдық рухын қалпына келтіру үшін жұмыс ортасы мен сұр аспаннан құтылуға көмектесетін демалыс. Демалысты таңдау отбасының басқа мүшелеріне де әсер етуі мүмкін және шешім қабылдау процесінде ымыраға келуі мүмкін. Тұтынушы демалатын жерінде басқа алмастыратын өнімдер мен қызметтерді қарастыра алады. Мысалы, олар ақшаны тек демалысқа кетірмей, автомобиль немесе үй сияқты басқа да маңызды нәрселерді сатып алу жөнінде ойлауы мүмкін. Шешімнің бұл түрі жеке тұлғалар мен олардың жақын серіктестері үшін ерекше эмоционалды маңызды болады.

Басқа адамдардың қатты әсері

Мүмкін, туристік өнімдер үшін шешім қабылдаған кезде жеке тұлғаларға басқа адамдар жағынан қатты әсер болатын шығар. Егер біз өнімді таңдайтын жеке тұлғаны алсақ, мүмкін, оларға отбасының басқа мүшелері мен референттік топтың басқа мүшелері әсер ететін болар. Бұл олардың мінез-құлық үлгілерін зерделеу үшін өте қиын болады. Өз шешіміне ықпал ететін адамдар, сонымен қатар, олардың көзқарастарын уақыт өте келе өзгертіп отырады. Тұтынушылық БАҚ өсуі бүгінгі таңда туриске айтарлықтай әсер ететін адамдар достары мен отбасылары емес, мүлдем танымайтын адамдар болуы мүмкін.

Ұзақ мерзімді шешім

Демалысты сатып алу туралы шарттың соңғы минутта өсуіне қарамастан, туристік өнімдер туралы шешімдердің көбі алдын ала қабылданған. Ол адамдар шынымен де демалысқа қашан баратынына қарағанда, олар сатып алу туралы шешім қабылдағанда мүлдем басқа көңіл-күйде болулары мүмкін дегенді білдіреді. Ол сондай-ақ, жеке тұлалар болашақта өз әрекеттерін болжамдауға тырысатынын білдіреді. Бұл шешім өз бетінше оларға тікелей әсер ететінін айтады. Қыстың ортасында жылы елде демалысты брондаған кездегі үміттену мен дәмелену сезімі біздің барлығымызға таныс!

Ақпарат іздеудің жоғары деңгейі

Туристік өнімдерді таңдау адамға айтарлықтай эмоционалды маңызды болатынын көрдік. Бұл адамдар өзінің соңғы таңдауын жасағанға дейін ақпараттарды жан-жақты іздеу жұмыстарын өткізетінін білдіреді. Ол шешім қабылдамас бұрын жеке тұлғалардан, топтардан, ұйымдардан және БАҚ-тан кеңес алуды болжамдайды. Зерттеудің және ойластырудың бұл процесі мінез-құлық үлгілері өте күрделі екенін білдіреді. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, туристік өнімдер мен қызметтерді сатып алу тұтынушыны мінез-құлықтың жоспарлы үлгісіне тартпайтынын байқаймыз. Бұл олар ретке келтірілген және болжамды процесс болып табылатын өтпелі тұтынушылық тауарларды сатып алған кезде олардың мінез-құлықтарының үлгілерінен толығымен ерекшеленеді.

Туристердің шешім қабылдау процесі

Туристік өнімді сатып алу туралы шешім күрделі процестің нәтижесі болып табылады. Ол тұтынушылар мен сыртқы факторларға әсер ететін және оларға жататын бұл тарауда қарастырылатын факторлар қатарларының нәтижесі болып табылады. Бағытталу пункті қандай (ел, өңір, курорт)?

- Қозғалыстың қандай түрі (тұрақты әуе желілері, чартерлік әуе компаниялары, паром, пойыз, автобус, жолаушылар вагоны)?
- Орналасудың қандай түрі (қызмет көрсететін немесе көрсетілмейтін)?
- Демалыс қаншаға созылады (күндер / апталар)?

- Демалыс қай жыл мезгілінде болады (жыл мезгілі, ай, нақты күні)?
- Жолдама немесе өздік сапарға шығуы?
- Қандай туроператор (егер жолдама болса)?

6.3-сурет. Демалысты таңдауға байланысты шешімдер

Сөйтіп, туристік өнімдердің көбінің әртүрлі және өзара байланысты сипаттамалары туризм саласында сатып алу туралы шешімді күрделі құбылысқа айналдыратыны анық. Бұл фактіні турист демалыс таңдаған кезде қабылдайтын шешімдердің диапазоны туралы ойлап көрсетуге болады. Оларды 6.3-суретте көруге болады.

Демалыс сатып алу шешіміне әсер ететін көптеген факторлар бар, олардың кейбіреулері 6.4-суретте көрсетілген. 4 және 5-тарауларда айтылған уәждеуіштер мен детерминанттармен қатты байланысты екені түсінікті.

6.4-сурет тиісті факторлар таңдауын көрсеткен кезде, ол шынымен осындай факторлардың саны мен көлемі туралы жақсы көрініс береді.

Сонымен қатар, туристік шешім қабылдау процесінің күрделілігі олардың демалыстарын таңдауы туристің соңғы шешімі болып табылмайтын фактісімен күшейетінін мойындау керек. Демалыста бола тұра, олар бағытталған жеріне келген кезде, не істейтіндері туралы шешімдер қатарын қабылдау қажет. Олар экскурсия және ойын-сауық жағдайында әр күнін қалай өткізетінін, сонымен қатар қайда тамақтануын және т.б. шешулері керек. Осындай қарапайым шешімдердің әрқайсысы шешім қабылдау процесінің күрделі нәтижесі болып табылады.

Туризм саласындағы шешім қабылдаудың сатып алу үлгілері

Біз 3-тарауда туризм саласындағы тұтынушылық мінез-құлықтың үлгілерін қарастырдық. Купер және басқалары (2005) сатып алу мінез-құлқына қатысты тұтынушылық мінез-құлқының жалпы теориядағы дамуының үш сатысын келесі түрде анықтады.



6.4-сурет. Кетуге шешім қабылдауға ықпал ететін факторлар

Information obtained from destination, tourism organisations and the travel media –белгіленген пункттен алынған ақпарат, туризмді және саяхат жөнінде БАҚ

Availability of suitable products	Тиісті өнімдердің болуы
Advice of travel agents	Туристік агенттердің кеңесі
Information obtained from destinations, tourism organizations, and the travel media	Белгіленген пункттерден, туристік ұйымдардан, сонымен қатар БАҚ-нан алынған ақпарат
Word-of-mouth recommendation of friends and family	Достары мен отбасының ауызша
Political restrictions on travel e.g. visa requirements, war and cases of civil strife	Саяхат жасауға саяси шектеулер, яғни виза алуға, соғыс және азаматтық тәртіпсіздік кезіндегі талаптар
Health problems and vaccination requirements in destinations	Денсаулығына байланысты проблемалар және белгіленген жерлерде вакциналауды талап ету
The climate/ destination of regions	Аймақтардың әсер ететін климаты/ белгіленген орны

Special promotions and offers from tourism organizations	Туристік ұйымдардан арнайы акциялар мен ұсыныстар
Attitudes, opinions and perceptions	Қатынасы, пікірі және әсері
Lifestyle	Өмір салты
Hobbies and ….	Хобби және қызығушылықтары
Past experience	Өткен тәжірибе
Work commitments	Жұмыс міндеттері
Family commitments	Отбасылық міндеттер
Health	Денсаулық
Disposable income	Қолма-қол кіріс
Personality	Тұлға
Personal motivators	Жеке уәждеуіштер
DECISION	ШЕШІМ

• 1930 жыл мен 1940 жылдардың соңындағы аралықты алып жатқан ерте эмпирикалық кезең эмпирикалық коммерциялық зерттеулерде басым болып, өнеркәсіп жарнамаларды таратудың және шешімдер қозғалысының әсерін анықтауға тырысты.

• 1950 жылдардағы уәждеуіштерді зерттеу кезеңі нақты сұхбатқа, фокус-топтарға әсер алу тесті және басқа жобаланған әдістеме ретінде үлкен екпін қойды. Тұтынушының терең сырлы ойында болған әрекеттердің шынайы уәждерін анықтауға бағытталған белсенді жұмыстар жүргізілді.

• 1960 жылдардағы кезеңде тұтынушылар мінез-құлқы жөнінде оқулық шығарылды (Энгель, Коллат және Блэквелл, 1968); одан кейін артынан (мысалы, Ховард және Шет, 1969).

Сөйтіп, тұтынушылар мінез-құлқына ерте қызығушылығы өңдейтін өнеркәсіпке, одан соң қызметтер аясындағы жалпы салаларға бейімделген. Тек 1970 жылдары ғалымдар туризм саласында сатып алу шешімдерінің үлгісін дайындай бастады. Сатып алу шешімдерінің бұл үлгілері Коэн (1972, 1979) және Плог (1977) сияқты авторлардың жұмыстарымен бірге туристік типологиялардың тиісті сипатына дайындалатынын мойындау қажет.

3-тарауда біз Вахаб, Кромптони Ротфилд (1976) және Мэтисон мен Уолл (1982) әзірлеген үлгілерді қарастырдық. Бұл үлгілер шешімді желілі процес ретінде қарастырады және шешім қабылдаған кезде басқаларға қарағанда, факторлардың маңызы көп болуы туралы ешқандай айырмашылықтар жоқ.

1987 жылы Моутиньо туристің мінез-құлқын демалыс кезіндегі алдындағы үлгілердің көбінен екі жақтан ерекшеленетін үлгіні жариялады:

• ол шешім қабылдау процесінде үш мүлдем әртүрлі кезеңдер бар екенін мойындады;

• алдын ала шешімнің сатысы және шешім қабылдау үрдісі;

• сатып алудан кейін баға беру;

• болашақта шешімдерді қабылдау.

(үлгі соңғы кезең кері байланыспен реттеу жүйесі арқылы біріншісіне қайтадан қайтып келетінін мойындады)

• Шешімді сатып алу үш мінез-құлық ұғымдарының нәтижесі болып табылатыны анықталды:

• уәждеме;

• тану;

• оқу.

Бұл қысқа бөлімде ең көп айтылатын «классикалық» үлгілерді бөлсе де, басқа да көптеген үлгілер бар.

Туризм саласындағы сатып алу шешімі үлгілерін сынау

Біз айтып кеткен үлгілердің көбінің әлі де келесідей кейбір жалпы жетіспеушіліктері болады:

• олардың құндылығы туризм саласындағы сатып алу туралы шешім қабылданатын күрделі әдістерді түсіндірумен шектеледі;

• туризм саласындағы маркетологтар үшін өздерінің маркетингтік стратегияларын әзірлеген кезде пайдалану үшін қиыншылықтарды қалыптастырады.

Негізгі жетіспеушіліктер келесіде болады.

• Негізінде олар жартылай немесе мүлдем ешқандай эмпирикалық зерттеулерге негізделген және олар шешімдер факті бойынша қалай қабылданғаны туралы шынайылықты көрсететін аз дәлелдемелері болады.

• қазіргі кезде ең үлкен танымал үлгілердің саны 15 жыл бойы қалыптасқан. Бұл тұтынушылардың мінез-құлықтары үнемі дамып отыратын саладағы маңызды жетіспеушілік. Осылайша, негізгі үлгілердің көбі туристік мінез-құлқындағы жуырдағы оқиғалар болып өтеді, соның ішінде:

• ұшақтар мен қонақ үйлерге билеттер сатып алу құралдары ретінде

ғаламтордың жылдам өсуі;

• бюджеттік әуе компанияларының «қатаң үнемінің» әсері;

• «бәрі қосулы» курорттарының өсуі;

• тікелей маркетингтің өсуі;

• туристік өнімдердің кездейсоқ сатып алуларының танымалдығының өсуі;

• тұтынушылық бұқаралық ақпарат құралдарының туристік мінез-құлқына өсетін әсері;

• Бүгінгі таңда қолданыстағы үлгілердің көбі Солтүстік Америка, Австралия және Солтүстік Еуропаның ғалымдарының жұмыстары негізінде дайындалған. Демек, тұтынушылар мінез-құлықтарының сипатын Оңтүстік-Шығыс Азия мен Шығыс Еуропаның негізгі дамып жатқан нарықтарын көрсететіндер аз.

Тағы бір маңызды сын бұл үлгілер туристерді біртектес топтар ретінде қарастыратынында құралады. Дегенмен, олай емес. Әр турист ерекшеленеді және сатып алу туралы шешім қабылдаудың жеке процесіне ықпал ететін бірқатар факторлардың негізінде туристерді саралауға болады. Бұл факторлардың кейбіреулері 4 және 5-тарауларда зерделенген және оларға келесілер жатады:

• егер туристер бір отбасының, топтың немесе сауық кешінің мүшесі болып табылса, онда туристер жалғыз саяхаттайды;

• тәжірибелі турист ретінде және турист ретінде олардың өткен тәжірибелері;

• олардың жеке басы - мысалы, туристер өз демалыстарын айлап жоспарлап отырғанда, кейбір туристер демалуға қайда баратынын кенеттен шешеді.

Үлгілердің көбі уәждемелер мен детерминанттар сатып алу туралы шешімге әсер ететінін ескереді. Кейбір уәждемелер мен детерминанттар сатып алу шешімі процесін, қалған басқа факторлардан басқа, толық көрсететіндей соншалықты қатты әрекет етуі мүмкін. Олар бу күші бар теміржолы немесе тауға шығу немесе денсаулыққа қатысты проблемалар сияқты әртүрлі болулары мүмкін.

Үлгілердің көбі сондай-ақ, әрқашан дәл келе бермейтін, шешімдерді қабылдау процесінде тиімділіктің жоғары деңгейін болжамдайды. Туризмдегі тиімді шешімдерді қабылдау туристердің көпшілігіне қолжетімді, сонымен қатар тұтынушылардың көбіне тиімсіз болуы мүмкін өздерінің пікірлері мен ойлары әсер ететін факт толымсыз ақпарат

ретінде шектеледі.

Сонымен қатар, үлгілердің көбі сатып алу мінез-құлқы мен шешім қабылдау процесі алатын демалыстың сипатына қарамастан, тұрақты болып қалады деп болжамдайды. Келесі түрлі мысалдарда көрсетілгендей, бұған күмәнім бар.

• Әуежайдан алдын ала брондап қойған трансферімен және Дубайда, Гонконгта, Таитиде, Сиднейде, Лос-Анджелес пен Нью-Йоркте тұрғылықты жерімен жолда аялдауды енгізетін, жер бетіндегі жолдамаларды 28 түнге сатып алу жұптарға 5000£ шығады. Әуе компанияларының өзекті ұсыныстарының қатары зерделенуі керек және тапсырыстар барлық тиісті ұшуларға орындарды қамтамасыз етуі қажет. Алдын ала жоспарлау вакциналау көзқарасы бойынша рейстің алдында қажет болады. Тұтынушыда өз жұмысының жыл сайынғы демалысында көрсетілген турдың басталуының және аяқталуының нақты күні болады.

• Жазғы демалыстарын арзанға өткізгілері келетін жас студенттер жеңілдігімен 14 түнге жолдама алады. Бағытталу пункті аса маңызды емес және туристер екі апталық сапарларын ала алатын жеті апталық демалысын ала алатындықтан, ұшу күні айтарлықтай икемді болады. Сөйтіп, олар қандай да бір емтихандарын қайта тапсыру қажет еместігіне көз жеткізгенше шешім қабылдай алмайды. Олар кетуге болатындарын білгеннен соң тез арада жағажайда болғылары келеді.

Дегенмен, бұл жағдайларда сатып алу туралы шешімдер қабылдау сипаттамасы мен қосқан үлестері айтарлықтай өзгеріп отырады. Егер біз демалыстың басқа түрлерін қарастырсақ, осындай айырмашылықтар болар еді.

Туризм саласындағы маркетинг пен шешім қабылдауларды сатып алу

Туризм саласындағы маркетинг бойынша мамандар тұтынушыларды түсіну қажеттілігін және нақты тауарды сатып алу туралы өз шешімдерін қалай қабылдайтынын одан сайын түсіне бастайды. Қазіргі кезде туристік ұйымдарда өткізілген тұтынушының мінез-құлқы жөніндегі зерттеулер қарастыратын мәселені байыппен шеше бастайды. Сондықтан, егер оқу үлгілерін маркетинг бойынша мамандар қолданса, жақсы болар еді. Тұтынушылардың шешімді қалай қабылдауы жөніндегі түсінігі маркетологтарға ара-қатынастағы маркетингтік жоспарларды дайындауға көмектеседі, мысалы:

• тұтынушыларға әсер етуге талпынған кезде, мысалы, маркетинг

қызметін тұтынушылардың көбі нақты тауарды сатып алу туралы шешім қабылдағандағы уақытқа бағытталады;

• тұтынушылардың көбі туристік өнімдер туралы ақпарат алу үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдарының негізінде жарнама тасымалдағыштарын таңдау;

• тиісті каналдарды таратуды немесе маркетингтік делдалдарды таңдау.

Сондықтан біз өзімізден осындай түрде пайдалану үшін үлгілер сенімді ме деп сұрауымыз керек. Мүмкін жоқ шығар – жоғарыда көрсетіліп кеткендей, үлгілердің көбі 15 жыл қолданылған.

Біз 3-тарауда Коэном және т.б. (2014) жариялаған бұл тақырып бойынша барлық зерттеулерді шолып айттық. Жақындағы зерттеулер бейімделген тұстарды белгілеу керек. Оларға жататыны:

• шешімдерді қабылдау – адамдар демалысты сатып алған кезде шешімді қалай қабылдайды?

• құндылықтар – шешім қабылдауда жеке және жалпы құндылықтар ықпал ете ме?

• уәждері – тұтынушыларды өздерін біркелкі ұстап, нақты өнімдерді таңдауға не уәждейді?

• өзі туралы көзқарасы және жеке тұлға – жеке адамның дүниетанымының ерекшеліктері қандай және олардың жеке тұлғасы олардың мінез-құлқына қалай әсер етеді?

• күтілім – жеке адам туристік өнімдерден не күтеді және қызмет көрсетулер олардың мінез-құлықтарына қалай әсер етеді?

• қатынасы – адамның қатынасы олардың сатып алу мінез-құлқына қалай әсер етеді?

• қабылдауы – адамның қабылдауы олардың сатып алу мінез-құлықтарына қалай әсер етеді?

• қанағаттану –туристің қанағаттануына қандай факторлар әсер етеді? (Авторлар зерттеулердің көбін бұл салада жариялайтындай нелерді тапты екен, қызық.)

• сенімділік пен адалдық – сенімділік пен адалдық қалай жасалған және олардың ерекшеліктері қандай? Ұйымдар сенімділік пен адалдықты қалай нығайта алады?

Маркетинг бойынша мамандар үлгілер мен нарықтың саралану техникасының арасында қандай да бір байланыс болатынына көзін жеткізу үшін тәжірибеде қызметтеріне сене отырып, бұл үлгілерді қолдана ала-

тынын көргілері келеді. Негізінде, кейбір кездерде бұл әдістер туристің түрлі сипаттарына сілтеу жолымен сатып алу туралы шешімін түсіндіру мүмкіндігін береді. Басқа сөзбен айтқанда, сараланым халықты сатып алулардың бірдей сипаттамаларын бөлетін шағын топтарға бөледі. Бұл шағын топтағы әрқайсысының шешімі, ең алдымен, факторлар қатарымен анықталатынын айтады. Маркетингтің классикалық теориясында бұл факторлар төрт сынға бөлінеді:

• демографиялық – жасы, жынысы, нәсілі, отбасының өмірлік циклиндегі кезеңі;

• географиялық – туристің тұратын жері;

• психографиялық – тұлға және туристің өмір салты;

• бихевиористік – туристің өнімге қатынасы, мысалы, сатып алудан қандай пайда табуды ойлайды; өнімді жаңа сатып алушылар ма, әлде тұрақты сатып алушылар болып табыла ма.

Туризм маркетингі айтарлықтай деңгейде саралаумен байланысты болады, бірақ бұл төрт сипаттамалар топтамасынан тек психографиялық сындар туризм саласында сатып алу туралы шешімнің заманауи үлгілерінде маңызды рөл атқарады. Сонда да, маркетологтар жоғарыда айтылған сараланымның төрт сындарының шектеулері жөнінде мәлімет береді. Сатып алу мінез-құлқы бұл сындардың тек біреуінің ғана емес, екі немесе одан да көп сындардың байланысуының нәтижесі болып табылатыны кең танылған.

Үлгілер бізге жеке туристердің мінез-құлықтарын анықтауға немесе болжауға көмектеспейді. Ол маркетинг компьютерлік мәліметтер базасы арқылы жеке туристерге бағытталуында көбірек дамыса, жалпы үлгілерді тәжірибеде жүзеге асыру үшін өте қиын. Сөйтіп, бұл үлгілер өздерінің әлсіз жақтарына қарамастан, маркетинг саласында маңызды рөл атқаратынына күдік аз қалды.

Қорытынды

Туристер демалысқа бару үшін сатып алу туралы қабылдайтын шешімі арқылы процесті және бұл процесті ғалымдар қалай үлгіге салғанын қарастырдық. Бұл үлгілерде туристер демалыс алуды шешу арқылы процесті түсіндіру жағынан емес, сипаттамалары бойынша кейбір жетіспеушіліктер бар. Сондай-ақ, бұл тарауда сатып алу-шешім үлгілері мен нарықтық саралау әдістерінің арасындағы әлеуетті байланыс қысқаша сипатталған. Бұл мәселе жөнінде біздің соңғы ойымыз - туристер өз демалыстарын қалай таңдайтынын түсіну үшін ұзақ жолдан өтетінін көрсетеді. Зерттеулер жалғасуда және олар бұл тақырыпта

жылдам қалыппен және өзара байланысты мәселелердің қатарлары бойынша жарияланады. Басқа салаларда, соның ішінде топтық және жеке шешімдердегі бұдан әрі зерттеу үшін тағы орын бар; мүгедектер, гомосексуалистер, лесбиянкалар және еңбек мигранттары сияқты нарық сараланымдары; дамып келе жатқан нарықтар; эмоциялар; келіспейтін тұтынушылық мінез-құлқы туралы мәдениаралық мәселелер толық зерттелмеген (Коэн және т.б., 2014). Шешім қабылдағандағы туризм эмоционалды аспект болып табылады да, тұтынушылық мінез-құлқының үлгілерінің көбіне жататын тиімді шешім қабылдауға жиі негізделген, ол туризмнің эмоционалды аспектісі зерттеу тәсілдерінің санын емес, сапасын пайдалана отырып, терең зерттелуі керектігін білдіреді.

Жаттығу

Сіз демалған ең соңғы демалыс жайлы ойланыңыз және сіз ескерген факторлар мен шешім қабылдаған процесті көрсете отырып, қарапайым үлгі жасаңыз. Одан кейін достар тобын, курстастарыңды немесе әріптестеріңді ол туралы сөйлеспей, бір-біріне тәуелсіз болып осыны қайталауларын сұраңыз. Үлгілерді салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтап түсіндіру. Және бұл тапсырманы орындағанда пайда болатын қиындықтарды белгілеңіз. Олар сізге сатып алу мінез-құлқының шешімін зерделеу мәселелері жөнінде не айтып тұр?

3-бөлім
Турист мінез-құлқының типологиясы

Біз екінші бөлімде туристер сатып алу туралы шешімдерді қалай қабылдайтынын қарастырдық. Қазір маркетинг бойынша ғалымдар мен мамандар туристерді жалпы сипаттамаларының негізінде топтарға бөлу арқылы тәсілдерді қарастыру уақыты келді. Ол туристер типологиясы мен саралау тәсілдеріне әкелді. 3-бөлім олардың екеуін де қарастырады.

Бұл типологиялар келесі себептер қатары бойынша өте маңызды болады:

• туризм саласындағы тұтынушылардың мінез-құлқы туралы біздің білімімізді кеңейту әрекетін ұсынады;

• маркетологтарға өнімді, бағаның қалыптасуының, жарнамалық тасымалдағыштар мен тарату арналарын дайындау бойынша маңызды шешімдерді қабылдауға көмектесуі мүмкін;

• нарықтық саралау әдістерінің негізі болуы мүмкін;

• туристік мінез-құлық саласында процестің болашағын көруге әлеуетті түрде көмектесуі мүмкін.

7-тарауда ғалымдар әзірлеген екі типологияны және классикалық саралау әдістерінің туризміне қосымшаны қарастырамыз.

7-тарау

Турист мінез-құлқының типологиясы және туристік нарықтың саралануы

Үш онжылдықтан аса мерзімде ғалымдар туристер типологиясының маңыздылығы мен олардың мінез-құлықтарын дайындауға тырысты. Сол кезде тәжірибедегі мамандар туризм индустриясындағы нарықтың қарапайым саралану әдістерін қолдануға және бейімдеуге тырысты. Біз бұл тарауда аталған екі тәсілдің арасында байланыстың бар екені белгілі болса да, оларды бөлек қарастыратын боламыз.

Ғылыми типологиялар

Үлкен даулы мәселе – адамдар туристер немесе саяхатшылар болып табылады ма деген сұрақ. «Турист» термині екі мыңжылдықта шықса да, ол тек соңғы онжылдықта танымал бола бастады. Шарпли «турист» және «саяхатшы» терминдерін «саяхат жасаған адам» деген ұғыммен өзара байланыстырып пайдалануды ұсынды (Шарпли, 1994).

Сөйтіп, қазіргі кезде бұл екі сөз әртүрлі мағына береді. Турист туроператордан туристік пакеттерін сатып алушы болып табылады, ал саяхаттаушы демалыстары үшін өзі дайындалып, жиналатын адам деген ой бар. Мінез-құлқының соңғы типі алдындағыға қарағанда жақсы деген идея пайда болды. Сондықтан туристік пакеттерді сатып алатын адамдардың көбі өздерін саяхаттаушылар ретінде көрсеткілері келеді (Хорнер және Сварбрук, 1996).

Шарпли көрсетіп кеткендей, «саяхатшы» термині

шектелген бюджетке есептелген жаяу туризммен ұзақ уақыт мерзім ішінде саяхаттанатындарға / сапарға шығатындарға қолданылады. Онда бостандықтың, шытырманның және жекешеліктің рухы кездеседі.

Турист сөзі басқа жағынан туристік пакеттің жалпы өндірілуіне қатысатындарды көрсететін қорлау мағынасында да жиі пайдаланылады.

(Шарпли, 1994)

Экотуризмде / табиғат туризмінде пайдаланатын типологиялардың мысалдары

Уивер, 2001

Ғалым бұл топта екі санатты анықтайды:

• «қатал мінезді» экотурист, қоршаған ортаны қорғауға қатысты есті, топтарда жиі саяхаттанып, арнайы іс-шараларға қатысады;

• «жұмсақ мінезді» экотурист табиғаттағы қысқа мерзімді тәжірибені ұзақ демалыстың арасы ретінде сынап көруді ұнатады.

Страсдас, 2006

Зерттеуші табиғатта саяхаттайтын туристерді олардың экологияны қорғауды сезінуіне байланысты алты түрлі санатқа бөледі. Ұсынылған санаттар төмендегідей:

• өздерін табиғатпен байланыстыратын туристер;
• табиғатта саяхаттайтын мүдделі туристер;
• табиғатта саяхаттайтын кездейсоқ туристер;
• табиғатта мәдени қызығушылықпен саяхаттайтын туристер;
• спорттық/экстремалды туристер;
• аңшылықты / баулық аулауды қалайтын туристер.

Эрнеггер, Вултерин және Джоб, 2010

Бұл зерттеушілер табиғат туризмі үшін тауарға бағытталған типолоияны ұсынады және екі өлшемді матрицада жаңа тұжырымдамалы үлгіні ұсынады. Саяхаттың негізгі уәждемелерін береді:

• табиғатты сақтау;
• табиғаттағы саяхаттың тәжірибесі;
• спорт / шытырман оқиғалар;
• гедонистикалық.

Олар сондай-ақ туристік өнімдердің төрт түрлі типтерін болжамдайды:

• тәуелсіз;
• картаны қолданатын;
• жекеленген;
• стандартталған.

Ол типологияның 16 түрлі типтерінің пайда болуына әкеледі. Сонымен қатар, ол басшыларға туризмнің тұрақты формаларын жасауға көмектесер еді, бірақ эмпирикалық тестілеу тұжырымдамалық үлгілерді зерделеуге қажет. Сөйтіп, жоғары қиындықты типологиялардың тәжірибелі маркетингтік қызметке қандай да бір қатынасы бар ма деген сұрақ туындайды?

Типологияның маркетингтік қосымшалары

Бұл типологиялардың маркетингпен қатар дамымағанын ескере отырып және олардың маңызды шектеулеріне қарамастан, олар туристік маркетингте белгілі бір рөлді атқарады. Ол тауарды, бағаны және үлестіруді дайындауды шешуде өз үлесін қосуы мүмкін.

Алайда олардың басты рөлі ынталандыру саласында, әсіресе туристік ұйымдарды, олардың өнімдерін түрлі әлеуетті клиенттердің тобына жатқызуда болады. Мысалы:

• «саяхатшыларды» олар алулары мүмкін демалыс «туристік пакетке» жатпайды деп көндіргілері келеді;

• Перро және т.б. пікірі бойынша «бюджеті шектеулі саяхатшыларға» мұқтаж және толық қызметтер кешенімен болжамды демалысы оларға жақсы баға мен сапаны ұсынады;

• Плогтың пікірі бойынша «аллоцентриктарға» өнімнің авантюризм екпіні қажет;

• Даленнің «дәстүрлі идеалистері » олардың бағытталған жерлері қауіпсіз болғанын қалайды;

• Страсдастың пікірі бойынша, табиғатта саяхаттайтын қарапайым турист өзінің жағдайын жақсарту үшін қосымша экскурсияны қалайды.

Басқа жағынан, бұның бәрі тәжірибедегі мамандарға түрлі топтарға әртүрлі хабарламалар жіберу үшін және сол топтың әрқайсысын сәйкестендіру үшін оларға қымбатты етіп, қиындататын қолданыстағы методология ретінде ауыр түрде беріледі.

Сөйтіп, ұйымдар маркетингті жақсарту үшін әзірленетін сандық өзгерістерге бағытталған туристерді жіктеу арқылы тәсілдерді қарастыру үшін әрі қарай жылжимыз.

Нарықтың саралануы

Дибб және т.б. (2005) нарықтың саралануына жақсы түсініктеме берді:

Жалпы нарықтың саралануында жеке тұлғалардың қажеттіліктеріне тиісті маркетинг кешенін әзірлеу мақсатында өнімдерге ұқсас қажеттіліктерге қатысты адамдар тобына бөліну процесі.

Ол нарық сараланымы маркетинг қызметін орындау үшін әзірленген тұтынушы жіктемелерінің формасы болып табылатын фактіні көрсетеді. Бұл сараланым мен типологияның маркетингтегі әлеуетті рөлі туралы ойланбаған ғалымдармен әзірленген жоғарыда айтылған сараланым мен типологияның арасындағы бір айырмашылық. Екінші негізгі айырмашылық туризм саласы мен сараланым үшін әзірленген типологиялар өнеркәсіптің барлық саласындағы маркетингтің жалпы теориясынан құралатын тұжырымдама болып табылады.

Саралаудың классикалық өлшемшарттары мен олардың туризм саласында қолданылуы

Нарықты саралаудың бес классикалық әдісі бар; басқа сөзбен айтқанда, 5 түрлі өлшемшартқа негізделе отырып, тұтынушылар халқы сатып алушылар сияқты ұқсас сипаттамалары бар топтар бойынша бөлінуі мүмкін. Енді біз олардың әрқайсысының туристік салада қолданылу жағдайын қарастырамыз.

Географиялық саралау

Қарастырып отырған әдіс нарық топтарын географиялық факторлардың негізінде жіктеп, келесі мысалдар көрсететіндей туризм саласында кең қолданылады.

• Тематикалық саябақтар нарықтары географиялық тұрғыда айтылатын қызмет көрсету аймақтарының терминінде жиі кездеседі. Басқа сөзбен айтқанда, Ұлыбританияның көптеген басқа саябақтарында аумақтық қызмет көрсету аймағы орналасса, Парижде Диснейлендте Alton Towers ұлттық нарық пен қызмет көрсету аймағы орналасқан.

.• Туроператорлар әуежайларды таңдаған кезде туристердің тұрғылықты жерлерін ескереді.

• Әуе компаниялары сұраныстың географиялық сипатына негізделе отырып өз бағыттарын әзірлейді.

• Суық солтүстік елдерінің адамдары демалу үшін жерлерді таңдаған кезде жылы оңтүстік климатқа көп көңіл бөлетінін болжамдайды.

• Қалалық тұрғындар олардың күнделікті тұрмыстарының қарама-қарсылығы ретінде демалу үшін ауылдық жерлерге барғылары келеді.

Әлеуметтік-экономикалық саралау

Бұл әдіс әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге негізделе бөлінетін нарықтарға бағытталған. Ұлыбританияда ол әлеуметтік-экономикалық саралаудың британдық тәсілі JICNAR жіктелуіне негізделетіндей, әлеуметтік-экономикалық жіктеме үшін ол шынымен де басқа термин. Ол қоғамды A, B, C1, C2, D және E әріптерімен ұсынылатын істерінің қызметі бойынша алты топқа бөліп-жарады. Бұл сараланымға қарапайым тәсіл A және B немесе C^2D B жіктемелерінің көзқарастары бойынша олардың нарықтарын көрсетумен туристік ұйымдарда кең пайдаланылады. Мысалы, Ұлыбританияның тематикалық саябағының нарығының жағдайында соңғысы, ал мұражайлары мен опералық көріністерімен бірінші үшін типтік болып табылады.

Демографиялық саралау

Саралаудың демографиялық факторларды ескере отырып, халықтың бөлінуіне негізделетін бұл формасы келесі көрсетілген мысалдарда туризм саласындағы ең танымалы болды.

Отбасының өмірлік топтамасындағы кезең	Тұтынушылардың болжамды таңдауларымен сұраныстары
Бала	Ынталандыру. Басқа балалармен ойын. Ата-аналарының қадағалауы мен қолдауы.
Ересек бала	Жаңа тәжірибе. Құмарлық. Істің жағдайы. Ата-аналарға көп тәуелді болу. Белсенді қатысу үшін мүмкіндіктер. Басқа ересектермен әлеуметтік байланыс.
Кәмелетке толған жас бала	Жаңа тәжірибе. Әрекеттердің бостандығы. Белсенді қатысу үшін мүмкіндіктер. Басқа жастармен әлеуметтік байланыс.
Жас жұп	Жаңа тәжірибе. Ғашықтық кездесулер .
Баласы бар жас жұп	Сәбилерге арналған қызметтер. Үнемділік. балалар орындықтары мен арбаларына жеңіл қол жеткізу.
Өсіп жатқан отбасылар	Үнемділік, мысалы, отбасылық билет. Барлығы отбасы үшін
«Бос ұялар»	Жаңа бір нәрсені білу мүмкіндігі. Уақытының көп бөлігін енжар істермен емес, белсенді істермен өткізу.
Егде адамдар	Теледидарды көп қарап, аз қозғалу. Үнемділік. Басқа егде адамдармен араласу. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға жеңіл қол жеткізу.

7.1-сурет. Отбасының өмірлік топтамасы және көрікті жерлер
Дереккөз: Сварбруктан бейімделіп алынған (2001)

• Жас мөлшері – кейбір туроператорлардың, көбінесе Ұлыбритания-

дағы Saga және Club 18–30 сараланымдары жас мөлшерінің көзқарасы бойынша әлеуетті нарық болып табылады.

• Жынысы – серіктестік бағдарламаларының «демалыс күндеріндегі демалысының» көп қызметтері өз нарықтарын гендерлі стереотиптерге негіздейді. Мысалы, әйел адамдар шопингті қаласа, гольфпен еркектер айналысады.

• Дін – тәуіп ету нарығынан ойып тұрып орын алады.

Көбінесе туризм саласында ескерілген жалғыз демографиялық фактор – бұл отбасы жағдайының идеясы. Тұтынушының мінез-құлқы олардың отбасыларының өмірлік топтамасы қандай кезеңінде болуымен анықталады деп болжайды. 7.1-суретте бұл модельдің көрікті жерлердің тұтынушылары үшін нарыққа қатысты қалай қолданылатыны көрсетілген.

Бұл өмірлік топтаманың отбасылық үлгісі туризм индустриясында қолданылатын тәсілмен негізделеді. Сөйтіп, өмірлік топтама үлгілерінің басқа да түрлері болады. Бұл тәсілді туроператорлар да қолданады, соның ішінде:

• Ата-аналарынан жеке демалатын, тәуелсіз және белсенді демалысты қалайтын жасөспірімдерге арналған каникулдар, мысалы, Ұлыбританиядағы PGL (5-мысалды қарау).

• Өсіп жатқан отбасылар үшін қолжетімді демалысты қамтамасыз ету үшін балаларға бос орындар ұсынылатын отбасылық демалыстар.

• Сурет салу круиздері мен каникулдары сияқты өнімдер, олардың табыстары мен ойын-сауықтарын қолдану үшін «бос ұяларға» дәстүрлі бағытталған.

Тіл сияқты басқа да демографиялық факторлар туристік ұйымдарда ескеріледі. Бағытталған жері бойынша маркетинг агенттіктері әдебиеттерді негізгі нарықтарда сөйлесетін әртүрлі тілдерде басулары керек.

Сирек ескерілетін екі тұжырымдама – бұл нәсіл мен ұлт. Олардың біріншісіне байқап жақындау керек, оны барлығы көп қарастыратын болады, себебі Еуропа мультдәстүрлі қоғамға айналып барады. Жарыс афроамерикалық нарықтың өсуіне байланысты АҚШ-тағы аса өзекті тұжырымдама болып табылады. Сол кезде туризм саласындағы Accor мен TUI сияқты трансұлттық компаниялардың өсуі ұлттық айырмашылықтарды ұйымның өнімі үшін нарықты саралаудың ең маңызды тәсілі болуы мүмкін.

Біз талқылаған бұл үш тәсіл әлі де қарапайым болып қалады, алайда оларды өлшеу оңай болады. Келесі тәсіл анықтау және өлшеу үшін

қиын және ауыр болып табылады.

Психографиялық саралау

Бұл тәсіл адамдардың өмір салты, қатынастары, ойлары және тұлғалар олардың мінез-құлықтарын тұтынушылар ретінде анықталуы туралы идеяға негізделген. Бұл біз қарастырған басқа үш тәсілге қарағанда едәуір қарапайым тәсіл және ол салалардың бірқатарына, соның ішінде киімдер, тағамдар, сусындар, парфюмериялар мен автомобильдерге әсер ете бастады. Сонымен қатар, ол келесі мысалдарда көрсетілгендей туризм саласында қарастырыла бастады:

• Сауықтыру лагерлері мен спа-орталықтар маркетингі салауатты өмір салтын ұстануға тырысатын тұтынушыларға бағытталады.

• Қоршаған ортаны қорғау туралы ақпараттандырылған және өмір салты экологиялық мәселелерге әсерін тигізетін адамдар демалыстарды сақтап қалу үшін жақсы мақсатты нарық болып табылады.

• Күн сәулесі, құм, теңіз және секс экстраверттерге бағытталған.

• Қызықты жағдайларды іздейтін адамдар тематикалық саябақтарда бандж-джампинг немесе экстремалды жарыстар үшін мақсатты нарық болып табылады.

Саралаудың қарастырылып отырған әдісі маркетологтардың айтуы бойынша, ең заманауи және озат болып табылады.

Бихевиористік саралау

Тұтынушылардың бұл топтары олардың нақты өнімдерімен байланысты. Сондай тәсілдің өзгеруінің диапазоны 7.2-суретте көрсетілген. Бұл диаграмма таңдамалы болып табылады, бірақ ол тәсілдердің көлемі мен олардың арасындағы байланыстарды көрсетеді.



User status	Тұтынушы мәртебесі * ешқашан пайдаланбаған * бұрынғы тұтынушы * жаңа тұтынушы * қарапайым тұтынушы
Readiness stage	Дайындалу кезеңі * надандық * сана және мүдде * сатып алу тілегі * сатып алу ойы * сатып алуды шұғыл жоспарлау
Attitude to product	Тауарға қатынасы * әуесқой * немқұрайлы * ұнамайтын
Benefits sought	Қалаған артықшылықтары * мәртебе * үнемділік * жаңа тәжірибе * жақсы қызмет көрсету * толғану

Loyalty to the product	Өнімге қатысты сенімділік * толық * жартылай * болмайтын
Purchase occasions	Сатып алу жағдайлары * Стандартты сатып алушы * сирек сатып алушы
Product	Өнім

7.2-сурет. Бихевиористік саралаудың түрлі формалары

Бихевиористік саралау келесі мысалдардың біреуінен көре алатындай туризм саласында кең тараған.

• Әуе компанияларының бонусты бағдарламалары өнімге қатысты сенімділігін арттыруға және тұтынушыларды одан сайын қызықтыру үшін қарапайым пайдаланушыларға бағытталған.

• Қонақүйлер мен әуе компаниялары олардың қызмет көрсетулерінің сапасын көрсетеді

• Бюджетті туроператорлар, әуе компаниялары мен қонақүй желілері қызметтерін негізгі «қалаған артықшылықтары» үнемділік болатын тұтынушыларға ұсынады.

Саралаудың классикалық әдістерінің сыны

Туризм үшін әдістердің классикалық сараланымдарын келесі түрде қолданатын негізгі үш критикалық сынайтын ескертпелер бар:

• әдістердің кейбіреулеріне күн қойылған және қоғамдағы өзгерістермен үлгермейді,

мысалы, отбасының дәстүрлі өмірлік топтамасы ажырасу мен толық емес отбасылардың, туыстық қатынасы жоқ отбасылар және балалы болуды қаламайтын жұптардың өсуімен орынсыз болып көрінеді;

• кейбір әдістер тұтынушылар мінез-құлықтары әр туристің жағдайына қарай ұзақ уақыт ішінде өзгеретінін мойындайтын күйде емес. Олардың табыстары өсіп, денсаулықтары нашарлағандықтан, олар уақыт өте келе сараланымдардың арасында ауысып отырады немесе туристік ақпарат алу үшін ғаламторды пайдалана бастайды;

• нарықтың туризм саласындағы көптеген зерттеулер осы кез келген әдістерді нақты жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін тым сирек және сенімсіз болып табылады.

Жалпы, сондықтан біздің қолымыздан бар келетіні - жеке адамдарды емес, жалпы мінез-құлық пен дәлелдемелерді саралау. Олар жеке өнімді сатуға талпынған кезде маркетологтар жеке сараланымға белгіленіп, бағытталулары керек.

Туристік саралау әдістері

Классикалық әдістер жалпы маркетингтен қалыптасқан кезде, туризм саласындағы кейбір ғалымдар мен тәжірибедегі мамандар туризмге қатысты басқа әдістерді ұсынуға тырысты. Мысалы, Мидлтон және Кларк (2001) саяхат және туризм индустриясында нарықтарды саралаудың алты тәсілін ұсынады:

• сапарға шығу мақсаты;
• сатып алушының мұқтаждықтары, дәлелдері және қалаған табыстары;
• сатып алушы мен тұтынушылардың сипаттамалары;
• демографиялық, экономикалық және географиялық сипаттамалар;
• психографиялық сипаттама;
• баға.

Олардың төртеуі классикалық әдістермен ұқсас болса да, олар әртүрлі қалыптасқан болады. Мидлтон және Кларк екі басқа сапарға шығу мақсаты және баға тәсілдерін қосты.

Басқа авторлар туризм аясында жеке секторлар үшін түрлі әдістерді ұсынды. Сварбрук (2001) нарықта тұтынушыларды үндеуге қатысты үш қосымша өлшемшартты ұсынды:

• партияларға келушілердің, соның ішінде жеке тұлғалардың, отбасы топтарының және достар тобының құрамы;
• бару түрі және мақсаты, мысалы, білім беруге арналған сапарлар және корпоративті мерекелер;
• көрікті жерлерге жол жүру тәсілі, мысалы жеке автомобилінде немесе қоғамдық көлікте.

Дәл солай, Шоу (1999) әуе компанияларының нарық сараланымдарының тиісті тәсілдерінің қатарын ұсынды, соның ішінде:

• сапарға шығу мақсаты - бизнес, демалыс, достарына немесе туыстарына бару;

• жол жүру ұзақтығы – қысқа немесе ұзақ саяхат.

Шоу тұтынушы сатып алғысы келетін өнім түрлерін анықтаған кезде, оларды маңызды тұжырымдамалар деп санады.

Іскерлік туризмнің ерекше жағдайы

Іскерлік туризм саралануының көзқарасы бойынша нарық сатып алушының немесе пайдаланушының саралануы мүмкін болғандықтан ерекше болып табылады:

• шотты төлемейтін өнім мен сервистің тұтынушысы болып табылатын бизнес-саяхатшы;

• олардың жұмыс берушілері шотты төлейтін тапсырыс беруші және сатып алушы.

Туристер қабылданатын және шынайы қауіп-қатерлері: типологиялар мен сараланулaрға жаңа жол.

Жиырма бірінші ғасырдың алғашқы жылдары әлемдік туризм индустриясында туристің мінез-құлқына әсер еткен қауіп-қатерлер қатары дүр сілкінтті, соның ішінде:

• АҚШ-тағы 2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиға (9/11), сонымен қатар, әсіресе 2002 жылдан бастап Египет, Кения және Индонезия сияқты елдерде туристерге бағытталған террористік шабуылдар;

• атипты пневмания мен азиатты тұмауды қоса денсаулыққа қауіп-қатері;

• Кариб бассейні мен АҚШ елдеріндегі дауылдар мен цунамилер сияқты Азияның Оңтүстік-Шығысындағы табиғи апаттар.

Бұл мәселе жөнінде әлі зерттеулер аз жасалған, бірақ ондай құбылыстар болашақта туризмнің дамуына қауіпті проблема болады, біз әртүрлі туристер бұл қауіптерге қалай және қандай әрекет жасайтынын жақсы түсінуіміз керек.

Терроризмді мысал ретінде түсіне отырып, адамдардың әртүрлі типтерінен келесі жауаптарды туындататын, террористік шабуыл немесе қауіптері сияқты ассоциацияның әлеуетті типологияларын / тәсілдерін көреміз:

• кез келген жерге саяхатқа шығуды тоқтату;

• нақты көлік түрлерінен аулақ бола отырып, бұрынғыдай саяхат жасау;

• нақты белгіленген пункт түрлерінен аулақ бола отырып, бұрынғыдай саяхат жасау;

• Western қонақүйлер желісі немесе туристік барлар сияқты үлкен қауіпке тап болған жерлерден алшақтай отырып, террористік қауіптілік сезімі болса да, бағытталған жерлерге бару үшін өздерінің жоспарларымен алға басу;

• болжамды қаупі бар жерлерге баруға және терроризм алдындағы қорқыныш сезіміне бой бермеу үшін сапарларының жоспарларына еру;

• теракті́ден кейін шабуыл жасалған жерлерге «ынтымақтастықтың» белгісі ретінде оның тұрғындарына бару;

• теракті́ден кейін террористер ешқашан бір жерде екі рет шабуыл жасамайтынына сенімділігінен сол жерлерге барындар;

• шабуылдан кейінгі уақытта бағалар өте төмен болатындықтан, теракті́ден кейін белгіленген пункттерге баратындар

Болашақта типологияларға / сараланулар́ға бұл әдіс бойынша одан да көп зерттеулер жасаған қызық болар еді.

БПА әуе компанияларына көңіл аударсақ, бұл айырмашылық маңызды болып табылады. Жұмыс беруші (тапсырыс беруші) шотты төлейді, бірақ ол серіктестерге арналған тегін ұшулар сияқты БПА қызметтерін қолданатын бизнес саяхатшы (тұтынушы) болады. Енді әуе компаниялары бұл шынымен де қол жеткізу керек болатын және оларға жеңілдік тарифтермен жүгінуге тырысатын клиенттер екенін түсінеді.

Туризмдегі маркетинг қосымшалары мен сараланулары

Алдында саралау маркетологтардың мұқтаждықтарына қызмет ету үшін туындаған деп айтып кеткенбіз. Бұл таңғаларлық жағдай емес, сондықтан Миддлтон және Кларк (2001) сияқты жазушылар «Нарықтың сараланулы мен өнімді әзірлеу, егер олар дұрыс сәйкестендірілсе, айнадай кескін болып табылады» деп санайды.

Расында да, сараланым маркетингтің өнім, баға, орын және қызметтегі қозғалыстың төртеуіне де көмектесуге дайын. Бұл байланыс 11-тарауда толығырақ талқыланған, сондықтан бұл кезеңде екі қысқа ескертпе жасауымыз керек.

Біріншіден, сәтті маркетинг саралаудың бір тәсіліне ғана негізделмейді; оның орнына ол әр жағдайда қолдануға болатын түрлі әдістердің қоспасын пайдаланады. Бізге тұлғаны географиялық тұрғылықты орнымен байланыстыруға немесе әртүрлі демографиялық факторларға қатысты қалаған табыстарға бейімделуге болар еді. Әлеуметтік-экономикалық, географиялық және демографиялық факторлардың сәйкестігі

маркетинг туризмінде ACORN тұрғылықты аумағының сұрыпталған жүйесін пайдалануды қолдайды.

Екіншіден, туристік ұйымдар Миддлтон және Кларктың (2001) «бірнеше сараланулар» деп атағандарын қарастырулары керек. Мысалы, олар қонақүйлер 5 сараланууға қызмет көрсететінін – корпоративті / бизнес-клиенттер, топтық турлар, дербес демалушылар, демалыс күндері / аптаның ортасында, жолдама бойынша демалушылар мен «(туристік) бизнестердің көбі» бір емес, бірнеше сараланымдармен жұмыс жасайтынын айтады.

Қорытынды

Ғылыми типологияларды саралау әдістерінен бөлек қарастырған кезде, олардың арасында нақты байланыс болады. Хорнер мен Сварбруктың (1996) айтулары бойынша:

Плогтың типологиясы (1977) туристің жеке тұлғалығын негізге алып, психографиялық саралаулардың принциптеріне негізделген …. «Пост-турист» секілді негізгі ұғымдар психографиялық саралаудың басқа элементімен, атап айтқанда, өмір салтымен тығыз байланыста. Пост-турист үшін туризм олардың постмодернистік өмір салтының тағы бір аспектісі болып табылады.

Сендіретін типология мен саралау әдістерін әзірлеу қалай қиын болғанын және қолданыстағы барлық тәсілдер сынға ұшырағанын байқадық.

Қоғам мен тұтынушының мінез-құлқының өзгерістерін көрсету мақсатымен саралауға біздің тәсілдер мен екі типологияны үнемі жаңартып отыру маңызды. Және ғалымдар мен маркетологтар туристік мінез-құлықтарын қалай көретіндерін ғана ойланбай, сонымен қатар туристер өздерінің мінез-құлықтарын қалай бағалайтынын анықтап көруіміз керек. Оны тұтынушылардың шынайы мінез-құлықтарын қалыптастыратын олардың қабылдауынан кейін жасалады.

Жаттығу

Келесі нарықтардың бірінде нарықтың сараланууының бес классикалық тәсілін қолдануды зерттейтін есеп беру:

• көптеген жолдамалар;
• тұрақты әуе компаниялары;
• ойын-сауық саябақтары;

• қала сыртындағы қонақүйлік үйлер;
• круиздар;
• сауықтыру орталықтары.

Қандай әдіс немесе әдістер ең өзекті болып табылатынын және қандай әдістердің тұжырымдамалары ең қолайлы болып табылатынын ұсыныңыздар.

7.1-мысал – Irhal.com: мұсылмандарға арналған басты ақпарат көздері

Саския Фолк

2010 жылдан бастап мұсылман саяхатшыларында Irhal.com онлайн ақпарат көзі бар. Таяу Шығыс және басқа елдерден шығатын саяхатшылар масджид (мешіт), халал мейрамханалары мен қонақүйлерінің деңгейі, сонымен қатар бүкіл әлем бойынша 85 қаладағы намаз оқу уақытын реттеу үшін сағаттық белдеу туралы нақты ақпарат ала алады. Мұсылмандар халалды Құранды оқуына сәйкес «мүмкін» араб сөзімен қолданады. Сонымен қатар, ауқымды және мезеттік зерттеулердің негізінде денсаулық және қауіпсіздік, балаға бағытталған қызмет, тауар ұсыныстары және саяхатшыларға қажет басқа да жалпы мәліметтер туралы карталар мен ақпараттар бар. Irhal.com сондай-ақ, адамдардың саяхаттар мен жалпы ақпараттар туралы қызықты жарыс-сөздерді салатын Facebook қабырғасы бар.

Дубайда негізделген Irhal.com негіздеушісі Ирфан Ахмад 2010 жылы өзінің сұхбатында өз тәжірибелерімен бөлісті.

Сұрақ: Сізді бұл сайтты құруға не шабыттандырды?

Ирфан Ахмад: Irhal.com тарихы 1980 жылы басталған ұзақ оқиға еді. Мен Массачусетс штатының Кембриджідегі Гарвард-гүл бағыты бойынша бара жатқанымда, дүкеннің терезесіндегі «өтінемін, ...кетіңіз» деген жазуды көрдім. Бұл мені қызықтыра бастады. Клиенттердің кетуін өтіну кімге қажет екен? Мен жақынырақ жақындадым. – «өтінемін. .жиі кетіп отырыңызшы!» деген белгіні оқыдым. Бұл туристік агенттігіне өте жарасымды!

2010 жылдың сәуір айына көшейік, мен саяхаттар туралы www.Irhal.com сайтын құрдым. ‘Irhal’ – бұл «кет» дегенді білдіретін араб тілі. Кембриджідегі туристік агенттігінің терезесіндегі белгі менің шабытым болды. Алайда, саяхаттар туралы сайтын неге шығардым? Бұл да бір естелік. 1998 жылы 10 жыл мерзім бойы халықаралық газеттер мен журналдарда жарнама алаңдарын сатқаннан кейін мен онлайн әлеміне кірдім. Мен Yahoo! маған Таяу Шығыста ғаламтор-жарнамаларын са-

туға көмектесетініне сенімді болдым.

Жарнама берушілер мен жарнама агенттіктері өзгергілері келмеді. Олар парақтың ширектігі мен жарты бетті хабарландыруды түсінді. Олар үшін пиксельдер мен гифтер түсініксіз бірдеңе болды. Ғаламтор-жарнаманың нарығы өсе бастады. Алтын іздеушілер келді. Ақылды жас кәсіпкерлер еншілес капиталистермен қаржыландырылатын веб-сайттарды құрды. Олар өте көп әңгімелесті. Көп көңіл көтерді. Содан кейін өздерінің ақшаларын жұмсап тастады. Сол кезде былай болды. Таяу Шығыстағы ең құрметті ғаламтор-сайтының бірі ameinfo.com 29 миллион долларға сатып алынды. Мен оларды шығарған екі даниялықты білдім, оларды қадағаладым.

Мен олармен ғаламторда жарнаманы сату үшін күрестім. Ғаламтордың Таяу Шығыста әйтеуір «жетілгеніне» қуандым. Және олардың табыстарын мақтан тұтып, өзіме «мен де оны жасай аламын!» дедім.

Сөйтіп, 2007 жылдың жаз мезгілінде Irhal.com тұқымдары отырғызылды.

Сұрақ: Неге сіз саяхатқа беттелген сайтты шығаруды жөн көрдіңіз?

Ирфан Ахмад: ғаламтор біз саяхаттайтын тәсіл мен оны қалай жоспарлайтынымызды өзгертті. Әуе компаниялары мен қонақүйлер туристік шешімдер онлайн режимінде қабылданатынын, ал олардың ғаламтордағы жарнамалары туристерге әсер ететінін түсінді. Менің ірі клиенттерімнің кейбіреуі туристік сектордан қалыптасады. Сонымен қатар, Дубайда шексіз жаздың әлемінде өмір сүріп, аяқ астындағы жаңбырды, қарды және күзгі жапырақтардың сықырлауын сағына бастаймыз. Осылайша, саяхатқа арналған сайт туындады.

Сұрақ: Irhal.com басқа туристік сайттардан несімен ерекшеленеді?

Ирфан Ахмад: Irhal.com ақпараттық сайт. Ол Таяу Шығыс елдерінің саяхатшылары үшін ақпарат беруге бағытталған. Оның мақсаты – бұл аймақтан шығатын туризмнің саяхатшыларына арналған баға жетпес ақпарат көзі болу. Irhal.com саяхатшылардың мүдделеріне қызмет көрсететін travelocity немесе Expedia сайттары сияқты болуға тырыспайды. Біз қонақүйлер мен әуе билеттерін брондамаймыз. Біз тек қайда бару туралы идеяларын іздейтін саяхатшылар үшін шабыттандыру негізі, бағыттаушысы болғымыз келеді. Қайда барғылары келетіндері туралы шешім қабылдағандар үшін біз оларға қалада баруға болатын және тамақтанатын жерлер, қай жерлерде сатып алулар жасауға болатындары туралы айта отырып, олардың ресурстары болуымыз мүмкін. Әрине, біз сонымен қатар өзіміздің діни қажеттіліктеріміз туралы

ақпарат береміз. Барлық туристік сайттар туристік ақпараттарды береді және біздің де олардан ешқандай айырмашылықтарымыз жоқ, алайда біз намаз оқу уақыты, халал мейрамханалары және мешіттердің орналасуы туралы ақпараттарды берумен ерекшеленеміз. Ақпараттың басқа бөліктері де мұсылман саяхатшылары Irhal.com бірнеше рет пайдаланулары үшін қызықтырулары мүмкін.

Сұрақ: Мұсылмандарға сай қандай діни мәселелер олардың қалауларына әсер етеді?

Ирфан Ахмад: әр мұсылман күніне бес рет намаз оқуы керек. Әр намаз шамамен бес-он минутқа созылады және бір күнге бөлінген мезгілдердің нақты аралықтарында оқылуы керек. Фаджр немесе таңғы намаз таңсәріде: шамамен күн шыққанға дейін 90 минут, жалғасып, күн шыққанға дейін аяқталуы керек. Зухр намазы талтүсте оқылып, екі сағаттық уақыт ауқымын алады, ал Аср намазы Зухр намазын аяқтағаннан кейін күн батқанға дейін оқылады. Күн батқаннан кейін - бұл шамамен 90 минуттық уақыт ауқымын алатын Мағриб намазына арналған уақыт, ал 90 минуттан кейін соңғы Иша намазы оқылады. Намаз оқу уақытының есебі адамның орналасқан жерінің жыл мезгіліне, ендігі мен ұзақтығына байланысты өзгеріп отырады.

Қалаға екі апта ішінде саяхаттайтын мұсылман саяхатшылары үшін Зухр мен Аср намазын, Мағриб пен Иша намазын екі жеке намаз жиналысында оқу ұсынылады. Саяхат кезінде мұсылмандар міндетті бес намаздың орнына күніне тек үш рет қана намаз оқулары керек. Рамадан жыл сайынғы маңызды қасиетті ай болып саналады. 2010 жылы ол тамыз айының ортасынан басталып, қыркүйек айының ортасында аяқталды. Мұсылман күнтізбесі жеке күнтізбе болып табылады да, Григориандық күнтізбеге қарағанда (қазір пайдаланатын), ай күнтізбесі 11 күнге қысқа болғандықтан, әр ай жаңа Ай туғанда басталады, Рамадан жыл сайын ертеректеу басталады. 2011 жылы ол тамыз айының бірінші аптасында басталады. 30 жылдық кезеңде мұсылман Рамаданды әр мезгілде тойлап отырады. Мұсылман саяхатшысының тағы бір маңызды қыры диеталық мұқтаждығы. Тәжірибедегі мұсылмандар шошқа етін жемейді және алкоголь ішпейді. Мұсылмандар сиыр, қой және тауық етін жегендеріне қарамастан, халал ретінде сұрыпталатын тағамдар Ислам жолы бойынша жойылулары керек. Жануар немесе құсты талдырып өлтіргеннің орнына, олар еврейлер қолданатын шабылған әдіске ұқсас, қаны ағуы үшін оның мойны бауыздалуы керек. Тәжірибедегі мұсылмандар халал етін ұсынатын мейрамханаларда тамақтануды қалайды.

Сұрақ: қонақүйлер мен мейрамханалар мұсылман саяхатшыларын орналастыру үшін не істеулері керек?

Ирфан Ахмад: мен жаңа ғана айтып кеткендегідей, күнделікті өмірдің бөлшегі болатын намаздан кейін қонақүйлер мұсылмандар өздерін үйдегідей сезіну үшін керемет тәсіл болып табылатын жай намаз сияқты қарапайым нәрселерді ұсына отырып, мұсылман саяхатшыларына ыңғайлы болу үшін қызметтерін ұсынады. Намаздар оқылып жатқан кезде біз қонақ үйлерде мұсылман елдерінің көбінде Меккеге бағытты көрсететін барлық нөмірлерде төбеде немесе қысқа бағанада шағын жапсырғыштар бар Құбыланың (Мекке, Сауд Арабиясына бағыттар) алдында тұрамыз. Сол кезде мұсылман намазды қонақүй нөмірінде жалғыздықта немесе басқалармен намаз оқу бөлмесінде немесе мешітте оқуы мүмкін. Намаздың алдында бетін, қолын және аяғын жуу маңызды болғандықтан, жақын жерде жуынатын бөлмелері болуы қажет. Диеталық тағамдарға қатысты, мұсылмандарға әзірленген тағамды шошқа етімен араластырмау керек немесе шошқадан жасалған тағамдарға қоспау керек. Мысалы, таңертең құймақ дайындау үшін пайдаланатын таба немесе грильді бекон немесе ветчинаны қуыруға пайдаланбау керек. Тағамды дайындағанда алкоголь пайдаланбау керек. Irhal.com тәжірибедегі мұсылмандарға ыңғайлы болу үшін әр қалада бірнеше халал мейрамханаларын атап көрсетеді. Қонақүйлердің көбі әсіресе Рамадан айының кезінде күншығыстан күн батқанша дейін мұсылмандар ауыз бекітіп жүргенде, өздерінің қонақтары үшін халал тағамдарын ұсына бастады.

Сұрақ: Irhal.com пайдаланушыларын сипаттай аласыз ба?

Ирфан Ахмад: 2010 жылдың қазан айында Irhal.com сайтына 1 миллионнан аса парақшасын қарап шыққан 150 000 астам бірегей пайдаланушылар кірген. Кірушілердің көбі араб бөлімдерін қарап шыққан. Біздің аудитория көбінесе Сауд Арабиясы мен БАЭ шығушыларынан тұрады. Кувейт, Катар, Бахрейн және Оман сияқты Парсы шығанағының басқа елдері Ливан, Сирия, Иордания және Египетпен бірге сайтта 90 % трафиккқа дейін барады. Irhal.com пайдаланушыларынан әзірше ештеңе сұрастырмай тұрып (2011 жылдың басына жоспарланады), пайдаланушылар көбінесе ауқатты арабтар екенін білеміз. Сайттың ағылшын бөлімін арабтар қалай пайдаланса, Таяу Шығыстағы шетелдіктер де солай пайдаланады. Сайттың ағылшын және араб бөлімдерін пайдаланушылардың сипатында бірнеше ерекшеліктер бар.

Сұрақ: сіздің сайтыңыздағы туристердің таңдаулары туралы білесіз бе?

Ирфан Ахмад: әр бөлімдегі ең танымал бағыттарды таңдау сараптамасы араб бөліміне кірген 25 ірі қалалардан 11 мұсылман елдерінде орналасқанын, ал ағылшын бөлімінде мұсылман елдерінің тек 5 қаласы ғана орналасқанын көрсетеді. Беттері жабылған адамдарға және мешіт мұнараларына тыйым салуды жариялайтын соңғы жағдайлар, сонымен қатар Германия канцлерінің оның еліндегі мұсылмандар христиан құндылықтарын ескерулері және сақтау керектілері туралы мәлімдемесі Irhal.com сайтының кірушілеріне ешқандай әсерін тигізбеген. Еуропа да, АҚШ та бұрынғыдай саяхатты таңдаудың бастамасы болып қалады. Қасиетті Рамадан айының кезінде Меккеге мұсылмандар қаланы көруге бару үшін бар күштерін салатындықтан, ол ең танымал бағыт болып табылатын; соңында, Чикаго саяхат үшін ең сүйікті қала болып оның алдына шықты. Дубай аймақта тұратын арабтар мен шетелдіктердің арасында танымал жер болып табылады және оның Irhal.com сайтына кірушілердің арасындағы танымалдығы осыны көрсетеді.

Сұрақ: Дін сіздің пайдаланушыларыңыздың арасында саяхатты таңдауда нақты бір рөлін қандай деңгейде атқарады?

Ирфан Ахмад: егер дін бағытталған пунктін таңдау үшін басымды фактор болып табылса, онда мұсылман елдеріндегі қалалар Irhal.com сайтында аса танымал болар еді. Саяхат АҚШ-тан Қиыр Шығысқа қозғалған кезде 9/11 кейін ерекше маңызды болып табылған Куала-Лумпур арабтардың арасында 28 орын алып, Irhal.com сайтының ағылшын бөліміндегі бағыттардың Топ-50 ішіне де кірмейді. Малайзия 2009 жылы Таяу Шығыстан Малайзияға шамамен 400 000 адам барған Таяу Шығыс елдерінен саяхатшыларды қызықтыра бастаған, алайда Малайзияға сол жылдары жалпы саны 24 миллион турист барғанымен салыстырғанда бұл сан өте аз.

Таяу Шығыс елдерінің саяхатшылары аймақтың жоғары температурасы бар демалысты ұсынатын, сонымен қатар көрші елдерде әдетте ұзаққа созылмайтын, бірақ жазғы уақытта үш-төрт апталық каникулдарда отбасылық шытырмандарға тап болатын бағыттарды іздейді. Осы ұзақ каникулдарда оларға халал тағамдар мен басқа да діни қызметтер қажет, сондықтан қонақүйлер бүкіл әлем бойынша мұсылман саяхатшылары үшін арнайы үй-жай ұсына бастайды. Расында да, жеке хауыздар мен спа-қызметтер бар, бірақ әйел адамдар жағажай демалысы мен теңізді пайдаланбайды. Мұсылман әйелдері тәуір киінулері керек және оларға арналған ер адамдарсыз хауыздар мен жеке жағажайлар

бар ер адамдарға дене мүшелерін көрсетулеріне болмайды, олар ешқандай уайымсыз демала алулары үшін талаптарға сәйкес басқа адамдарға кіруге болмайды.

7.2-мысал. Белсенді демалыстың сауда нарығын саралау.

Бос уақытта сауда орталықтарына мұқтаж болу үшін емес, көңіл көтеру үшін киімдер сатып алып, сатып алу процесімен рақаттану – бұл туризмнің заманауи тарихының негізгі элементі.

Кейбір бағыттар үшін бұл көп туристер қазір өзінің рейсіне немесе қонақүйіне ақша кетіргенше, ақшаларын бөлшектеп сатып алуларына жұмсайтын туристік өнімдерінің негізі болып табылады. Басқа да сауда нарықтары сияқты біртектес болып табылмайды, ол түрлі тұжырымдардың негізінде түрлі сараларға бөлінуі мүмкін. Бұл тұжырымдамалардың кейбіреуін қарастырып көрейік.

Біріншіден, туристер сапардың ұзақтығына әсер ететін бірнеше шақырымнан мың шақырымға дейін өзгеруі мүмкін қашықтықта сатып алуларға баруға қанша уақыт кетіруге дайын деген сұрақ бар.

Сонымен қатар, біз нарықты кез келген тәсілде саралай аламыз. Бұл сараланым сапарға мың доллар немесе евро жұмсауға дайын және бірнеше доллар немесе евродан көп жұмсай алмайтын немесе жұмсағысы келмейтіндерден өзгеруі мүмкін. Кейбір витриналар үшін бірдеңені сатып алу тәжірибенің маңызды бөлшегі болуы мүмкін. Туризмнің басқа түрлерінде сияқты сауда нарығы ішкі, кіру және шығу болып бөлінуі мүмкін. Бос уақыттағы шопингтік жеңілдіктер немесе Рождество кезінде немесе арнайы ұйымдастырылған сауда фестивальдары сияқты оқиғалардың арасында жасалған маусымдық жоспарына сараланады.

Сонымен қатар, шопингке бір немесе екі күн кететін шопинг пен жалпы демалыс негізгі мақсаты болып табылатын сапарлардың арасында айырмашылықтар жасап отыру маңызды. Біз бұл нарықты сапар жасайтындарға: дербес тұлға, жұптар, отбасылар немесе достар тобына бөле аламыз. Мысалы Ұлыбританияда достар тобы шопинг жасауға бірге барулары мүмкін.

Сонымен қатар, нарық адамдар барғылары келетін сауда орталықтарының негізгі түрлеріне бөлінеді, соның ішінде:

• ірі сауда орталықтары;
• шағын тәуелсіз дүкендер;
• өнімдерді өндірушілерден тікелей сататын фирмалық дүкендер мен көтерме қоймалары;

• дәстүрлі нарықтар мен базарлар.

Кейбір адамдар басқалардың өздерінің қалаулары болғанда, сатып алуларды барлық сауда орындарында жасай алады.

Сондай-ақ, нарықты адамдар сатып алатын өнімдерге негіздей отырып, сараланулaрға бөле аламыз. Басқа сөзбен айтқанда, адамдар фирмалық дизайнер тауарларын дәстүрлі жергілікті өнімдер арқылы сатып алуды қалайды, бірақ өнімнің нақты түрлеріне қызығатын және өздеріне киімдерді, әшекейлерді, компакт-дискілерді және DVD-дискілерді, сонымен қатар тамақтану азық-түліктер мен сусындарды сатып алуға мүмкіндіктері бар адамдар болады. Адамдардың көпшілігі жаңа өнімдерді сатып алғылары келсе, басқалары ұсталынған заттар дүкені мен үлкен нарықтардан сатып алғанды қатты ұнатады.

Адамдардың көбі нарықта жыныс түрі бойынша сараланyы мүмкін; басқа сөзбен айтқанда, еркек адамдарға қарағанда әйел адамдар шопинг жасауды көп ұнатады деп айтады. Алайда, бұл көзқарастың негізінде жататын кейбір шынайылықтар болуы мүмкіндігіне қарамастан, еркектердің көбі дүкендерді пайдалануды ұнатса, ал кейбір әйел адамдар оны жек көретінін ескере отырып, бұл өте таптаурын болып табылады.

Туристік жерлерде өздеріне сатып алатын және басқаларға сатып алатын адамдардың арасында айырмашылық бар.

Сонымен қатар, этикалық және әдепсіз көзқарас бойынша ойын-сауықтың кейбір күмәнді түрлері бар, соның ішіне келесі адамдар жатады:

• пайда табу мақсатындағы, атап айтқанда, сататын ойлары бар нәрселерді сатып алу мақсатында сатып алатын;

• сатып алудың заңмен белгіленген алкоголь немесе темекі сияқты нақты тауарларды «жасырын тауармен» айналысуға дейін сатып алуларды көбейтетін;

• заңсыз сыйкәделерді, мысалы көне артефактілер немесе жоғалып жатқан аңдардың түрлерінен жасалған заттарды сатып алатын.

Саралаудың түрлі тәсілдерін қарастыра келіп, 7.1-қосымшада көрсетілген туристік бағыттағы демалыстағы шопингтің рөлін қарастырайық.

Туризмнің бұл түрі демалыс ретінде қалалардағы сауда орындарының мүмкіндіктері туралы туристер үшін кеңес берудің негізі болды. Қайда тоқтап, тамақтануға болатындығы туралы жиі кеңестер беретін жеке қалаларда дүкендер бойынша арнайы жол көрсеткіштері бар. Бұл

басшылықтардың көбі «мейнстрим» болып табылады, алайда өздеріне ерекше және қалыпсыз сауда орындары туралы толық ақпаратты кіргізеді. «Fodor», «Frommer», «LonelyPlanet», «TimeOut» және тағы басқа «Дәстүрлі» жол көрсеткіштері қайда сатып алуларды жасауға болатыны жөнінде көптеген кеңестер береді.

7.1-қосымша. Белсенді шопингтің рөлі



Destinations where museum shops are famous and where shopping in their outlets helps fund the museums	Мұражай дүкендері өте танымал, ал олардың сауда жасау жерлерінде мұражайларды қаржыландыруға көмектесетін жерлер
Destinations whose	Әуежайлар өздерінің дүкендерінің сапасы мен бажсыз тауарларымен мақтанатын орындар
Destinations where the quality and variety	Сатып алулардың сапасы мен түрі өте тартымды болып табылатын жерлер, мысалы Лондон, Париж және Нью-Йорк
Destinations which are famous for particular products, such as gold in Dubai	Дубайдағы алтын сияқты нақты өнімімен танымал жер
Destinations where major shopping malls are the main attraction such as West Edmonton, Canada	Ірі сауда орталықтары Батыс Эдминтон, Канада сияқты басты көрнекі жерлер болып табылатын жерлер

Destinations where buying directly from producers is the main attraction	Тікелей өндірушілерден сатып алу басты көрнекілік болып табылатын жерлер
Destinations where traditional markets and souks are the main leisure shopping attraction	Дәстүрлі нарық пен базарлар басты көрнекілік болып табылатын жерлер
Destinations which are renowned for selling low priced imitations of famous branded products	Төмен баға басты көрнекілік болып табылатын жерлер
Destinations where low price is the main attraction for leisure shoppers	Танымал фирмалы өнімдердің арзан қолдан жасалған сатулармен белгілі жерлер
The role of leisure shopping	Беделді шоппингтің рөлі

Журнал мен газеттердегі туристік мүмкіндіктерін белсенді шопингтің назарымен екпіндеуге болады. Бағытталу жерлері мысалы, Дубайда немесе Гонконгта сұранысты өсіру үшін маусымаралықта арнайы сауда фестивальдарын жиі ұйымдастырады. Қалалардың көбінде туристер ұйымдастырылған шоп-турлар жасаулары мүмкін. Мысалы, Нью-Йоркте турлар азық-түлік дүкендері мен киім дүкендеріне, сонымен қатар «Outlets Woodbury Common Premium» сияқты қала сыртындағы сауда кешендері үшін қолжетімді. Сауда орталықтары айтарлықтай шағын-бағыттамаларға айналды. «Фаст-фуд» кафесі мен этникалық тамақтардың киоскі орналасқан мульти-кешендер мен жерлер көп елдерде бір күндік сапардың себебі болды. Белсенді шопинг – бұл АҚШ-тың ішкі нарығында өзін жақсы ұсынған жаһандық құбылыс. Сөйтіп, Азияда жақында дамыған елдерінен шығатын туристерінің көбінің бағыттарын таңдауына әсер ететін негізгі фактор және шопинг жаңа тәжірибе болып көрінетін бұрынғы коммунистік елдердің туристері үшін негізгі бағыт болып табылады.

Қорытынды

Соңғы 20 жылда туристерге арналған дүкендер бүкіл әлем бойынша тез өсіп келеді және қазір туризмнің жаһандық нарығының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Сөйтіп, бұл әлі де жете зерттелетін өте әртүрлі нарық. Олардың өсуінің жалғасуы және туристер үшін одан да маңызды құбылыс болуы әбден мүмкін.

4-бөлім
Туризм мен нарықтың сұранысы

2 және 3 бөлімдердегі туристік мінез-құлқының теориялық өлшемін қарай келіп, бүкіл әлем бойынша туризм және нарық секторындағы қолданыстағы фактілер мен сандарға көңіл аударамыз.

Төртінші бөлімде біз келесілерді қарастырамыз:

- туризм сұранысының ғаламдық сипаты;
- туристік ағымның ішкі, шығыс және кіріс хабарламалары бойынша сұраныстағы ұлттық ерекшеліктер;
- нарықтың түрлі сараланымындағы сұраныстың сипаты;
- туризмнің түрлі секторларына арналған нарықтар.

8-тарау

Туризм сұранысының әлемдік үлгісі

Кіріспе

Бұл тарауда әлем аймақтарына бөлінген туризм секторына сұраныс үлгілерін қарастырамыз. Талдауымызды туризм секторына әсер ететін факторларды ескеріп және кейбір негізгі факторларды толығырақ зерттеуді жалғастырамыз. Оларға аймақтар немесе елдердің экономикалық жағдайы, қалалану деңгейі мен өмірдің жалпы сапасы жатады. Бұл тарауда әлем аймақтарындағы туризмге сұраныстың талдауы аяқталады да, әртүрлі аймақтар арасындағы туризмдерді салыстырамыз.

Туризм секторындағы сұранысқа әсер ететін факторлар

Әлемдік туризмнің деңгейіне әсер ететін факторлар 1995 жылы Әлемдік Туристік Ұйыммен (ӘТҰ) зерделенген. Бұл факторлар 8.1-суретте көрсетілген.

Келу және кіру туризмі

1995 жылы 565 миллион халықаралық туристердің 1998 жылы 636600000 дейін келуінің өсу деңгейі бақыланды және ӘТҰ 2020 жылға дейін 101.56 миллиардқа дейін жетуін болжамдады (ӘТҰ, 2005). Сонымен қатар, ӘТҰ туристік өнімдегі адамдар талдауына әсерін тигізетін әрекеттер мен анықтаушыларды зерттеді. Ол 8.2-суретте көрсетілген.

8.1 және 8.2-суреттерде көрсетілгендей, мәселелердің көбі туристік сұраныстың деңгейіне ықпал етеді. Демографиялық және әлеуметтік өзгерістер туризм сұранысының үлгісіне ықпал етеді. Мысалы, егде жастағы адамдарға бағытталған туристік өнімнің дамуына әрекет ететін Еуропадағы демографиялық бейіннің қартаюы болып табылады. Қолжетімді туристік өнімдерді тұтынушылар тәжірибесінің туризм сұранысына әсерін тигізеді.

Туризмге әсер ететін сыртқы факторларға төмендегілер жатады:

~ экономикалық және қаржылық даму

~ демографиялық және әлеуметтік өзгерістер

~ технологиялық жаңа енгізулер мен жетілдірулер

~ инфрақұрылымға инвестциялау, жабдықтарға қаржы жұмсалатын еңбек қаражаттарына инвестициялар

~ саяси / заңдық / басқарушы факторлар

~ экологиялық жоспарлау мен әрекеттесу мәселелері

~ сауданың дамуы

~ саяхаттың қауіпсіздігі

* Туристік өнімдер мен қызметтерге сұраныс пен ұсынысқа және таралуына тікелей әсер ететін негізгі нарықтық күштерге төмендегілер жатады:

~ туризм мүмкіндігіндегі тұтынушының тәжірибесі мен туристік қажеттіліктер

~өнімді белгіленген орны / жеке сектор операторының қызметтері бойынша әзірлеу

~ саяхат құрылымындағы үрдіс және туристік операциялық сектор, маркетинг

~ білікті және тәжірибелі адамдық ресурстарды қою

8.1-сурет. Туризм дамуын қалыптастыратын факторлар Дереккөз: ДТҰ (1995)



Демографиялық және әлеуметтік өзгеріс
Экономикалық және қаржылық даму
Саясаттық, заңдық, басқарушы факторлар
СЫРТҚЫ ФАКТОРЛАР
НАРЫҚТЫҚ КҮШТЕР
Көліктік инфрақұрылым
Сауданың дамуы
Қызмет көрсетудің дамуы
Жол саудасының құрылымы
Өнімнің жасалуының соңы

Технологиялардың дамуы
Саяхаттың қауіпсіздігі
Адамдық ресурстардың дамуы
Брондап қоюдың және мәліметтер базасының компьютерлік жүйесі

8.2-сурет. Әрекет және анықтаушы
Дереккөз: ӘТҰ (1995)

Бұл адамдар, әдетте, саяхат үшін мүмкіндіктер туралы білгісі келгенде әсіресе дамыған *елдерде маңызды, онда дәлірек айтқанда, саяси немесе экономикалық факторлар олардың* өткендегі шешімдеріне әсер етті. Туризм бойынша мамандар үшін телевизиялық

бағдарламалар мен журналдардың көбеюі туризм саласындағы қызығушылықтың өсуін көрсетті. Бұл бағдарламалар сондай-ақ туризм секторындағы сұранысты арттырды. Үлкен арақашықтықтарда қозғалатын және жолаушылардың көп санын тасымалдай алатын үлкен ұшақтардың А380 дамуы жаңа алыс бағыттарды дайындауға көмектесті. Ақпарат іздеу және туристік өнімдерді брондау үшін интернетті пайдалану халықаралық сапарлардың өсуінің ең маңызды факторы болды.

Туристік демалысқа бағаның төмендеуі туристік өнімдерге сұраныстың көбеюіне әсер етті. Ұлыбританияда қолайлы бағамен тиімді жолдамалардың дамуы жолдамалар бойынша шетелге саяхаттайтын британдықтардың көп санының негізгі себебі болды, бұл Ұлыбританиядан көшпелі туризмнің сұранысына әкелді. Дегенмен, біз байқағандай, Ұлыбританиядағы жуырдағы экономикалық дағдарыста экономика жағдайлары бұл тенденцияны уақытша өзгерте алады.

Туризмнің сұранысына әсер ететін негізгі анықтаушы факторлар

Енді біз туризмнің сұранысына әсер ететін факторлардың кейбіреулерін толық қарастырамыз.

Елдің немесе аймақтың экономикалық жағдайы туристік сұраныстың деңгейлеріне тікелей әсер етеді. Жеке елдер мен аймақтарда экономикалық белсенділікті өлшеудің әртүрлі тәсілдері бар. Әлемдегі экономиканың ірі өлшемдері туристік сұраныстың едәуір үлесін қамтамасыз етеді. Әлемнің әртүрлі аймақтарындағы халықтың басына келетін жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) қарау қызықты, сондай-ақ бұл деректердің қысқаша мазмұндауы Еуропа үшін 8.1-кестеде және әлемнің ірі елдері

үшін 8.2-кестеде келтірілген.

Табыстардың бөлінуі әлемнің әртүрлі елдерінде үш негізгі фактордың арқасында өзгерді – экономикалық себептер, демографиялық себептер және саяси пікірлер (Euromonitor, 2004). 8.1 және 8.2 кестелері соңғы бірнеше жылдағы табыстарды бөлудегі өзгерістерді көрсетеді және олар кейбір елдерде әлдеқайда көбірек көрінгенін байқауға болады. Біз бүкіл әлем бойынша болған өзгерістердің қысқаша шолуын береміз.

Азиялық-Тынық мұхиттық аймақ

Азиялық-Тынық мұхиттық аймақтағы әртүрлі өңірлер арасында радикалды өзгерістер байқалады. Табыс аймақтық мөлшерлерге, білім беру деңгейіне, этникалық топтарға және қалалық пен ауылдық аудандардың бөлінуіне байланысты барлық аймақ бойынша үлестірілді. Жапония, Гонконг және Сингапур барлық аймақ халқының басына келетін ЖІӨ-нің ең жоғары көрсеткішіне ие. Қала аудандарының шоғырлануына байланысты елдердің ішінде масштабты айырмашылықтар бар. Мысалы, Қытайда өркендеу жағалаудағы аудандар мен біршама кедей ішкі өңірлер арасында орасан зор айырмашылықтар бар.

Африка және Таяу Шығыс

Таяу Шығыс елдері мен Африка елдерінің үй шаруашылықтары арасындағы табыстардың теңсіздігі біршама төмен болып табылады. Гендерлік теңсіздіктің көрсеткіші жоғары болып табылады, алайда, табыстың экономикалық үлесімен араб елдеріндегі сол орташа статистикалық ер адамның бесінші бөлігіне қарағанда орташа есеппен алғанда төмен (Euromonitor, 2004).

Оңтүстік Африкада үй шаруашылықтары табыстарының біркелкі бөлінбеуі болады және бұл айырым көбінде қара адамдармен басқарылатын үй шаруашылықтарымен салыстырғанда, табыстары орташадан жоғары ақ адамдармен басқарылатын үй шаруашылықтарымен жарысуымен түсіндіріледі.

Батыс Еуропа

Батыс Еуропада 1990 жылдардан бастап табыстардың теңсіздігінің өсуі байқалады. Бұл өңірде болған демографиялық өзгерістердің нәтижесінде дамыды. Москал адамдар мен шағын үй шаруашылықтары са-

нының артуы табысы төмен деңгейдегі үй шаруашылықтары мен екі серігі де жұмыс істейтін және отбасыларында біршама жоғары табысы бар үй шаруашылықтары арасындағы табыстардың бөлуінің жарылғанын білдіреді. Балалары бар не жоғына қарамастан жұмыс істейтін екі серігі бар үй шаруашылықтары туризм индустриясы үшін анық нысана болып табылады.

Шығыс Еуропа

Шығыс Еуропада табыстарды бөлудің екі үлгісі пайда болды. Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесі сақталған Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде табыстардың бөлінуі өзгермейтін болып қалады. Ресейде, алайда, кәсіпқой және кәсіпкерлер арасындағы табыстардың көбеюі арқасында табыстарды бөлуінде өсу теңсіздігі байқалады. Табыс деңгейі жоғары бұл жаңа топ туризм индустриясы үшін анық нысана болып табылады.

Солтүстік Америка

АҚШ-та табыстардағы өсу теңсіздігін 1960 жылдардың соңынан бастап бастан өткізді. Жоғары білікті кәсіби жұмыскерлер өз мамандығының жоғарғы сатысында еңбекақысының елеулі өсуін бастан кешірді, сөйтіп, спектрдің басқа жағында кедейлер кедей болып қалды. Айырылысудың, бөлінудің және кеш некелерге тенденцияның өсуінің көбеюі сондай-ақ, екі жұмыс істейтін ересектерден тұратын табыстары жоғары дәстүрлі үй шаруашылықтарының төмендеуіне ықпал етті.

Біз әлем аймақтарының тек қана біраз мысалын қарастырдық, бірақ бұл табыстардың бөлінуі әлемнің кейбір аймақтарында елеулі өзгерістерге ұшырайтынын көрсетті. Сондай-ақ, басқа факторларға байланысты табыстың бөлуін қарастыру маңызды, олар:

- Жыныстық ұқсастық – бұл елдің жұмыс күшінің жалпы санындағы әйелдердің рөлімен және жыныстар арасындағы табыстардың теңдігімен анықталатын болады.
- Білім беру – белгілі халықтың білім беруінің өсуі халық арасындағы табыстардың бөлінуіне күшті әсер етеді. Орта және жоғарғы арнайы білім берудің өзіне тән жүйесі, мысалы, кейбір парасатты адамдардан табыстардың көбірек әділ бөлінуінің ұзақ мерзімді келешегіне әкеледі деп айтылады.
- Жас – елдер мен аймақтар арасында елеулі айырмашылықтар бар.

Мосқал адамдар арасындағы табыстарды бөлуге келетін болсақ, әдетте, жалғыз тұратын мосқал адамдар табыстары төмен үй шаруашылықтарының елеулі үлесін құрайды. Алайда, сондай-ақ бір немесе бірнеше адамдардан тұратын үй шаруашылығы құрылуының өсу саны бар екенін еске алу қажет, олар туристік өнімдер үшін бағдар бола алады.

Біз сондай-ақ, бірқатар елдер үшін қолында бар табысы туралы мәселені қарастыра аламыз.

8.3-кестесінде көрсетілгендей, орташа үй шаруашылығы тұтыну қабілеттілігінің маңызды өсуі соңғы онжылдықта бірқатар елдерде байқалады. Гонконг және Біріккен Араб Әмірліктері Сингапурмен қатар сол кезеңдегі жылдам өсуін көрсетіп, кестеде жоғары орын алады. Көптеген Еуропа елдері де осы кезеңдегі өсуін көрсетті. Оңтүстік Корея соңғы онжылдық бойында үй шаруашылықтарының орташа табысының көп өсуіне байланысты топ-20 елдің қатарына кіретінін атаған жөн.

Туризм секторындағы халықаралық сұраныс

ДСҰ кіру және көшпелі туризмнің деңгейлеріне қатысты болжамдар жасады, бұл келесі онжылдық бойы сезіледі және оның 2005 жылғы кіру туризмінің деңгейлері үшін болжамдары 8.4-кестесінде ұсынылған. Осы болжамдардан көрінетіндей, Еуропа Шығыс Азиядан және Азиялық-Тынық мұхиттық аймақтардан халықаралық туристік келулердің мөлшеріндегі өз нарық үлесін жоғалтатын болады.

2020 жылға қарай әлемдегі негізгі бағыттар үшін болжамдар 8.5-кестесінде келтірілген. Қытай, Гонконг және Ресей Федерациясы сияқты елдер топ -10 өтеді. Болжамдарға сәйкес танымал болатын басқа елдер өздеріне Таиланд пен Сингапур сияқты Азия елдерін, сондай-ақ Оңтүстік Африканы енгізеді (ЮНВТО, 2005).

Жаңа және қолданыстағы туристік бағыттардың маңызы зор болып келеді де, алысқа саяхаттардың танымалдығының өсуі бұл оқиғаларға жағдай жасауды жалғастырады. Негізгі өнеркәсіптік дамыған елдер туристері шетелге баратын елдерде басшылар болып қалады. 8.6-кестесі 2020 жылға болжамдарды көрсетеді. Тізімде екі маңызды жаңа келулердің пайда болғанын бақылауға болады, олар туралы маркетологтарға туризм саласында олардың келешекті бизнесті жоспарлауға қатысты мұқият ойлану керек. Бұл екі жаңа елдер - төртінші орын алатын Қытай және оныншы орындағы Ресей.

ДСҰ-ның соңғы деректері осы ерте болжамдарды растайды.

Туризмнің халықаралық тенденциялары туралы қысқаша ақпарат 8.3-суретінде бейнеленген.

Қорытынды

Біз әлемдегі туризмнің сұранысына әсер ететін факторларды қарастырдық. Келу және шығу туризмі болжамдар бойынша келесі онжылдықтың ішінде үлкен мәнге ие болады. Шығу туризмі Азия аймақтарындағы елдерде тез өсуде. Азия, Африка және Таяу Шығыстағы шетел саяхатының нарықтары өсу сатысында тұр және келешекте бұл аймақтарды өңдеу үшін жоғары потенциалды көрсетеді.

Сұраныстың сипаты бұл аймақтардан көшпелі саяхат жасайтын туристердің көбірек саны сияқты өзгеруі мүмкін. Жағажайлық демалысқа және қоршаған ортаның қорғауына өсіп келе жатқан қызығушылығы Жапония мен Азиядағы туристер үшін алдын ала болжанатын тенденцияның мысалдары болып табылады.

9-тарауда біз назарымызды туризм сұранысындағы ұлттық айырмашылықтарға аударамыз.

• Туристердің халықаралық келуінің белгісі 2012 жылы 1 миллиардқа жеткеннен кейін жалпы есептегенде 1133 млн жетіп, 2014 жылы 4,3 пайызға өсті.
• Америкада халықаралық келулерде 8 пайызға өсумен ең үлкен артуы тіркелді, ал кейін Азия және Азиялық-Тынық мұхиттық аймақта және Таяу Шығыста (екеуі +5 пайыз). Еуропада келген туристердің саны 3 пайызға артты, сөйтіп Африкада олар 2 пайызға артты.
• Франция, АҚШ, Испания және Қытай бұрынғыдай халықаралық және келген түбіртектердің рейтингісін басқарады. Мексика қайтадан 10 позициядағы келгендердің топ-10 кірді. Туристерді Қытай және Құрама Королдыққа қабылдау бойынша екі позицияға көтерілді, тиісті 3 және 7.
• Қытай бағыттаушы нарық бойынша туризмнің әлемдік рейтингісіне бола, оның өсуінің ерекше қарқынына, жалпы алғанда 165 млрд АҚШ долларына жету үшін 2014 жылы шетелдердегі табыстардың 27 пайызға жоғарылауына ықпал етті.

• 2015 жылдың қаңтарында БСҰ дайындалған болжамдары 2015 ж. халықаралық туристік келулерде 3-4 пайызға өсуін көрсетеді – 2030 жылға туризмге сәйкес ұзақ мерзімдік болжамның жылына 3.3 пайызға өсті.

• БСҰ аймақтары бойынша 2015 жылға қарай перспективалар Азия мен Азиялық-Тынық мұхиттық аймақ, Солтүстік және Оңтүстік Америка үшін (+4 пайызы 5 пайызға сияқты), оның артынан ерген Еуропа (+ 3-4 пайыз), Таяу Шығыс (+ 2-5 пайыз) және Африка (+ 3-5 пайыз) үшін ең күшті болып табылады.

8.3-сурет. 2014 жылғы халықаралық туризмнің тенденциясы
Дереккөз: ЮНВТО (2015)

Жаттығу

Туристердің Шығыс Азия мен Азиялық-Тынық мұхиттық аймақ елдеріне баруға олардың қызығушылықтарын анықтау үшін кішігірім сұрастыру жүргізу. Олар осы сияқты орындарға баруға байланысты қандай да болмасын проблемалардың пайда болуын алдын ала ескере ме?

8- МЫСАЛ: Тайвань: шетелдік саяхаттардың жаңа ірі туристік нарығының пайда болуы

Тайвань халқы 23 миллионға жуық адамды құрайды, соңғы уақытта оның экономикасы орташа есеппен жылына 9 пайызға дерлік өсті.

1990 жылдардың басында Тайвань үкіметі оның халқына елдің имиджін шетелге жылжыту ретінде және әдеттен өзгеше тіршілік ететін ел үшін халықаралық қатынастарға көмек көрсету ретінде шетелде демалуды белсенді көтермеледі.

Сапарларға шек қоюлар әлсізденді және Тайваньнан көшпелі туризмнің өсуіне жағдай жасаған қолда бар табыстарды жоғарылатты. Шетелге саяхат жасайтын Тайвань туристерінің саны 1988 жылы 1,6 миллионнан 2002 жылы 7,5 миллионға дейін және 2013 жылы 12,2 миллионға дейін көтеріліп, күрт артты.

2013 жылы халықаралық сапарлар жасаған туристердің 88 пайызы басқа Азия елдеріне барып қайтты, 42 пайызы Қытайға және 18 пайызы Жапонияға барып қайтуға жиналып жатыр, Тайваньда тағайындау орындарының өсуі Тайвань туристерінің санымен бірге 2009 жылдан бастап екі еселенді. Ірі батыс тағайындау жері АҚШ болып саналды, онда Тайвань туристерінің жарты миллионы болып қайтты, бұл 2013 жылы шығу туризмнің 3 пайызын құрайды.

Бірнеше азиялық бағыттар Тайваньнан туристердің тағайындау орындарына жылжып келе жатқан көпшілігіне келеді. Негізгі бағыттар Гонконг / Макао, Корея және Таиланд болды.

Жуырда дамыған елден бола, Тайвань туристері жоғары ұйымдастырылған топтық турларда саяхаттауға тырысатын біршама тәжірибесіз саяхатшылар болып келді; алайда, соңғы сандар халықаралық сапарларға, әсіресе Оңтүстік-Шығыс Азияға баруға сенімдері мен ниеттерінің жоғарылағаны туралы куәландырады.

Дәл осы соңғы жылдары ішкі саяхаттар Тайвань нарығы үшін болды, Тайвань әлемде келушілердің саны 2009 жылы 3,9 миллионнан 2013 жылы 7,4 миллионға дейін өсетін тағайындау орны ретінде тартым-

ды болды. Тайвань келушілерінің қайнар көздері шығатын тағайындау орындарымен Шығыс Азия елдерінен келгендердің 89 пайызымен тығыз байланысты. Қытай және Гонконг 2013 жылы келушілердің 3,9 миллионынан нарықтың 53 пайызын құраса, Жапония нарықтың 19 пайызынан біраз аздау құрап, келесі ірі қайнар көзі болды. Шығу туризмі жағдайындағы сияқты АҚШ 384000 келушілерден ең үлкен азиялық емес қайнар көзі ретінде болды, бұл тайваньдық туристік нарығынан 5 пайыздан артық.

Шығу және келу туризмінің жуырдағы өсуі бұрынғыдай, өз аймағында тайвань нарығы мен оның позицияларын бекітуі болып табылады, әсіресе өзінің көршісі Қытай Халық Республикасына қатынасының өзгеруінде.

9-тарау

ҰЛТТЫҚ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР: ІШКІ, ШЫҒУ ЖӘНЕ КЕЛУ

Кіріспе

8-тарауда біз әлемнің әртүрлі аймақтарындағы әлемдік сұраныстың мысалдарын қарастырдық және Азиялық-Тынық мұхиттық сияқты аймақта туризмнің деңгейі жыл сайын жоғарылайтынын білдік. Бұл тарауда біз жеке мемлекеттер арасындағы айырмашылықтарды толық қарастырамыз. Біз туризмнің түрлерін қарастырудан бастаймыз, дәлірек айтқанда, барлық елдердегі көшпелі және келу туризмін. Бұл бізге туризмнің сұранысына байланысты нақты мәселелерді қарауға мүмкіндік береді. Тараудың соңында жеке елдер арасындағы олардың туризмнің түрлеріне қатысты ұқсастықтары мен айырмашылықтары талқыланады.

Туризмнің шығу және келу түрлерінен түскен табыс

9.1- кестесі болжамдарға сәйкес 2030 жылға дейін әлемнің негізгі аймақтарындағы келу туризмінің санын көрсетеді.

Бұл деректерге сүйеніп:

• Халықаралық туристік келулердің саны бүкіл әлемде 2010-2030 жж. кезеңде орташа есеппен 3,3 пайызға артады, ал бүкіл әлемдегі халықаралық туристердің саны, 2030 жылға күтілетіндей, 2020 жылға 1,4 миллиардқа дейін және 2030 жылға 1,8 миллиардқа дейін жетеді.

• Азия, Латын Америкасы, Орталық және Шығыс Еуропа, Шығыс Жерорта теңізі, Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдеріне халықаралық туристік келулердің саны екі еселік мөлшерде өседі.

• Азиялық-Тынық мұхиттық аймақтың, Таяу Шығыс пен Африка акцияларының әлемдік нарығы өседі және нәтижесінде Еуропа мен Америкада төмендейді. Бұл Солтүстік Америкада, Солтүстік Еуропа мен Батыс Еуропада мұқият ойланған мақсаттың нәтижесі болып табылады (БҰҰ ДСҰ, 2015 ж.).

Жеке елдерді мейлінше толық қарастыру қажет.

АҚШ

АҚШ келу және шығу туризміне қатысты әлемдегі аса маңызды елдердің бірі болып табылады. АҚШ-тан шығу туризмі нарығының, ойлағандай, қазіргі уақытта халықаралық демалыс алған АҚШ азаматтарының айтарлықтай аз санына қатысты ел дамуының өсуі үшін үлкен потенциалы бар. Сонымен қатар келу туризмі елде Нью-Йорк, Голливуд және Гранд-Каньон сияқты әлемдік туризмнің көптеген ресми сапар карточкаларының болуына байланысты өседі.

Халықаралық сапарлар ертеде, 20% тарихи аз американдықтар 1990 жылдары төлқұжатына ие болғанда американдықтар үшін сонша тартымды болған емес («Евромонитор», 2004). Алайда, экономикалық даму және бәсекелік бағалар 1990-1995жж. кезеңдегі туризмнің өсуіне ықпал етті. 1993 жылдары бойы қолайсыз валюталық құндылықтардың болуына қарамастан тап көшпелі туризм саласында өсу болды. Келу туризмнің өсуі 1990-1995 жж. кезеңінде дамығын нарыққа және Мексика сияқты кейбір көрші елдердің экономикасындағы проблемаларға байланысты біртіндеп жоғарылады.

2010-2014 жж. кезеңдегі АҚШ-ғы келу және шығу туризмнің жалпы көлемі 9.2-кестесінде келтірілген.

Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы халықаралық рейстердің үштен екі бөлігін құрайтын Солтүстік Америкадағы келу туризмі нарығы 2014 жылы өсті және көбінесе бұл алдыңғы тенденцияның бұрылысы болып табылатын Мексикадан келушілердің күрт өсуіне байланысы. Қазіргі кезде келу туризмі бойынша турнирлік кестеде АҚШ екінші орында тұр, артында Франция тұр, ол бұрынғыдай 2014 жылы 177,2 миллиард доллар жалпы сомасында бірінші орын алады (БҰҰ ДСҰ, 2015 ж.). Шығу туризмі саласында өсу байқалатынын көруге болады, онда негізгі себептер демалыс/демалу және достары мен туыстарына барып қайту болып табылады. Мексика мен Канада американдық туристер ең көп баратын елдер болып табылады; жетекші шетелдік нарықтар – бұл Ұлыбритания, Франция, Италия, Германия, Испания, Қытай, Үндістан, Филиппин және Нидерланд (АҚШ Сауда министрлігі, 2015).

Германия

Германия келу және шығу туризміне қатысты маңызды ел болып табылады. Шығу туризмі тарапынан, халықтың Германияға саяхаты оның бейімділігі жағынан әлемдегі ең маңызды нарық болып табылады. Болжамдарға сәйкес 9.3-кестесі келесі онжылдық бойы Германиядағы келу және шығу туризмнің деңгейін көрсетеді.

• Шығу туризмі келу туризмнен асуына қарамастан, Германиядағы экономикалық қызметтің аса маңызды түрлерінің бірі болып табылады.

• Келу туризмінің болжамдары бойынша, келесі онжылдық бойы өсті және де келген туристердің көпшілігі бұрынғыдай Еуропада қалыптасты. Орталық және Шығыс Еуропа елдері бұл дамуда маңызды үлес атқаратын болады.

• Жапония неміс туристік индустриясы үшін маңызды Азиялық нарық болып табылады.

• Шығу туризмі келесі онжылдық бойы бұлжытпай өсуді жалғастырады, сондай-ақ экономикадағы басылудың болдырмауына байланысты жоғары болып қалады.

Жапония

Жапондықтардың шетелдік сапарлары көбіне көтермеленетін болып тарихи қалыптасқанын йендер курсын бағалау арқылы көруге болады, олай болса жоғары күнкөріс минимумы келген туристердің санына жағымсыз әсер етеді. Келушілер санының азаюы, сондай-ақ шетелдік туристердің табыстарының қысқарылуымен қоса болды. Жапониядағы келу және шығу туризмі нарығы 9.4-кестеде келтірілген.

Келесі пункттер Жапониядағы келу және шығу туризміне сілтеме берумен жүреді.

• Шығу туризмі келу туризмінен айтарлықтай асады, бірақ келу туризмі де Жапонияда Шығыс Азия мен Тынық мұхиттық аймақпен бірге өсуді жалғастырады.

• Шығу туризмі болжамдар бойынша, келесі онжылдықта артады, бірақ қолайсыз экономикалық жағдайларға байланысты уақыт өте біраз төмендеуі байқалады.

• Алайда Жапониядағы басты мәселе москал адамдардың жоғары үлесі және біршама еңбекке жарамды жастағы тұрғын халқы бар демографиялық жағдайға байланысты болады. Бұл шығу туризмнің нарығына елеулі әсер етуі мүмкін.

Ұлыбритания

Ұлыбритания келу және шығу туризмнің маңызды нарығы болып табылады. Келу туризмінің деректері 9.5-кестесінде ұсынылған.

Келесі пункттер Ұлыбританиядағы туризмнің екі түріне де қатысты.

• Шығу туризмі нарығы 2008-2010 жж. экономикалық дағдарысқа байланысты күрт төмендеді, бірақ кейін 2011-2012 жж. біраз қалпы-

на келді.

2014-2015 жж. экономиканың нығаюына және еуроға қатысты стерлингтер фунты курсының жоғарылауына байланысты шығу нарығы маңызды орын алғанын көрсетеді.

• Келу туризмі соңғы бес жыл бойы ұдайы өсуде және әжептәуір күшті бағыты бар.

• Еуропадан келген туристердің ағыны өсуді жалғастыруда, олай болса АҚШ-тан келген туристердің саны соңғы бес жыл бойы өзгермеді. Қытай, Таяу Шығыс және Ресей сияқты жаңа нарықтар туристік нарығының дамуында назар аударылуды жалғастырады.

Франция

Франция әрдайым көбінде пейзаждар мен назар аударарлық орындарының арқасында шетел туристерінің негізгі тағайындау орындарының бірі болған. Францияның сондай-ақ, оңтүстіктегі күнгей Жерорта теңізінен бастап қарлы Франция Альпіне дейін қолайлы климаты бар, бұл жазғы және қысқы айларда туризмнің дамуына әкелді. Келу туризмінен түсетін табыстар әлемдік дағдарыстық экономикалық жағдайға және Франция валютасының күшеюіне қарамастан 1990 жылдары екі еседен артық өсті.

Алайда бұл елде саяси және экономикалық факторлардың үйлестіруіне байланысты, валюталық түсімдердің күрт басылуына байланысты туризмге келушілердің саны азайып, 1995 жылы қиыншылықтар пайда болды. Сол уақыттан бері туризмнен түскен табыстар өсуді жалғастырады.

9.6-кестесінде Францияға келу және шығу туризмі статистикасына шолу ұсынылған.

Төменде Францияға қатысты пункттер келтірілген: Французбарға ұсынатын белсенді демалыс үшін көптеген мүмкіндіктерге қарамастан, Франциядан шығу туризмі нарығында тұрақты жағдай байқалады. Дегенмен, халықтың жан басына келетін шығу туризмі Германия және Ұлыбританиямен салыстырғанда төмен болып қалады.

• Французбардың Испания, Швейцария, Италия және Германия сияқты шектесетін Еуропа елдеріне еркін кіруіне болады. Осыған қарамастан, французбардың едәуір үлесі осы уақытқа дейін демалыс уақытында үйде болғанды артық көреді.

• Өзінің бастамасын Еуропадан алатын келу туризмі Германия, Ұлыбритания және Бельгия сияқты негізгі шекаралас Еуропа елдеріне сүйеніп, өсуді жалғастырады.

Испания

Испания - көркем пейзаждары, туризмнің дәл осы саласында, әсіресе кешенді турларды сату бойынша, бизнесті дамытуға, елге мүмкіндік беретін қолайлы климаты бар ірі еуропалық демалыс орны болып табылады.

Испанияның шығу туризмі туралы деректер 9.7-кестесінде көрсетілген.

Испаниядағы туризмге қатысты пункттер :

• Испанияда соңғы онжылдық ішінде туристер келуінің тұрақты өсуі байқалады. Шығыс Еуропадан, Ресейді қоса, туристердің саны өсуде. Еуропа нарығы Испанияға келу туризмінің негізгі үлесін құрайды, ондағы туристердің басым бөлігі Ұлыбританиядан және Германиядан келгендер.

• Шығу туризмі 2008-2011жж. кезеңде өсудің азғантай тенденциясын көрсетті, алайда кейін 2012 жылы басылу байқалды, себебі экономикалық дағдарыс шығу туризміне жағымсыз біліне бастады.

• Испанияның шығу туризмі нарығы – бұл өсу үшін маңызды потенциалы бар әлі жас нарық. Испандықтар елдеріне, дәлірек айтқанда, Францияға саяхат жасауды ұнатады. Түркия , Тунис және Марокко сияқты басқа көбірек арзан бағыттар сондай-ақ жергілікті халық арасында әйгілі болады.

• Испания соңғы онжылдықта мәдени, спорттық туризмге (гольф және спорттың судағы түрлері) және бизнес-туризмге жаңа екпінді туристік ұсыныс жасады.

Туризмі жаңадан қалыптасушы елдер

Біз шығу туризмнің динамикалық өсуі байқалатын елдердің артылу мәнін қарастырдық, онда негізінде дамудың динамикалық сатысындағы Үндістан мен Қытай сияқты екі ел болып табылады. Көптеген елдерде осы екі елден келушілер санының күрт жоғарылауы байқалады және бұл үрдіс мүмкіндігінше жалғасады және күшейеді. Соңғы онжылдық бойы көшпелі туризмнің белсенді өсуі байқалады. Күрт өсудің маңызды салалары Тайланд және Индонезия, Сингапур және Гонконг (сұраныстың өзінің өзгеше құрылымымен Қытайдың жартысы) болып табылады. Сондай-ақ, Қытай шығу туризмнің саны бойынша елеулі жоғарылауды көрсететіні күтілуде.

9.8-кестесінде Қытай елі туризмінің статистикасы және соңғы бірнеше жылда болған шығу туризмнің қарқынды өсуі келтірілген.

Қытай туризмі туралы негізгі пункттер:

• Экономикалық өсуге және мемлекеттік саясатқа байланысты 2008-

2012 жж. шығу туризмнің саны көбейді.

• Келу туризмі әжептәуір тұрақты болды және Қытай үшін туризмнің екі түрінің деңгейі төмен боп саналды.

Туристік нарықтардағы ұлттық айырмашылықтар

9.1-суретте он жеке елдердегі ішкі, келу және шығу туризмнің салыстырмалы ауқымы көрсетіледі. «Жоғары», «орташа» және «төмен» болу нәтижесінде елдің географиялық өлшемі және оның халқы есепке алынады.

Бұл айырмашылықтардың себептерінің терең зерттелуі келесіні көрсетеді:

• ішкі, келу және шығу туризмнің әртүрлі ауқымдарын есепке алатын көптеген әртүрлі факторлар бар.

• тіпті егер нарықтың ауқымдары біршама ұқсас болса, нарықтардың өздері өте әртүрлі болуы мүмкін.

Әрбір елді кезек-кезек қарастырамыз.

Австралия

Австралияның адамдарында біршама көп бос уақыты, экономикасы дамыған ел сияқты туризмнің жеткілікті күшті дамыған ішкі нарығы болады, сөйтіп, келу туризмі Еуропамен көші-қонмен дәстүрлі түрде байланысқан, алайда қазіргі уақытта Азиядан келген туристерді және елге қатысы жоқ еуропалықтарды енгізеді.

Алайда, оның географиялық оңашалануы ол ешқашан басқа континенттердегі адамдар үшін көпшілік тағайындау нарығы болмайтынына кепілдік береді. Австралиялықтардың шетелге демалуға сапарларының көп бөлігі басқа жерлерді көруге ықылас көрсететін Австралияның географиялық оңашалануын және уақыт пен қолданыстағы табыстың болуын көрсетеді. Дегенмен, оңашалау шығу туризмнің негізгі саралануы бір айдан бір жылға дейін шетелдерде саяхаттайтын жас адамдар болып табылуына байланысты нарыққа әсер етті. Егер, сіз аса әлеуетті бағыттардан мың шақырым жерде тұрсаңыз, онда қысқа мерзімді сапар орынды бола ма екен? Жастар және олардың ата-аналары өздерінің білімдерін аяқтау және бүкіл әлемді тану үшін Азияға, Еуропаға немесе Солтүстік Америкаға жиі саяхаттайды. Сөйтіп, мұны «Гранд-турдың» заманауи нұсқасы ретінде қарастыруға болады.

Доминикан Республикасы

Доминикан Республикасы, басқа жағынан, бұл ішкі және шығу туризмнің деңгейі төмен, нашар дамып келе жатқан ел. Алайда, соңғы жылдары ол саяхатшылардың басты тағайындау орны болды:

• еуропалықтар қымбат емес орындарды іздейді, онда: күн, құм және жат жұрттыққа тән орындағы теңізде демалу;

• Кариб бассейні және Оңтүстік Америка елдерінен казино ойыншылары болу керек.

Соңғы жағдайда жергілікті тіл (испан тілі) ұлтаралық қатынас тілі болып табылады, сондықтан тіл мәселесі қиыншылық тудырмайды.

Франция

Франция әлемдегі туристердің негізгі туристік бағыты болып табылады, себебі:

• Онда қолайлы климат;

•Париждің мәдениеті мен романтикасынан бастап Ривьера сәулеттігімен аяқтап, Бретань провинция ауылдарынан Бургундия жүзім егістіктеріне дейін, батыс жағалауының жағажайынан альп тау шаңғы курорттарына дейін көрікті орындарының әртүрлілігі;

• Лангедок-Руссильон жағалауындағы жаңа курорттар сияқты 1960 жылдардан бастап туристік өнімге мемлекеттік инвестицияларды салу;

• тамақ пен шарап брендінің бейнесі;

• тұрғын жайлар мен мейрамханалар бағаның біршама тәуір арақатынасын ұсынады (Париждің арғы жағында!);

• үкімет тарапынан өнімнің тиімді маркетингі.

Осы факторлар ішкі туризмнің жоғарғы деңгейін және шығу туризмнің орташа деңгейін түсіндіруге көмектеседі. Алайда басқа себептер де бар. Француздардың көпшілігінде өзіне меншікті елінде екінші үйлері бар, бұл оларды ішкі сапарларға шақырады. Одан басқа, бұл «бұрын тауық әлде жұмыртқа болды ма» проблемасы сияқты қарастырылатындықтан, шығу туризмі секторы аса дамыған емес, бұл шетел демалысы бұрынғыдай француздар үшін біршама қымбат тұратын рақаттылық екенін білдіреді. Тіл мәселелері адамдардың демалысты шетелде өткізуге мүмкіндіктеріне көбірек шек қояды.

Германия

Басқа жағынан, Германияда шығу туризмі өте жоғары, бұл елдің экономикасы жағдайының жоғары дамығанын және ішкі көрікті орын-

дардың болмауымен қатар, жұмыскерлерге ұсынылатын заңды демалыстарын көрсетеді. Климат демалыстар үшін қолайсыз, сәулетті жағалаудағы курорттар мен тартымды қалалардың болмауы. Сол себептер ішкі туризмнің орташа деңгейін және келу туризмінің төмен деңгейін түсіндіреді. Шетел туристері үшін Германия қымбат тұратын орын болып табылады, бұл оның экономикасының жоғары дамыған жағдайын көрсетеді.

Жапония

Жапония жапон турисінің стереотиптерін есепке алып, шығу туризмі сұраныстың біршама төмен деңгейін жасайды. Бұл айтарлықтай дәрежеде Жапониядағы өмір сүрудің жоғары құндылығының және ұзақ уақыт жұмыс істеудің нәтижесі болып табылады, соңғы жағдайда жапония үкіметі азаматтарды көбірек демалыс алуға шақырады. Жапониядан туристердің негізгі сегменті жас әйелдер, «офис-леди» деп аталатын бірге саяхаттайтындар болып табылады, сөйтіп «жұмыс істейтін солдаттарды» сирек көресің. Экономикасы дамыған ел ретінде Жапонияның ішкі туризмінің орташа деңгейі және келу туризмінің төмен деңгейі бар, бұл мүмкін, өмір сүрудің жоғары құндылығына, тіл қиыншылықтарына, саяхаттау үшін дәстүрлі елдерден оның оңашалануына байланысты болар. Жапониямен көршілес Азия туристік нарықтарының арқасында ол кейбір жағдайларда келешекте көбірек кең баратын орын бола алады.

Нидерланды

Өркендеп келе жатқан ел сияқты нидерландтықтар көшпелі туристік сапарлардың көп санын жасайды, оған сондай-ақ шағын өлшемі және нидерландтықтардың өзіндегі әр алуандықтың болмауы ықпал етеді, бұл ішкі туризмнің мүмкіндіктеріне шек қояды. нидерландтықтардың және оның тегіс жерлерінің аса теңгерімсіз табиғаты голландиялықтарға ауылдық және кедір-бұдырлы жерлер болып келетін шетелдік орындарды іздеуге түрткі болады. Олар кемпинг нарығында (шатырлы лагерде табиғат аясындағы демалыс), автофургондар немесе автотіркемелерде тұрумен автотуризмде және ЭКО-туризмде негізгі ойыншылар болып табылады. Әртүрлілік пен төбелердің болмауы нидерландтықтарға келу туризмін төмендетеді.

Нигерия

Халқы көп, өркендеп келе жатқан ел сияқты Нигерияның ішкі туризмінің орташа деңгейі бар, ол көбінесе достары мен туыстарына

барумен байланысты болады. Экономикалық дамудың біршама төмен деңгейі шығу туризміне шек қояды, бірақ мұсылман қажыларының Меккеге жыл сайынғы баруы және бизнес-туристердің келуі де бар. Тұрақсыз саяси тарихына және нашар инфрақұрылымына байланысты ол туристердің біршама аз санын тартады.

Ресей

Коммунизм кезінде басталған Ресейдің ішкі туризмі орташа деңгейде тұр. Қара теңіз курорттарындағы жәрдем берілген әлеуметтік туризм үлкен ішкі нарықты жасады, алайда ол коммунизмнің аяқталу кезінен бастап қысқартылды. Қазіргі кезде ішкі туризм жәрдемақының қысқартылуына және халықтың көпшілігінің тұрмыс деңгейінің күрт төмендеуіне байланысты он жыл бұрынғыға қарағанда едәуір төмен.

Келу туризмі саяси шектеулерге байланысты әрдайым төменгі деңгейде болған, бірақ қазір ол саяси тұрақсыздықпен, қылмыскерлікпен және көлік инфрақұрылымының әлсізденуімен тоқтатылып тұр. Шығу туризмі өсуде, бірақ бай элита ортасында әлі де шектелген. Алайда, бұл жоғарғы табыстардың кішкентай нарығы тауарларды шетелде , сондай-ақ Бенидормнан Кипрге дейін, Дубайдан Нью-Йоркқа дейін әртүрлі бағыттар бойынша саяхаттау үшін тұрғын жай сатып алғысы келетін туристер үшін өте тартымды.

Испания

Испанияда ауылдағы және жағалаудағы сияқты әртүрлі көрікті жерлердің негізінде туризмнің дамыған ішкі нарығы бар. Отбасы меншігінде бар екінші үйлер елде әлеуметтік туризм жүйесінің ауқымды енгізуі сияқты ішкі туризмді ынталандырады. Көрікті жерлердің алуан саны келу туризмінің жоғары деңгейін есепке алады, алайда олардың көпшілігі жағалауға ұмтылады. Соңғы жылдары негізгі назар елдің басқа аспектілеріне, әсіресе қалаларға аударылды. Бұл 1992 жылы Барселонадағы Олимпиададан, Мадридтегі Еуропалық мәдени қала деп аталудан және Севильде Экспо-92 басталды. Испания көшпелі туризмі бұрынғыдай орташа деңгейде қалады, алайда жыл сайын, әсіресе білім және мәдениет алу үшін шетелге кететін жас адамдар арасында өсе бастайды.

АҚШ

Қорытындысында біз АҚШ-ты қарастырамыз, ондағы ішкі туризм деңгейі бірқатар себептер бойынша өте жоғары болады:

• көрікті жерлердің алуан саны және оның көріністерінің әртүрлілігі;

• жақсы дамыған көлік инфрақұрылымы;

• тематикалық бақтарда әлемдік лидер болып табылатын туризмнің жоғары дамыған индустриясы.

Сол себептер бойынша АҚШ-қа Еуропадан, Азиядан және Канададан туристер келеді. Сонымен қатар, АҚШ-та шығу туризмі бір жағынан елдегі көрнекі жерлерге байланысты біршама төмен болады.

Алайда американдық туристердің шығу сапарларының болмауын мына факторлар көрсетеді:

• шетел тілдерінде сөйлесу дағдысының болмауы;

• террорлық актілерден қорқу;

• елдің сыртына сапарларға шығуға өздеріне мүмкіндік беруге АҚШ-тың көптеген адамдары тым кедей деген факт.

Сөйтіп, ішкі, келу және шығу туризмнің ауқымдары әртүрлі факторларды көрсететінін белгілеуге болады, онда кейбіреулері жалпы, ал басқалары әрбір ел үшін ерекше.

Ішкі туризм

Дәстүрлі түрде біз халықаралық туризмге бейімделеміз, алайда көптеген елдерде туризмнің ең көп көлемі негізінде отандық болады. Қытай және Үндістан сияқты халқы көп елдерде ішкі туризм келу және шығу туризмінен едәуір асады. Ел неғұрлым үлкен және әртүрлі болса, соғұрлым ішкі туризмнің жоғары деңгейі, әсіресе көптеген адамдар халықаралық сапарларға шығуға өздеріне мүмкіндік бере алмайтын жерде болатыны айқын.

Қорытынды

Мүмкін экономикалық жағдай бүкіл әлемдегі туристік қызметтерге сұранысқа әсер ететін негізгі фактор болып қалатын шығар. Ыдырауды бастан өткізген елдерде ішкі және шығу туристік сұраныстың төмендеуінің үрдісі болады, дегенмен, бұл ыдырау аса көп барылатын елдерде бағаларды төмендетуі мүмкін, яғни бұл туристерді осы елдерге тартады. Алайда Еуроаймақтағы қазіргі дағдарыс және Еуропада жалғасып келе жатқан экономикалық мәселелер күтілетіндей күшті әсер етпейді, себебі басқа да алымды факторлар бар, мысалы Солтүстік Еуропаның кейбір елдеріндегі адамдардың көбі енді шетелдік демалысты сән-салтанат емес, қажеттілік ретінде көреді.

Елдердің географиясындағы айырмашылықтарда шетелге шығатын туристердің мінез-құлқындағы айырмашылықтар туралы мәліметтер болуы мүмкін. Французларда, мысалы, туризм үшін қолайлы климаты

және жақсы дамыған инфрақұрылымы бар тамаша ел, сондай-ақ географиялық және климаттық жағдайларда елеулі айырмашылықтар болады, сондықтан жылдың әртүрлі кезеңінде шаңғы тебуге және көркем жерінде күн шуағының астында рақаттануға болады. Бұл факторлар француздардың мерекелері кезінде үйлерінде қалуына ықпал етті, бұл шығу туризмнің көрсеткіштері басқа өнеркәсіптік дамыған елдерге қарағанда төмен екенін білдіреді.

Мүмкін, нидерландтықтардың шығу туризмінің жоғарғы деңгейі себептерінің бірі - бұл тегіс жерлері, пейзаждардың азғантай саны немесе климаттың әртүрлілігі бар ел болып табылатын фактісі болар.

Ұлыбританияда, керісінше, шығу туризмнің жоғарғы көрсеткіштерінің ұзақ мерзімді үрдісі байқалады. Көптеген факторлар осыған ықпал етті және Ұлыбританияда дәстүрлі түрде болатын тек қана нашар жазғы ауа-райына байланысты болмайды.

Алайда, нарық жоғары тиімді туроператорлардың және Ұлыбритания тұрғындарына сапарлардың үлкен таңдауын және қабылдауға болатын бағаларды ұсынатын бюджеттік әуе компаниялардың болуымен қамтамасыз етілген.

Халықаралық сапарлар – бұл Ұлыбритания нарығындағы мәртебе қайнары. Шығу туризмнің өсуіне ұзақ уақыт бойы күнгей елдерге және барлық әлеуметтік топтағы адамдар үшін қолайлы демалыс пакетін әзірлеу аса елеулі әсер етті.

Жаттығу

Келу және шығу туризмнің өсуін бастан кешіріп жатқан елді таңдаңыздар. Соңғы он жылда жеткен сандық өсуін санды түрде көрсетіп, осы тенденцияның мүмкін болатын себептерін ұсыныңыз.

9-мысал: Жапонияның көшпелі нарығының саралануы

Жапония туристері әлемдік туризмнің классикалық стереотиптерінің бірі болып табылады. Дегенмен, Жапония туристерін тартуға ниет білдірген компаниялардың азғантайы бұл нарықты түсінеді.

Соңғы 20 жылда Жапонияда шығу туризмнің тұрақты өсуі байқалады. Даму деңгейіне қатысты толық ақпарат 9.1-қосымшасында келтірілген. Жапонияда шығу туризмнің өсуінің себептері зерттеліп жатқан бірқатар факторларға байланысты болады.

Жапон туристерінің бағыттау орындары бізге саяхаттау үшін мақсаттардың, қозғамдаманың және тосқауылдардың мысалдарын көрсетеді.

Батыс Еуропалық және Солтүстік Американдық нарықтарына үйреніп қалғандар үшін жапония нарығында жапон мәдениетіне негіз-

делген өте әртүрлі сипаттамалар бар.

Даце (1995) Жапон туристерінің әртүрлі санаттарын ұсынған алғашқы авторлардың бірі болды, ол санаттарды келесі түрде ұсынды:

• **Жұмыс солдаттары:** 30-50 жас тобындағы еркек-менеджерлер, олардың жұмыс міндеттемелеріне байланысты демалыс үшін уақыттары аз. Олар, барынша, «Тек қана көзбен шолу турларымен емес, мәнді тәжірибесімен» рақаттанғысы келеді (Бичем, Дацеден алынды, 1995).

• **Күмістей-сұр:** Жапониядағы соғыстан кейінгі өсіп келе жатқан аскетизмнің әсерінде болған 50-60 жастағы адамдар. Олар қарапайым өмір сүреді, бірақ демалыста болғанда «өздеріне рақат алуға мүмкіндік береді». Дегенмен, олар демалыста барлығы үйреншікті, соның ішінде жапон асы және олардың тілінде сөйлейтін жолбасшылардың болғанын қалайды.

• **Фулмунерс:** мосқал ерлі-зайыптылар, олар бір орталық демалысты алғанды ұнатады және сапаға өте жоғары талаптар қояды.

• **Техникалық сапарлар және жұмысқа байланысты таныстыру сапарлары:** жапон компаниялары жұмысқа байланысты оқу сапарларын қызметкерлерді тарту және сыйақы беру тәсілдері ретінде пайдаланады. Осындай туристердің көпшілігі ерлер және осындай сапарлардың көбі, мысалы, гольф сияқты бос уақытпен бірге жүреді.

• **Студенттік саяхаттар:** мектеп, колледж және университеттердің студенттері, әдетте, қысқа мерзімді сапарларды көбінесе, ақпан айында қабылдайды. Олар, тек қана ұшып бару және мекендеуді брондайды.

• **Жас байлар (Shinginsi):** Жапонияда молшылық кезінде өскен 20-30 жастағы адамдар. Олар өздерінің ақшаларын жұртқа көрсетуді ұнатады және өздерінің пікірлерінде тәуелсіз болады. Олар туристік пакеттерді сирек алады және олар белсенді және қысқа демалыс нарығында басты қатысушылар болып табылады.

• **Офис-әйелдер:** тұрмыс құрмаған 20 жастағы қыздар, олардың табыстары жоғары және олар үйде ата-аналарымен тұрады. Қыздар батыс елдерін ұнатады және Париж және Лондон сияқты астаналық қалаларға және мауда орталықтарына барумен рақат алады, сондай-ақ ұйымдастырылған турларды ұнатады, бірақ көбірек дербес сапарларға

бару тенденциясы бар.

• **Жас жұбайлар:** бал айына шетелге бару фактісімен анықталады. Бұл Азия елдерін, Еуропа қалалары немесе АҚШ-ты таңдайтын тұтас 95 % жапон жас жұбайларына қатысты (Дацеге цитата келтірген Бичем 1995).

Жапония нарығының мына көзқарастардан даулы аспектісі бар:

2010 жылғы 2 қараша	Жоғары мәртебелі ханзада Чарльз The Savoyды үш жылдық қайта құрудан кейін ресми түрде (қайтадан) ашық деп жариялайды. Ол оқиғаны мейманхана иесі Жоғары мәртебелі ханзада Аль-Валид бин Талал бин Абдулазизаль Сауд және оның жұбайы ханшайым Amira-ның қатысуымен атап өту үшін металл пластинканы оларға сыйға тартады.
2014 жылы	Savoy өзінің 125 жылдығын тойлады. Оқиғалардың алуан түрлілігі, сонымен қатар Savoy мұрағатшысымен тарихи турлар ұйымдастырылды, 1889 жылдан бастап Savoy мұражайында жиналған пресс саптардың арнайы көрмесі, Американдық бар мен Ботфорт бардың бірігуімен мерейтойлық коктейльдер өткізілді және The Savoy Cocktail Book жаңа баспасы шықты.

Дереккөз: www.fairmont.com/savoy-london/hotelhistory қысқаша үзінділер

Savoy БҮГІН

Savoy дамудың ұзақ тарихы бар және ол оны танымал еткен ар-деко іздерін де сақтап қалды. Мейманхананың қазіргі уақытта оны бизнесмендер мен туристер үшін тартымды ететін заманауи ыңғайлы нәрселері бар. TheSavoy келушілері Ұлыбританиядан және әлемнің түкпір-түкпірінен өз дәстүрлерін ала келеді, бұнда қарапайым ер адамдар мен іскер бизнесмендер де бар. Қиыр Шығыс маңызды нарық болып табылады, себебі жапон туристерімен жұмыс ерекше маңызды сегмент болып табылады. Іскер клиенттер және қарапайым демалушылар жеке қызмет көрсетудің жоғары деңгейін іздейді, ал бизнесмендер әсіресе конференциялар өткізу үшін жеке конференц-залдар мен бизнес-технологияларды қажет етеді. The Savoy міндеті осы қызметтерді мейманхана атмосферасын өзгертпей жаңартып отыру. The Savoy клиенттік базасының маңызды бөлігі мейманхананың 2010 жылы қайта ашылуынан кейін алған 15.4-қосымшасында жазылған ерекшеліктері болып саналады.

15.4-қосымша. The Savoy Hotel қайта ашылуы үшін баспасөз релизі, 2010 тарихта мейманхананың ең орасан қалпына келтірілуі аяқталды.

2010 жылғы 22 қараша – The Savoy, A Fairmont Managed мейманханасы, өзінің есіктерін қайтадан жексенбі күні 2010 жылғы 10 қазанда айқара ашты. Жылдың ең ұзақ күтілген ашылуларының бірі, The Savoy британдық тарихтағы ауқымды қайта құруға іліккен бірден бір мейманхана. Мейманхана 2007 жылдың желтоқсанында басты кіре берістен және Savoy Grilldегі американдық барды және 268 бөлме мен люкстерді қамтитын бағдарламаны қайта қалпына келтіру үшін жабылды.

Бас директор Kiaran Макдональд: «The Savoyды жандандыруға өте қуаныштымыз» деді. «Әділеттік үшін бұл жоба қосалқы мәселелер туындатқан жоқ деп айта алмаймыз, бірақ үш жыл бойғы орасан зор еңбек пен іске берілгендіктің нәтижесін көпшілік алдына ұсынуды мақтан етеміз. Біз Savoy-дың көпшілік жұртты тартып тұратын орнын білеміз. Және мейманхана адамдардың үміттерін ақтап, әлемдік алдыңғы қатарлы мейманхана ретінде орнын қалпына келтіретіндігіне сенеміз».

Дереккөз: www.fairmont.com/savoy-london/pressroom/thesavoyreopened үзінділер

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Savoy тобы өз қонақтарының сұраныстарын назарға алуы тиіс, себебі ол өз жұмысын жақсартып, қызметтерін арттырып отыруы керек. Негізгі инвестициялық бағдарлама ұжымды дайындау және сатулар мен маркетингтік күш-жігерді біріктіру бағдарламасымен бірге 1990 жылдар үрдісін, сатулардың төмендеуін, өзгертуге тырысты. Бағдарламаның алғашқы нәтижелері оның сәтті болғандығы туралы дәлелдейді. Екпін жаңа технологиялардың қолданылуына, қоғамдық орындарды және туристер мен іскерлік объектілерде ыңғайлы жағдайлар туғызуға қойылды. Меншік формасының өзгеруі және нарықты әрі қарай зерттеу компанияны қайта құрудың ірі бағдарламасы үшін үш жыл ішінде жабылуына және қайта ашылуына әкелді.

Нарықтың нақты сараланымындағы басты назар, клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өнімдерді даярлау, Fairmont Hotel Group-тың жалғасып келе жатқан стратегиясының маңызды басты бөлігі болды.

ЭССЕГЕ АРНАЛҒАН ТАЛҚЫЛАУЛАР МЕН СҰРАҚТАР

1. 1990 жылдары қалпына келтіру бағдарламасы Savoy Group-та негізделген: «өткенді сыйлай отырып, болашақты қабылдау». Бұл өтініштің маңыздылығын The Savoy клиенттерінің қажеттіліктері мен армандарын талқылаңыз.

2. Savoy қайта құру бағдарламасы туралы хабарлау үшін қонақтармен маркетинг зерттеулерін жүргізеді. Savoy орындайтын бағдарламаның маркетинг зерттеулерінің егжей-тегжейлі жоспарын, қайта құрудың басқа бағдарламасын даярлау. Мейманханада жүзеге асыруға жоспарлайтын қонақтармен өткізілетін маркетинг зерттеулерінің ағымдағы бағдарламасын ұсыныңыз.

3. Меншік иесінің ауысуы мейманхананың үш жылға жөндеу жұмыстарына, жабылуына әкелді. Оның қонақтардың ниеттеріне әсері қандай болатындығын және жаңа мейманхананың сапасын сол қонақтарға қалай жеткізуге болатындығын талқылаңыз.

16-тарау

Жаңа нарықтардың пайда болуы және туристер сұранысының өзгеруі

Кіріспе

Тарау жаңа үрдістер мен қазіргі уақытта қонақжайлылық пен туризмнің ғылыми, коммерциялық салаларында талқыланып жүрген дискуссиялар туралы ақпарат беруге бағытталған. Ол осы кітаптың екінші басылымында жарық көрген (Swarbrooke and Horner, 2007) тұтынушылық мінез-құлықтың негізгі принциптерін түсіндіруге тырыспайды. 15-тарауға сай тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеу туризмнің коммерциялық және ғылыми объектілерінің өзекті мәселесі болып табылады, бірақ зерттеу бағдарламасын даярлағанға дейін біз жобалау негізінде жатқан негізгі концепциялар мен идеяларды қарауымыз керек. Сондай-ақ осы саладағы жаңа идеялар мен замануи ғылыми зерттеулерді қараған да маңызды, себебі ол әрекет етуші және тиімді өнімдер мен қызметтерді даярлауға мүмкіндік береді. Бұл тарау саяхаттың психологиялық жағдайынан қайтадан басталып, оның ең негізгі себептерін талқылайды. Тараудың екінші бөлігінде туризм нарығындағы күштер балансы мен тұтынушыға сатып алуға қатысты қалай билік берілетіндігі туралы мәселе талқыланады. Тараудың үшінші бөлігінде нарық сегментациясына қатысты өзекті мәселелер қаралады, сонымен қатар климаттың өзгеруі мен экологиялық мәселелермен байланысты жастың, мәдениеттің, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әсері және турист құндылықтарына қатысты өзекті мәселелер қаралады. Бұл тарауда біз психологиялық жағдай, постмодернизм, мотиваторлар және детерминаттар, сондай-ақ нарық сегментациясы сияқты ұғымдарды қарастырамыз.

Адамдар не үшін саяхатқа шығады?

Туристік бағыт қарапайым өнім болып табылмайды, ол тұтынушыға толық пакет ретінде ұсынылатын түрлі туристік өнімдердің, қызметтер мен қоғамдық тауарлардың қоспасы. Бұл ұсыныс туристерді ұмытылмас тәжірибемен қамтамасыз етуі керек. Ерте заман зерттеушілері ондай тәжірибені географиялық сала тұрғысынан ел немесе қала ретінде суреттейді (Ратуша, 2000), бірақ соңғы заманауи зерттеулер бұл бағыттарды тұтынушылар мен туристік өнім кеңістігінің қоспасы ретінде қа-

райды және ол саяхатшыларды олардың бағытына, мәдени деңгейіне, келу мақсаты мен өзінің өткендегі тәжірибесіне негізделген біртұтас тәжірибемен қатамасыз етеді (Fuchsи Weirmair, 2003).

	Негізгі тақырыптар (мақалалар мөлшері)	Қосалқы тақырыптар (мақалалар мөлшері)
Тікелей қатыстылық (психологиядан алынған)	Шешім қабылдау үдерісі/ тұтынушылық мінез-құлық (14) Ынталандыру (10) Қанағаттану және қарым-қатынас (8) Әлеуметтік өзара әрекеттесу (5)	Қабылдау және есте сақтау (4) Психологиялық басымдықтар (3) Туристік тәжірибелер (3) Орталық имиджі (3)
Жанама қатыстылық (басқа салалардан алынған, мысалы, білім беру, география)	Білу және түсіну (6) Мирас пен талқылау (6)	Әзіл-сықақ (1) Қатысу мен мүдделі болу (1)

16.1-сурет. Психологиямен және туризм тақырыбымен байланысты және 2007-2011 жж. туризмді зерттеу жөніндегі жыл сайынғы баспаларда сипатталған соңғы мақалалар мөлшері.
Дереккөз: **Pearce and Packer (2013) бейімделген.**

Туристің негізгі психологиялық жағдайын ғылыми баспалар мен заманауи баспа бағдарламаларында (Pearce және Packer, 2013) зерттеуге болатындығын білдіретін идеялардың бұл жаңа кешені. 2012 жылы өткізілген туризмді зерттеу жөніндегі жыл сайынғы баспадан әдебиеттер шолуы зерттеудің концептуалды негізі ретінде психология көмегімен туристік мінез-құлықты зерттеуге немесе білім беру, география және мәдениеттану сияқты психологиямен байланысты тақырыптарға қызығушылықтың артуы байқалатындығын көрсетті. Зерттеушілер топтанған бағыттарды атап өткен де қызықты, себебі ол замануи тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Бұл жұмыс нәтижелері 16.1-суретте көрсетілген. Тұтынушылардың мінез-құлқы мен ынталандыру мәселелерінің маңызы зор, ал қабылдау және есте сақтау, басымдықтар мен орталық имиджі сияқты мәселелер де маңызды бағыттар болып табылатынын байқауға болады (Pearce және Packer, 2013). Осылай, егер саяхат себептері адамның психологиялық жай-күйі екендігін мойындасақ, онда қандай факторлар осы жай-күйге әсер етеді және туристер нелік-

тен белгілі бір бағыттарды таңдайды?

Туристердің мінез-құлқына қатысты ғылыми зерттеулер

Туризмдегі тұтынушының таңдауы туралы түсініктемелердің көп мөлшері Абрахама Маслоудың (1943) бұрынғы тұжырымдамасының негіздері, тұтыну иерархиясы, онда пирамиданың бес деңгейін туристер үшін ынталандырушы профиль ретінде қарауға болады және пирамиданың шыңына жеткендер өздерін-өзі өзектендіру және нақты тәжірибе жинақтау үшін ізденушілер ретінде санайды (Хсу және Хуанг, 2008).

Бағытталуды таңдау	Қанағаттанушылықты зерттеу
Шешім қабылдау үдерісіне есте сақтаудың өзектілігі	Шешім қабылдау үдерісіндегі жеке тұлғалық өсудің өзектілігі
Абайлап алшақтап жасау ұғымы туристің өткенінің позитивті аспектілері мен шешім қабылдау алдында оны мазалаған заттарды тепе-теңдікке келтіруге талпыныс жасау	

16.2-сурет. Туристік мінез-құлық зерттеулерінің негізгі бағыттары
Дереккөз: **Pearce және Packer, 2013 ж. бейімделген.**

Кейіннен зерттеушілер тұтынушылар мінез-құлқының ақпарттанған үлгісінің мәртебесі мен қатынастары әлдеқайда тиімді екендігін және мәдени топтарды да, әсіресе Маслоу жұмысында қарастырылмаған азиялық тұтынушылардың мүддесін ескеру керек деген болжам жасады (Pearce және Panchal, 2011). Бірқатар ғалымдар туристік мінез-құлықтың бірнеше ынталандырушы факторларын қарау керек деді, олар эмпирикалық зерттеулер негізінде болжамдау үлгілерін даярлауға мүмкіндік береді (Боуэн және Кларк, 2009; Хсу және Хуан, 2008; Пирс, 1992). Осыған қарамастан, бірнеше соңғы жылдарды талқылау үшін негіз ретінде пайда болған сала типтерін қараған да қызықты. Бұл нәтижелер жуырда шыққан Пирс және Пакер (2013) мақаласында қысқаша баяндалған және 16.2-суретте келтірілген. Осы салалардағы әдебиетке қатысты егжей-тегжейлі сәттер осы мақалада жарық көрген.

Туризм саласында тұтынушылық мінез-құлықты зерттеудегі негізгі жетіспеушіліктер

Күшке қатысты өзгерістер.

Дамыған елдерде өнім мен қызметтер маркетингінде күштің тауар жеткізушіден тұтынушыға қарай біртіндеп жылжуы байқалып отыр.

Дамыған елдер (Vrontis және Thrassou, 2007) келесі ерекшеліктерімен сипатталады:

• бір адамға кірістердің жоғары экономикалық өнімділігі мен инфляцияның төмен деңгейі;

• жұмыс күшіне және сапаға көп шығын шығару;

• еңбек шарттарын реттеу;

• кәсіпкерлік қызметтерге қатысты бостандық;

• білім мен әкімшіліктің жоғары деңгейі;

• жақсы дамыған көлік және коммуникациялық инфрақұрылым;

• технологиялық басымдық;

• тауарға емес, қызмет көрсетуге екпін қою;

• білім мен ақпаратқа екпін аудару;

• жалпы тұрақтылық;

• жеке тұлғалық және ұжымдық даму мен өзін-өзі табуға жәрдемдесетін әлеуметтік-мәдени орта.

Дамыған елдерде тұтынушылардың әсері соңғы бірнеше онжылдықтар ішінде артып келе жатқандығы және олар енді бизнес-ортаны қалыптастыратын егемен күштер ретінде қаралатындығы мойындалған (Kotleretal., 2005; Blackwell, Miniard and Engel, 2001). Жаңа тұтынушылар бұл елдерде дамуы нашарлау елдерге қарағанда, өздерін өздерінің жеке шешімдері жөнінде ақпараттанғанын сезінеді (Teng, Laroche және Чжу, 2007; Laroche, Ким және Matsui, 2003). Бірақ жаһандану үдерісінде тұтынушылар дамушы елдерде бұл қозғалысты ұзақ мерзімді перспективада көрсететіндігі болжанып отыр. Көзге көрінетін тұтынушылық биліктің себептері алуан түрлі және сан алуан. Көпшілік білім беру деңгейінің негізгі фактор ретіндегі артуына сілтеме жасайды және көптеген елдерде туристер тәжірибелі саяхатшыларға айналып отыр. Тәжірибенің көптігі білім мен сенімділікке әкеледі.

Бірақ тұтынушылық күштегі ауытқудың негізгі факторы жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы, ең алдымен Ғаламторға байланысты (олар 17-тарауда егжей-тегжейлі қаралған). Ғаламтор:

• тұтынушылар үшін нұсқалардың көбейгендігін, бұрынғыға қарағанда кеңінен ұсынылған дереккөздерден тауарлар мен қызметтерге қолжетімді екендігін білдіреді;

• саяхатшыларға ілеспе жолаушылардан кеңестер қабылдауға мүмкіндік беретін ақпарат құралдарының жаһандықтың, тұтынушылықтың, түрленудің өсуіне жәрдемеседі, себебі кәсіби мамандарға қарағанда олардың пікіріне сенім артуға болады, өйткені кәсіби мамандардың өз өнімдері мен қызметтерін сатудың коммерциялық мүддесі бар.

Ғаламтордағы ақпарат бағаға назар аудартады және тұтынушылар

тауар жеткізушілермен, әсіресе мейманханаларда келісе алатынын немесе саудаласа алатынын айтады. Клиенттер мейманхана оларға тұрудың көрсетілген құнын емес, ғаламторда көрсетілген ең тиімді бағаны ұсынуы керектігін, сонымен қатар құнға енгізілген «қосымша функцияларды», мысалы, таңғы ас немеес машинаны қою сияқты функцияларды талап ете алады. Компанияның брендке байланысы оларды осындай сипаттағы тұтынушылық келіссөздерге шалдыққыштығын білдіреді. Дегенмен, біз ғаламтор тұтынушыға билікті индустриядан біржола алып келді деген пікірмен келіспес бұрын абай болуымыз керек. Туристік онлайн-агенттіктер жеткізулер мен бағаларды қадағалайды, ал туристік компаниялар бұқаралық ақпарат құралдарының кейбір сайттарына иелік етеді. Тұтынушылар қолданатын барлық сайттар туризм тек ақша ағыны ғана болып табылатын ірі корпорациялармен даярланады. Және тіпті кейбір осы жаңа тұтынушылық күштердің ішіндегі бірі расында да болған күннің өзінде ол әдепсіз өлшемде болуы мүмкін. Бүгінгі таңда, егер қонақтар өздері ақша төлеген жаңартулар мен қосымша басымдықтар алмаса, TripAdvisor және басқа да сайттарға нашар пікір жазамыз деп қорқыту ол мейманхана қонақтары үшін үйреншікті жағдай.

Тұтынушылар қалай таңдайды?

Демалысқа қатысты тұтынушының таңдауы кешенді болып табылады және өзара байланысты бірнеше кезеңді қамтиды. Турист қатысудың түрлі деңгейінде шешім қабылдау туралы ойлауы тиіс, орын таңдап, шығын деңгейін шешіп алуы керек. Ол бірнеше ынталандырушы және басқа да факторлармен шартталады (Swarbrooke және Horner, 2007). Жоғарыда айтылғандай, шешім қабылдау үдерісіндегі тұтынушылардың күші дамушы елдерде соңғы онжылдықта артты. Бірақ осыған қарамастан, кейбір түсініктеме берушілер болжағандай олар түрлі факторлардың әсерінен болады және олардың шешімдері әбден ойланған не ойламағандай аяқасты болатындығын болжауға болады. Туристердің шешім қабылдауға әдебиет шолуы Смол және Мурмен (2010) берілген. Таңдау үдерісіндегі тағы бір қиындықтардың бірі туристік бағыттар бір тұлға атынан сыйлық ретінде сатып алған кезде туындайды. Бұл шешім қабылдау үдерісіне күрделілік енгізіп, сыйға тартушыдан сый алушыға эмоционалдық әсер етуді арттырады (Кларк, 2008). Жарнама тасушылар өзгергенмен, өнім мен қызмет көрсету саласына байланысты бренд пен жарнаманың әсері әлі де басым. 2012 жылы өткізілген зерттеулердің бөлігі жарнамалық шешім қабылдау кезеңіне және өнім

түріне байланысты шешімдерді жеңілдететін бірнеше ауыспалы факторлармен (жасы, кірісі, қашықтығы мен ғаламторды пайдалану) туристік шешімдерге әсер етеді. Жарнаманың әсері белгілі бір орындарға баруға, сондай-ақ нақты туристік қызметтерді, қаланың көрікті жерлерін, мейрамханаларды, іс-шараларды, дүкендерді, мейманханалар мен демалыс орындарына баруға, осылардың барлығы әлдеқайда алуан түрлі бола түсті, себебі туристер ғаламторды қолданып, әр пакетті бөлек-бөлек сатып алғанда ол әлдеқайда қиын болды (Park, Nicolau and Fesenmaier, 2013). Жаңа дамушы нарықтарда бұл тақырыпқа көптеген зерттеулер жүргізілді. Зерттеулердің бір бөлігі Тайвань-Таоюань халықаралық әуежайындағы туристермен осы нарықта проблема болып саналатын туризм таңдауында ой толғау объектісі болып саналады. Зерттеулер белгілі бір мақсатқа саяхаттау тәуекелі мен бағыт орнын анықтау арасындағы қатты корреляцияны көрсетті. Туризмде бағыт алған орын туралы білімге салым осы тербелісті төмендетуге және сатып алуға жоғары сұранысты тудырды. Бұл жарнаманың түрлі құралдарымен жаңа бағыттар үшін оқу-әдістемелік материалдар құру осы нарықта әсіресе маңызды болып табылатындығын білдіреді (Wong және Yeh, 2009). Зерттеудің басқа бөлігі сол әуежайда өткізіліп, сол нәтижелерді көрсетті, яғни әуежай сатып алушылары тәжірибеге дейін де, тәжірибеден кейін де сатып алу үдерісін сенімді әрі ыңғайлы етуді іздегендерін байқатты. Тиімді тәжірибе ретінде саяхатшылардың жеке негізде емес, топ ретінде саяхаттағанын атап өтуге болады (Chung, Wu and Chiang, 2013). Туристік ұйымдар демографиялық, географиялық, мінез-құлық және психографиялық ауыспалы факторларды қолдана отырып, нарықты саралауға тырысуда, оның идеясы тұтынушылардың, әсіресе топтардың туристік ұйымдармен тиімді қолданыла алатын жалпы сипаттамалары бар (Swarbrooke and Horner, 2007). Келесі бөлімде талқыланатын еңбек нарығының сараланауына байланысты бірқатар заманауи мәселелер болады.

Нарықты саралаудың заманауи мәселелері

Бұл бөлім нарықты сегментациялау және туристік мінез-құлыққа қатысты бірқатар өзекті мәселелерді зерттеуге арналған. Олардың біріншісі демографиялық мәселе және ұрпақтар арасындағы туристік мінез-құлықтағы айырмашылыққа қатысты.

Демографиялық ауыспалылар – ұрпақтар теориясы

Әлем халқы қартаятындығы кеңінен танылған және бұл құбылыс әлемнің дамыған аумақтарында кең етек жайды. Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі 2 миллиардтан астам адам 2050 жылға қарай 60 жаста және одан да жоғары болады деді. Оның тікелей салдары қартайған тұтынушылардың маңыздылығын арттырып, туризм индустриясының жалпы шығындарына айтарлықтай салым енгізеді. Көптеген қартайған адамдардың міндеттері аз, ал кірістері көп, сондықтан олардың туристік өнімдер мен қызметтерге көп ақша сомасын жұмсауға әлеуеті бар. Тіпті, Қытай мен Үндістан сияқты елдерде халық қартаюда, орта тап мөлшері артып, экономикасы өседі. Қытайлықтар мен үндістандықтардың көптеген бөлігі Батыста білім алады, ал ол жаһандық перспективаға әрекеттесіп, оларды туризмнің жақсы мақсаттарына айналдырады. Бұл жағдай ол тұтынушыларға үлкен қызығушылықпен және әлемнің түкпір-түкпірінде орын алған тұтынушылардың өз бағыттарын қалай жоспарлайтындығы және ең бастысы нақты туристік өнімдер мен қызметтерді сатып алуға қалай әсер ететіндігін зерттеу үшін сипатталады. Бұл зерттеулердің көбі дискретті болып табылатын және басқа топтардың ұрпақтарынан өзгеше тұтынушылық мінез-құлықты көрсететін нақты жас тобына сай келетін сол елдегі адамдардың когортты талдаудың ұрпақ тұжырымдамасына негізделеді (Cleaver and Muller, 2002; Prideaux, 2007). Бұл қызығушылық іскерлік баспасөзде артып, терминдер алынып, замануи әдебиетте «үндемес ұрпақ», «бэби-бум», «Х ұрпақ және Y ұрпақ» (16.4-суретті қараңыз) деп танылды. Зерттеулер АҚШта өткізілді және онда осы түрлі топтардың мінез-құлқы салыстырылды, ал кейіннен осы зерттеудің нәтижелері біріктіріліп, әр топтың таңдауға әсер ету, бағыт және демалыс орнын таңдау тұрғысынан сатып алулардың түрлі үлгілерін көрсететіндігін байқатты. Бұның АҚШ-тағы маркетологтар үшін маңызы зор, бірақ мәдени айырмашылықтар үшін бұл идеялар басқа нарықтарда көрініс табуы міндетті емес. Австралияда өткізілген зерттеулердің бөлігі (Gardiner, King and Grace, 2013) талқылауға қосылып, ұрпақ тобына қарамастан түрлі топтардағы респонденттер нақты мінез-құлық үлгілерін байқатқан жоқ. Бұл үлгілер олардың жеке фонының нәтижесі болып табылады және кейбір бөліктерде қазіргі уақытта қоғамның қалыптасуы мен құндылықтарын көрсетеді. Олардың еңбек қызметі, білімі мен экономикалық жағдайлары өзінің алғашқы жылдарында олардың мінез-құлқына жәрдемдесті. Олар әлеуметтік және жеке әсер етулер туристердің сатып алушылық мінез-құлқына әсер етті деген қорытындыға келді.

Бэби-бумерлер ерекше топ ретінде

Бэби-бумерлер 1946-1964 жылдар аралығында дүниеге келген адам тобы ретінде анықталады. Олар туристік өнімдердің басты тұтынушылары болып табылады, демек туристік ұйымдардың басты нысанасы болып есептеледі. Соңғы жылдары бұл тұтынушылардың не іздейтіндері, олар ақпаратты қалай іздейтіндері және олар тауарлар мен қызметтерді қалай сатып алатындарын қарау үшін зерттеулер жүргізілді.

Жекешелендіру	Ыңғайлылық пен жылдамдық
Рухани ағарту	Сенімділік
Қызмет көрсету сапасы	Ностальгия
Тәжірибе	Оқыту және білім беруді жетілдіру
Қоршаған орта жағдайы туралы ақпараттану	Денсаулықты мойындау

16.3-сурет. Бэби-бумерлер іздейтін мүмкіндіктер
Дереккөз: Hudson (2010) бейімделген.

Сонымен қатар, оларға не қанағаттану әкелетіндігін ескерген де маңызды. Сондай-ақ коммерациялық әлемде осы ұрпақтың сатып алушылық үлгісін атап өту үшін ‘zoomers’ – бэби-бумерлер өмірден барынша рақат алып, толыққанды өмір сүргісі келетін, басқа сөзбен айтқанда, ЗИП бэби-бумерлер деген термин енгізілді (babyboomerswithzip) (Hudson, 2010). Алдыңғы зерттеулер әдебиет шолуы негізінде ‘zoomers’ мінез-құлқын ескере отырып, саяхаттарды іздеп, Hudson (2008) деп түсіндірді (16.3-сурет). Бэби-бумерлер ғаламтор немесе тапсырысты турды ұсынып отырған туристік компаниялар қызметін қолдана отырып, олардың туристік пакеттері бір өздері үшін жеке бейімделген екенін сезінуді ұнатады. Бұл топ ыңғайлықтарды іздейді және дағдарысқа ұшырауды ұнатпайды, сондықтан, жолдамаларды ұйымдастыратын компаниялар басынан туристерді үйлерінен алып кетіп, демалыс соңында міндетті түрде қайта алып келеді. Олар, әдетте, рухани ағартуға қызығушылық танытады, сондықтан олардың мәдени туризмдерінің тәжірибесі оларға премиум-класс ұсынады. Қызмет көрсету сапасының деңгейлері жоғары болуы керек және маркетинг материалдарында көрінуі тиіс. Ностальгиялық тәжірибемен айналысқан да маңызды. Бұл бұрын болған жерлерге қайту немесе жаңадан құрылған қалалар мен ауылдарға, өнеркәсіптік объектілерге бару. Олар жаңа әсер алғылары келеді және жаңадан жаңалықтар ашқысы келеді, сондықтан жаңа дәрістер немесе практикалық шаралар қосу, мысалы, ас әзірлеуге немесе сурет салуға

үйрету сияқты олар үшін керемет тауарлық ұсыныстар болып табылады. Қоршаған орта жағдайы туралы ақпараттану және денсаулықты мойындау алтын тектес, сондықтан дұрыс тамақтану және экологиялық таза мейманханалар бұл тұтынушылардың қызығушылығын арттырады. Басқа зерттеулер бэби-бумерлер демалысты брондау алдындағы ақпаратты қайдан іздейтіндігі, олар ұнататын жарнама стилін қарайды. Ұйымдар БАҚ мақсатты топ үшін пайдалануға тырысады, бірақ зерттеулер ақпаратты отбасы ішінде тарату әлдеқайда маңызды екендігін көрсетті. Бұл топ журналдар мен газеттерде тақырыптық мақалалар және телевизиялық ресми фильмдер болып табылады (Patterson, 2007).

Бэби-бумерлер жарнамалық хабарламаларда қартайған адамдарды көруді ұнатпайды, себебі олар өздерін шын мәніне қарағанда жас әрі жарқын есептейді (Patterson, 2007).

Бэби-бумерлер үшін маркетинг коммуникацияларының үлгісі Хадсонмен (2010) келесі ерекшеліктерді ескере отырып ұсынылды:

• жастарды ерекшелей отырып;
• ностальгияны тақырып ретінде қолданып;
• өнім болмайтын тәжірибені қалап;
• бэби-бумерлердің өмірін қалай жақсартуға болатынын көрсетіп;
• нақты ақпарат ұсынып, әңгімелер айтып;
• бұқаралық ақпарат құралдары коммуникацияларының және мүмкіндіктердің кең ауқымын, соның ішінде шешуші рөл атқаратын ғаламтор-БАҚ қолдана отырып.

Топ	*1*	*2*	*3*	*4*
Ұрпақ	Үндемес ұрпақ	Бэби-бумерлер	Х ұрпағы	Y ұрпағы
Туған күні	1945 ж. дейін	1946-64	1965-80	1981–2000
Құндылықтар	Стандарттарға сәйкестік, тәртіп, ескілік, өзгерістерге сенімсіздік	Білім беру және әлеуметтік мүмкіндіктердің артуына байланысты оңтайлы көзқарастар; телевидение әсер етеді; тұлғаның өзіндік қалыптасуын іздеуде	Кәсіпкерлік рух, сенім, шығармашылық пен ақпаратық фокус; жұмыс пен өмірде құндылықтар, өмірден барлығын алғысы келетініне қарамастан жұмысқа көбірек көңіл бөледі	Жаһандық бағытталған топтар, тез бейімделеді, өзгерістерге ашық, ақылды, шығармашыл, техникалық білімді, адал

Демалыс үлгісі	Орташа шығын шығарады, әдетте шындық мерзімде демалудың ең ұзақ кезеңін таңдайды	Дамыған нарықтарда ең үлкен шығын шығарушылар; демалыс пен ойын-сауыққа көп жұмыс жасайды, жыл ішінде іскерлік сапарлардың көп бөлігін алады; жиі бай, ауқатты тұтынушылар болып табылады	Жыл ішінде орташа сапар мөлшерін алады, басқалармен жиі саяхаттайды жиірек балаларымен саяхатқа шығады	Орташа шығын шығарады; қызмет пен қызықты оқиғалардың көп болғанын ұнатады

16.4-сурет. Төрт ұрпақтың негізгі сипаттамаларының қысқаша баяндамасы

Дереккөз: **Li, Li және Hudson (2013) бейімделген.**

Бэби-бумерлер 50 жасқа жеткен соң қажеттіліктері төмендеп, жаңа өнімдер мен қызметтерді алғысы келмейді және олардың сатып алу қабілеті төмендейді деген қатып қалған қағида бар (Coleman, Hladikova and Savelyeva 2006) және ол шындықтан алыс емес, себебі бэби-бумерлер зейнетақыға шығуды алдын ала ойлап, туризм индустриясында жаңа өнімдер мен қызметтерді іздей бастайды.

РЕСЕЙЛІК ТУРИСТ

Тарихи анықтама

Ресейлік туристердің саны 1881 жылы өсті, ал 1885 жылы Петербургта алғашқы туристік агенттік құрылды. Ресейліктер гедонистік және мәдени мақсаттармен жүрулерін жалғастыра берді. 1858 жылдан бастап жас ұрпақ өкілдерінің көрнектілері ‘Гранд-Тур’ алды. Туризмнің өсу қарқыны жалғаса берді, дегенмен мәдени емес, гедонистік мақсат өсімі бойынша пірікталастар жалғасып келді. Кеңестік кезеңде мемлекет социалистік мемлекет құру мақсатында өздерінің азаматтары үшін жеке саяхат және туризмді шектеуге тырысып келді. Соңғы уақытта, әсіресе «темір қоршау» құлағаннан кейін,1990 жылдан бастап орыстар еркін саяхаттай бастады, сыртқы туризмді ынталандыру мақсатында туроператорлар өркендей түсті. Көптеген маркетингтік ұйымдар үшін ресей туристері қазіргі таңда тартымды мақсатты нарық ретінде қа-

растырылады.

Соңғы 20 жыл

Соңғы 20 жыл ішінде Ресей азаматтарының шетелге сапарға шығу санының күрт өсуі байқалады. 1990 жылдың соңынан бастап маңызды өсім байқалады, олар үшін Еуропа ерекше тартымды орын болып саналады. 2010 жылы ресейліктер алыс шет елдеріне 25,487,00 сапар жасаған. Еуропада ресейліктерді қызықтыратын елдер: Финляндия, Италия, Германия, Грекия, Чехия, Болгария, Франция және Кипр. Әсіресе туристер Швейцария мен Лондонға сапар шегеді.

Ресейлік туристер не іздейді?

• Жазда теңіз, күн, ыстықты ұнатады.
• Сән-салтанатты тұру, әсіресе тұрғын үй, жайлылық пен тағамды.
• Тұрғын үй мен іс-шараларды бағалайды.
• Қызмет көрсету персоналы орыс тілінде сөйлеуі тиіс.
• Шекара маңындағы дүкендерді.

Дереккөздер: Bar-Kolelis и Wiskulsi, 2012; Furmanov, Balaeva және Predvoditeleva, 2011; Vespestad, 2010; Choi, Tkachenko және Sil, 2009; Layton, 2009

Географиялық сегменттеу және мәдениеттің әсері

Туризм саласындағы нарықты сегменттеудің ең жиі пайдаланылатын әдістерінің бірі – мәдениет негізінде жалпы сипаттамасы бар, әдетте адамдары бір елден болатын географиялық сегменттеу болып табылады.

Құндылықтары, рәсімдері мен рәміздерімен қатар, мәдениеті ең маңызды көріністер болып табылады. (Hofstede, 2001; Hofstede and Hofstede, 2005).

Осы құндылықтар туристердің мінез-құлқына әсер етеді деп болжанып отыр. Енді біз түйінді сәттердің кейбірін көрсету үшін жаңа мақсатты нарықты қарастырамыз. Мысалы, «Ресейлік туристе» брондау кезінде олар іздеген негізгі факторлар мен ресей туризмінің тарихынан қысқаша мәліметтер бар. Hofsted (2005) зерттеулеріне сәйкес, ресейліктер аса жекелілікке қарағанда, әлеуметтік тұтыну өнімдеріне көп қызығады деп болжайтын ұжымдық мәдениет болып табылады. Осыған қарамастан, ресейлік туроператорлар өз клиенттерінің кейбірінің өзін-

өзі іске асыру және қайта жаңғыртуға бейім келетін дербес қоғамды таңдайтынын атап өткен (Vespestad, 2010). Бұл өсіп келе жатқан үрдіс болса, географиялық сегменттеу қауіпті ұсыныс болып табылады деп болжайды. Түптің түбінде, түрлі географиялық аймақтардың көптеген адамдары нарықтың бір дискретті сегментіне сай ұлт болады. Меніңше, нарықтық сегменттеудің көп факторлы әдістерін қолданған абзал, алайда зерттеудің бұл түрлерінің Ресейде жасалуы әлі де алда тұр.

Алғаш рет дүние жүзі бойынша халықаралық туристік келушілер 2011 жылы 995 млн. 2012 жылмен салыстырғанда 1,035 млн. туристен 1 миллиардқа жетті.
Азия және Тынық мұхитқа шығу туризмі 7% -ға өскенде жоғары көрсеткіш тіркелген, содан кейін Африка (6%) және Оңтүстік Америка (5%).
Әлемдегі ең араланатын аймақ Еуропаға халықаралық туристік келушілер 3% -ға өсті; Таяу Шығыс (-5%) әлі күнге дейін өсімге қайтып оралмады.
Нақты көрініс те 4% мөлшерін арттыру кезінде, халықаралық туризмнің түсімдерінің өсуі туристердің санының артуына сәйкес келеді.
2011 жылы 1042 млрд $, 2012 жылы дүние жүзі бойынша АҚШ халықаралық туризмінен түскен түсім 1,075 млрд $жетті.
Халықаралық туризмде 2012 жылы АҚШ 102 млрд $ жұмсап, Қытай әлемдегі нарық көзі ретінде жетекші орын алады.
Дүниежүзілік Туристік Ұйымының (БҰҰ жанында) мәліметіне сәйкес 2013 жылдың қаңтарында 2013 жылғы халықаралық туристік келулер өсімі 3-4 % өсті.
БҰҰ ДТҰ мәліметі бойынша 2013 жылғы перспективалар Азия мен Тынық мұхит елдері, содан кейін африка елі үшін қарқынды.

16.5-сурет. 2012 жылғы халықаралық туризм. Негізгі тенденциялар мен перспективалар
Дереккөз: БҰҰ ДТҰ (2012)

Әлеуметтік-экономикалық сегментация – рецессия салдары

Дүниежүзілік Туристік Ұйым (БҰҰ жанында) туризм мәліметтеріне сәйкес әлем бойынша жаһандық бейне ойдағыдай, себебі өсім әлемнің нақты аймақтарында көрсетілген деп болжалған. Оның болжамдарын 16,5-суреттен көруге болады. Бұл сандар экономикалық дағдарыстың 2010 жылы аяқталғанына куә, дегенмен, олар туризм индустриясы қатты зардап шеккен және алдағы уақытта қалпына келтіру мүмкін емес

әлемнің кейбір аймақтарының мәліметтерін жасырып отыр. Мысал ретінде, осы мақала жазылу сәтінде оңалуға тырысып келе жатқан Греция елі болып табылады. Жаңа ғана болып өткен Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс туралы, тұтынушылардың қиын экономикалық жағдайда нақты әлеуметтік-экономикалық топтарда не жасалғаны туралы да ойлау қызық. Себебі, туристік қызметтер жеке басты байлық пен кірістің қысқартылуы, дискреционды шығыстар, туристік өнімдер мен қызметтерге жұмсалатын ақшаның санын азайтатынын көрсетеді. Экономикалық дағдарыс кезінде тұтынушылар шығынына бірқатар факторлар, инфляция, жинақ болмауы, тұрғын үй және зейнетақы құнының түсуі әсер етті. Салдары бүгінгі күнге дейін проблемалы, әсіресе Греция, Италия мен Испания елдеріне өте қиын. Басқа елдер, сонымен бірге Ұлыбритания мен Нидерланды елдері де қиын уақытты бастан кешті. Туристердің сатып алушылық мінез-құлқына осы жаһандық экономикалық құлдырау салдары беймәлім, себебі БАҚ-та пайда болған көптеген күлкілі есептер зерттеу мәліметтерін жинақтау үшін жасалды. Болашақта осы ақпаратты беру үшін, экономикалық құлдырау кезеңінде тұтынушылардың саяхат шығындарына деген қатынасы туралы мәлімет жинау маңызды болып табылады (Sheldon and Dwyer, 2010). Құлдырау кезінде туристік тұтынушылардың мінез-құлқына не болғанын анықтау үшін зерттеулердің кейбірі 2011 жылы Нидерландыда жасалды (Bronner and de Hoog, 2012).

Олар дағдарыс жағдайында туристердің мінез-құлқы екі негізгі аспектіден – ауқымдылық (дағдарыс көп болған сайын, тұтынушылық мінез-құлық тұрғысынан реакциясы қатаң болады), ал екіншісі – тереңдік (жергілікті деңгейде жағдайдың қиындығын көрсетеді) деген болжамға негізделді. Ауқымдылығы мен тереңдігіне байланысты тұтынушылар төменде көрсетілгендей әрекеттің төрт нұсқасына бейім келеді:

• ауыстырушылық, яғни туристер қонақтарды тартатын қымбат орындарға емес, тегін мұражайға баруы мүмкін;

• жеке белгілері бойынша үнемдеу тәсілдері болып табылатын, мысалға туристер аса қымбат емес қонақүй немесе қосымша қызметтерге аз қаражат жұмсауы мүмкін;

• демалыстан, қабылданған шешімнен бас тартатындар. Бұрынғы зерттеулер көрсеткендей, туристер бұл әдісті аса қиын және тереңдетілген дағдарыста қолданады;

• тұрғын үйді брондаудан үнемдеуге тырысатын бір күндік үйден шығатын сапарлар.

Нидерландыда жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қиып тастау

әдісінен гөрі жартылай кесіп алу әдісі негізгі әдіс болып табылады, сондықтан олар кейбір аспектілерде үнемдей отыра, саяхатқа шығады (Bronner and de Hoog, 2012). Елде экономикалық жағдай қиын болғанда да, туристер саяхаттан бас тартпайды және демалыс жалпы өмірдің маңызды ерекшелігі болып табылады деп авторлар болжамдаған. Туристік ұйымдар туристердің әлеуметтік медиаларда өзіндік зерттеу жасамауына жол бермеу үшін қалай үнемдеу керектігі жөнінде қосымша ақпарат ұсынуы мүмкін екендігін олар да болжамдаған. Азияда зерттеулер аз жүргізілді, бірақ Жапонияда жүргізілген зерттеулер бойынша жапондық туристер үшін әл-ауқаттылық пен кіріс деңгейі, сондай-ақ үй шаруашылық өлшемдері қатты әсер беретінін көрсетті (Wu, Zhang and Fujiwara, 2013).

Психографикалық сегментация. Детерминизм және климаттық өзгеріс әсері

Осы бөлімде қаралатын соңғы жаңа тренд тұтынушылардың қоршаған ортаны қорғау және климаттық өзгеріс мәселелеріне жаңа көзқарас болып табылады. Туристердің мінез-құлық тұрақтылығы – бірнеше онжылдықтарда ғалымдар мен тәжірибешілер санасында орын алған тақырып. Ресурстарды пайдалану, қалдықтармен жұмыс, жергілікті қауым мен транспорттық оңтайландыру тұрғысынан туристік жағдай жақсаруы мүмкін деген болжам бар (Budenau, 2007). Тұтынушылар нақты тақырыпқа қызығушылық білдіруде, дегенмен экологиялық таза өнімдер мен қызметтерге артық ақша шығарғысы келмейді (Swarbrooke and Horner, 2007). Қазір ғана тұтынушыларда осы салаға деген қызығушылық арта түсті, олар жаңа құндылықтар, бағыт-бағдар көрсете бастады. Бұл дамып келе жатқан қызығушылық олардың мінез-құлқынан байқалады. Тұрақты туризмге деген дамып келе жатқан қызығушылық пен позитивті қатынасқа қарамастан, кейбіреулері ғана отандық туристік өнімдерді сатып алады, қозғалыстың таза экологиялық тәсілін таңдайды немесе жергілікті қауымға жауапкершілікпен қарайды. Клиенттерді төмен қолдау тұрақты туризм мен тәжірибе қағидаларын енгізу үшін негізгі кедергі болып табылады. Бұл зерттеуге тұрарлық жағдай. Зерттеудің кейбір бөліктері әлемнің әртүрлі аймақтарында қоршаған ортаға деген мінез-құлқын қарастырды. Британиядағы жағдай дилемманы көрсетеді. Туристердің көпшілігі (85%) олардың саяхаты қоршаған ортаға залал тигізбейді деген факторды маңызды деп санайды, ал 71% туризм жергілікті қауымға пайда әкелуі тиіс деп ойлайды (Budenau, 2007). Алайда, зерттеудің басқа қыры көрсеткендей,

тек 32 % британдықтар жергілікті қоршаған ортаға әсерін азайтуға бағытталған демалысты таңдайды (Goodwin and Francis, 2003). Зерттеудің бұл жағы әлемдік экономикалық дағдарыстан кейін жасалды, бірақ бұл жағдай кірістердің құлдырауынан қиындау мүмкіндігі зор. Тұру нысандарына деген қатынас едәуір жақсы сияқты, әсіресе қонақүйлер үшін таңбаның жасыл жүйесі аса позитивті таңдауға әкеледі. Мысалы, 69 % даттық туристер қонақүйлердің экотаңбасы үшін ақы төлеуге дайын екенін зерттеулер көрсетті (Chafe, 2005). Зерттеудің басқа бөлігінде 62 % итальяндықтар мен 42 % немістер қонақүйлердің қоршаған ортаға әсері туралы біледі екен; 86 пайыз голландық туристер орындалу қызметі мен қоршаған ортаны біріктіретін жүйені қолдайды; және 90% итальяндық туристер қонақүйлер үшін ЭКО таңба жүйесінің пайдасын біледі (CREM, 2000). Туристер туризм саласында әртүрлі кезеңдер жұмыстарында қоршаған ортаға залал тигізуі немесе қорғауы мүмкін. Осы кезеңдердің қысқаша баяндалуы «туристік демалыстың таңдау кезеңдері» суретінде көрсетілген.

Туристік демалыс таңдау кезеңдері, қоршаған ортаға әсері, сондай-ақ позитивті әрекетке жету жолындағы мүмкіншіл кедергілер		
Кезең	Теріс көрсеткіштері	Мүмкін кедергі
Демалыс таңдауы	Ауаны ластау, шу Толық адам	Экономикалық жағдай Жайсыздық
Тұрғын үй таңдауы	Қоршаған ортаға залал Қызметкерлерге залал	Білім жоқтығы Атауларды шатастыру Мәдени санасы жоқ
Келушілер мінез-құлқы/ойын-сауық	Жағымсыздық тудыра отыра, жергілікті халықтардың көңілін түсіру, жеке өмірге араласу, көшеде немесе үй-жайға залал келтіру	Білім жоқ Гедонистік тенденция Замандастар әсері
Өнімдер мен қызметтерді таңдау	Импортты тауарды таңдау Жоғалып бара жатқан жануарлардың контрабандасы	Білім жеткіліксіздігі Экономикалық басымдық Халықаралық брендтерге талпынушылық

Дереккөз: **Budenau (2007) бейімделген**

Кестеден көрінгендей, туристердің қоршаған ортаға көптеген залал тигізу мүмкіндігі бар. Баламалы экологиялық қауіпсіздік туристер үшін

қол жеткізбеуі мүмкін, себебі олар аса жайсыз болып келуі мүмкін. Мысалы, ұшақта емес, пойызда жүру қымбатырақ, жайсыз және көп уақыт алады. Туристің таңдауын шектейтін басты фактор қаржылық ресурсқа байланысты. Жыл сайынғы жазғы демалысты таңдау баға, қызмет көрсетулер мен сапа тұрғысынан болжайтын жылдық шығындардың аса маңыздыларының бірі болып табылады (Swarbrooke and Horner, 2007). Орташа статистикалық отбасы болжаланған баға, құны мен сапасы туралы шарттар негізінде шешім қабылдайды. Осылайша, жақсы қарым-қатынасы үшін альтруистикалық дәлел әсері шектеулі қаржы ресурстары тұрғысында мінез шектеулі әсер етуі мүмкін, экологиялық таза өнімдері мен әрекеттері бар турист, бірнеше қасиеттерін салыстырмағанда шынайы емес, орындалмас арман болып табылады. Соңында, батыс елдерінде көптеген тұтынушыларға арналған арзан жолдама нарығын дамыту арзан және көңілді мереке идеясына енгізілген, бұл қойылым, туризм жаңа дамып келе жатқан елдерде қайталануы мүмкін. Егер біз осы көлеңкелі болжамды алғымыз келмесе, алғаш рет туристік мінез-құлықта өзгертулер жасағысы келсе, туризм және қонақжайлылық саласында қарастыратын мәселелер бар. Біз оған артынан тоқталамыз, бірақ қазір туристік мінез-құлыққа оң әсер бере алатын осы әсер етулердің бірнешеуіне қысқаша сипаттама бере кеткен жөн. Бүгінгі күні қолданылған туристік мінез-құлықты өзгерту үшін кеңінен таралған құралдар, салық пен жинақтау сияқты экономикалық тетік емес, ақпараттық болып табылады. Экологиялық өнімдер туралы жаңа ұсыныстарды туристермен қабылдауда, ЕО мен үкіметтің жақсы нұсқаларына туристердің мінез-құлқын өзгертуге жағдай туғызу тиіс пе деген сұрақ туындайды. Осы уақытта туристік мінез-құлықты өзгерту үшін қолданылатын екі негізгі бастамашы түрі бар. Біріншісі, осы салада алдағы тәжірибе туралы әлеуетті туристерді ақпараттандыру үшін ЭКО-таңбаны қолдану. Жалпы стандартизацияның жоқтығы байланысты әртүрлі географиялық шетелдерде пайдаланатын ЭКО-таңбаға қатысты көптеген шатасулар бар. Мысалы, 2001 жылы Еуропада 70 эко таңбалық туризм болғандығы саналған (Font and Tribe, 2001). Ұлыбританияда ЭКО-туризмді насихаттайтын және белгіленген өлшемдері бойынша аккредитация жасайтын ұйымның бір мысалы ретінде жасыл Туризм болып табылады («жасыл туризм» суретін қараңыз). Үлкен бастамалары бар кіші компаниялар, жеке кішкене бастамалары бар кіші компаниялар, барлығына аккредитациядан өтуге өтінім жасауына болады. Мысалы, «CombeHouse» суретінде көрсетілгендей, кішкене қонақүй «слоуфуд» қағидасын пайдалана отырып, оны пайдалануға шығару, өзіндік тағам өнімдерін өсіру негізінде сертификациялауға өтінім

берді. Бұл өте лайықты бастама болып табылады, бірақ бұл проблема Ұлыбритания жерінен тысқары жүрген туристер сапа стандарттары деңгейі жөнінде пікір айта алмайды немесе оны мойындай алмайды. Бір жағынан, бұл жақсы бастама.

ЖАСЫЛ ТУРИЗМ

Міндеті

Жасыл туризм 1997 жылдан бастап жұмыс істейді. Біз коммерциялық емес ұйым болып табыламыз және Ұлыбританияның барлық жерінде, Ирландия және Канадада 2000-нан астам мүшелеріміз бар, бұл бізді әлемдегі ең ірі және ең ықпалды тұрақты ұлттық классификациялық бағдарлама етеді. Жасыл туризм Ұлыбританияда, сондай-ақ оның тұрақтылыққа деген құлшынысының маңызды бөлігі ретінде аймақтық үкіметпен танылды. Біздің мақсат дүние жүзі бойынша біздің жұмысты кеңейте отырып, Ұлыбритания болашақтағы тұрақты туризмнің алдыңғы қатарында қалатынына кепілдік беру мен осы жерде мықты позиция құру болып табылады. Жасыл туризм тәуелсіз VisitEngland, VisitWales атынан Халықаралық жауапты туризм орталығымен және Солтүстік Ирландияның туризм жөніндегі Кеңесімен расталған, сондай-ақ VisitScotland және FáilteIreland қабылданған.

«GTBS [the Green Tourism Business Scheme] бірінші класты және аудитті экологиялық ұсыныстарымен бірге туристік фирмалардың қолданысы үшін баға мен сапаның тамаша қатынасын қамтамасыз етеді. Сертификациядан өткен фирмалардың қанағаттанушылық көрсеткіштері өте жоғары, туристік фирмалардың кішкентайлығы сонша, барлық корпоративтік деңгейде сұрыптан өткізу пайызы төмен.»

Ксавьер Фонт, МЦОТ
Дереккөз: www.green-tourism.com

Туристік таңдауды екінші жақсарту тәсілі – бұл осымен байланысты әртүрлі ақпараттық-ағартушылық құралдарды пайдалану. TUI (14.2-мысал) жұмысы нақты қозғалыстық типтің жақсы көрінісі болып табылады. Соңғы мәліметтер бойынша тұтынушылардың әлеуметтік жауаптылығы жоғары

компаниялардан сатып алғанды жөн санайды (Goodwin and Francis, 2003; Miller, 2003).

COMBE HOUSE

Combe House Devon - тәуелсіз, «Elizabethan Country House Hotel and Restaurant» бірінші класты жекеменшік қонақүй мен мейрамхана. Көне Викториан бақшасын қалпына келтіру үшін жасалған экологиялық жоба оның аумағында мейрамхана үшін 60% маусымдық көкөністер мен жемістер өнідірісіне алып келді. Ол «Condé Nast Johansens National Award» тұрақты қонақүйлер бизнес саласында басым инновациялық сапа ретінде «GreenTourism Business Scheme» алтын марапатына және Ұлттық сыйақы-2010 ие болды. Combe House Hote land Restaurant көне викториан бақшаларын қалпына келтіру жобасы мен көкөністер мен жеміс-жидектерді дамытуға шамамен £ 12 000 кетеді деп анықталды. Бұл 3-жылға жуық өтемділік мерзімін бере, көкөністер мен жеміс-жидектер есебінен бағдарлы үнемдеуге (30 %) әкелді. Нақты іс-әрекет өздерінің азық-түліктерінің сапасын шынайы дамытатын орын ретінде қонақүйдің мәртебесі де көтерілді. Шешім топырақтың құнарлығын арттырудың дамуына әкелді. Құстар мен жәндіктердің әртүрлілігі мен санының біршама ұлғаюына әкелген топырақ қазір органикалық болып табылады. Бұл жерде фабриканың өнімдері алынбайды, асүйден қалдық аз шығады, құстар мен жәндіктер санының арттуынан зиянкестер де азайды. Жергілікті деңгейдегі өнімнің өсімі кішкене қала сыртындағы жолдардағы кептелісті және көмірқышқыл газының шығарындысын қысқартуға алып келетін фургондармен жеткізу мұқтаждықтарын төмендетеді.

Дереккөз: www.green-tourism.com/go-green/sustainable-business-case-study/combe-house-devon/

Туристік сұранысқа әсер беретін ауа райының өзгеріс әсері болжанады, бірақ тақырыптың қиындығы мен зерттеулердің жоқтығы осы мәселенің болашақта қаншалықты алысқа баратынын білдіреді. Өсетін, ал болашақта төмендейтін туристік сұраным мен туристік нарықтағы маусымдық және географиялық ауысым қатынасында болжам жасауға болатын егжей-тегжейлі зерттеулер маңызды болып саналады (Gösslingetal., 2012). Бұл авторлар туристік климаттық өзгеріс әсерімен байланысты бірқатар сипаттамалары бар екенін мойындайды және олар 16.6-суретте көрсетілген. Осы сипаттамалардың қиындығы туралы то-

лық пікір-сайыс мақалада келтірілген. Туристік нарықта климаттық өзгеріс тақырыбында келтірілген зерттеулердің санына қарамастан даулар бар, жауап беру қиындығы туралы мәлімет аз, сондықтан қосымша зерттеулерді талап етеді (Gösslingetal., 2012).

Қабылдау демалыс типі мен рөліне байланысты	Қабылдау жаспен, мәдениетпен және басқа да әлеуметтік-демографиялық факторларға байланысты өзгереді
Айырмашылық жеке артықшылық, құндылықтар мен жеке даралықта	Салыстырмалы қабылдау
Айырмашылық тұрған жері мен тұрған жерінен тыс жерде	Қабылдау қатты БАҚ әсерінен
БАҚ туризмнің «соңғы мүмкіндік» қызығушылық туғызады	Қабылдау үшін кең салдары бар оқшауланған жағдайлар
Қабылдау күрделі, бейімделу және иерархиялық болып табылады	Қабылдау контекске байланысты
Климаттық айнымалы факторлар мен ресурстарды қатесіз түсіну (мысалы, ауа райы өлшемдері) жеткіліксіз дәрежеде түсіндіріледі	Бейімделу тәрбиесі жеткіліксіз дәрежеде түсіндіріледі
Климаттық өзгерістің қоғамдық қабылдауы нашар ақпараттандырылған болуы мүмкін	

16.6 сурет

Туризм жоғары қарқында дамып келе жатқан БРИК (Бразилия, Ресей, Үндістан және Қытай) сияқты елдерде, әлем аймақтарында тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеулері аса дамымаған және ғылымдар үшін де, коммерциялық ұйымдар үшін де маңызды зерттеудің қажеттігін аңғартады.

Bronner, F. and de Hoog, R. (2012).Economizing strategies during an economic crisis. Annals of Tourism Research 39 (2), 1048–1069.

Budenau, A. (2007). Sustainable tourist behaviour – a discussion of opportunities for change.

International Journal of Consumer Studies 31 (5), 499–508.

Chafe, Z. (2005). Consumer Demand and Operator Support for Socially and Environmentally Responsible Tourism.Center on Ecotourism and Sustainable Development (CESD), International Ecotourism Society (TIES), Washington, DC.

Choi, J.G., Tkachenko, T. and Sil, S. (2009).On the destination image of Korea by Russian tourists.

Tourism Management 15 (1), 1–12.

Chung, Y.S., Wu, C.L. and Chiang, W.E. (2013).Air passengers' shopping

motivation and information seeking behavior. Journal of Air Transport Management 27 (1), 25–28.

Clarke, J. (2008). Gifts of tourism: insights to consumer behaviour. Management Science 35 (2), 25–28.

Cleaver, M. and Muller, T. (2002). The socially aware baby boomer: gaining a lifestyle-based under- standing of the new wave of ecotourists. Journal of Sustainable Tourism 10 (3), 173–190.

Coleman, L.J., Hladikova, M. and Savelyeva, M. (2006).The baby boomer market.Journal of Targeting, Measurement and Analysis for Marketing 14 (3), 191–210.

CREM (2000).Feasibility and Market Study for a European Eco-label for Tourist Attractions (FEMATOUR).Consultancy and Research for Environmental Management, Amsterdam.

Font, X. and Tribe, J. (2001).Promoting green tourism: the future of environmental awards. International Journal of Tourism Research 3 (1), 9–21.

Fuchs, M. and Weirmair, K. (2003). New perspectives of satisfaction research in tourism destinations.

Tourism Review 58 (3), 6–14.

Furmanov, K., Balaeva, O. and Predvoditeleva, M. (2011). Tourism flows from the Russian Federation to the European Union. International Journal of Tourism and Hospitality Research 23 (1), 17–31.

Gardiner, S., King, C. and Grace, D. (2013). Travel destination marketing: an empirical examination of generational values, attitudes and intentions. Journal of Travel Research 52 (3), 310–324.

Goodwin, H. and Francis, J. (2003). Ethical and responsible tourism: consumer trends in the UK.

Journal of Vacation Marketing 9 (3), 271–284.

Gössling, S., Scott, D., Hall, C.M., Ceron, J.-P. and Dubois, G. (2012). Consumer behaviour and demand response of tourists to climate change. Annals of Tourism Research 39 (1), 36–58.

Hall, C.M. (2000). Tourism Planning: Policies, Processes, Relationships. Prentice Hall, Upper Saddle River, NJ.

Hofstede, G. (2001). Culture's Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions and Organizations Across Nations. Sage, Thousand Oaks, CA.

Hofstede, G. and Hofstede, G.J. (2005). Cultures and Organizations: Software of the Mind, 2nd edn.

McGraw-Hill, New York.

Hsu, C.H.C. and Huang, S. (2008). Travel motivation: a critical review

of the concept's development. In Tourism Analysis, Behaviour and Strategy, eds A. Woodside and D. Martin. CABI, Wallingford, UK, pp. 14–27.

Hudson, S. (2010). Wooing zoomers: marketing to the mature traveller. Marketing Intelligence and Planning 28 (4), 444–461.

Kotler, P., Armstrong, G., Saunders, J. and Wong, V. (2005).Principles of Marketing, 4th European edn.Pearson Education, Upper Saddle River, NJ.

Laroche, M., Kim, C. and Matsui, K. (2003). Which decision heuristics are used in consideration set formation? Journal of Consumer Marketing 20 (3), 192–209.

Layton, S. (2009). The divisive modern Russian tourist abroad: representations in self and other in the Early Reform Era. Slavic Review 68 (4), 848–871.

Li, X., Li, X. and Hudson, S. (2013). The application of generational theory to tourism consumer behaviour: an American perspective. Tourism Management 37, 147–164.

Maslow, A.H. (1943). A theory of human motivation. Psychological Review 50 (4), 370–396.

Miller, G. (2003). Consumerism in sustainable tourism: a survey of UK consumers. Journal of Sustainable Tourism 11, 17–39.

Park, S., Nicolau, J.L. and Fesenmaier, D.R. (2013). Assessing advertising in a hierarchical decision model. Annals of Tourism Research 40, 260–282.

Patterson, I. (2007). The effects of prior and recent experience on continuing interest in tourist set- tings. International Journal of Consumer Studies 31 (5), 528–533.

Pearce, P. (1992). Fundamentals of tourism motivation. In Tourism Research: Critiques and Challenges, eds D. Pearce and R. Butler. Routledge & Kegan Paul, London, pp. 85–105.

Pearce, P. and Panchal, J. (2011). Health motives and travel career pattern (TCP) model. Asian Journal of Tourism and Hospitality Research 5 (1), 32–44.

Pearce, P.L. and Packer, J. (2013). Minds on the move: new links from psychology to Tourism. Annals of Tourism Research 40 (1), 386–411.

Prideaux, B. (2007). Potential impacts of generational change on destinations. In Advances in Hospitality and Leisure, Volume 3, J.S. Chen ed. Emerald Group Publishing, Bingley, UK, pp. 39–54.

Sheldon, P. and Dwyer, L. (2010). The global financial crisis and tourism: perspectives of the acad- emy. Journal of Tourism Research 49 (1), 3–4.

Smallman, C. and Moore, K. (2010). Process studies of tourists' decision-making. Annals of Tourism Research 37 (2), 397–422.

Swarbrooke, J. and Horner, S. (2007). Consumer Behaviour in Tourism, 2nd edn. Elsevier Butterworth- Heinemann, Oxford.

Teng, L., Laroche, M. and Zhu, H. (2007). The effects of multiple-ads and multiple brands on con- sumer attitude and purchase behaviour. Journal of Consumer Marketing 24 (1), 27–35.

UNWTO (2012). UNWTO Tourism Highlights, 2012 edn. World Tourism Organization, Madrid. Vespestad, M.K. (2010). Tour operators' insight into the Russian nature-based experience market.

European Journal of Tourism Research 3 (1), 38–53.

Vrontis, D. and Thrassou, A. (2007). A new conceptual framework for business–consumer relation- ships. Tourism Management 25 (7), 789–806.

Wong, J.-Y. and Yeh, C. (2009). Tourist hesitation in decision making. Annals of Tourism Research

36 (1), 6–23.

Wu, L., Zhang, J. and Fujiwara, A. (2013). Tourism participation and expenditure behavior: analysis using a Scobit based discrete-continuous choice model. AnnalsofTourismResearch 43, 662.

19-тарау

Туристер арасындағы болашақ мінез-құлқы

Біз бұл тарауда саяхаттаушының өзінің көзқарасымен болашақтағы туристердің мінез-құлқының дамуын: туристер нені сатып алатынын және олар қандай да бір туристік өнімді қалай сатып алатынын қарастырамыз.

Бұл осы кітаптың үшінші басылымы – және біз тарауды үшінші рет дәл осындай атауымен жаздық. 1999 жылы бірінші басылымы жарияланған кезде біз әлі де жиырмасыншы ғасырда болғанбыз және 11 қыркүйек күні әлі алда болатын. Біз қазіргіге қарағанда мүлдем басқа әлемде өмір сүрген сияқтымыз. Екінші басылымы зардаптары бүгін де біздің бүкіл өміріміздің бөлігі болып табылатын экономикалық дағдарыстың басталуына дейін 2007 жылы жарияланған.

Болашақты жорамалдаудың ішінде әрқашан да қауіптілік сақталады, бірақ біз де жорамалдап көруіміз керек. Үкіметтер мен компаниялар инфрақұрылымды жоспарлап, жаңа өнімдерді дайындай алулары үшін болашақ қажеттіліктерді алдын ала көруге тырысады.

Туризм индустриясына әсер ететін және өзімен бірге өзгерістерді ертетін факторлар көп және әртүрлі. Олардың кейбіреулері шындыққа негізделген және өлшенерлік болып табылады, мысалы қоғамда, валюта курстарында, демографияларда байлық пен визалық ережелерді үлестіру. 19.1-суретте бұл кітаптың 2007 жылғы басылымынан алынған бұл факторлардың кейбіреулері анықталған.

Сөйтіп, анықтау және өлшеу өте қиын болатын факторлар да бар және олар маңызды болып табылады. Осындай факторларға мінез-құлқына әсер ететін дерек көздер жатады. Оларға адамдардың бағытталған пунктті қалай қабылдайтыны және ең бастысы, олардың мысалы терроризм сияқты қауіптілікті қалай қабылдайтындары және бұл қабылдаулар олардың мінез-құлықтарына қалай әсер ететіні жатады.

Кейбір жағдайлар өзгермейді. Мысалы, бізді демалыс алу туралы ойға көндіретін негізгі қозғалмалы күштер мен әлем географиясы өзгертілмейтін болып қалады. Сөйтіп, жадайлардың көбі өзімен бірге өзгерістерді ерте жүреді және бұл өзгерістер болашақ мінез-құлықты болжамдауды қиындататын түрлі елдерде әртүрлі және түрлі қашықтықта болады.

Мүмкін, 2007 жылдағы басылымда болашақта не болатынын болжамдағанымыздан қысқаша шолып өтіп, оны расында да болып жатқан

жағдаймен салыстыру керек шығар. 2007 түпнұсқа мәтіні басқа шрифт-пен, біздің пікірлер қарапайым шрифтпен белгіленген.

Туристер арасындағы болашақ мінез-құлқы



Туристің мінез-құлқы
Саяси факторлар:
** заңдастыру*
** виза жасау талаптары мен иммиграциялық бақылаулар*
** мемлекеттердегі саяси өзгерістер*
** терроризм*
**туризм инфрақұрылымы бөлінетін мемлекеттік қаржы*
Эконом факторлар:
** байлықты бөлу*
** жеке меншік кіріс*
** валюта айырбастау бағасы*
** экономикалық бум және құлдырау*
Әлеуметтік факторлар:
** демографиялық өзгерістер*
** өмір сүру кейіпін өзгерту*
** әлеуметтік мәселелер*

** жаңа субмадениеттің пайда болуы*
Маркетинг қызметі саласы:
** Жаңа өнімд діамыту*
** Баға саясаты*
** Тарату стратегиясы*
** Алға қарай бағыт*
Технологиялық факторлар:
**ғаламтор*
** интерактивті теледидар*
** мульти- медиа жүйелері*
** смарт-карталар*
**виртуалды шындық*
** жаһандық тарату жүйелері*
** көлік технологиялары*
Медианың әсері:
** саяхаттармен байланысы жоқ медиалар, мысалы, жабайы табиғат жөнінде жаңалықтар мен бағдарламалар*
** туристік медиалар, мысалы, жол бағыттаушылар*
Олар көп тәжірибелі саяхатшылар болғандықтан туристердің сенімі мен білімі

19.2-сурет. Туристер арасындағы мінез-құлықтың аясында үрдіске әсер ететін факторлар

Туристік қызметтерді ұсыну жөніндегі жаңа елдер

Көбінесе халықаралық туристік сапарлардың шағын санына қатысты жақын уақытқа дейін ұсынған елдерде келесі жылдары негізгі өсуі көрінетін экономикалық, саяси және әлеуметтік себептер болады. Бұл елдерге келесілер жатады:

• саяси және экономикалық өзгерістер шығу сапарларын біртіндеп құрайтын Шығыс Еуропа;

• экономикалық өсу Азия мен тынықмұхиттық өңірлерінің тұрғындарының сапарға шығулары үшін экономикалық өсу нарықты тез кеңейтетін Азия мен тынықмұхиттық өңірлер. Мысалы, Оңтүстік Кореядан 1986 және 1995 жылдар аралығында 455 500-ден 3 819 000 дейін шығыс сапарлар, яғни он жыл ішінде шамамен 850% өсті.

Сөйтіп, екі жағдайда да шығу туризмінің өсуі әлемнің екі өңірінің екеуінде де саяси тұрақтылық пен экономикалық өсу болған кезде ғана жалғасуы мүмкін. Өткен жағдайлар оның олай болмауы мүмкін деп көрсетеді, мысалы биліктен Ельцин кеткеннен кейін және Оңтүстік-Шығыс Азияның валюталық нарықтарындағы қарбаластықтан кейін Ресейдің болашағы жөнінде белгісіздік.

Шығу туризмінің шағын үлесі Африка мен Оңтүстік Америкаға жатады. Алайда ол келесі түрде өзгеруі мүмкін:

• кейбір елдердің экономикасы, мысалы Бразилияның экономикасы

сияқты тез өсуі мүмкін;

• кейбір елдердегі саяси өзгерістер халықтың көп бөлігіне шет елдерге сапар жасауға мүмкіндік беретін ұлттық кірісті бірдей үлестіруге әкелуі мүмкін.

Жалпы алғанда, Азия елдерінің шегінде ішкі туризмнің тез өсуін ескеретін болсақ та, Азияға кіру туризмінің өсу көзқарасы бойынша бұл айтарлықтай нақты болжам болды.

Басқа жағынан, біз Ресей мен Украинада экономикалық дағдарыс пен саяси жағдайлар туристік сұраныстың өсуін басқан Шығыс Еуропаға қатысты тым оптимистік көзқараста болдық.

Әзірше біз тек Бразилияға қатысты дұрыс айттық. Сонымен қатар біз африкада саяси өзгерістер қандай деңгейде ұлттық кірістің ең әділ үлесуіне және шығу туризміне әкелетініне тым оптимисті көзқараста болдық.

Аса маңызды болатын нарық сараланымдары

Әлеуметтік өзгерістер, медианың әсері және туристік индустрияның әрекеттері туризм саласында сараланым үшін келесі зардаптарға душар етуі мүмкін:

1. Солтүстік Еуропадағы, АҚШ пен Жапониядағы демографиялық өзгерістер егде адамдардың маңыздылығына немесе «үшінші жастағы» нарық деп аталатын дамуға әкелуі мүмкін. Және керісінше, халқы көбінесе жастардан тұратын Еуропа, Оңтүстік Америка және Оңтүстік-Батыс Азия сияқты елдерде – 18-30 жастағы нарық сараланымындағы өсу қадағаланатын болады.

2. Балалар өздерінің құқықтарына сәйкес жиі тұтынушылар болып келеді. Балалардың көбі демалысты өз ата-аналарынан бөлек өткізеді.

3. Болашақта христиандық емес туристердің бүкіл әлемнің туризм индустриясына әсер ететін халықаралық деңгейдегі саяхаттары көп қадағаланатын болады.

4. Біз ұлтына қарамастан, ұқсас сипаттамалары бар сараланымдардың өсуін байқай аламыз. Студенттер осындай сараланымның бірінші мысалы бола алады.

5. Уақыт өте келе мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қатынасы өзгереді, мүгедек саяхаттанушылардың санының өсуі күтіледі. Олар негізгі нарық болады және сала оларды ескермей алмайды.

Біз барлық осы жорамалдарды белгілі бір дәрежеде шынайы дәлел-

дедік, бірақ біз болжаған өзгерістер, негізінен жаһандық экономикалық дағдарыстың әсері өзгеру қарқыны тұрғысынан тым оптимистік болды деп есептейміз.

Туристік өнімнің жаңа түрлері

Туризмнің жаңа түрлерінің дамуы келесі нәтижелерді береді:

- туристердің талғамын және ықыластарын өзгерту;
- өнеркәсіпті таңдауына қарамастан, туристер үшін қолжетімді болады;
- технологиялық инновациялар;
- әлеуметтік аспектілер.

16-тарауда біз туристік сұраныс пен өндірістік үрдістердің саласындағы ағымның кейбір түрлерін қарастырдық.

Саяхаттар туралы кітаптардың әйгілі авторы Артур Фроммер 1996 жылы танымалдығы болашақта өсуі мүмкін туристік өнімдердің бірқатар түрлерін анықтады. Оларға мыналар жатады:

- «сіздің ойыңызды кеңейтіп, өміріңізді өзгертетін демалыс курорттары»;
- туристерге жаңалықтарда жиі айтылатын елдерге баруға мүмкіндік беретін «саяси саяхаттар». Туристер бұл елдердің күнделікті өмірлерін көре алады;
- туристер жаңғырту немесе кедей елде мектеп құрылысы бойынша жұмыстар сияқты жобаларда жұмыс істей алатын «демалыстың волонтерлік түрлері»;
- қарапайым отбасында тұруды меңзейтін басқа елдерде демалу сапарлары;
- жаңа қозғалыс тәсілдерін іздеу, мысалы жүкті және парусты кемелер;
- «этикалық демалыстар» - туристер оларға қамқор болатын қауымдастықтар мен сауықтыру демалыстарына қабылдайтын сапарларының әсерлеріне мүдделі;
- Wellness мереке

Сондай-ақ, Фроммер «ескі орынға барудың жаңа жолдарын» табу туралы айтады. Ол жақсы танымал жерлерге үш рет немесе төрт рет баратын туристер жаңа дәстүрлі емес жерлерді іздейтін болуы мүмкін дейді.

Сонымен қатар, заманауи өмірдің өсіп жатқан қысымы адамдардың көбі өздерінің демалыстарын күйзелуді азайту немесе/және заманауи өмірдің материализміне антидот ретінде рухани жарқырай алу мақсатында пайдалануға әсер етуі де мүмкін. Бұл туристердің және қатты діни нанымдары бар туристер бөлек жерлерге сапарға сұраныстың өсуіне әкеледі.

Жаңа өнімдерді әзірлеу шамасы бойынша туристердің көбі демалыстардың ұқсас типтерін енді жаңа орындарда таңдап отырады. Бұл келесілерді қамтуы мүмкін:

• Еуропалық туристер өз қалаларын тастап, ең алыс жерлерге, мысалы Кейптаун, Самарқанд, Тбилиси, Гавана және Тегеранға барады;

• Намибия мен Бразилияда жағажай мерекелері;

• Жапония, Аргентина мен Чилидегі шаңғы сапары;

• Мьянма, Лаос және Нигериядағы дәстүрлі мерекелер.

Жалпы, туристердің демалыс кезіндегі негізгі қызметі мен уәждемесі өткендерден кішкене ерекшеленсе де, олар ұзақ қашықтықтағы жерлерге саяхаттаулары мүмкін.

Біздің ойымызша, айтарлықтай 20 жыл бұрынғы Фроммердің және біздің өзіміздің пікірлеріміз едәуір нақты болып табылады. Сөйтіп, қазіргі кезде біз бір маңызды жағдайды түсіндіруіміз қажет. Демалыс кезіндегі мінез-құлқындағы бұл тұжырымдамалар едәуір бай, жақсы білімді болған және жиі саяхат жасағандармен айтарлықтай деңгейде шектеулі болды. Бұл адамдар мен әлемдегі халықтың көпшілігінің арасында жасалған үзіліс соңғы жылдары өсті. Ақшалары барларға бұрынғыға қарағанда таңдаулары көп болады, бірақ бұл тек планетада тұратын адамдардың азғантай бөлігі ғана.

Виртуалды шындық және фэнтэзи-туризм

Туризм саласындағы негізгі қазіргі заманғы даудың бірі виртуалды шындық технологиясы айналасында, синтетикалық жасау мүмкіндігінде болады.

Туризм саласындағы негізгі заманауи жарыссөздердің бірі технологиялар мен виртуалды шындықтың, сондай-ақ шынайы туризмнің синтетикалық алмастырғыштарын жасау мүмкіндіктерінің арасында айналып жүреді. Виртуалды шындық (VR) қарапайым туризмге ұсынысты қысқарта ма әлде адамдарды нақты сапарларға баруға көндіріп арттыра ма деген сұрақ туындайды.

Туризм саласында VR потенциалды қолданылуы, технологиялар тартымды бола бастауына қарамастан, айтарлықтай шектеулі емес. Біз адамдарға төмендегілерді ұсынар едік:

- өз үйінде бола отырып, Тынық мұхитының шөлді жағалауларында жатып, бетте күннің сәулесін сезіну, жағалауда толқынның шалпылын есту;
- үйден шықпай, террористік шабуылдардан, асқазанның бұзылуынан және ұшуларды қайта брондаудан қорықпай, Египеттегі ең үлкен пирамидалардың біріне бару;
- үйдегі өз төсегінен тұрмай, бүкіл өмірдің махаббатымен Парижде Сенадағы *Bateaux-mouches*по романтикалық круизімен рақаттану.

Сонымен қатар, виртуалды шындық және технология басқа да технологиялық инновациялардың кезінде, адамдар өз қиялдарында жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, Escapist туризмнің жаңа түрлерін дамытуға бізге үлкен көмек бере алар еді. Қазірдің өзінде, орыс туристері келесілерді сезіне алады:

- ғарышкерлерді алғашқы ғарышқа ұшуға дайындау;
- күрделі авиациялық симуляторда истребитель-ұшқыш болу қалай екен.

Бұл жағдайда, бұл экономикалық қажеттілігі және сондай-ақ дәлелденген ВШ технологияларды пайдалану арқылы шетел валютасын тарту ұмтылысының нәтижесі болып табылады.

Балама ретінде, бір күні кірушілердің, олардың демалыс кезінде теңіз түбі арқылы жүріп немесе төмен ауырлық бар медиамен келуге болатын жасанды ортаны құруды қолға алады. Немесе мүмкін бір күні туризм бір жерге шығу қажеттігінсіз толығымен ой әрекеті болатын шығар; өз үйінен шықпайтын, тек фантазиясының ғана болуы қажет болатын қызмет түрі болатын шығар.

Виртуалдық шындықтың бұл саласы соңғы бірнеше жыл ішінде қызығушылық танытты. Туризм саласында VR пайдалану біз күткеннен азырақ дамыған. Ол технологияларды әзірлейтін компаниялар аталған өнім олардың дамуын қаржылық тіршілікке қабілетті ету үшін нарықта айтарлықтай үлкен көлемде сатып алынады деп ойламайтын фактілермен дәлелдене алады. Мүмкін олар қосымша шынайылық (AR) туристік тәжірибелерін байыту үшін және оларды күнделікті өмірде үй ортасында пайдаланып жатқандар үшін пайдалануы мүмкін AR қосымшаларындағы тасымалдағыш құралдарын әзірлеуге өз үлестерін қосу

үшін кеңірек таралатын шығар. Біз бұл мәселеге кейінірек ораламыз.

Туризм саласында сұраныс толық кезеңді қажет ете ме?

Туристік сұраныстың кезеңі реттілікпен өтетін кезеңдердің сызбалы процесін ұсынатыны жиі болжамдалады. 19.2-сурет уақыт өте келе британдық туристердің көбінің мінез-құлқының өзгеруі туралы жалпы жұрт таныған көзқарасты мойындауын көрсетеді.

Бұл сызбалы үрдіс болашақта неге толық кезеңді қамтитынының бірнеше себептері бар. Олардың ішінде:

- инфекцияның үлкен қаупі болатын ұзақ бағыттарға спарды таңдайтын туристерге кедергі жасайтын безгек сияқты аурулар;
- жердің ресурстары жұқарып барады, сондықтан ұзақ қашықтыққа сапар шегу қиын болады немесе жанармайдың құны ондай сапарларды тым қымбат қылдырады.

Сол кезде Ұлыбритания мен Испанияның жағажайдағы курорттары жаппай туризм қазір заманауи мұраның бөлшегі болып табылатынын ескере отырып, туристік бағыттар үшін тартымды болып шығады.



19.2-сурет. Британдық туристердің арасындағы жағажай демалысына сұраныстың дамуы

Бізде туризмге сұраныс қалай толық цикл бола алатынына мысалдар бар. Спа-туризм өзінің биікке өрлеуін XVIII және XIX ғғ. Еуропада қол жеткізді, ал содан кейін сұраныс XX ғасырдың басында төмендей бастады. Алайда, енді Еуропаның спа-курорттары шуларға тап болды. Екінші Ұлы Отан Соғысынан кейін құлдыраған туризмнің крейсерлік түрі қазіргі кезде кәдімгі қайта өрлеу кезеңін бастан кешіп отыр.

Бұл тақырып қызықты және біз 2007 жылы жасаған біздің болжамдарымызға дәлелдемелерді әлі де байқап келеміз. Спа-туризм мен крейсерлік туризмге сұраныс соңғы круизді кемелердің апатының шуларына қарамастан, әлі де өсуде. Сонымен қатар, Еуропада, мысалы халықаралық сапарлардың өсуімен сұраныс күрт азайған Ұлыбританиядағы Маргит сияқты ескі жағалаудағы курорттардың кейбіреулері ностальгия толқынында кейбір танымалдығын және барлық ретро-заттарға қызығушылығын қайтадан жинай бастады. Сол кезде бүкіләлемдік экономикалық дағдарыс адамдардың көбін демалыс ретінде халықаралық емес, ішкі сапарларды таңдауларына мәжбүр етті. Ұлыбританияда ондай құбылысты «*Staycation*» - өз елінде демалу деп атайды.

Туристік өнімдерді сатып алу жолындағы өзгерістер

Технологиялық инновациялардың туристік өнімдерді алу тәсілін келесі әдістермен өзгертуді жалғастыруға ниеті:

1. Ғаламтор және интерактивті теледидардың дамуы тікелей маркетингтің және тікелей брондаудың өсуін ынталандыратын болады. Адамдардың ақпаратқа қол жеткізуге және өзінің үйінен немесе кеңсесінен тапсырыс беруге жиі мүмкіндіктері болады. Туроператорлары, әуекомпаниялары және ғаламтор салыстырмалы арзан маркетингтің құралы болып табылады және тікелей сату турагенттеріне комиссиялар аудару қажеттілігі алып, бұл үрдісті ынталандыруға көмектесу үшін қонақүй ұсынылады.

2. Ең күрделі жаһандық үлестіру желілерінің өсуі туристерге оларға қажетті өнім туралы толық ақпаратқа қол жеткізуді ұсына отырып, жеке маршруттарды таңдауға көмектеседі.

3. Смарт карта технологиясы соңғы минутта сауда туристік өнімдердің өсуін ынталандырады әрі билетсіз саяхат пайда әкеледі.

Технология аясындағы, мысалы мультимедиялық жүйелер мен ғаламтор сияқты әзірлемелер туризм саласында қозғалыс пен таратудың арасындағы шекараны жояды. Басқа сөзбен айтқанда, туристер бұл жүйелердің көмегімен бір уақытта ақпарат ала отырып, сол уақытта

және сол жерге тапсырыс жасай алады.

Біз де турагенттердің рөлі төмендегендіктен және басқа ұйымдар оның орнын басқандықтан, жолдамаларды кім арқылы алатындардың көзқарасы бойынша болашақта өзгерісті байқауымыз мүмкін. Олар келесідей болуы мүмкін:

- жолдамалардың сатылымын киім, күн сәулесінен қорғайтын кремдер және чемодандар сияқты туристерге қажетті тауарлардың сатылымымен біріктіретін бөлшектеп сату саудасының арзан ұйымдары;
- жолдамаларды өздерінің сататын өнімдерінің портфолиосына қоса алатын теледүкендер желілері;
- демалыс үшін несиелер беретін және валюталарды сататын банктар өздері жолдамаларды сатуды жалғастыра алады;
- жолдамалар туристік өнімді үлестіруде үлкен рөл атқаратын жолдамаларды сатуға бағытталған телекоммуникациялық компаниялар.

Дәл осы жерде біз он жыл бұрын өмірімізді өзгерте алмаған технологиялардың тәсілдерін болжамдаған кезде соншалықты жетістікке жетпегенімізді, мүмкін ешкім оны алдын ала болжай алмағанын және сөйтіп, біздің демалыстар қалай өтетінін айта кетуіміз керек. Интерактивті телевидение мен теледүкендерде туризм саласындағының бәрі бар, бірақ күрделі көпфункционалды мобильді телефондар мен планшеттердің көбеюінің алдында ыдырап кетті. Біз Expedia және Lastminute.com сияқты онлайн туристік агенттіктердің нарықта қалай басым болатын деңгейін жете бағаламадық, біз АКТ бұл мәселесіне және туристік мінез-құлықтың мәселесіне осы тарауда кейінірек қайтып ораламыз.

Жаңа күн тәртібінің жолына арналған туризм ортасында тұтынушылардың мінез-құлқын зерттеу

12-тарауда авторлар туризм саласындағы тұтынушылардың тәртібін заманауи зерттеулер тұғысынан сынай отырып, талдауды қамтамасыз етеді. Егер біз туристің мінез-құлқын жақсырақ түсінгіміз келсе және бұл білімдерді маркетингтің салада жақсаруы үшін пайдаланғымыз келсе, біз зерттеулердің жаңа бағдарламасын қабылдауымыз керек.

Біз туристік мінез-құлықты зерттеу жақсартылатын тәсілдер тізімін анықтау үшін 2007 жылға қайтып келдік. Өкінішке орай, содан бері сол саладағы ғылыми зерттеулер мен академиялық теориялар өте аз шынайы өрлеуін жасап келді. Сонымен қатар, үкіметтерге сапалы зерттеулердің көмегімен мінез-құлықты түсінгенше, бұрынғыдай туристік ағындарды өлшеп, экономикалық зардаптардың шамалы бағасын беру ұнайды. Бұл

өкінішті, себебі тек мінез-құлықты түсіну негізінде ғана болашақтағы мінез-құлықты болжамдап көруге болады. Индустрия, басқа жағынан, өзінің маркетингінің сапасы және енгізілген күрделі зерттеулерінің негізінде тәсілдер ретінде үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Біздің 2007 жылға арналған болжамымыз сіз үшін қызықты болғанына сенеміз. Енді біз алдын ала болжай алмаған жағдайларға қарайтын кез келді!

2007 жылға нені болжамдадық

Біздің қорғанысымызға қарай біздің ойымызша нарықтағы көптеген өзгерістерді алдын ала көре алмадық, оларды көбі алдын ала көре алмады және бұл өзгерістер адамдардың көбіне аңдаусызда тап келді. Енді оларды бірінен соң бірін қарастырайық.

Жаһандық экономикалық дағдарыстың әсері

2007 жылдың басылымы туристің жеке мінез-құлқына және жалпы туристік нарыққа терең әсер еткен жаһандық экономикалық дағдарыс басталғанға дейін жарияланды. Қарапайым сөздермен айтқанда, ол әр демалысқа кетірген демалыс күндерінің/немесе сомасының санын қысқартты. Сөйтіп, ол сұраныстың төмендеуі күтілгендей көп болмаса да, қазір адамдарға демалыс қаншалықты маңызды болуының шарасы болып табылуы мүмкін. Экономикалық жағдай әуе тасымалдары мен бюджеттік мейманханалардың өсуіне құнарлы топырақ болды.

Дағдарыстың бір аспектісі, оның зейнеттегі адамдарға әсері болып табылады. Көптеген негізгі басты нарықтарда халықтың қартаю жағдайларында біз егде адамдар нарығы үшін жарқын болашақты болжамдар едік. Адамдар зейнетке шықпас бұрын, көп жұмыс істеу керектігін және олардың зейнетақылары олар күткеннен аз болатынын түсінетіндіктен, үміттер енді аса әсер етпейді.

Тұтынушылық сұранысты көп құрайтын медиа

Мүмкін, біздің ең алғашқы болжамдарымыздың ең үлкен өткізіп алуы тұтынушылық сұранысты көп құрайтын медианың тез өсуін алдын ала көре алмағанымызда шығар. Олардың туризм саласына әсері көбінде екі есе көп болды.

• Туристер басқа пайдаланушылардың пікірлерін оқи алатын TripAdvisor сияқты сайттар. Қазіргі кезде туристердің көбі айтарлықтай шамада қандай да бір шешім қабылдамас бұрын, осындай сайттарға сүйенеді. Турагенттер сияқты профессионалдардың кеңестеріне аз құлақ салынады, себебі қазіргі уақытта адамдар басқа пайдаланушыларға және көпті көрген туристерге сарапшыларға қарағанда көбірек сенеді.

• Туристер достарымен және басқа әлеммен өздерінің тәжірибелерімен, естеліктерімен және суреттерімен әлеуметтік медиа сайттарда бөлісе алады. Бұл тұтынушылардың мінез-құлықтарына әсер етеді, алайда қазіргі уақытта индустрия бұл медиаларға қалай болса да ықпал етуге тырысса да, ол толығымен индустрияның бұзылуынан тыс орналасады.

Жеткізу қызметтерінің жаңа түрлері

Смартфондар мен планшет құрылғыларының тез өсуі жаңа кәсіпкерлердің типтеріне туризм нарығына шығуға мүмкіндік береді. Бұл айтарлықтай қысқа уақыт ішінде үлкен әсер тигізетін Uber және Airbnb жағдайларында байқалады.

Медианың әсері

Біз 2007 жылы медианың әсерін жете бағалаған жоқпыз. Спутниктік теледидардың және адамға әлемнің кез келген жерінде, тәулігіне 24 сағат медиа материалға қол жеткізу үшін мүмкіндік беретін мобильді құрылғылардың өсуі. Аталған өсу біздің өмірімізде медианың рөлін қайта жіберді. Сонымен қатар, мобильді телефон біздің әрқайсымыз енді бірнеше минут ішінде бүкіл әлем бойынша теледидар экрандарында көрсетілуі мүмкін өзіміздің саяхаттарымыздан кадрларды көрсетіп, өздеріміз репортер бола аламыз.

Эмпирикалық маркетинг және бірлесіп құру

2007 жылы біз компанияның эмпирикалық маркетингке ауысу фактісін танудық, бірақ біз бұл ұғым туризм саласына соншалықты қатты енгізілетінін бағалаған жоқпыз. Мобильді қосымшалардың өсуі кез келген сапарды үлкен бірігіп жасаған тәжірибеге айналдырды, анығырақ айтсақ, біз саяхаттаған кезде ақпараттар мен суреттерді жүктеп, оның бәрін басқалары көру үшін. Осылайша, басқалар біздің демалысымыз-

дың басты бөлігі және керісінше болады.

Бағыттардың дағдарысы

Біз 2007 жылы анықтай алмаған, бізді талықсытпа жағдайына әкелген көп жағдайларда өзгерістер бағыттардың дағдарысы болып табылады. Қазіргі кезде онымен бірге туризм индустриясының күнделікті өмірінде кездеседі. Біріншіден, бұл - туризм саласы мен туристерді өзіне нысана ретінде пайдаланатын терроризм. Бүгінгі күнде әлем бір ай бұрын Сус, Тунис қалаларында Бардо мұражайындағы туристерге шабуыл жасалған сол қалалардың жағалауында террористердің әрекеттерінің нәтижесінде қайтыс болған 38 құрбанға тап болды. Көпті аңсайтын, аса айлалы болатын террористердің тізімінде туристер олардың басты мақсаты болды.

Одан басқа, біз жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы, аурулар мен эпидемиялардың жаппай таратылуы сияқты табиғат апаттары санының өсуі туризмнің жағдайына тікелей әсер ететінін байқаймыз. Мүмкін жаңа аталғандар жиі болып тұрған шығар, бірақ олардың жағымсыз әсерлері бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы бойынша күшейді, сонымен қатар қазір туристерді жердің кез келген жерлерінде табуға болады. Осындай дағдарыс біз әрең дегенде зерделеген туристердің мінез-құлқының динамикасына әсерін тигізеді.

Жағдайды экономикалық ахуал да ушықтырады. Бұл кітапты жазған кезде жергілікті банктар қолма-қол ақшаның болмай қалуымен немесе елдің қарыздық дағдарысына байланысты жұмыстарының тоқтатылуымен кездесіп қалуға қауіптенетіндіктен Грекияға бағытталған туристерді өздерімен бірге қолма-қол ақшаларының болуын ескертеді.

Индустрия дағдарысы

2007 жылдан бастап туризм индустриясы 2014 жылы MalaysianAirlines компаниясының және 2015 жылы Germanwings компаниясының ұшақтары құлаған екі жағдайдан бастап CostaConcordia әуе кемелерін су басуларына дейін өзгерісті кезеңді бастан кешті. Осындай жазатайым оқиға әрқашан да орын алған, алайда БАҚ оларды қоғамнан жиі жасыратын. Бұл оқиғалар ұзақ уақытты болашақта туризм нарығына қалай әсер ететінін тану ғана қалды.

Болашақта бізді не күтіп тұр?

Біздің ойымызша, болашақта нарықтық жағдай салдарынан саяси және экономикалық қоршаған орта үшін тұрақсыз болып қала береді.

Алайда, туристер айналасында болып жатқан жағдайға қарамастан, өзінің саяхатын жалғастыруға дайын. Сондықтан, олардың шешімдері ағымдағы оқиғалардың тренд болғанына қарамастан, біз жаһандық ауқымда туризм секторының өсуіне сенімдіміз.

Негізгі бес болжам:

• Біз не сатып алатынымыздың, нені пайдаланатынымыздың және сапар жасау туралы естеліктерді қалай сақтайтынымызды шешкен кезде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың рөлі өседі. Алайда, қазір біз осындай технологиялардың сипаты туралы тек қана аңғара аламыз және 2025 жылға қарай біз қазір елестете де алмайтын технология ең маңызды болуы мүмкін! Басқа жағынан, біз сағат, көзілдірік және киім бөлшектері сияқты шағын технологиялар келесі жылдар ішінде тікелей қатынас жасайтынына сенімдіміз.

• Осындай ақпараттық ресурстардың танымалдығы әлсізденіп, нығайтылатын болса да, адамдар қалай сатып алатындарында және туризмді қалай қабылдайтынында пайдаланушылардың өздері құрайтын континенттің рөлі өседі. Сонымен қатар, біз жауапкершіліксіз биліктің феномені деп аталатын адамдарды қатыстыратын, бизнес саласының жағдайына тұтынушылар пікірлерінің әсер етуі және жекешелеу сияқты өнегелі қиындықтарға тап болуымыз мүмкін.

• БАҚ арқасында төмен еңбекақының мәселесінен бастап туризмнің қоршаған ортаға әсер етуіне дейін туризмнің этикалық аспектісіне туристердің хабардар болуы өседі. Олар жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруі жайлы қаншалықты көп біліп отырса, соншалықты планетаның жақсаруы мен өз отбасысының болашағы үшін өз мінез-құлықтарын қайта қарастыруға тырысулары әбден мүмкін. Сөйтіп, біздің ойымызша, күнделікті өмірде қоршаған ортаның мәселелеріне қорқынышпен қарайтын туристердің көбі демалыс кезінде өз принциптерін көрсетеді. Оның орнына, барлығы ешқандай кінәсіз демалыста рақаттануды қалайды. Сонымен қатар, адамдар бір нәрсені өзгерте алмаған кезде «тұрақтылықтың түсуінің» жоғарылау жағдайы байқалады, сондықтан оған назар аударылмайды. Басқа жағынан, олар этикалық ойлаудан шығатын тұтыну мінезі бар «өнегелі-хабардар туристердің» азшылығында қалады. Біз моральдық-өнегелі әсер адамдардың мі-

нез-құлқына жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруіне байланысты проблемаларға қарағанда, көбінесе сексуалды зорлау, еңбектің қанағаттандырмайтын талаптары және жабайы табиғаттың ресурстарын пайдалану проблемаларына көп тиеді.

• Өкінішке орай, біз терроризмді өміріміздің қатал шындығы ретінде қабылдаймыз және ол әлемнің кез келген жерінде болуы мүмкін. Біздің ойымызша, терроризм туризмді бұзуға көп тырысады. Сондықтан, бұл индустрияның үлкен қауіпсіздік шараларын қабылдау қажет екендігін білдіреді. Ал, ең бастысы, ол біз тұтынушылардың терроризмнің қаупіне қалай әрекет ететіндігінің негізінде тұтынушының нақты типіне жаңа тәсілді дамыту қажет дегенді білдіреді. Келесі түрлерін ұсынамыз:

• олар материалдық қауіпті сезе бастағаннан соң саяхаттауды тоқтатады;

• олар саяхат және бағасының айтарлықтай қысқару қауіптерін өз мойнына алуға көндіреді;

• өздерін «терроризм сол жерде екі рет болмайды» немесе «бірінші террорлық шабуылдан кейін қорғауды күшейту» сияқты (көбінесе қате болатын) дәлелдермен сендіретіндер;

• олар терроризм қауіпсіздігін мойындамайды;

• террорлық шабуыл болған туристік облысының тұрғындарымен ынтымақтастықты білдіреді;

• қатты толқулар мақсатында қауіпті жерлерді әдейі таңдайтындар.

Менің ойымша, аурулар мен табиғат құбылыстарын және туристерге ақпаратты қалай жеткізетінімізді енгізетін қаупімен байланысты барлық мүмкін болатын жағдайлардан шығуға тәсілдерді жасау қажеттілігі пайда болуы мүмкін.

• Біз Азияда айтарлықтай демократиялық және серпінді болу мүмкіндіктерімен нарық дами бастайды деп ойлаймыз. Қазіргі кезде Қытайда және Үндістанда аса алыс жерлерге саяхаттайтын халықтардың азшылығын құраса да, екі елде де саны айтарлықтай өскен орта деңгейдің ескерілмеуі байқалады. Олар танымал бағыттарды қалап, саяхаттан кәдесый ретінде қымбат тұратын брендтердің өнімін ала отырып, ең танымал көрнекі жерлерге барады. Өзінің әлеуметтік мәртебесінің жоғарылауы шетелге бара алған отбасыларда бірінші ұрпаққа жатуы мүмкін туристердің осындай мінез-құлықтарындағы негізгі элемент болып табылады. Аталған пікір шынайылықты көрсететін стереотипті болып табылады. Көп жағдайларда бұл мінез-құлықтық үлгілер Еуропаның бұрынғы жүз жылдықтағы орта деңгейдегі жоғары қабаттағы, сонымен

қатар жарты ғасыр бұрын Испанияны ашқан Еуропадан шыққан саяхатшылардан байқалады. Азияның экономикасының күшеюі бойынша шетелге сапарлар халықтың көпшілігіне қолжетімді болады деп болжаудың себептері бар. Одан соң бүгінгі «элита» топтармен үнемі саяхаттау қажеттіліктерінсіз таныс тамақтарды таңдауға және өзінің материалдық жағдайын көрсету үшін дизайнерлік сатып алуларсыз аса сенімді және тәжірибелі болатынын күтуге болады. Сонымен қатар, олар әдеттегі жерлерден «даңғыл жолдардан» тыс жаңа жерлерді зерттеуге баруға көшулері мүмкін. Олар баруды қоятын елдер олардың елдерінен көп көлемде, бірақ аз шығында жаңа туристермен толықтырыла бастайды. Ол Оңтүстік Еуропаның нарығында болды, бірақ бұл жағдай Азияның оңтүстік-шығысында қайталануына кепіл жоқ.

Біз негізгі бес болжамды атап шықтық. Мүмкін, келесі 10 жылда біз 2007 жылы шығарған болжамдар жүзеге асырылатын шығар.

Біздің ойымызша, біз алдында айтып кеткен тұжырымдамалар туристік ұйымдардың жаңа типтерінің өсуіне және туристік тауарларды сату және сатып алудың немесе тауарларға қарағанда, алған әсерлерді сату идеясы өзекті болады деп ойлайтын «алынған әсер» деп аталатын жаңа тәсілдерін қалыптастыруға әсер ете отырып, бақыланып отырады. Алайда, бұл шындық па әлде тауарларды көбірек сатудың маркетингтік жолы ма екенін өзіңіз шешіңіз.

Сөйтіп, инновациялық технологиялардың пайда болуы, мысалы сатудың контактсыз сатуларын енгізумен туристік тауарларды сату процесін айтарлықтай жеңілдететінінде күмәннің бір үлесі сезінеді.

Барлығы өзгере ме?

Бір сөзбен жауап бергенде - жоқ. Анығырақ айтқанда, «Ол өзгеріс деген сөздің астарында не жатқанына байланысты болады».

Иә, біз жаңа технологиялардың арқасында таңдаудың, төлемнің, пайдалану мен есте сақтаудың әртүрлі әдістерін пайдаланамыз, бірақ біздің арамызда да жыл сайын жасағандарын жасап, барған жерлерін қайтадан таңдайтын адамдар болады. Сондай-ақ, егер біз жаңа орындарды таңдайтын болсақ та, біздің мінез-құлықтың өзгеруі екіталай.

Нәтижесі

Ең бастысы, біз туристер арасындағы мінез-құлықты келтірген кезде, бұл осы индустриядағы жұмыстың ажыратылмас бөлігі екенін түсінгенде қиындықтарды мойындаймыз.

Біз туристер болашақта не сатып алатынында және қандай өнімді қалай сатып алатынында өзгерістер әкелетін факторлардың қатарын қарап шықтық. Сөйтіп, кейбір жеке туристердің мінез-құлқы күрт өзгермейді деп санаймыз. Жаһандық нарықтың аясында да біз мінез-құлқындағы өзгерістер революциялық жолмен емес, эволюциялық жолмен өтетінін байқаймыз. Сонымен қатар әр түрлілердің арасындағы түрлі жылдамдықты байқаймыз:

- Мемлекеттермен;
- нарықтың сараланымымен;
- туристік индустрияның секторларымен.

Туристер арасындағы болашақ мінез-құлық

Сөйтіп, туристердің мінез-құлықтары алдағы жылдарда күрт өзгеретініне аздап күмәндануы орын алады. Сондықтан туризм саласында туристердің мінез-құлықтарына қатысты зерттеулерді жақсы жүргізуіміз керектігі өте маңызды.

Қорытынды

Біз осы кітаптың бірінші басылымын жазған кезде, сондай-ақ, біздің Джон атты ұлымыз 8 жаста еді. Сол кезде ол біз жол бағыттаушылары мен біздің өткен туристік тәжірибелерімізді пайдалана отырып, айлар бойы жоспарлаған демалыс сапарлардың көптеген жерлерінде бізбен болып үлгерді.

Ол 16 жаста болған кезде, біз екінші басылымды жазғанбыз және ол төрт континентте болса да, барлығын алдын ала ғаламтор арқылы брондап, бұрынғыдай бізбен бірге саяхаттайтын.

Қазір ол 24 жаста және ол Лондонда тұрып, жұмыс істейді, сонымен қатар шектеулі еңбекақысына қарамастан, жылына бірнеше демалыс алып отырады. Біздің арқамызда, ол тәжірибелі және сенімді саяхатшы. Өзінің жасы үшін АКТ барлық түрлері оған шынайы болып көрінеді. Бізге қарағанда, ол біз тынымсыз пайдаланып жүргендей пайдаланудың орнына жаңа технологияларды енгізе бастады. Ол қысқа мерзімді сапарын жоспарлап отыр, ал бізге оның үш күндік үзілістің ішінде Кейпта-

унға саяхаттаудың 8000 шақырымдық жол туралы немесе мысалы Парижге бір күнге сапарға бару туралы ештеңе ойламай жүр деп көрінеді. Ол өз сапарларын жоспарлау үшін әлеуметтік медиаларды пайдаланады да, өз тәжірибесімен бөлісіп, Uber немесе Airbnb тәжірибелі пайдаланушысы болып табылады. Ол кәсіпкерліктермен байланысты бұл туристік жаңа үлгілерге сенеді және бұл кәсіпкерліктер мен әлеуметтік медиаларға тән этикалық мәселелерді мойындайды да, оларды әлі күнге дейін құрметтейді. Джон үшін демалыс кезінде Wi-Fi-дың болуы оттегі қалай керек болса, соншалықты маңызды, бірақ менің ойымша, бұл өзінің тәжірибесін байытуға және өзінің алған әсерлерімен достарымен бір уақытта бөлісуге мүмкіндік беру үшін сияқты.

Ата-аналар ретінде, біздің бақытымызға орай, ол да бізбен, сондай-ақ достарымен саяхаттағанды ұнатады. Джонның жұмыстан алысқа кеткені біз үшін өте маңызды. Алайда, Джон қатты жұмыс істейді және қымбат қалада шектеулі еңбекақысына өмір сүруге тырысуы керек, сондықтан түсінікті демалыс уақытына шығыстармен әрқашан ата-аналар көмектеседі.

Ендеше, неге біз осыны сізге айтып отырмыз? Себебі, егер сіз тұтынушының мінез-құлқы қалай өзгеретінін түсінгіңіз келсе, сіз бізден сұрамай, Джонмен бүкіл әлемдегі оның жасындағы адамдармен сөйлесуіңіз керек, өйткені олар болашақ туристері болып табылады!